ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 378.8:82

Қолжазба құқығында

**САРЖИГИТОВ ЕРИК ТОРТАЕВИЧ**

# Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

**Ғылыми кеңесшілер:**
филология ғылымдарының докторы, профессор
Имангазинов М.М.
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)
Жумакаева Б.Д.

**Шетелдік ғылыми кеңесші:**
философия докторы (PhD),
профессор Кенан Коч
(Мугла, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2026

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**....................................................................................3
**АНЫҚТАМАЛАР**.........................................................................................................4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.................................................................9
**КІРІСПЕ**...................................................................................................................10

**1. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**...................21
1.1 Жыраулық поэзиясының әлем және қазақ әдебиетіндегі орны.........................21
1.2 Жыраулар поэзиясының зерттелуі...................................................................62
1.3 Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы: дәстүр және сабақтастық...67

**2. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**........................................................................................98
2.1 Жыраулар поэзиясын оқытудың философиялық мәні.......................................98
2.2 Жыраулар поэзиясын меңгертудің психологиялық негіздері..........................107
2.3 Жыраулар поэзиясын оқытудың педагогикалық ұстанымдары .......................115

**3. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**..........................................................................................................144
3.1 Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі..........................................................................................................144
3.2 Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың инновациялық технологиялар жүйесі.........................................................................................157
3.3 Эксперимент нәтижелері және олардың тиімділігі..........................................177

**ҚОРЫТЫНДЫ**..........................................................................................................182
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.....................................................186
**ҚОСЫМШАЛАР**.......................................................................................................194

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР


1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546
2. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036016
3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400033892
4. Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006951
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. – Атырау, 2024. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen- sozi-1525727
6. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 15 б.
7. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мамандығы 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14H0009997
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген ««Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726
9. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248
10. Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001081

## АНЫҚТАМАЛАР

**Абстрактілі ұғымдар** – қандайда бір дерексіз құбылыстар дың жаратылыста бар екенін және олардың мәні мен сипатын ойлану әрекеті арқылы ғана дәйектейтін түсініктер.
**Адырна –** садақтың кермесі, иіп тартқан қайыс немесе ұстатуға арналған жіп яки жіптен жасалған құрал.
**Азбан –** өгіз, жегуге арналған еркек мал.
**Айдындықтай –** теңіз, көл сияқты көлемді су беті; даңғыл, анық, айқын; айбат, айбын, айбар.
**Аймәдет –** ру немесе тайпа атауы.
**Айыл –** ер тоқымды бекіту үшін атты бауырлай тартатын тартпа, ер-тұрман жабдығы.
**Айыр –** құдықтан су тартуүшін қадалған қос ағаш; қос өркешті түйе.
**Ақындар** – өмірлік шындықты бейнелеу барысында поэзия лық пішінді пайдаланатын әдеби шығармашылық иелері. XVIII ғасырдағы ақындардың көркемдік әдісі, негізінен, реализм болса, поэзиялық негізгі жанры өлең болды.
**Ала балта –** қол балта, қолға ұстайтын сапты балта.
**Аламан –** көпшілік, бұқара; әскер, қарулы топ, бәйге.
**Алаң –** көңілі бөлінушілік, көңілі орнықпаушылық, ала көңіл болушылық,
**Алаш –** ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы; «қазақ» деуден бұрынғы елдің жалпы аты; қазақ руларының ерте замандағы ұраны; ел, халық, жұрт.
енжар, селқос.
**Алдаспан –** имек қылыш.
**Арабы/араби –** араб тұқымдас жылқы.
**Арғымақ –** сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы.
**Арнау** – белгілі бір адамға (адамдарға) бағыттала айтылған өлең. Негізгі ерекшелігі – арналған адамының (адамдарының) жақсылы-жаманды мінездерін, іс-әрекеттерін айқындай таныту.
**Асылдан –** мал тұқымының жақсаруы, таза тұқымға айналуы.
**Атайы –** мықты, күшті, берік.
**Аша тұяқ –** сиыр, қой, ешкі сияқты малдардың жалпы атауы; айыр тұяқты.
**Аэд** (грек. aoidos – жыршы) – Ежелгі Грекиядағы (б.з.б 7-8 ғ.) жыршы-орындаушылар.
**Әдеби мұра** – бұрынғы уақыттарда жасалған әдеби шығар малар жиыны. Әдеби мұра белгілі бір шығармашылық иесіне, яки белгілі бір дәуір әдебиетіне қатысты болуы ықтимал.
**Әзіз –** ғазиз, қымбатты, ардақты.
**Әлеуметтік жағдай** – белгілі бір уақыт аралығындағы қоғамды құраған адамдардың тұрмыс-тіршілігін, қарым-қатынас сипатын, өмір сүру деңгейін көрсететін ұғым.
**Баланқы –** балалау, жастау; ысылмағандау, тәжірибесіздеу.

**Бейнелілік** – әдеби шығармада өмір құбылыстарының көр кем образдар жүйесіне айналуы.

**Берен –** болаттан жасалған батырлар киетін сауыт; қымбат, асыл мата; ұңғысы ұзын шиті мылтық; өжет, өткір.

**Бетеге –** мал жейтін көде тәріздес аласа шөп.

**Би-шешендер** – хандық дәуірдегі ел өмірінде қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарда маңызды роль атқарған қайраткер тұлғалар. Билер, көбінесе, елдің ішкі-сыртқы қарым-қатынас тарындағы даулы мәселелердің түйінін шешумен айналысса, шешендер ел өміріне, адам жаратылысына қатысты философиялық ойлар тарқатуға көбірек бейім болған. Би-шешендердің ақын-жыраулардан айырмашылығы – олардың қара сөз бен өлең сөзді еркін пайдалануы, яғни би-шешендер поэзия талаптарын ұдайы құнттай бермейді. Көбіне-көп жағдайда экспрессиялы ырғаққа ден қояды.

**Бидайық –** көп жылдық астық тұқымдас жабайы өсімдік немесе тұрымтай, қаршыға тұқымдас жырткыш құс.

**Ботташық –** шатыраш гүлділер тұқымдасына жататын тамыры сәбізге ұқсас көп жылдық шөптесін өсімдік.

**Будан –** әр түрлі тұқымды біріне-бірін телуден шыққан жаңа тұқым, дүбара.

**Бура –** аталық түйе.

**Буыршын –** аруана мен үлектен туған төрт жасар жас бура, інген бұзар.

**Бұздай –** жігерлі, қайратты.

**Бұлан –** аң атауын білдіріп тұрған сөз.

**Бүлдірге –** қамшыға, соқпар, сойыл сабына тағылатын қайыс бау.

**Білте –** қоздыру, ұшығын шығару, істің басын аша түсу, тұтандыру.

**Ғаділ –** әділ.

**Ғазиз –** құрметті, ардақты, қадірлі, аяулы, әзіз.

**Дидактикалық поэзия** – философиялық, діни, моральдық, ғылыми-танымдық ойлар мен білімдерді поэзиялық пішінде жеткізу барысында олардың тағылымдық мәніне баса назар аударатын көркем шығармалар арқылы айқындалатын түсінік.

**Дискурс –** француздың «discours» сөзі «сөйлеу», «сөз» деген мағынаны білдіреді. Ал французша «discours» сөзі латынның «discursus», яғни, «пайымдау , дәлел» сөзінен шыққан. Дискурс белгілі бір уақыт кеңістігінде коммуникацияда коммуниканттар арасында қарым-қатынас түрінде ауызша да, жазбаша да жүзеге аса алады. Дискурс дегеніміз қоғамдық, әлеуметтік ортадағы коммуникациялар (ым-ишара, сөйлеу әдебі (этикасы), жеке индивидтің немесе адресат пен адресанттың көзқарасы мен дүниетанымы т.б.) жиынтығы.

**Дулыға –** соғысқа шыққан батырлардың басына киетін киімі, темірден, жезден жасалған қалпақ.

**Ебелек –** шөл-шөлейтті, құмды жерлерде өсетін, сабағы дөңгеленіп келген бір жылдық шөп; дәрменсіз, әлсіз.

**Еңсегей –** ауыл-аймақ арасы; ұзын бойлы, зор денелі адам.

**Елеуреп/елеуреу –** елегізу, елігу, даурығу, лепіру, едірендеу, қорку, желігу, желпіну.

**Ерен –** теңдесі жоқ, асқан әдемі, керемет сұлу.
**Жалқын –** алаулаған жалын, жалындай, жалын ату.
**Жампоз –** білімпаз, тілге шешен; өткір, алғыр, пысық.
**Жекен –** сазды, батпақты жерде өсетін көпжылдық өсімдік.
**Жендет –** хан әмірін орындаушы, өлім жазасын іске асырушы, баскесер, қанішер.
**Жон –** бөшкедегі балықты үстінен нығыздап басатын құралдың атауы; таудың жазық жері; дененің бел омыртқа бойы созылған ту сырты.
**Жыраулар** – хандық дәуірдегі қазақ әдебиетін қалыптас тырған негізгі тұлғалар. Толғау, жыр түрінде келетін поэзиялық шығармаларына дидактикалық ұлағат, философиялық ой-толғаныстар, романтикалық сезім, реалистік суреттеулер тән.
**Жыраулық дәстүр** – қазақ халқының тарихи жадын, рухани болмысын, дүниетанымын сақтап, ауызша жеткізген бірегей мәдени-әдеби құбылыс.
**Идея** – әдеби шығармада бейнеленген мәселелер арқылы алға тартылатын ой-пікірлер.
**Импровизаторлық шеберлік** – кез келген сәтте өз жанынан жаңа поэзиялық туындыны жарыққа шығару қабілетінің кемел көрінісі, идеялар, тақырыптар мен проблемаларды білдіретін ұғым.
**Кәуір –** жау, дұшпан.
**Кеп –** дегду, құрғау; таз кепеш; ой-пікір, сөз, әңгіме.
**Көбелі –** кішігірім шөп үйіндісі; марқа қозы; сүйреткі ағаш.
**Көркемдік** – көркем өнердің ең негізгі шарты. Көркемдікті айқындаудың басты өлшемі – көркем шындық. Көркем шындық – шығармашылық иесінің өмір шындығын көркем бейне лер арқылы көрсету әрекетінің түпкі нәтижесі, өмір шын дығының бейнелі көрінісі.
**Көркемдік мазмұн** – әдеби шығармада көркем бейнелер ар қылы көрініс тапқан өмір шындығы.
**Көркемдік тәсіл** – өз туындысында көздеген мақсатына орай, әдеби шығармашылық иесінің іріктей пайдаланған бей нелеу құралдарының жүйесі.
**Күдері –** әбден иі қанып, жұмсартылған тері.
**Күпшек –** сан, саны жуан, жұмыр.
**Күрең –** жылқының түсі, ал қоңыр-қызыл түсті білдіреді.
**Құзыреттілік** – білім алушының түрлі білік-дағдыларды жан-жақты жинақтауынан көрінетін білім нәтижесі.
**Майыру –** құралдың жүзін бір затқа ұрып майыстыру, жапыру.
**Мүрит –** хазірет, иман, молда, халфе т.б. діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт, ізбасар.
**Нәлет –** лағынет, қарғыс атқан, жексұрын; жекіру, ұрысу.
**Нәпсі** – тәбет құлқыны, құмарлық және көрсеқызар.
**Өлең** – өмірдің түрлі көріністері бейнеленетін шағын көлем ді поэзиялық шығарма.
**Пақыр –** байлықтан, мал-мүліктен жұрдай, кедей-жарлы, қалі мүшкіл, байқұс, мүсәпір, сорлы, бейшара, ғаріп.

**Пейіл –** ниет, пиғыл, ықылас, көңіл.
**Поэзия** – қандай да бір ойды сөз арқылы жеткізу типі; прозадан айырмашылығы – белгілі бір шек аралығында ырғаққа бағынып, ұйқасты сақтауы.
**Пішін** – әдеби шығарманың сыртқы түрі, көркемдік маз мұнның бейнеленген көрінісі.
**Рапсодтар –** (грек. rhapsodia — əн айту немесе эпик. поэманы әндетіп тақпақ түрінде айту) – халық жырлары тақырыптарында жазылған музыкалық шығарма.
**Реалистік әдіс** (реализм) – өмірде болған немесе болуы ықтимал жағдайлар мен оқиғаларды, құбылыстарды шындық аясында көркемдік тұрғыдан жинақтай бейнелеу әдісі.
**Сатира** – қоғамдағы және адам жаратылысындағы келеңсіз жағдайлар мен құбылыстарды әшкерелей күлкі ететін әдеби түр.
**Саяси өмір** – белгілі бір кезеңдегі қоғамның әртүрлі әлеу меттік топтары арасында мемлекеттің билік жүйесіне қатыс ты көрініс беретін түрлі сипаттағы қарым-қатынастары арқылы айқындалатын өмір бейнесі.
**Стратегия** (көне грек. Στρατηγία, «әскербасы өнері») – белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қарым-қатынастың түрлерін пайдалану бағыты.
**Суреткерлік** – өнерде, әдебиетте өмір көріністерін шындық аясында суретке айналдыра бейнелеу шеберлігі.
**Тақырып** – әдеби шығармада бейнеленген өмірлік шындық арқылы айқындалатын қоғамдық немесе әлеуметтік негізгі проблема.
**Тарихи жағдай** – белгілі бір кезең аясында мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси қарым-қатынастарына байланысты ел ішінде қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік өмірінің сипаты негізінде айқындалатын ұғым.
**Тармақ** – поэзиялық шығарманың бір жолы.
**Толғау** – негізінен, жыр үлгісінде шығарылатын, тақырыбы мен идеясы адам, заман, өмір проблемаларын философиялық-дидактикалық тұрғыдан ашып көрсетуге бағытталатын поэзиялық шығарма.
**Философиялық ой** – адам жаратылысын, дүние сырын, өмірдің мән-маңызын т.с.с. күрделі құбылыстарды танып-білуді мақсат еткен ой.
**Халықтық поэзия** – халықтың өзі туғызып, ғасырлар бойы өз ішінде сақтап келе жатқан халықтық шығармашылық үлгілерінің бірі. Халықтық поэзияда халықтың өмірі, дүниеге көзқарасы, идеал мұраттары бейнеленеді. Халықтық поэзия – халықтың көркем өнерінің тарихи негізі, ұлттық дәстүрлердің бастауы, халықтық дүниетанымның көрінісі.
**Хандық дәуір** – қазақ елінің тарихында хандық билік орны ғып, мемлекеттегі қоғамдық-әлеуметтік, саяси-мәдени проблемалардың барлығын аталған билік жүйесі аясында шешу үлгілері қалыптасқан кезең.
**Шапшақ –** бөшке тәрізді сұйық зат құятын ыдыс.
**Шәр –** шаһар, қала.

**Шүй –** жыртылмай қалған жер; темір шеге немесе арба дөңгелегін ұстап тұруға арналған темір; ағаштан жасаған жуан қазық, қада; жоғарыдан төмен қарай құлдилай шүйілу, шүйілгу.

**Шығармашылық** – мазмұндық қасиеті тұрғысынан өзгені қайталамайтын бірегей және қоғамдық-тарихи мәні жағынан айрықша әсерлі дүние жасауға бағытталған әрекет. Бұл әрекет адамға ғана тән қасиет болғандықтан, әрдайым жаңа дүниежасаушы шығармашылық тұлғаның болуын қажетсінеді.

**Шығармашылық ойлау** – сапалық тұрғыдан жаңа нәрсе жасауға бағытталған ойлау әрекеті.

**Шырмауық –** бір нәрсенің бойына шырмалып өсетін көпжылдық өсімдік.

**Ықтын –** бидайдың ық жаққа ұшып шыққан ұшағы; ықтасын.

**Эпикалық шығарма** – халықтың бастан өткерген тарихи оқиғаларын немесе тарихи тұлғалардың іс-әрекеттерін бейнелейтін көлемді поэзиялық туынды.

**Юмор** – адам болмысындағы, мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі өрескел жәйттерді күлкіге айналдыра бейнелеу тәсілі.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары
БОӨЖ – білімгер мен оқытушының өзара жұмысы
БӨЖ – білімгердің өздік жұмысы
БТ – бақылау тобы
ЖИ – жасанды интеллект
ЖОО – жоғары оқу орны
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚРҒЖБ – Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
PhD – философия докторы
СТО – сын тұрғысынан ойлау
т.б. – тағы басқа
ЭТ – эксперименттік топ

# КІРІСПЕ

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазіргі жаһандану жағдайындағы ұлттық құндылықтарды сақтау, тарихи сананы және білім беру жүйесін жаңғырту үдерісімен тығыз байланысты. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұрасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жыраулар поэзиясы – ұлттың дүниетанымы мен философиялық ойлау жүйесін, әлеуметтік-тарихи тәжірибесін, адамгершілік-этикалық ұстанымдарын жинақтаған бірегей көркем құбылыс. Сондықтан жыраулар поэзиясын ғылыми тұрғыдан зерттеу және оны жоғары оқу орындарында жүйелі түрде оқыту мәселесі қазіргі кезеңде ерекше маңызға ие болып отыр.

Бүгінгі таңда әлемдік мәдени кеңістікте ұлттық әдеби мұраларды қайта зерделеу, олардың адамзат өркениетіндегі орнын айқындау үрдісі күшейіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда, жыраулар поэзиясы тек қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы номадтық өркениеттің көркемдік ойлау жүйесін танытатын маңызды құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Жыраулар шығармашылығында көрініс тапқан ерлік, елдік, азаттық, ар-намыс, тағдыр, қоғам және адам болмысы туралы терең философиялық ойлар қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерімен үндеседі. Алайда жыраулар поэзиясының осындай терең мазмұны мен көпқырлы табиғаты оқу үдерісінде толық деңгейде ашылып, ғылыми-әдістемелік тұрғыда әлі де жүйеленуді қажет етеді. Бұл зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Р.Бердібаев, Р.Сыздықова, Қ.Өміралиев сияқты ғалымдардың пікірлерін бір жүйеге келтіріп, олардың ғылыми эволюциясын айқындап, оқытудың жаңа мазмұнын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және оның ғылыми-тұжырымдамалық үлгісін жасау көзделеді.

Сонымен қатар, жыраулар поэзиясының зерттелу тарихына назар аударсақ, әр тарихи кезеңде бұл мұра әртүрлі ғылыми көзқарастар тұрғысынан қарастырылғанын байқаймыз. Кеңестік дәуірде жыраулар шығармашылығы көбіне идеологиялық тұрғыдан бағаланып, оның ұлттық-рухани мазмұны толық ашылмады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жыраулар поэзиясына деген көзқарас өзгеріп, оны ұлттық құндылықтар жүйесінде қайта қарастыруға мүмкіндік туды. Дегенмен, жыраулар поэзиясының зерттелу эволюциясы, оның теориялық негіздері мен ғылыми концепциялары бірізділікті қажет етеді. Сондықтан жыраулар поэзиясының зерттелу тарихын кешенді түрде саралау, оның ғылыми дамуын жүйелеу – бүгінгі әдеби білім беруде күн тәртібінде тұрған мәселе.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде оқытудың мазмұны мен әдістері түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Құзыреттілікке негізделген білім беру, тұлғаға бағытталған оқыту, интерактивті және инновациялық, жасанды интеллект технологияларын қолдану – білім беру үдерісінің негізгі бағыттарына айналды. Осыған байланысты жыраулар поэзиясын оқытудың да әдіснамалық негіздерін қайта қарастыру қажеттілігі туындайды. Атап айтқанда, жыраулар поэзиясын оқытудың философиялық, психологиялық және

педагогикалық ұстанымдарын айқындау, оларды қазіргі білім беру талаптарына сәйкестендіру маңызды болып табылады.

Жыраулар поэзиясын меңгертуде білімгерлердің көркем мәтінді қабылдау ерекшеліктерін, олардың танымдық және эмоционалдық даму деңгейін ескеру ерекше мәнге ие. Көркем мәтінді түсіну – күрделі психологиялық үдеріс, ол білімгердің өмірлік тәжірибесіне, дүниетанымына, мәдени деңгейіне байланысты қалыптасады. Сондықтан жыраулар поэзиясын оқыту барысында білімгерлердің ойлау қабілетін, сыни көзқарасын, шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді қолдану қажет. Бұл өз кезегінде зерттеудің психологиялық негіздерін терең қарастыруды талап етеді.

Сонымен бірге, жыраулар поэзиясын оқытудың педагогикалық аспектілері де ерекше назар аударуды талап етеді. Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістері білімгерлердің белсенділігін арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға толық мүмкіндік бере бермейді. Осыған байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, атап айтқанда, интерактивті тәсілдерді, жобалық оқытуды, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану қажеттілігі туындайды. Жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасау, оны тәжірибеде қолдану – білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Бұдан бөлек, жыраулар поэзиясын оқытудың тиімділігін анықтау үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін ғылыми тұрғыда дәлелдеу, оның білім алушылардың танымдық, шығармашылық және құндылықтық бағдарларына әсерін анықтау – зерттеудің практикалық құндылығын арттырады. Бұл жоғары оқу орындарында әдебиетті оқыту сапасын жақсартуға, болашақ мамандардың кәсіби және рухани дамуына ықпал етеді.

Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, оның тиімді әдістемесін жасау, ұлттық әдеби мұраны қазіргі білім беру жүйесіне енгізудің жолдарын қарастыру – кезек күттіріп тұрған сұрақ. Ұсынылып отырған зерттеу осы сұрақтарды кешенді түрде қарастыруға бағытталып, қазақ әдебиеттануы мен педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосады.

**Зерттеудің нысаны.** Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту үдерісі.

**Зерттеу пәні.** Жоғары білім беруде жыраулар поэзиясын оқыту жүйесі.

**Зерттеудің мақсаты.** Жыраулар поэзиясының қалыптасуы мен дамуының тарихи-әдеби негіздерін, номадтық жыраулық дәстүрдің қазақ және әлем әдебиетіндегі поэзиялық орнын, сондай-ақ жыраулар поэзиясының зерттелу эволюциясын кешенді түрде саралау арқылы оны жоғары оқу орнында оқытудың ғылыми әдіснамалық негіздерін анықтау, жыраулар поэзиясын меңгертудің философиялық, психологиялық және педагогикалық ұстанымдарына сүйене отырып, оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін және инновациялық технологияларға негізделген әдістемелік кешенін ұсыну, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

**Зерттеудің міндеттері:** зерттеудің мақсатына сәйкес төмендегідей нақты міндеттер қойылды:

- жыраулар поэзиясының көркемдік табиғатын айқындау – оның жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктерін жүйелі түрде талдау;
- жыраулар шығармашылығын зерттеудегі теориялық-әдіснамалық тұғырларды негіздеу, қазақ әдебиеттануындағы ғылыми интерпретациясын анықтау;
- жыраулар поэзиясының көркемдік әлемін қазіргі әдеби-теориялық тұрғыдан сипаттау – образдар жүйесін, тілдік құралдар мен бейнелеу тәсілдерін саралау;
- жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқыту тәжірибесін талдау, қолданыстағы оқу бағдарламаларын сараптау және олардың жетілдіру бағыттарын анықтау;
- жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесінің тиімді моделін ұсыну, яғни поэтикалық талдауға, шығармашылық ойлауға және ұлттық құндылықтарға негізделген оқыту жүйесін жасау;
- жаңа педагогикалық технологиялар мен цифрлық құралдарды (интерактивті сабақ, мультимедиалық тапсырма, электронды ресурс) жыраулар поэзиясын оқыту үдерісіне бейімдеу жолдарын көрсету;
- зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, болашақ қазақ әдебиеті оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағыттау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы.** ***Егер*** жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде оқыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделіп, оқытудың тиімді әдістемелік жүйесі айқындалса, ***онда*** болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рухани-адамгершілік, ұлттық-мәдени, гуманистік, танымдық және кәсіби құзыреттілік қабілеттерін дамытуға бағытталған мамандар даярлаудың сапасы артады, ***өйткені*** жыраулар поэзиясында ұлттық дүниетаныммен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген терең философиялық, әлеуметтік және адамгершілік идеялар кеңінен көрініс тапқан. Оларды қазіргі білім беру парадигмалары негізінде оқыту білімгерлердің әдеби мұраға деген қызығушылығын арттырып, білімді гуманизациялау үдерісінде көркем мәтінді терең талдау, өзіндік көзқарасын білдіру, тарихи-мәдени санасын қалыптастыру, көркемдік-эстетикалық танымы мен жыраулар шығармаларын интерпретациялау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі.** Жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастыру жайлы тарихи диалектикалық даму заңдылықтары, тарихи-педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі ақиқат пен шындық, тарихи жүйелілікті сабақтастыру.

**Зерттеудің жетекші идеясы.** Жыраулар поэзиясын, оның ішінде жыраулардың рухани-әдеби мұрасын оқытудың тиімді әдістемесін жан-жақты зерттеп, саралай отырып, олардың тәуелсіз еліміздің рухани дүниетанымы қалыптасқан тұлғаларын даярлаудағы әлеуетін айқындап, жоғары оқу

орындарының білім беру бағдарламаларына біртұтас ендіріп, білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде жаңаша әдістермен оқыту тек ұлттық мақсат пен мүдде, білім мен ғылым үшін ғана емес, қазақ әдебиеті мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын жаңғырту мен дамыту үшін қажет.

**Зерттеу әдістері.** Эскериментті ұйымдастыру кезеңінде бақылау, салыстыру, сауалнама алу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін талдау мен жинақтау, сондай-ақ эксперименттік деректерді сапалық және сандық тұрғыдан талдау, модельдеу әдістері жүзеге асырылды.

**Зерттеу жұмысының эксперименттік базасы.** І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы білімгерлері.

**Зерттеу кезеңдері:**

**1-кезең** (2018-2019 жылдар) жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың қазіргі жай-күйін, білім алушылардың дайындық деңгейі мен құзыреттіліктерін айқындау мақсатында білімгерлермен сауалнамалар жүргізіліп, оқу бағдарламалары мен оқулықтарға талдау жасалды. Жыраулар поэзиясын оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін анықтау және жүйелеу ғылыми-теориялық негіздемені айқындау үшін отандық және шетелдік зерттеушілердің тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектері негізге алынып, зерттеудің негізгі бағыттары мен жүйесі анықталды.

**2-кезең** (2019-2020 жылдар) зерттеу жұмысының басты идеясы анықталды; ЖОО-да жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде оқытудың басты бағыттары белгіленді; оқытудың ұстанымдары, білім мазмұнының құрылымы түзілді, оны оқытудың әдістемесі жасалды; жыраулар поэзиясын оқытуға бағытталған тапсырмалар дайындалып, оны меңгертудің тәсілдері қалыптастырушы эксперимент барысында тексерілді ; ұсынылған әдістеме негізінде жыраулар поэзиясын оқытудың кешенді әдістемесі іс-тәжірибеден өткізілді.

**3-кезең** (2020-2026 жылдар) зерттеу нәтижелері жүйеленіп, жинақталды және қорытындыланды, кешенді тапсырмалар әзірленді; бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің қорытындылары сандық және сапалық тұрғыдан талданып, жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде ұйымдастырылған оқыту жүйесінің болашақ пән мұғалімдерінің кәсіби және тұлғалық дамуындағы маңызы мен рөлі айқындалды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- жыраулар поэзиясының жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктері алғаш рет жоғары оқу орнындағы әдеби білім берудің мазмұндық компоненті ретінде қазіргі әдебиеттану ғылымының жетістіктері негізінде жүйелі түрде сараланды;

- жыраулық мұраны зерттеудегі қазақ әдебиеттануының ғылыми интерпретациялары мен теориялық тұжырымдары педагогикалық дидактика заңдылықтарымен ұштастырылып, білімгерлердің ғылыми-зерттеу

құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде алғаш рет айқындалды;

- жыраулар толғауларындағы образдар жүйесі, көне тілдік құралдар мен бейнелеу тәсілдері қазіргі әдеби-теориялық парадигмалар тұрғысынан жаңаша сипатталып, оларды білімгерлердің қабылдау психологиясына бейімдеу тетіктері дәлелденді;

- жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жасалып, қолданыстағы оқу бағдарламалары мен силлабустардың мазмұндық ерекшелігі анықталды және оларды жаңа жүйе талаптарына сай жетілдірудің басым бағыттары айқындалды;

- жыраулар поэзиясын меңгертудің мақсаттық, мазмұндық, нәтижелілік компоненттерін қамтитын, білімгерлердің поэтикалық талдау дағдыларын, шығармашылық ойлауын және ұлттық құндылықтарын кешенді дамытуға бағытталған авторлық тиімді моделі алғаш рет ұсынылды;

- көне сөз өнері мұрасын заманауи білім беру кеңістігінде белсенділендіру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялар мен цифрлық құралдарды (жасанды интеллект, мультимедиалық тапсырмалар, электронды ресурстар) оқу үдерісіне кіріктірудің әдістемелік алгоритмі жасалды;

- болашақ қазақ әдебиеті оқытушыларының кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін арттыруды көздейтін, жыраулар поэзиясын тереңдетіп оқытуға арналған оқу-әдістемелік ұсынымдар мен деңгейлік тапсырмалар жүйесі әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілді.

**Жұмыстың теориялық маңызы.** Диссертациялық жұмыстың теориялық зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде жыраулар поэзиясын оқып-үйренудің әдістемелік әлеуетін қалыптастырып, оның танымдық және тәрбиелік мәнін айқындаумен, адамгершілік, ұлттық-рухани, гуманистік құндылықтарды дамытуға ықпал етуімен, сондай-ақ білімгерлердің өз мамандығын терең түсініп, құрметтеп, кәсіби тұрғыда қалыптасуына оң әсер етуімен дәйектеледі.

**Жұмыстың практикалық маңызы.** Зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде, әсіресе, жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында меңгертуде, нақты әдістемелік нұсқаулық ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыста ұсынылған поэтикалық талдау үлгілері, оқу тапсырмалары мен талдау әдістері болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған.

Практикалық мәнділігі келесі аспектілермен анықталады:

1. Әдеби талдау әдістемесі – жыраулар поэзиясын көркемдік, құрылымдық және семантикалық тұрғыда талдауға арналған нақты әдістемелік қадамдар жүйеленді;
2. Оқыту технологиялары – жоғары оқу орнында қолдануға болатын интербелсенді, проблемалық және жобалық оқыту элементтері енгізілді;
3. Оқу бағдарламасына бейімдеу – жыраулар поэзиясының поэтикасына қатысты оқу-әдістемелік материалдар мен тапсырмалар жоғары мектеп

курстарына (қазақ әдебиетінің тарихы, әдеби талдау теориясы) кіріктірілуі мүмкін;

4. Оқытушыларға арналған нұсқаулық – әдеби мәтінді талдауда заманауи әдістерді қолдануға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірленді;
5. Білімгерлердің зерттеу дағдыларын дамыту – жыраулар шығармашылығын талдау арқылы білімгерлердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары көрсетілді.

Осы зерттеу нәтижелері болашақ қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау, жоғары оқу орындарының оқу үдерісін жетілдіру, сондай-ақ ұлттық әдеби мұраны заманауи тұрғыда оқытуға арналған тәжірибелік негіз бола алады .

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

*Біріншіден,* жыраулар поэзиясының жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктері – жоғары оқу орнындағы әдеби білім берудің іргелі мазмұндық компоненті. Қазіргі әдебиеттану ғылымының теориялық жетістіктері негізінде жыраулық мұраны зерттеудегі қазақ әдебиеттануының ғылыми интерпретациялары мен теориялық тұжырымдарын педагогикалық дидактика заңдылықтарымен ұштастыру білімгерлердің ғылыми-зерттеу құзыреттілігі мен академиялық ізденіс дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негізін құрайды.

*Екіншіден,* жыраулар толғауларындағы образдар жүйесін, көне тілдік құралдар мен бейнелеу тәсілдерін қазіргі әдеби-теориялық парадигмалар тұрғысынан жаңаша сипаттау – көне мәтіндерді қазіргі білімгерлердің көркемдік қабылдау психологиясына бейімдеудің басты тетігі болып табылады.

*Үшіншіден,* жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың қазіргі жай-күйіне жасалған кешенді талдау қолданыстағы оқу жоспарлары мен силлабустардың мазмұндық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Оларды заманауи жаңа жүйе талаптарына сай трансформациялау және жетілдіру – болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттырудың басым бағыты ретінде негізделеді.

*Төртіншіден,* білімгерлердің поэтикалық талдау дағдыларын, шығармашылық ойлауын және ұлттық құндылықтарын кешенді дамыту зерттеу барысында алғаш рет ұсынылған авторлық мазмұндық-құрылымдық модель арқылы іске асады. Оқытудың мақсаттық, мазмұндық, нәтижелілік компоненттерін қамтитын бұл тиімді модель көне сөз өнері мұрасын заманауи білім беру кеңістігінде белсенділендірудің әдістемелік негізі болып табылады.

*Бесіншіден,* жыраулар поэзиясын заманауи білім беру кеңістігінде белсенділендірудің әдістемелік алгоритмі – жаңа педагогикалық технологиялар мен заманауи цифрлық құралдардың, соның ішінде жасанды интеллект, мультимедиалық тапсырмалар мен электронды ресурстардың мүмкіндіктеріне сүйенеді. Осы алгоритм негізінде әзірленген оқу-әдістемелік ұсынымдар мен деңгейлік тапсырмалар жүйесі болашақ қазақ әдебиеті оқытушыларының кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін арттыруды қамтамасыз ететін негізгі тәжірибелік құрал ретінде ұсынылады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі:** диссертациялық жұмыстың зерттеу негізі етіп алынған теориялық тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып талдануымен бекітіледі. Жұмыстың мақсатына, міндеттеріне сәйкес шешімін тапқан зерттеу әдістері мен көрсетілген нәтижелердің жоғары оқу орнында жүргізілген сабақтарда дәйектелуі зерттеудің сенімділігіне кепілдік етеді. Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің жетекші идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1999 жылғы 27 шілде, № 319); «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы; Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 15 б.; «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы; Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығын жүзеге асыруға бағытталып, қазақ әдебиеті пәнін оқыту үрдісінде қолданысқа түсуіне ықпал етеді.

**Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдамалары мен нәтижелерінің жариялануы мен мақұлдануы.** Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 19 мақалада жарияланды. Оның ішінде:

Scopus базасындағы 1 квартильге жататын импакт-факторы жоғары журналда – 1 мақала:

1. The main trends of linguoecological research - World Journal of English language. – 2022. – Volume 12, Special Issue. -№ 7. –P. 179-185 pp. DOI: 10.5430/wjel.v12n7p179 https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85143658759&origin=recordpage (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Imangazinov M. – 5%, Zhumakyeva B. – 5%, Kenan Koch – 5%).

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енетін журналдарда − 5 мақала жарияланды:

1. Хандық дәуір әдебиетінің бастауы – жыраулар поэзиясы. / Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №2. – 204-209 бб. https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/136653/88/123/1560/%D0%9C%D0%B0%D0%BA%D0%B8%D1%88%D0%B5%D0%B2%D0%B0%20%D0%9C%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%8F%D1%88%20%D0%9A%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D0%B0%D1%83%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%BD%D0%B0/2020/1 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

2. Жыраулар поэзиясын оқыту. / С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №2. –

313-320 бб. https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/103.pdf (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

3. Жыраулар философиясы. / Қазақстанның ғылымы мен өмірі халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №2/2. – 356-360 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

4. «Жырау» мен «Жыршы» ұғымының тарихы. / С.Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2021. – №2. – 187-195 бб. https://doi.org/10.48081/QPYF9001 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар Имангазинов М. – 5%, Жумакаева Б. – 5%, Кенан Коч – 5%).

5. Жамбыл Жабаев шығармаларын оқыту арқылы білімгерлерге эстетикалық тәрбие беру. / С.Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – №2. – 234-245 бб. https://doi.org/10.48081/JQFZ6947 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда – 13 мақала жарияланды:

1. Жыраулар аңсаған азаттық жолдарын оқыту. /«Қазіргі білім беру: әдістеме, технология, сапа» атты IV халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы. Талдықорған,18-19 қаңтар 2019. – 273-276 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

2. Номадтық поэзиядағы жыраулардың тәлімдік идеялары. / «Global science and innovations 2019: centralasia» атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Астана, 21 қаңтар 2019. – 46-50 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

3. Ақын-жыраулар поэзиясын оқыту әдістері. / Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 120 жылдығына және ҚазҰТЗУ-нің 85 жылдық құрметіне арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғалары – Қ.И.Сәтбаев» деген атпен «Инновациялық технологиялар – ҚР экономикасының кен-байыту және мұнай-газ секторларының негізгі және қолданбалы мәселелерін табысты шешудің кілті» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, 10-11 сәуір 2019. – 706-709 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

4. Преподавание поэзии жырау. / Сборник материалов региональной научно-практической конференции студентов и аспирантов вузов Могилевской области «Молодая наука – 2019». «Могилевский государственный университет имени А.А.Кулешова». Беларусь, Могилевская область, 25 апреля 2019. – С 45-

46.https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

5. Роль и место поэзии жырау в казахской литературе. / Сборник материалов международной научной конференции «Вызовы современной гуманистики: транскультуральность и транслингвальность». Лингвистическо-технический университет, Польша, Пшасныш, 25 мая 2019. – С. 381-401. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар Имангазинов М. – 5%, Жумакаева Б. – 5%, Кенан Коч – 5%).

6. Жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәні. / «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, 25-26 қазан 2019. – 232-236 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

7. Бұқар жырау және ерлік философиясы. / «Жаһандық ғылым және инновация: орталық азия» ғылыми тәжірибелік журнал шығарылымы аясында XVI Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 16 сәуір 2022. – 6-10 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

8. Жыраулар поэзиясының зерттелуі. / Ғылым қызметкерлері күніне арналған «Білім және ғылым: заманауи көзқарас» атты жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, 12 сәуір 2022. – 161-166 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

9. Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыру. / Университеттің 50 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігіндегі филология ғылымдары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, 21 сәуір 2022. – 215-218 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

10. Қазақ әдебиетіндегі Қожаберген жырау тұлғасы. / «Жаһандық ғылым және инновация: орталық азия» ғылыми тәжірибелік журнал шығарылымы аясында XVII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 17 қыркүйек 2022. – 55-58 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докоранттың үлесі – 100%).

11. Жыраулар поэзиясының зерттелу өрісі. / «Жансүгіров тағылымы» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, 7

желтоқсан 2018. – 134-139 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

12. Жыраулар поэзиясын оқыту әдістері. / «XXI ғасыр: ғылым мен инновация» атты жас ғалымдар мен білімгерлердің республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, 4-5 сәуір 2019. – 234-237 бб. https://drive.google.com/drive/folders/1ekOh-FUNEs3TUS3Tsk3t7AgsIw_BSuAr (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

13. Қос дәуірдің жыршысы. / І.Жансүгіров университетінің Хабаршысы. – 2022. – №1 (102). – 185-189 бб. https://doi.org/10.53355/ZHU.2022.102.1.029 (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

14. «Жыраулар поэзиясын оқыту» авторлық бағдарламасы. Ы.Алтынсарин атындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі, – 2026. (№3 хаттама 13.02.2026). https://drive.google.com/drive/folders/1YqmKD_4TEXWowk2kEoh98WHdzct0XW2X (Авторлық бағдарлама жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген басылымдарда – 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 5 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 13 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеудің нысаны, зерттеу пәні, зерттеудің мақсаты, зерттеудің міндеттері, зерттеудің болжамы, зерттеудің әдіснамалық негізі, зерттеудің жетекші идеясы, зерттеу әдістері, зерттеу жұмысының эксперименттік базасы, зерттеу кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, жұмыстың теориялық маңызы, жұмыстың практикалық маңызы, жұмыстың практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен сарапталуы баяндалады.

«Жыраулық поэзия және оның зерттелу тарихы» атты бірінші бөлімде номадтық жыраулық дәстүр: қазақ және әлем әдебиетіндегі поэзиялық орны, жыраулар поэзиясының зерттелу тарихы, қазақ жыраулық дәстүрі мен оның әдебиеттегі тәуелсіздікке қатысты көрінісі қарастырылады.

«Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші бөлімде зерттеу ауқымына жыраулар поэзиясын оқытудың философиялық ұстанымдары, жыраулар поэзиясын меңгертудің психологиялық негіздері, жыраулар поэзиясын оқытудың педагогикалық ұстанымдарының мәні ашылды.

«Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі» атты үшінші зерттеу бөлімде жыраулар шығармашылығын жоғары оқу орнында оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі, жоғары оқу орнында жыраулар

поэзиясын оқытудың инновациялық технологиялар жүйесі, эксперимент нәтижелері және олардың тиімділігі қарастырылды.

# 1. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

## 1.1 Жыраулық поэзиясының әлем және қазақ әдебиетіндегі орны

Номадтық поэзия жыраулық өнердегі мәдени-музыкалық құбылыс. Айтулы жыраулар үнемі ел ортасында, халық пен аралас жүреді. Жыраулар мен жыршылар типі өте ерте дәуірлерде қалыптаса бастаған. Алғаш бұл қызметі бақсы, балгерлік, шамандар атқарған. Жыраулық өнердің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар бақсы – шаман – ұзан – жырау – жыршы-термеші тағы басқа. Ежелгі халықтардың жырлары мен аңыздарын, хикаяларын ел кезбе жыршылар, әншілер – аэдтер шығарып, таратып отырған. Номадтық поэзияда оларды демиургтар (кәсіпшілер) деп атағанын философ Аристотельдің еңбектерінен байқай аламыз. Өйткені, олардың қызметтеріне адамдар емші-дәрігер немесе әр шаруаның жайын жақсы білетін шебер есебінде қарап, қажетсінген. Жыраулар мен жыршылар, аэдтар бір тайпаның қызметінде тұрып, еңбегі үшін арнайы еңбекақы алып, бай-дәулетті адамдардың үйінде немесе арнайы мерекелерде халық алдына шығып, ән-жыр да айтқан. Әдеби дәстүрде оларды көру қабілеті нашар адамдар есебінде, өздеріне аяқ-қолы сау ел-жұрт сияқты жер жыртып, еңбек ете алмайтын мүгедектер санатында бейнелейді. Кейде жыраулар мен жыршылар, аэдтар қатарында ел аралап жүрген, басқа полистер мен алыс елден келген жатжерліктер де кездеседі. Олар өз елінің ән-жырын айтып қана қоймай, жекелей салт-дәстүрлерді де таратып, өзге өнерлерді де көрсеткен. Осы арқылы көне халықтардың өлең-жырларының, өнерінің, әдебиеттегі көркемдіктің поэтикалық сыр-сипатының түрленуіне жол салып берді. Көне халықтар жоғарыда айтқанымыздай, көп полисті мемлекет (яғни, жекелей заңы мен салт-дәстүрі бар қала-мемлекеттер). Халықтың ең көп негізгі орналасқан жері Балқан түбегі болса да, Эгей теңізінің аралдарында да көп халық орын тепкен және сонда тұратын ел көршілес жатқан Кіші Азияның батыс жағалауы, оңтүстік Италиядағы Сицилия аралдары мен Францияның оңтүстік жағалауы, Испанияның кей жерлері, Африканың солтүстігі мен Қара теңіздің жағасындағы елдермен бірге тұрып, қоян-қолтық араласқан. Мұндай мемлекет шамамен екі мыңдай саналады, олардың ішінде да номадтық поэзияға жақын туындылар бар.

Қазақтың ежелгі тарихына көңіл қойсақ, Қара теңіз жағалауларында өмір кешкен сақ тайпалары мен ежелгі түркі халықтары болса, сол тұстағы аэдтардың, жыршы-жырауларының араласулары арқылы кей әдеби туындының бір-бірлеріне ауыс-түйіс болып ауысуы да ғажап емес. Қазақ жырларындағы немесе ауызекі сөзде «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөздің шығуы тегін болмаса керек. Бұл пікірді қуаттау үшін Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» атты еңбегіндегі Б.Н.Граковтың «Скифтер» деген еңбегіндегі үзіндіге сүйенеміз:

«Біздің жоғарыда көз жеткізгеніміздей, скифтер мұнда өте ертеде, жыл санауымыздан ілгері II мыңыншы жылдары қоныстана бастаған. Олар бұл араға б.д.д. IX ғасырда тұрақтаған. Алайда б.д.д. I ғасырдағы жасалған көптеген

заттай айғақтарға қарап отырып, бұдан екі түрлі мәдениетттің үлгісін аңғару қиын. Демек, өзінің мәдени айғақ заттары тұрғысынан алғанда, сол арадағы тайпалардан скифтік қоныстанушылардың онша айырмашылығы болмаған. Ал VII ғасырдан бастап дала номадтық мәдениет мүлдем басқаша көрінеді. Содан бастап мұқым сайын даланы ішінара жергілікті ғана мәні бар айырмашылықтары байқалатын біртектес және өзінің уақытымен табылған жеріне байланысты тек қана «Номад мәдениеті» деп аталуға тиіс мәдени ескерткіштер алып жатыр. Бұл мәліметтер қоры түбегейлі орнығып қалуына Қара теңіз жағалауына көшпелі скифтердің 616-жылдан кейін бүтіндей тұрақты қоныстануы тікелей әсер етті. Кемерліктер мен VII ғасырдың аяғында Аракс – Волга өзенінің арғы бетінен ауып келіп, қоныстанған көшпелі және отырықшы скифтердің біртектес мәдениетке ие болуының нәтижесінде, қазба мұрағаттары тұрғысынан алғанда, ешқандай елеулі өзгеріссіз-ақ, бір-бірімен сіңісіп кеткен. Тек VII ғасырдың аяқ шенінен бері қарай Қара теңіз бен Кавказ бойындағы жазықтарда салт атты жауынгерлердің қабірлері жаппай кезігеді. Жыл қайыруымыздан бұрынғы VII ғасырдың соңынан бері қарай Қара теңіздің жағалауына мықтап тұрып қоныс тепкен көшпелі скифтер бірте-бірте аса қуатты мемлекет құрып, жағалаудағы қалаларынан сауда бұйымдарын елдің түкпіріне қарай жөнелтіп отыратын дәнекерге айналды. Олардың мәдени, тұрмыстық ықпалы батыста Фракияға, Дунайдың төменгі ағысына, солтүстігінде Молдавия мен Батыс Украинаға – агафрис пен невр тайпаларының бір бөлігі тұратын аймақтарға дейін жетті. III ғасырдағы сарматтардың баса-көктеп кіруімен скиф мәдениеті де өмір сүруін тоқтатты» [1, 26-27-б.].

Асан Бахтидің «Шумерлер, скифтер, қазақтар» деген еңбегінде номад скифтердің Қара теңіз жағалауында тұрған дәуірінде ежелгі көне халықтармен сауда-саттық, мәдени байланыстары жөнінде дерек келтіреді. Онда былай делінген: «Қара теңіз жағалауының далалы аумақтарында сарматтар билеп тұрған, кейінгі кезеңдерде ұқсас аумақты аудандарда қыш жасау кәсібі пайда болды. Оның пайда болуы шамамен б.з II ғасырына байланысты» [2, 187-б.].

Жырау мен жыршылардың, аэдтардың кәсіби ісінің кейбір құпиялары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған. Аяқ-қолдары сау, ел қатарлы еңбек етіп жүрген адамдар да, осы кәсіппен айналысып, өз напақаларын табатын. Айталық , аэд секілді өмір кешкен, көне европалық ішінде аса танымал болған, аузын ашса көмекейі бүлкілдей жөнеліп, өлең-жыр айтатын адамның бірі – құл Эзоп та сол адамдардың қатарына жатады. Көбіне мысал айтып, оны өлеңге айналдырған Эзоп өзінің осы қасиеті арқасында қожайнынан азаттық алған.

Өлең өлшемдері, дауыс ырғағы, эпикалық тілдің белгілі бір формасын таңдап алған жырау мен жыршылар өзінің өнерін кейінгі ұрпағына аманаттаған. Осы дәстүр атадан балаға ауысып, үнемі даму үстінде, тіпті кемелдену, жаңашыл үдерістерді басынан өткерген.

Бүгінгі номадтық поэзия жыраулық өнерді сақтап қалған бірнеше

географиялық аймақ белгілі. Олар: Атырау өлкесі, Сыр бойы мен Жетісу аймағы. Географиялық негізінде бұл аймақтарды Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік шығыс деп бөлуге болады. Солардың арасынан сонау оғыз мәдениетінің қалдығы сақталған. Сол өлкесін айрықша оларға атау болар еді. Мұндағы жыраулық өнердің негізі ерекшелігі дыбысты дірілдетіп шығару арқылы орындау.

Міне, осы кезеңдерді жеке-жеке игерудің ғылыми таным үшін маңызы зор. Жыраулық поэзияны 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бұлар төменде көрсетілген кезеңді қамтиды:

I. XIV – XVI ғ.

II. XVI ғ.

III. XVII ғ.

Ал осы номадтық поэзияның атасы Сыпыра жырау Тоқтамыс хан тұсында XIV ғасырда өмір сүрген жырау. Маңғыстау мен Жайық бойындағы Сарайшық қаласын мекендеген. Ол – Еділден Донға дейінгі Кубанның кең даласын, Арал теңізі мен Каспий жағасын, Қырым мен Кавказ арасын ен жайлаған қыпшақтар мен қазақ ұлыстарының аты аңызға айналған перзенті.

Сыпыра жырауды қазақтың кейінгі ғасырларда өмір сүрген барлық жырауы өзіне ұстаз санайды. Оған мына сөз қозғап, аруақты өнерпаз деп таниды. Ол соған лайық тұлға, оның жырларының көбі жауынгерлік рухқа толы. Профессор Есмағамбет Ысмайылов тек қана қазақ жырлары емес, ноғайлы, қарақалпақ, басқа да Орта Азия халықтарының жырларының авторы да жыраулар мен шайырлар деп дәлелдейді. Сондай-ақ, «Қазақтың да белгілі батырлар жырын ең әуелі Шалгез, Сыпыра, Жиембет сынды жыраулар шығарып таратса керек», – деп, лайықты бағасын береді [3, 56-б.].

Сәбит Мұқанов: «Сыпыра Жырау, Асанқайғы, Бұхар жыраулар XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы, олар хан қасында отырып батырды жырлаумен қатар, сол кездегі мемлекет мәселесін шешуге қатысады» [4, 67-б.], – деп айтады.

Есенғабыл Байғабылов жарияланған жырау сөзінің бір үзіндісінде ол өзінің алпыстан астам хан көрген қария жырау болғанын хабарлайды:

Өрлеуге қандай алабың,
Шыңға шықсаң талабың.
Алпыс екі жан көрдім,
Несіне оны сұрадың?!
Атқа мінер халі жоқ,
Мінсе түсер әлі жоқ.
Жүз-сексен жасаған,
Хәлі осы да Сыпыраның!

Сәкен Сейфуллин жариялаған «Тоқтамыстың қоштасу сөзі» [5, 531-б.] жыраулық поэзия үлгісі ретінде Сыпыра жырау атымен байланысты қарастырылады. Шығармада хан атынан сөйлеу дәстүрі сақталғандықтан, оны Сыпыра жыраудың толғауы деп тануға негіз бар. Сонымен бірге Сейфуллин

бұл мәтінді жинақтап жариялау барысында ықшамдап, 46 жолдық нұсқасын ғана ұсынғаны байқалады. Аталмыш үзінді Тоқтамысқа қараған ноғайлылардың бұрынғы тарихын, шаруға жайлы қонысын, жау айбынар батырларын, сауық-сайранды салтанатын ардақтайды. Хан басына түскен ауыр күн толғанып, Едіге бидің әміріне арнағаны айтылады. Ханның бейқамдығы сыналып, өткен күн өкініштері толғанады.

Ей, жігіттер шоралар!
Он сан ноғай бүлгенде,
Саназар батыр жауыңнан,
Жаралы болып келгенде,
Алаш ата алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Аязды күнде қалшылдап,
Арасан оты жанғанда,
Бура мұздан тайғанда,
Шықырлаған буыршын,
Бас көтеріп тұрғанда,
Ханнан қайрат кеткенде,
Биге медет жеткенде,
Хан қашып, би қуғанда,
Хан Тоқтамыс қорланып,
«Байтағым» деп зарланып,
Айтып жылай жөнелді...

Бұл жолдарды оқыған адамға Тоқтамыстың өзі айтқан сөз емес, ол туралы басқаның айтқан сөзі көрініп тұрады. Бұдан кейінгі жолдарда да Тоқтамыстың өзін қолдаған Қобыландыдай батырынан айырылғаны, Ноғайлыдай ауыл – жұрттын тастап, бас сауғалаған ауыр жағдайы жырланады.

Сап – сап жүре, сап жүре,
Сай азамат қосылып,
Жауды жайқай ала алман,
Қара қыпшақ Қобыландым,
Сен секілді ерден соң...

Сыпыра жырау – хан мен батырлар арасында бітім айтқан дана, ақылгөй, сәуегей адам.

«Ер Тарғын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры» жырларында да жырау есімі аталатыны белгілі. Бір ескерерлік жай, Сыпыра жырау түсінігінде Едіге ұнамды адам емес. Ол Едігеге наразы адам. Сондықтан Тоқтамысқа берген ақылында: «Едігені басқа хандыққа өткізбей, қалай да болса Тоқтамыс хан оны өз қармағында ұстауың керек. Егер ол мүлдем көнбесе, амал-айламен қолға түсіріп, шақырып алып басын ал» [5, 576-б.], – дейді. Бұған қарағанда ол Тоқтамыс пен Едіге араларында болған жанжалдарға бейтарап емес. Жыраудың түсінігі айқын. Жараспас жанжалдың аяғы апатқа соқпай тынбайтынын сезеді.

Едіге Темірге қосылса, Тоқтамыс ордасының шаңырағы ортаға түсерін ескертер ақыл айтып, оны сақтыққа шақырады. Бұл тұста жыраудың ұстаған бағыты – Тоқтамыс билеген елдің мүддесі. Не болғанда да ол – Тоқтамыс жағының жоғын жоқтаушы.

Ноғай – қазақ дәуіріне жататын көркем туындының бірі – «Тоқтамыс жыры». Бұл жырды атап отырғанымыз – шығарма қаһармандары тарихта болған адамдар. Негізгі бейне Тоқтамыс 1376-1395 жылдар арасында хандық құрып, Темірланның Едіге бастаған қолының тегеурініне төтеп бере алмай күйреген. Сарай әмірінің бірі Тоқтамысты ауыр ноғай жұртымен, сараймен қоштасуы, қайғылы хан ретінде көрсетілген. Жырдағы ханның тоғыз батыры да тарихта болған адамдар. Әрқайсысы қазақтың белді руларының басшы батырлары. Міне, аталмыш жырда да Сыпыра жырау қатысады. Тоқтамыс көпті көрген дана жырауды алдырып, оның ақылын тыңдайды. Осы жырды алғаш бастырған П.М.Мелиоранский өзінің алғы сөзінде Сыпыра жыраудың қыпшақ даласынан көп хандарды көрген көне ақын иесі, Тоқтамыс Ордасында ол 1393 жылы ең соңғы толғауын айтқан еді деп сендіреді. Бұл мәліметті негізге алсақ Сыпыра – 1213-1393 жылдар арасында өмір сүрген ноғайлы – қазақтардың атақты жырауы.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі номадтық поэзия халықтың салт-дәстүрлеріне орай тұрмыс-салт жырлары айтылатыны белгілі. Сол тұрмыс-салт жырларындағы кейбіреулерінде ғана болмаса, көбіне тотемдік, мифтік ойлау, бақсылық ұғымдары мен діни әдет-ғұрыптар тұрғысында айтылатын өлең-жырлар мол. Бұлар халық арасында анонимдік түрде туып, ел ауызында сақталып келген.Ондағы жауынгерлік рухтағы поэзия болғандықтан оның тарихы әріде жатыр. Ол фольклорда, көне түркілік пен сақ-скиф дәуірінен бастау алатындығы анық. Тақырыбымызды ашу мақсатында азды-көпті тарих беттеріне жүгіну шарт. Номадтық поэзияның тууына, қалыптасуына ондағы жауынгерлік рухтың мол болуы, оған мұрындық болған олардың арғы ата-бабалары екені ақиқат.

«Бұл жырлар олардың мазмұны мен тақырыбына орай бірнеше түрге бөлуге болады, – дейді Ә. Қоңыратбаев. Олар: а) бақташылық жырлары (төрт түлік мал туралы); ә) діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар (жарапазан, бәдік); б) үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сыңсу, жұбату, беташар); в) ұлыс жырлары; г) бөбек жырлары; д) жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау) т.б.» [6, 44-б.].

Номадтардың алғашқы поэзиясы классификацияда көрсетілгендей қазақтың тұрмыс-салт жырларындағы халықтардың негізгі кәсібіне орай айтылатын өлең-жырлар байқағанымыздай басқа елдердегі өлең-жырлармен өте ұқсас. Ертедегі халықтардың өздерінің кәсіптеріне орай өлең – жыр айтулары тегін болмаса керек-ті. Көне халықтардың негізгі кәсіптері – егін шаруашылығы, жүзім егу, бағалы тастарды өңдеу, металлургия т.б. болса, осы

шаруашылыққа орай шығарылған өлең-жырлар халық арасында ара-тұра кездеседі. «Өлең-жырларды айтудағы мақсат-істеп жатқан жұмыстарының ауырлығын жеңілдету, қажымау, мезі етер шаруларының оңтайлы әдістерін табу үшін көңілдену үшін айтқан. Осы тұрғыда жазылған жырлар мен әндер номадтық поэзияда өте мол. Ол жырлар мен әндер еңбекке, кәсіпке арналған халықтық мұра» болмақ [6, 30-б.].

Қазақ топырағында музыкалық-эпикалық дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Мысалы, бір ғана Сыр бойында бірнеше жыраулық мектептердің болғаны байқалады. Бірі – Қармақшы жеріндегі оғыз-қыпшақ дәуірінен саға тартатын көне эпикалық дәстүр, екінші – Арал аймағындағы жыраулық мектеп, үшінші – Бұдабай, Нартай, Балқашбай, Әбілаштардың жыр өнері. Көрнекті өкілдері – Балқы Базар, Қарасақал Ерімбет, Жиенбай, Тұрмағанбет, Жәмет, Дәрігүл, Кәрібоз, Сәрсенбай, Алмас, Көшенай, Рүстембек, Бидас тағы басқа атақты жыраулар.

Атырау аймағындағы жыраулық өнердің өзіндік ерекшеліктері байқалады . Бұл шығармалар негізінен XVI-XVII ғасырлар оқиғасын қамтитын ноғайлы дәуірінің оқиғаларына негізделген. Осы белгілері олардың жанрлық ерекшеліктерін тудыратын секілді. Жетісуағы жыр өнерінің дүлділдері – Сүйінбай, Жамбыл, Кенен. Дәл осы суырып айтушы өнерпаздардың есімімен бүтін бір аймақтық жыршылық өнерінің кескін-келбеті айқындалады. Қазақ жеріндегі эпикалық дәстүрге тән аймақтық ерекшеліктер әлі күнге арнайы зерттелген емес. Әдебиет зерттеушілері оны көркем ой көрінісі – номадтық поэзия ретінде зерттеп, өлі мәтін ретінде қарастырады. Ал музыка мамандары оны өнердің еңселі бір арнасы ретінде қарастыра қойған жоқ. Қазақ халқының музыкалық – эпикалық дәстүрі бірнеше тарихи кезеңдерге жіктеледі десек те осы кезеңге дейін жыраулық өнерді түркі тайпаларының көне тарихына негіздеп зерттеген мамандар некен саяқ. Номадтық жыраулар поэзиясын зерттеген М.Мағауиннің өзі жыраулық өнерді XV-XVIII ғасырлар мен ғана шектейді. Дұрысында жыраулық өнер өте көне құбылыс. Ол XV ғасырмен басталып, XVIII ғасырмен аяқталмайды. Жыраулық көне түркі дәуірінен саға тартып, күні бүгінге дейін дамып келе жатқан тарихи мәдени құбылыс.

Номадтық поэзия жыраулық өнер-тарихы қалыптасқан, дәстүрге ұласқан тұрақты сипатқа ие болған құбылыс. Оның түп-тегіне үңілер болсақ, сонау орхон жазбаларына, оғыз дәуірінің эпикалық мұраларына көз жіберерііміз анық. Ол дәуірлерден жеткен музыкалық мақам үлгілері болмаса да,жазба ескерткіштер жоқ емес. Солардың бірі – «Қорқыт ата кітабы». Түркітану ғылымында бүгінгі сыр бойындағы эпикалық дәстүрдің оғыз дәуірімен байланысты жиі айтылады, IX-X ғасырларда оғыз тайпаларының Сыр бойын мекендегені анық. Сол дәуірден қалған музыкалық – эпикалық дәстүр күні бүгінге дейін өзінің байырғы қалпын сақтап, стилдік ерекшеліктерімен дараланып келеді. Бұл, әсіресе, Қорқыттың сүйегі жатқан Қармақшы жеріндегі

жыраулық өнерге тән құбылыс.

Жыраулық өнердің айрықша дамып, ел мәдениетінен орын тепкен кезеңі XV-XX ғасырлар. Арғы жерде этникалық тарихты сақтайтын арна болғандықтан кеңес дәуірінің саясаты елді жырау-жыршылдан тазартуды көздегені жасырын емес. XX ғасырдың 20-30 жылдары көптеген эпос айтушыларының тұтқындалып, жер айдалғаны мәлім. Соның салдарынан жыраулық өнер көмескі тартып, оны зерттеу, зерделеу ісі тек 1956 жылдан соң барып қайта жандана түскен-ді. «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды », «Пернедегі пернелер» Е.Ысмайыловтың «Ақындар» атты еңбегі оның айғағы. Одан бергі жерде Ә.Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтушылары» (1975), Р.Бердібайдың «Жыршылық дәстүр» (1980) секілді еңбектері бой көрсетті. Өзге де фольклор мұралары жарық көрді, соларға қатысты арнайы ғылыми зерттеулерде жазылды. Жырау – этнограф, яғни қазақ тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерін өз өнері арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлға. Осы шежірешілдік қызметін мүлтіксіз атқару үшін жырау өз халқының тарихи-мәдени мұрасының үлкен жанашыры болуы қажет. Мұның бәрі М.Мағауиннің жырау тұлғасына қатысты пікірлер ұштасып жатқан анықтамалар. Мысалы, бір сөзінде М.Мағауин: «Жыраудың жыраулығының ең басты белгісі – ақындық. Яғни өз жанынан өлең шығарғыштық қабілетінің болуы. Жырау деген атаудың өзінің «жыр» сөзінен шыққандығы күмән туғызбайды» [7, 63-б.].

Жалпы дұрыс пікір. Жырау ұғымының «жыр» сөзімен байланысы анық. Бірақ жырау – ғана емес, сонымен бірге, музыкалық мақамды шығарушы әрі орындауы. Бұл ерекшеліктерін алып тастар болсақ, жырау тұлғасына тән қасиеттер толық анықталмаған болар еді. Жыраулық поэзия, оның даму кезеңдеріне қатысты сабақталған С.Қасқабасов пікірлерінің де мәні аса елеулі. Автордың «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып қазақ хандығы құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды», – деген пікірі де көкейге қонымды [8, 63-б.].

Номадтық поэзияны европалықтар өте ерекше қадірлеген. Солар арқылы елдің мәдениеті мен рухы сөйледі-міс, әнші-жыршылар тек сол муза тәңірлері ойнайтын құрал деп қабылдаған. Содан кейін ғана жырдың басқа сюжеттері айтыла бастайды.

Қазақтың жыршы-жырауларының бойындағы асыл қасиеттері мен туындылары әр елдің атақты аэд – жыршылары секілді ел алдында үлкен құрметке бөленгенін аңғару қиын емес. Қадым замандардан бастап, қазақ қазақ аталмай тұрып-ақ халық жыраулар мен жыршыларды аса қадар тұтқан. Академик Әлкей Марғұлан: «Жырау ру басы ақсақал, халықтың көкейтесті арманының мұңшысы, жыршысы ретінде өте қажетті тұстарда ғана болмаса, суырып салып жыр тудыра бермеген. Ел құрметіне бөленген жырауларға жұрт болашағына қауіп төніп, қалың бұқара жол таба алмай тығырыққа тығылған екіталай ауыр сағаттарда ғана ақыл салып, кеңес сұрайтын болған. Сонда ғана

жыраулар халыққа күш-жігер беріп, осы оқиғаның немен тынарын болжап, тебірене жыр толғайтын болған. Болашақты барлап болжам айту – көреген де білгір жыраулардың поэтикалық өнерінің басты тәсілі болып саналған, – дейді, өзінің «Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы» деген мақаласында [9, 186-б.].

«Жырау – ақпа-төкпе импровизатор, өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлайтын парасатты мол елағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сырын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салып сынай, салмақтай білетін, болжағаны болып, айтқаны келетін тапқыр да көреген дана абызы, қисық кеткенді қылышпен емес, сөзбен сілейтіп бұйрық берер әміршісі, бетің бар, жүзің бар демей тура айтар өткір де әділ биі, жөні келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап, жауға аттанар жауынгер жырауы болған. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, аса мәнді көкейкесті мәселелер тұсында толғанған. Халық асыл сөз иесі жырауларды қатты қадірлеген. XY-XYIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен ақындардың көпшілігі сарай маңында көрінеді. Мұндай сипатты Шығыс, Орта Азия елдері ақындары өмірінен де байқаймыз «Ресейде XYII ғасырда патша сарайында ертекші, әңгімешілер (сказочниктер) ұстаған», – дейді, академик Д.С.Лихачев [10, 16-б.]. «Сөзі өтімді, халыққа беделді мұндай адамдарды ел билеушілердің тірек етпеуі өз маңында ұстамауы мүмкін емес еді» [10, 12-б.].

Жырау мен жыршы бойындағы табиғат берген қасиеттерімен қоса, жыршы-жырауға тән шығармашылық талантына орай, әр туындысына мол әдеби эпитеттер мен бейнелеулерді пайдалана отыра, жыр формаларына өз ойларынан түрлі оқиғаларды іріктейді. Осыдан кейін көкірегіне түйген сюжеттерді өз тарапынан өзгеріске ұшыратып, әр әдеби мұраны өзіндік тұрғыдан жаңаша айтады. Аэд дайын жырды айтқаннан гөрі, импровизатор ретінде, яғни қазақ айтысындағы табан асты сөз таба қойып, шебер жеткізуші рөлін де ойнайды. Алдын-ала жазылған текстіні жеткізу барысында да, оны мейілінше түрлендіріп, көркемдетіп, жаңалап, өң беріп айтуға да еркі бар.

Көне европалық поэмалардың айтылу мәнері басқаша болуы мүмкін, бірақ зерттеушілердің пікірінше, эпостың жекелеген өлеңдері, халық аузында жүріп, аэдтарды шамамен б.д.д. VII ғ. ауыстырған рапсодтар оның біркелкі жинақталған формасымен айтып жүрген. Рапсодтар көбіне, ақын емес жеткізуші, айтушы ретінде көрінеді. Мәселен, көне европа тілінде аэд «жырау» деп аударылса, рапсод «өлеңді тігуші, құрастырушы» мағынасын береді.

Ал қазақтың номадтық поэзиясына келсек, көне европалық «аэд» пен «рапсодтары» секілді «жырау» мен «жыршы» деп екіге бөлінеді және олардың өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары тек заманының, қоғамның, ел өмірінің әрқилылығы ғана. Оларда да жыраулар сол тұстағы жырларды шапқыншылық пен соғысты басынан өткергендіктен, жауынгерлік рухтағы жырлары мен өлеңдерін көп тудырған.

«Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты Қазақстан Ғылым академиясынан

шыққан ұжымдық зерттеу еңбектегі «Жыраулық поэзияның даму ерекшеліктері » деген мақалада: «Қазақтағы жыр мен өлеңнің түр, мазмұн құрылысындағы айырмашылық белгілерін алғаш танып, әңгімелеген кісінің бірі – Құрбанғали Халитұлы. Ол ақын мен жыршының өлеңшілердей емес, өз жанынан шығарып айтатын дарын қасиеті бар деп санап: «Ақындардың бір бөлімін «жыршы» дейді. Бұлар да ақынға тең түседі. Шығармаларында айырмашылық бар. Ақын шығармасын «өлең» дейді, оларының бір жолы төрт немесе одан да көп сөзден тұрады. Ал, жыр болса одан гөрі қисынға құрылған (қиыннан қиысқан) үш сөзден тұрады. Мысалы, Бұхар жыршының жыры, шығыры (поэзиясы), тез жазылып алынатын Асан атаның мақал сөздері және Абылай хан қайтыс болғандағы Бұхардың көңіл айтуы да жырға жатады. Осы күнге Құдабай ақынның айтып жүргені «өлең» делінеді. Екінші айырмасы: ақындардың өлеңі жай мағыналы болып, ал, жыршылардың сөзі мадақ, насихат мағыналы болып келеді және мысал сипаттас әсерлі болады. Сонымен бірге өлеңнің алғашқы екі жолы түпкі мағынасына сай келе бермей, қисын үшін де алынады. Ал, жырдың барлық жолы арналған тақырыптан ауытқымайды», – деп жазады [11, 36-б.].

«Рас, «Жыр», «Жыршы» деген ұғымдар әдебиетімізде ерте кезеңдерде-ақ туып қалыптасқан. Бұған өз жанынан шығарып айтуға мүмкіндігі бар әр алуан суырыпсалма ақындар жатқызылып келген. «Жырау» сөзі де осы ұғыммен терең астасып жатыр. Алайда ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басында шығыс сюжетіне байланысты туған қисса, хикая, дастандарды ел ішінде айтып таратушы жаңа бір топ орындаушы – жыршылар пайда болды. Бұлардың көпшілігі суырыпсалма ақындар емес, тек бұрынғы ақындар жырлаған өз репертуарындағы әр алуан жырларды (хикая, дастандарды) ел ішінде орындап, айтып таратуды дәстүр етті, сондықтан осы топтағы кейінгі орындаушы жыршыларды төкпе ақын-жыршылармен, дарынды ақын-жыраулармен бір қатарға қойып атаудың реті келе бермейді. Әрине, бұл топтың ішінде де некен-саяқ ақындық өнері бар, көне сюжетті өзінше үйлестіріп қайта жырлайтын табиғи дарындылары да болды, алайда біз бұлардың өзінде жіктеп ажырата білуге тиістіміз» делінген «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XV-XVII ғғ.)» деген зерттеу еңбекте [12, 90-б.].

Ал Шоқан Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген еңбегінде рапсод жөнінде мынадай пікірде: «Жыр дегеніміз рапсодия. Ал жырламақ деген етістік тақпақтап айту дегенді білдіреді. Барлық далалық жырлар қобыздың сүйемелдеуінде тақпақтап айтылады. Негізінен, жырлардың мазмұны бұрында өткен белгілі халық батырларының өмірі мен қаһармандық іс-әрекеттері болып келеді. Бұл тұста бір назар аударатын жай, шығармадағы батырдың өмірі мен ерліктеріне байланысты оқиға қара сөзбен әңгімеленіп келеді де, ал өлең-жыр жолдары шығарма кейіпкерлері немесе негізгі қаһарман сөйлегенде ғана басталады», – дейді [13, 26-б].

Жауынгерлік рухтағы жырларын айтқан тұста қолдарына қобыз, домбыра мен басқа музыкалық аспаптарды ойнап, рухтанып айтса, дегенмен асатаяқ

ұстап жыр айтушылар саны аз болмаса керек. Асатаяқты не үшін ұстаған?

Қазақ мифологиясындағы әдеби туындыларда асатаяқ көбіне бақсылардың, пірлер мен Қыдыр (Қызыр) атаның, Дихан бабаның, Дәуіттің, Мұсаның, періштелер – Жебірейіл, Мекайыл, Әзірейіл, Исрафил, Ғайып-Ерен Қырық Шілтен және тағы басқа да пірлердің қолындағы қасиетті ағаш орнында жүретін құралдары. Олардың асатаяқтары да әртүрлі және олардың атқартын қызметі де әрқилы. Мәселен, Жаратушының әмірін жеткізу үшін, немесе ем-дом жасау үшін, асатаяқта белгілі бір пірдің немесе құдайдың символикалық бір заты, бет-бейнесі болуы шарт еді. Яғни, жердегі адамзат пен аспандағы Жартушының ортасындағы дәнекер, жалғастыратын құдіретті зат осы асатаяқ екені баршаға аян. Ендігі тұста, қазақ арасындағы осы асатаяқтың атқарар қандай қызметі барын, оның қажеттілігін атап өтсек:

«Асатаяқ ағаштан жонылып, жоғарғы жағына үкінің қауырсындары тағылатын, төменгі ұштығы үшкір темірмен қапталатын, сонымен бірге оның бас жағына темірлер ілінетін болған. Олардың сабы әдетте бұланның мүйізінен еменнің тамырынан немесе ырғайдан жасалатын. Шоқаның ұруға бейімделген жағы аюдың немесе тау ешкінің терісімен қапталып, сыртына сылдырмақ сақина, шығыршықтар тағылатын. Міне, осы шоқа негізінде қазақ бақсыларының қолдан тастамайтын тағы бір аспабы дүниеге келген деп жорамал жасауға болады. Ол – асатаяқ ғана ауыстырып қоймайды, шаман киімдеріндегі сылдырмақтар міндетін де өзіне алады» [14,124-б.].

Рабғузидің «Қисса-сул Әнбиясында» Мұса пайғамбардың асатаяғы турасында аңыздық сюжет бар. «Мұсаның «киелі» асатаяғы бар екен. Оны жерге шаншып қалса, ғайыптан жайқалған бау-бақша пайда болады немесе әскер өте алмай тұрған асау дарияға өзінен-өзі көпір салынып қалады яки қуып келе жатқан жауға қарсы тұратын аждаһар жылан шыға келеді», – делінген [15, 167-б.]. Яғни, жауынгерлік рухтағы жырларды айтушылар міндетті турде қолдарына асатаяқ ұстауы бұл тек жыраудың ғана емес, оны тыңдаушылары да рухтануы шарт еді.

Филология ғылымының кандидаты, ғалым Б.Қ.Ақбердиеваның «Қазақ тіліндегі мифтік жүйе» атты еңбегінде асатаяқ турасында тұжырымды пікірі бар. Онда былай делінген: «Аса, асатаяқ – мифологияда (шаман мифінде) ғаламдық ағаштың бір модельдік варианты болып табылады. Қазақ бақсыларының да қолына ұстап жүретін асатаяғы, асай-мүсей сібір шамандарының үш әлемді шарлауға мүмкіндік беретін космостық ағашының бір түрі.

Ақ сәлдесі басында,
Сырлы аса қолында.
Өзі ақтың жолында,
Бір диуана келді де,
Асамен түртіп оятты…

(«Алпамыс батыр» жыры)

Осы аталған еңбекте асатаяқ турасында тағы да мынадай пікірлер бар: «Е.М.Мелитинский: әлемдік ағаш пен шаман арасындағы байланыс өте тығыз, әрі жан-жақты. Шаман әлемдік ағаштың көмегімен адамдар мен құдайларды, жер мен аспанды байланыстыра алады, яғни ол дәнекер, медиатор қызметін атқарады», – деп айтады [16, 78-б.]. Ал академик Сейіт Қасқабасов: «Біздің халқымыздың танымында медиатор – Бәйтеректің, космос ағашының формалық жағынан өзгерген түрлерінің бірі – бақсының қолындағы асатаяғы. Бұл жерде, бақсы асатаяғы мен ертедегі бәйтеректің түбірі бір екені, ол архаикалық мифтегі космостық ағаш екені күмәнсіз деген әдебиеттану, фольклорда осы мәселені арнайы зерттеген маман-ғалымның пікірін ескермеске болмайды», - дейді [17, 23-б.].

С.И.Вайнштейннің айтуына қарғанда: «Тувалықтарда шаманның ең басты құралы таяқ болған. Ол тірілтетін қасиетімен қастерленген. Келттерде таяқтың маңызы әлемдік шаман ағашының мәнінде жұмсалған. Ал буряттарда шамандардың қолдарына ұстайтын таяқты хэсе деп атаған» [18, 5-б.].

Н.А.Оңдасынов бұл сөзді өзінің «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінің» екінші томында былай деп анықтайды: (асан) аса – таяқ, жіңішке таяқ Мұсаның (О.Моисей) «қасиетті» асасы болыпты-мыс. Мұнда ол асасымен алуан түрлі ғажайыптар жасайды екен. Діни аңызда Мұса асасымен Ніл дариясының суын қақ бөліп, сол жерден өзінің Мысырдағы қауымын алып өтіпті-міс. Араб-иран тілдерінде аса-таяқ, таяқша деген сөз. Міне, осыған қарағанда асатаяқ бір-біріне мағынасы барабар екі сөзден құралған.

Жоғарыдағы аталған еңбекте «Аса-мұса – Мұсаның асасы, таяғы» деп берілген. Мысалы: Жаппар ту сырты мұп-мұздай боп қоя берсе де, қобалжыған жоқ. Бірақ аяғының астынан асай-мұсайын асынып Мүңкір-Нәңкірдің өзі көтеріліп келе жатқандай, өне бойын біздің ұшындай дызылдатып бара жатқан әрі өткір, әрі сұп-суық бір тосын түйсік билеп алды. (Ә.Кекілбаев).

Ал енді «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» бірінші томында бұл сөздерге берілген мына анықтамалар жіктеп талдауды қажет етеді: Аса. Зат. 1. Диуананың қолына ұстайтын ерекше таяғы. Үсті-басы жалба-жұлба, қолында асасы бар диуаналар қазақ ортасында ислам дінін таратушы қожалар болды (З.Шашкин). 2. Ұзын таяқ. Қабырғаға сүйеулі ала таяқтардың арасында сарғыш буынды, бойшаң бұхар асалары көрінді (Х.Есенжанов). Асаймұса зат. биол. Үшқат тұқымдасына жататын қатты ағашты өсімдік. Асаймұса көбінесе тасты, шатқалды тау бөктерлерінде, әсіресе, өрікті тоғайларда өседі (ҚКЭ). Асаймұса зат. көне. Ұшына үшкір темір орнатқан таяқ. Тақтың сол жағына сүйеген лайықты, келтелеу асаймұса, оны «скипетр» дейді екен (С.Мұқанов). Асай-мүсей зат. жерг. Ұсақ-түйек, кәкүр-шүкір. Желік беріп, желдіріп отыратын дәрі-дәрмегімізді, асай-мүсейлерімізді әкеліп, ара-тұра көз қырыңызды сала отырыңыз деп, басқа шаруашылығымызға кеттік («Лен.жас»). Асатаяқ зат. 1.

Ұзын таяқ; аса. Есікке келген қолында шылдырмақты биік асатаяғы бар диуана екен (М.Әуезов). 2. Асатаяқ зат. муз. Дыбысты сілкітіп шығаратын қазақтың көне музыка аспабы. Асатаяқтың бас жағы түрлі өрнекпен әшекейленеді, ұзындығы шамамен 110-130 см (ҚКЭ). Болат Сарыбаевтың зерттеуі нәтижесінде шертер, сыбызғы, асатаяқ, көне қылқобыз, жетіген, шаңқобыз, дауылпаз үлгілері табылды» [19, 54-б.].

Ертеде өмір сүрген адамдардың әдеби туындыларды жеткізудегі өзіндік машықтарының ортақ ұқсастықтары, сонау көне замандардағы мифтік ой-санадан жалғасып келе жатқан, құдайлар мен тәңіриелерге сыйынудан бастау алатындығы белгілі болса, бұл дәстүр дами келе, өлең-жырды музыкалық аспаппен орындауға итермеледі. Осы дәстүр арқылы өлең мен жырды халық арасында айту, жеткізу, насихаттау үшін түрлі жанрларға бөлігенінің куәсі болып отырмыз. Ежелгі жыраулар мен жыршылар, аэдтар мен рапсодтар бір мекеннен екінші бір мекенге барған кезінде өз дауыстарын кифарамен немесе лирамен сүйемелдей отырып, бір қалыпты мақаммен осы тайпаның қамқоршылары немесе мифтік ата-бабалары, құдайлар мен қаһармандар құрметіне әндер мен гимндерді жатқа айтып беретін болған. Өздерінің шығарған ән-жырларын аэдтар түрлі музыкалық аспаптармен айтып, жеткізген. Жиналған халықтың көңіл қошын аулау мен бір мақаммен айтқанда шаршатып алмау мақсатын көздеген аэдтар қолдарында дауыс ырғағына қарай сыбызғы, қобыз, домбыра, спрингс, лира, кифара немесе форминге сияқты аспаптармен орындауды әдетке айналдырған. Жыраулар мен жыршылардың қасында өздерімен бірге серіктес адамдар да болған. Қазақтың ерте кездегі сал-серілері секілді, біреулері ән-жыр айтса, біреулері пантомимо жасап, ел ішіндегі сорақылық пен жаманшылыққа әуес адамдарды, жалқаулар мен арамтамақтарды мазақ етсе, тағы біреулері би билеп, қалың елдің көңілін көтеруге күш салған. Бірақ солардың ішіндегі көшбасшысы жыраулар, аэдтер елдің рухын, көңілін көтеріп отырған.

Көне халықтардың рухани мұралары көп жағдайда жыр-өлеңдері осындай жағдайда туып, халық мұраларының ұмытылмай осы кезеңге жетсе, қазақ халқының әдеби мұралары да көп жағдайда осы жайтты басынан өткерді. Қазақ ішіндегі үлкен мереке ұлыс, наурыз немесе біреудің үйлену тойы, шілдехана басқа да халықтың бас қосқан жерінде импровизатор жыраулар мен жыршылардың ертеректе шығарылған өлең-жырларды халық арасында жиі айтып отыруы – елдің жадында жақсы сақталуға негіз болып қаланған. Бұл турасында Шоқан Уәлиханов та қалам тербеген. «Қазақтың халық поэзиясының түрлері» туралы деген еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Бұл өлеңдер көне европалық рапсодиялары тәрізді, жыраулық кәдеге берік ақындар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа, рудан-руға жалғасып, халық арасына кеңінен тарайды» [20, 62.], – деп жазады.

Жыршы, термеші мен ақындар жөніндегі, олардың эпостық жырларды,

аңыз-әфсаналарды өзіндік бір жолмен халық арасында тарату турасында М.Ғабдуллин өз ойын төмендегідей білдіреді: «Батырлар жыры халықтың жазу өнері болмаған кезде туды. Оны жыршы ақындар шығарып, ел арасына ауызша айту түрінде таратты. Жырдың алғашқы үлгілерін кейінгі ақындар пайдалана отырып, оны көпшіліктің тілегіне сай өзгертеді, өңдейді. Әрбір ақын өздерінің жырын жұрттың жиналған жерінде айтқанда бұрыннан таныс әңгімелерді қайталай бермей, тыңдаушыны сүйсіндіріп, қызықтыратын жаңадан тың әңгімелер қосады. Егер тыңдаушы көпшілік ақыннан жырды ұзағынан айтуды, батырдың балалық шағынан бастап қартайғанға дейінгі өмірін, ерлік істерін молынан жырлауды өтінсе, онда халықтың бұл тілегімен ақындар санасып отырған. Осы ретте олар жырын бірнеше күнге созып айтатын болған.

Әрине, жырды ұзағынан айту, бір оқиғадан екіншісін тудыру, әңгіменің жалпы желісін бұзбай молынан қамти жырлау, әрбір ақыннан асқан шеберлікті, ақындық өнерді керек етеді. Сондықтан да олар көпшілік алдында жыр айту үшін оған көп даярлық жасаған, ертеден келе жатқан және бұрын жұртқа таныс болған жыр әңгімелеріне қиыстырып жаңа сюжет қосу жайын көп іздеген. Ертеден келе жатқан жыр сюжеттерін негізге ала отырып, оны әрбір ақын өзінше жырлаған, жаңадан редакциялаған», – дейді өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты кітабында [21, 96-б.].

Байқағанымыздай, екі халықтың әдеби мұраларының шығу, жазылу жайы ұқсас келсе, жырау, ақын – аэд, рапсодтардың арасында, олардың әдеби мұраны жеткізудегі мәнері, айту машығы, әдіс-тәсілдері көп жағдайда ұқсас, етене жақын екендігі көзге ұрады. Мұндай ұқсастықтар әлем әдебиетіндегі ақындарға ортақ. Айталық, айтыс ақындары, жазу ақындары көнеден келе жатқан талант иелері болса, олар – әдеби мұраларды жеткізуші, ұрпақтан-ұрпаққа таратушы ретінде халық арасында кеңінен танымал болған. Жыршы – жыраулар, аэд – рапсодтар тек бір ғана өлеңді, жырды жеткізуші ғана емес, яғни, өлең-жыр жанрының аясында қалып қана қоймай, ара-тұра болса да айтыс өнеріне өзіндік үлес қосқан. Қорқыт бабамыздан бастап, кейінгі дәуірдегі өмір сүрген Сыпыра, Қазтуған, Ақтамберді, Бұхар, Дулат және т.б. жыраулардың, Сүйінбай, Шөже, Кемпірбай, Бақтыбай және тағы басқа ақындардың шығармашылығында бұл феномен олардың бойындағы ажырамас асыл қырларының бірі. Бұл тек қазақ әдебиетінде ғана емес, талай халықтардың тәжірибесінде болған жайт.

Асан қайғы (Хасан Сәбитұлы XIV-XV ғ.ғ.) өмірі туралы мәліметке келсек, ол сөз жоқ тарихи тұлға, ұлы ойшыл адам. Асан қайғы – Ұлығмұхамед, Жәнібек хандардың қасында болып, мемлекет ісіне араласқан, ықпалды бектерінің бірі.

Сонымен бірге, Асан қайғы – аңыз кейіпкері де. Аңызға айналған данышпан Асан қайғы мен тарихи Асан арасындағы қарым-катынас жер мен көктей. Асан туралы аңыздардың тақырыбы мен мазмұнына қарай: қайғы аталуына байланысты туган аңыз-әңгімелер өте мол. Асанның өміріне қатысты аңыздар жане Асанның ұлы Абат пен қызы Жұпардың тапқырлық істеріне

байланысты аңыздар болса, Асан туралы аңыздардағы қиял мен тарихи шындықтың көрінісі әдеби туындаларда әрдайым көрініс береді.Соның бірі - Асан қайғы шығармашылығында «Жерұйық» идеясының көрініс табуы. Асан қайғының утопиялық таным түсінігі мен ортағасырлық Еуропадағы утопияның ерекшелігімен байланыстыру жөн. Асан қайғы – XV ғасырдағы бүкіл Дешті қыпшақтың ірі жырауы.

Асан толғауларының тақырыптық ерекшеліктеріне келсек, Асан қайғы толғауларындағы дидактикалық сарын мен жауынгерлік рух толғауларында насихат, өнеге сөз, ғибрат айтылуы «Еділ бол да, Жайық бол» толғауы дәлел бола алады. Сонымен бірге, Асан қайғының Әз-Жәнібек ханға айтқан арнау толғаулары, Арнау-толғауларының әлеуметтік мәні. Арнау-толғауда ханға кеңес айта отырып, ел басқару ісіне де араласуы, сын айтуы Асанның ірі жырау екендігін танытады.

Жырау толғауларында өз заманындағы тарихи өзгерістердің мәні түсіндіріледі. Асан қайғы толғауларындағы - болжалдық сарын («Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің» толғауы «Қилы, қилы заман болмай ма» тирадасы).

Қазақ мемлекеттігі құрыла бастаған заманда хандар мен сұлтандардың өздері іріктеп алған жыраулары – хан мен қараның дәнекершісі болды. Олар ханның ел басқару жетістігін мадақтап қана қоймай, сондай-ақ қалың жұрттың мұң-мұқтажын және тілегін жеткізетін өрен ақындар еді. Жыраулардың ақындардан ерекшелігі сол, олар халық рухына, ел бірлестігіне, хандардың билік өнерін жетілдіруге белсене араласатын болды. Солардың бірі – дала философы атанған Асан қайғы Сәбитұлы (XIV-XV) халық есінде абыз, философ, ақын болып, мәңгі жатталып қалған. Оның бар ғұмыры халықпен біте қайнасып өткен. Ауыз бірлігі жетіспеген ортада елінің ертеңін, қамын ойлап, үнемі мұңға батып жүретіндіктен замандастары оны «Асан қайғы» атап кеткен. Аңыз-әңгімелерде Асан қайғы жүзден асып көп жасаған, үнемі ел кезіп сыншыл көзқарасты қалыптастырған Елді ауызына қаратқан, номад-көшпенділердің мінез-құлқын жетік білген, дәстүрлерін құрметтеген ақылды, дана, сәуегей баба атанған.

Ол XV ғ. Алтын Орда ханының, соның ішінде ұлы Мұхамедтің кеңесшісі болған. Қазан қаласынан Дешті Қыпшақ жеріне қайтып оралған Асан қайғы Алтын Орданың орнында пайда болған ұсақ – хандықтардың өмірі ұзаққа созылмайтынын болжай білген. Асан қайғы, Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ руларының Әбілхайыр хандарынан бөлінуін жақтайды. Бірақ сұлтандардың қазақтарды Жайық пен Жем бойына қоныстандырмақ ниеттерін де құптамайды. Асанқайғы өз халқының «Жерұйығын» Шу, Сарысу бойынан, Ұлытау төңірегінен іздеуге тікелей араласады. Сондағы діттегені: ежелгі скиф, қыпшақ даласынан безбеу, ел іргесінің берік, ағайын ұжымының күшті болуы, «Ел бірлігін нығайту, халық ауызбірлікті болса, мемлекеттік билік те берік болады, ондай ел ешкімге есе беріп, жеңілмейді» деген тоқтам.

Асан қайғы дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады.

Асан қайғы адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оның өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті.

Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Ғылымым жұрттан асты деп
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама – деп,

Асан қайғы азаматтық міндеттің жүгіне, күнделікті нақты түріне көңіл бөледі. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асан қайғының ұғымында, жұртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара оңды қарым-қатынас жасауы орынды. Абыздың пайымдағаны: «Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады». Асан қайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кімнен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асан қайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа» немесе «Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

«Мінезі жаман адамға, енді қайтіп жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен, жалған айтып суыспа», – деген өсиетті ұстайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама», – дейді. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады.

«Есеніңде, тіріңде, бір болыңыз бәріңіз» – деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлыңғырлық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным – борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық – ойшыл үшін жат құбылыс. Абыз әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

«Есті көрсең кем деме, бәрі тұйғын табылмас»;

«Нәпсі алдаушы дұспанның, насихатын алмағұл,
Бақыты оянған ерлердің, әрбір ісі оң болар»;
«Сөз сөйлесе жөн біліп, не десе де жарасар»;
«Ауылдағы жамандар, ел қадірін не білсін!».

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желке құрыстырып ұрыспайды. Берілген жыр үзіндісі идеялық тұрғыдан адамгершілік, парасаттылық және дұрыс өмір сүру қағидаларын насихаттайды, яғни адамды сыртқы кемшілігіне қарап бағаламауға , нәпсіге ермеуге, сөзді орнымен айтуға және надандықтан аулақ болуға үндейді . Көркемдік жағынан жырда антитеза, метафора, эпитет сияқты бейнелеу құралдары қолданылып, ой қысқа да нұсқа, нақыл сөз түрінде беріледі. Құрылымдық тұрғыдан әр тармақ жеке бір тұжырымды білдіретін тәлімдік сипаттағы сөйлемдерден құралған, ұйқасқа қарағанда мазмұн мен ойға басымдық берілген. Стильдік жағынан бұл жыр жыраулық поэзияға тән дидактикалық, насихаттық сипатта жазылған. Деректілік тұрғыдан ол халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмірлік тәжірибесіне негізделген болса, текстологиялық тұрғыдан ауыз әдебиетіне тән ерекшелікке ие болып, көне сөздер мен бұйрық рай формалары қолданылған және нұсқалық өзгерістерге бейім келеді.

Әдептіліктің әр қыры мен сыры – бақыт көрінісіне лайық. Дегенмен бақыт – адамға деген ерекше сыйласу мен махаббат сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақытты жандар ғана өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады.

Бақытқа кедергі – ағайын мен ел арасындары бітімсіздік, ондағы мүдде алшақтығы, қасиет кенжелігі, сөйлесу қағидасының бұзылуы. Сөйлесуде өзара түсінік жетіспесе, онда үйлесімділіктің, ынтымақтың болуы мүмкін еместігін, зияндық – күйзеліс көрінісі, адамгершіліктегі ғаріптік белгісі.

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп
Жақсыларға айтпаған,
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын – шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса, пір ғаріп.
Атажұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,

Қайратты туған ер ғаріп.

Адамның ішкі дерті азғындаған уақытта, замандағы ғаріптің түрі де, зардабы да көбеймек. Ғаріптік – заман ағысы адамзат тіршілігіне ыңғайсыз жағдайда дерт болып асқындамақ. Бірақ ақын заманды құрастырушы мен билеушілердің мінез-құлқын, іс-әрекетін сынап мінеді. Адамын тану арқылы ақын заманды тануға, заманның ағымын пайымдауға талпынды. Мұраты биік адам мен ұрпақ қана заманды өз талаптарына сай дұрыстауға ықылас-ынта білдіреді. Бұл жыр үзіндісі идеялық тұрғыдан адам өміріндегі үйлесім мен қадір -қасиеттің маңызын көрсетіп, әр нәрсенің өз орнында, өз ортасында ғана мәнді болатынын, ал сол үйлесім бұзылса, бәрі де «ғаріп» күйге түсетінін бейнелейді. Көркемдік жағынан жырда «ғаріп» сөзінің қайталануы арқылы анафора тәсілі қолданылып, терең ой әсерлі жеткізіледі, сондай-ақ метафора мен салыстырулар («ақ қалалы боз», «айдын – шалқар көл») арқылы образдылық күшейтілген. Құрылымдық тұрғыдан жыр параллель түрде құрылған, яғни әр тармақ бір үлгіде келіп, белгілі бір құбылыстың қадірсіз қалған күйін сипаттайды, бұл оның логикалық және ырғақтық тұтастығын арттырады. Стильдік жағынан шығарма жыраулық поэзияға тән философиялық сипатта болып, өмірдің мәнін терең толғаумен жеткізеді. Деректілік тұрғыдан жыр халықтың әлеуметтік өмірі, салт-дәстүрі мен дүниетанымына негізделген, ал текстологиялық тұрғыдан ауыз әдебиетіне тән қайталым, тұрақты тіркестер және көне тіл элементтері сақталған, сондықтан оның әртүрлі нұсқалары болуы мүмкін.

Асан қайғы – экологиялық тәрбие төңірегінде сөз қозғаған қазақтың тұңғыш ойшылдарының бірегейі. Оның толғауларында қазақ даласының сұлулығы, жер байлығы, аң-құстар тыныс-тіршілігі, олардың географиялық мекенжай күйі тілге тиек болады. «Аққу құстың төресі, ен жайлап көлде жүреді» деген шумақтан, сұлулық сүйкімділікті ұштайтынын пайымдаймыз. Көркемдіктің жан семіртетінін, сүйкімділіктің тән тазалығына еритінін «Бұл заманда не ғаріп» деген өлеңінен аңғарамыз. Жыраудың «Иіс майын жамандап, жұпар қайдан табасың? Көлдің суын жамандап, Еділ қайдан табасың?» дегені, Атамекенді ардақтай білуге шақырғанындай.

Номадтық поэзияның аса бір ірі өкілі Шалкиіз Тіленшіұлы (1456-1560) – қазақ поэзиясында философиялық бағыттың негізін салушы, жаңашыл жырау. Шалкиіздің ноғайлы-қазақ дәуірінде Орақ, Мамай, Би Темірдің тұсында өмір сүрген. Импровизатор Шалкиіздің жазбаша сауаттылығын да танытатын толғауларындағы терең ойлылық, суреткерлік шеберлікті аңғаруға болады. Шалкиіз толғауларындағы қоғам, адам өмірі жайындағы толғаныстар, дүниенің өткіншілігі, өмірдің өзгеруі, өсу үдерісінде болатындығы туралы пайымдаулары өте терең. Шалкиіз жыраудың философиялық ой-толғаныстарынан туғаң терең мағыналы афористік сөздері де бар.Шалкиіз тек жырау ғана емес, ол әскербасы, батыр.

Шалкиіз поэзиясы – белгілі дәрежеде жаугершілік, жауынгерлік рухтағы поэзия. Шалкиіз поэзиясының рухы-ерлік. Шалкиіз толғауларында ұрыс

даласындағы батырдың қимыл, қозғалысын жанды суреттер арқылы жеткізе білген, батыр бейнесінің статикалық күйде сомдалу үлгілері де әрқилы. Жыраудың толғауларында «бұқарашылдық тенденциясының» көрініс табуы. Жалғыздықтың мансұқталып, бірліктің, туыстықтың дәріптелуі («Артында туысқанның көбі игі», «Қамалаған қалың туғанның арқасы»). Шалкиіздің Би Темірге арналған толғаулары. («Аспанды бұл құрсайды», «Қара бас күспен шалдырып»).

Арнау-толғауларындағы заман тынысы, хан мен жырау қарым-қатынасы айқын көрінеді. Ханды ұлықтай жырлауы немесе ханға мін айтуы да батырлықтың белгісі. Шалкиіздің ақындық шеберлігін танытатын көркемдік тәсілдер де мол, сондықтан Шалкиіз - сахара эposын жасаушылардың бірі, өз тұсында Шалкиіз тудырған нақыл- афоризмдерді Бұқар жырау үлгі еткен. Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік, ерлік рухты Махамбет поэзиясында қайталайды.

Шалкиіз жырау шығармашылығының зерттелуі жайына келсек, Шалкиіз толғауларының Кеңес өкіметі орнағанға дейін-ақ жиі басылып жарық көрген. Шалкиіз шығармашылығының қазақ, сонымен бірге, қарақалпақ, құмық халықтары әдебиетінде зерттелген.

Жорықта айдынды аламан, ақындықта арқалы жырау атанған Шалкиіз Тіленшіұлы Дешті Қыпшақ өңіріне ғана емес, Қырым, Терістік Кавказ, Дон бойына да әйгілі тұлға болған. Өз заманындағы Ноғайлы әміршісі Темір, Қазақ Ордасы, Кавказдықтар арасындағы саяси күрестердің ешқайсысынан сыртқары қалмаған. Жорықтың алдыңғы шебінде, айтыс-тартыстың басы-қасында, елдің бел ортасында жүрген Шалкиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көңіл аударған, кісілік қасиеттерге әр сақтан қайта-қайта оралған. Шамасы, Шалкиіздің өзі «жауырынына қанды көбе сыймаған, жағасына адам қолы тимеген» ержүрек, кеуделі батыр болғандай. Көп оқығаны көзімен көрген, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен.

Жорықта, соғыста, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жұрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді.

Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» — дейді Шалкиіз жырау. Сондай ерлер жаудан да, сойдан да тартынбас, батырлығы басынан асқан жігерлі жандар. Елі қолдаған, арғымағын оңдаған ерен батырлар бабына келді. Осыдан: «Кенелейін деген жігіттің, жылқы ішінде екі арғымағы тел өсер. Сүйінейін деген жігіттің, сүбеде алтау-жетеу ағайыны тең өсер!» деген өсиет қалған.

Шалкиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан, «бармай

тапқан қазбасы». Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малыңды тәрік етер, ат-тоныңды бұлды етер, өз басыңды олжа етер». Хан ием Темірдің осындай қиқарлығын көрген Шалкиіз одан алшақтайды. Қыр мен бөрік астындағыны көре алмаған сұлтандар туралы: «Жақсыңнан мені кем көрдің, жаманыңмен тең көрдің. Жақсыңнан мені кем көрсең, жаманыңмен тең көрсең, ұлы берікке қос артып, сен есенде, мен сауға ырысымды сындайын. Сегіз қиыр шар тараптан іздермін!», – деп ойын ашық та, кесіп айтады.

Шалкиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман айғақ болар басыңа.

Жемсаудан арылып, дұспан жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу – қажетті үндер және керекті күндер еді. Сондай сындарлы кезеңде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып.
Сөйлемекке ар етер,
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім қара етер,
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәңірімен ниеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы – тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Ерікеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қисынсыз қылығымен көрінгенді қинайды. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен күле кіріп, күңірене шығады. Теріс пиғылды іштегі дұшпан. Жамандар қоңқалап, бір жақсыны көре алмайды. Жаман ұшқан жапалақтай аяқ астынан табылады, жағасы оның тайғақ, әркімге ұрынады. Өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ. Сөз ұқпай, ұлағат тұтпай, сырт айналып кетеді. Іштей менмен ел арасынан табылмайды, кісіден тартып алғанымен жарымайды. Туырлығы жоқтың, туғаны жоқ, тырандап түзге де кетеді. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдің, әйелдің, сәбидің қанша көз жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Күндердің күні болғанда, қырға шықпас жаманның барынан да жоғы игі!».

Жақсы мен жаманды адамдық пен күрес өлшемімен іспеттеген Шалкиіз жырау тағлымы мол өсиеттер қалдырды. Солардың бірі:

Атаның ұлы ерлерге,

Малыңды бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма!

Бас қосқан ел болса, оның арғы тегін ойлайтын би-бегі болса, болаттай бекем батыры болса, ондай ел-жұртта арту-тарту тарылмақ, дұшпан тобы тозбақ. «Ер болсаң бопсаға шыда» – деген қағиданы қалыс қалдырмайтын ортада ырыс мен ынтымақ, іс пен ізденіс артпақ.

Шалкиіз қатарындағы ірі номадтық поэзия өкілі Қазтуған Сүйінішұлы – ұлттық әдебиетіміздің төл басыларының бірі. Қазақ әдебиеті тарихында шығармалары өз атымен жеткен алғашқы автор. Қазтуған – жорықшы, жауынгер жыраудың өзіне арналған мадақ жыры – «Бұдырайған екі шекелі» толғауындағы Қазтуғанның өз бейнесі. Қазтуған жыраудың ақындық қуатын танытатын толғауы – туған жерімен, ата қонысымен қоштасу жыры. Жыраудың толғауларындағы суреттеулер мен образдар. Мұрат ақын жырлаған «Қазтуған» жырындағы Қазтуған бейнесі жауынгер – жыраудың номадтық тұрмысы тудырған ерекше қасиеттерге баламалануы.

Номадтық поэзия өкілі Қазақ хандығының құрылу кезеңінде емір сүрген, ұлттық әдебиеттің қалыптасуында көрнекті рөл атқарған – Доспамбет жырау. Доспамбет – ерлік пен еркіндікті аңсаған жорықшы жырау. Жырау толғауларының басты идеясы – ерлікті, батырлықты, жауынгерлік рухты дәріптеу. Доспамбет жырау толғауларында елді, жерді қорғау міндеті, майданда шаһит кешу, соғысып өлу арманының көрініс табуы. «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық», «Сере, сере, сере қар» т.б. толғаулары ел өмір мен жауынгерлік рух дәріптеледі.

Доспамбет жырау толғауларында ерлік, елдік мәселелерінің көтерілуімен қатар, билеуші қауымның салтанатты өмір-тұрмысының да жырлануы, өз заманының белді өкілі болған Доспамбеттің өмір салты көрініс табады. Ол жыры «Тоғай, тоғай, тоғай су» деп аталады. Доспамбет жырау толғауларында дүниенің өткіншілігі, адам өмірі туралы ой-толғаныстарының жырлануы оның философ екендігін танытады.

Номадтық поэзияның тағы да бір ірі өкілі, сырты құрыш, жүзі болат, ақыл-айласы көпке танымал, жанкешті ерлігімен көзге түскен жырау Ақтамберді Сарыұлы тұлғалық пен жорық тақырыбын жалғастырады. Ақтамберді Сарыұлы – жоңғарларға қарсы күрес дәуірінде қол бастаған батыр, жортуыл жыршысы, әлеуетті жырау, жауынгерлік рухтағы талай жыр тудырған өнер иесі, батыр. Қазақ тарихындағы ең қиын кезеңде өмір сүрген Ақтамбердінің жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушы болған. Ақтамберді толғауларындағы басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру. Ақтамберді шығармашылығында қазақ халқының ой-арманы, мақсат-мүддесі, көшпенді халықтың өмір-тұрмысы жайлы түсінігі, мінез-құлық ерекшеліктері

жырланады.

Жыраудың «Жағалбай деген ел болар», «Жағаға қолдың тигенін», «Жел, жел есер, жел есер» толғауларындағы жалғыздық, жарлылық мәселелері жырланады. Адам бақытына жетсе, басына бақ қондырса, жақсылармен тең өсер. «Білімді туған жақсылар, аз да болса көппен тең», ақ пейілмен сыйласар жолдаспен тең. Жақсылар елі үшін батырларша жорықтайды, қыңыр-қисықтан қорықпады. Жақсылардың жетегінде кетерін Ақтамберді жырау былайша жеткізеді:

Әділ туған жақсыға,
Екі даугер жүгінсе,
Тізесін қисық бұрмаса,
Асылдығы білінер.
Енді бірде:
Орын тапқан ер жігіт,
Жерсіз болар деймісің,
Орда тігіп орнас,
Төрсіз болар деймісің!

Ақтамберді жырау өмір ережесін жақсыларды марапаттау арқылы ғана емес, жамандықтың бастауын іреп, салдарын саралайды. Жамандық адамдардың бірін-бірі қорлаудан, зорлаудан басталады. Қорлау да, зорлау да – жендеттік, пенденің бағын аштырмайтын жексұрындық. «Жаман болса жолдасың, астыңнан өткен сызбен тең», «Жаман туған жігітке, рақатты күн бар ма». Жамандық – жауың. Екеуінің де түрі көп. Сонда кім жаман? Дәулетін көтере алмай желіккен, өз мінін білмеген, ата мен ананы сыйламаған, ертең не болатынын білгісі келмеген, күнде жанжалдың делебесін қоздырған, жетім мен жесірге қол ұшын бермеген, жалаулы найзаны қолға алып, Жаманның көрінісі күңгірт, салмағы сұмдық, әсіресе қашқанда ақыл, сасқанда дегбір қалдырмайды .

Себебі: ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келінің жау.
Үйіңдегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойныңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең.

Ел амандығы, жұрт жарасымдылығы жамандықта емес, тыныстың тұнығында, бірліктің беделінде еді. Есейгендер адамдық қасиеттің құнын ертерек ұқты, елдіктің күретамырына ту тікті. Жырау: «Сары аязда қата ма, қайнардың аққан тұнығы. Қап түбінде жата ма, болаттың асыл сынығы» немесе «татулықта береке», «бірлікте қасиет» деуі жаңа дәуірдің, жаңа қатынастардың талабына меңзегендей. Ойы сезімталдар мұны ұғар, онсыз адам үмітінен де, жақынынан да ақсайды, – деп көрегендік танытады.

«Қалың қазақ елім» деп үн қатқан, ұран тастаған жыраулар: «Ылайым, елім аман болсын» деген тоқтамды алға тартты. Ол шешендігімен, көрегендігімен, қайырымдылығымен жамандықтан, жалғандықтан, жұғымсыздықтан, жауласудан сақтандырып, жауынгерлік рухты шақырады.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз?!
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз?!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Тандап мінер ме екеміз?!
Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екеміз?

Номадтық поэзияда жыр-өлеңнің өзі айтыс өнерімен тікелей байланысты жанр екендігі талассыз. Ондағы халыққа арналып айтылған жауынгерлік рух тек сөзбен ғана емес, ол айтыспен де жолданады. Академик Мұхтар Әуезов номадтар шығармашылығын арнайы зерттеп, ол турасында мынадай пікір білдірген: «Айтыс жанры ерте замандарда бір қазақ емес, дүние жүзіндегі көп елдердің тарихында болған. Бүгінгі күнде айтыс Кеңес Одағында, нақтылы ақындар айтысы түрінде үш елде бар. Ол, қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдері. Ерте дәуірлерде айтыс осы елдердегі қәзіргі дәстүрдей Шығыс, Батыстың көп елдерінде болған. Мысалы, арапта жәрмеңкелерге жиылған ақындардың айтысқан жарыс өлеңдері қағазға жазылып, көпшілік оқуына, сынауына қолайлы етіп, жәрмеңке ортасына ілініп қойылатын болған. Ол айтыс өлеңдерін араптар, мұғаллакат деген. Сол алуандас айтыс өлең Батыс Европаның орта ғасырында: келттерде – фильдер деген ақындарды туғызған. Терістік Францияда труверлер, орталық Европадағы мейстерзингерлер және Скандинавия елдерінде болған «эдалаларды» жырлайтын скальділер – бәрі де айтысқа жүйрік ақындар. Олардың өз өмірінде, бірімен бірі жиі айтысып жүретін болған. Орыс халқының ескілігінде, әрі күлдіргі артистер қызметін атқаратын, әрі ақын-скоморохтар өнері де сол айтыстың талай үлгілерін тудырған. Сол саналған әр елдегі, әр ақындар топтарының қатарынан шыққан мейстерзингерлер және кей дәуірлерде ағылшынның менестрельдері, өздерінің айтыстарын дін тақырыбына да арнап, жарысқа түсетін. Әсіресе шіркеу ішінде,

дін тақырыптық айтыстарды көп жүргізген мейстерзингерлер болады. Бұлар айтыстың кейбір жұмбақ-сұрақ түріндегі жарыс-таластары, қазақ ақыны Шөже мен Кемпірбай айтысында келетін дін жұмбағына өте жақын. Шөже Кемпірбайды жеңгенде «уаттари уәззейтуни» деген аяттың мағынасын айт деп қысады. Онысы діндер аңызы бойынша, Мұсаның Син (Синай) тауына шығып, құдаймен жауаптасқанын келтіріп, сондағы айтысқан сөздерін, өлеңмен шешіп бер дегені еді. Кемпірбайда бұны шешерлік білім болмай, жеңіліп қалады. Бұл мысал, қазақтағы, қырғыздағы бұрынғы, бүгінгі мәлім болып жүрген айтыстың кейбір үлгісі, бұрын көп халықтарға ортақ болған үлгі екенін танытады», – дейді [22, 325-б.].

Айтыс көне европа халқында да болды. Бірақ, қазақ халқындағы әндетіп, өлеңдетіп, термелетіп айтқаны, эстетикалық талғаммен жеткізу жөніндегі дерек көзі болмаса да, олардың айтыстары көбіне риторика, шешендік өнер арқылы көрінді. Риторика, ділмар, шешендік өнер европаның кейбір халқында ерте заманнан туындап, жедел қарқынмен дамыды. Оның алғышарты, негізі қоғамдық қажеттіліктен туындап, демократияның жандануына қозғаушы күш есебінде дүниеге келді. «Риторика» терминдік атауының әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді береді», – дейді, профессор Серік Негимов. Сондай-ақ сыртқы сымбаты сұлу, мағынасы кемшін қызыл тіл дегенді сездіретіндігі бар. Филология ғылымында риторика мәнерлі сөйлеудің теориясы деп те табылады.

Көшпелі өркениеттердің рухани мұралары әлемдік мәдениеттің маңызды бір тармағын құрайды. Сол мұралардың ішінде жыраулық және жыршылық дәстүр – тек қана қазақ халқына тән құбылыс емес, сонымен бірге көптеген түркі, моңғол, кавказ, тіпті кейбір еуропалық және азиялық халықтардың мәдениетінде де кездесетін әмбебап феномен. Жыраулар мен жыршылар – халықтың тарихи жадының сақтаушылары, рухани көшбасшылар, қоғамның идеологтары әрі оқиғалардың басты баяншылары. Бұл дәстүрлер тек поэзияны ғана емес, дүниетанымдық жүйені, философиялық ойлау үлгісін, эстетикалық құндылықтарды және әлеуметтік қатынастарды да сомдайды.

Ауызша поэзия және эпикалық дәстүр контекстіндегі әлем әдебиеті тарихында ауызша импровизацияға негізделген поэтикалық дәстүрлер маңызды орын алады. Гомерлік эпос, скандинавтардың «Сага» жанры, үнді эпикалық дәстүрі («Махабхарата», «Рамаяна»), африкалық гроты (griot) институты – барлығы да жыраулыққа типологиялық жағынан жақын мәдени феномендер.
Жыраулар мен жыршылардың әлемдік әдеби үдерістегі репрезентациясы келесі төңіректе көрінеді:

**а) Фольклорлық мәтіндердің тасымалдаушылары ретінде** Жыраулар – мәтінді сақтайтын ғана емес, оны жаңаша интерпретациялайтын шығармашыл тұлғалар.

**б) Эпикалық дәстүрдің тұтастығын қамтамасыз етушілер ретінде** Олардың қызметі ауызша мәдениеттің үздіксіздігін, генеалогиялық және тарихи ақпараттың ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді.

**в) Импровизациялық поэзия мектебінің өкілдері ретінде** Бұл дәстүр әлемнің көптеген ауызша мәдениеттерінде поэтикалық еркіндік пен мәтіннің вариативтілігін тудырған.

Жырау шығармашылығы тек әдеби феномен емес, философиялық дүниетанымның көрінісі болып табылады. Олардың ой-толғамдары мемлекет құру идеяларымен, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынаспен, болмыс пен уақыт феноменімен, тағдыр, ерлік, ынтымақ секілді категориялармен астасады. Жырау сөзінің мазмұны – номадтық дүниетанымның концентратталған формасы.

Жырау мен жыршы институты – әлемдік мәдениетте бірегей болып көрінгенімен, оның тарихи-типологиялық баламалары көптеген елдерде бар.

**Түркі-монғол әлеміндегі параллельдер**

- **Қырғыздар** – манасшылар: көлемі аса үлкен «Манас» эпосын импровизациямен орындайтын тұлғалар.
- **Қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтары** – бахши, бацы, баксы деп аталатын эпик-жыршылар бар.
- **Татар, башқұрт дәстүрі** – сэсән (сәсен) деп аталатын импровизатор ақындар.
- **Якуттар (саха)** – олонхосуттар, олонхо жырлаушылар.
- **Моңғолдар** – улигершид (epic tellers), туульч (epic singers).

Бұл дәстүрлердің барлығы да батырлық эпосты, тарихи жырларды және рухани-философиялық мәтіндерді музыкалық немесе ритмдік орындаумен байланысты.

**Кавказ халықтары**

- **Грузиндер** – *мрөөли* және *пандури* сүйемелдеуімен айтылатын эпикалық дәстүр.
- **Осетиндер** – нартиада жыршылары.
- **Дағыстан халықтары** – дастаншылар мен шешен-ингуш *илланчий* дәстүрі.

Кавказ жыршылары қазақ жырауларына ұқсас түрде батырлық эпостарды орындап қана қоймай, кейде қоғамдық институттарға да ықпал еткен.

**Еуропалық дәстүрлер**

- **Кельт бардтары** – ерте ортағасырдағы Ирландия, Шотландия аймағындағы поэтик-сазгерлер.
- **Скандинав скальдтары** – эпикалық және тарихи поэзияны орындайтын ақындар.
- **Балқан гуслярлары** – бір ішекті гусли аспабымен эпикалық әндерді айтатын орындаушылар.

Олар да тікелей импровизацияға, тарихи жадыны сақтауға және әлеуметтік әсерге ие болған.

**Африка және Азия халықтары**

- **Батыс Африка гриоты** – тарихшы, шежіреші, музыкант және дипломат рөлін атқарған.

- **Араб елдеріндегі шайырлар** – бәдәуи поэзиясының көшпелі импровизаторлары.
- **Үнді раджастхандық бхаттар мен чарандар** – батырлық жырларды әулеттік шежірелермен байланыстырып орындайтын шығармашыл қауым.

Бұл дәстүрлердің барлығы қазақ жыраулығымен типологиялық жақын: тарихи жадты сақтау, эпикалық баяндау, музыкалық орындаушылық, импровизация.

Жырау – тек орындаушы емес, номадтық қоғамның идеологиялық орталығы. Ол:

- мемлекеттің рухани тұғырын қалыптастырған;
- моральдық-этикалық нормаларды бекіткен;
- қоғамдағы әлеуметтік теңгерімді сақтауға ықпал еткен;
- халықтың тарихи жадының негізгі таратушысы болған.

Жыраулық поэзия – ұлттың өзін-өзі тану механизмі. Әлемдік әдеби үдерісте мұндай тұлғалар көбіне «мәдени кодты тасымалдаушылар» деп аталады.

Жырау мен жыршы дәстүрі – әлем әдебиетіндегі ауызша поэзияның ең өміршең және ең биік формаларының бірі. Ол тек көркем мәтін жасаудың әдісі ғана емес, көшпелі өркениеттің философиясын, дүниетанымын және тарихи жадын сақтайтын мәдени институт. Жыраулыққа ұқсас дәстүрлер әлемнің көптеген елдерінде бар болса да, қазақ жыраулығы – мазмұнының тереңдігімен, әлеуметтік-философиялық жүгінің салмақтылығымен, орындаушылық ерекшелігімен дараланады. Нәтижесінде жыраулар мен жыршылардың дүниежүзілік әдебиеттегі орны – әмбебап эпикалық дәстүрдің мәнді көрінісі, адамзат мәдениетінің бірегей рухани құбылысы.

«Жыраулар поэзиясы оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады, оқырман үшін бұрын-соңды беймәлім дүниенің есігі секілді. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз құпиялар сырына тереңдеп, танымын байытпақ» [23, 20-б.].

Тарихымыздың сыры мен нәріне қаныққан жыраулардың толғаулары ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. «Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды» [7, 143-б.]. Өткенді еске алар болсақ, жыраулар поэзиясының өкілдері қазақ халқының дербес хандық құруымен сәйкес келеді. Халықтың бірлігін сақтап қалуды арман еткен хандардың кеңесшісі болып, уақыты келгенде қолына қару алып қолбасшы болған, елдің еңсесін көтеріп ұран тастаған, ұрпақты ұлағаттылыққа шақыратын нақыл сөздер қалдырған жыраулар мұрасының ұрпақ жадында сақтаулы заңды құбылыс. Әз Жәнібектің тұсында елінің ертеңі үшін мұңға берілген Асан қайғы, XV ғасырдың әрі батыр, әрі шешен жырауы «Қарға бойлы Қазтуған», жорықшы жырау – Доспамбет, ауызын ашса болды көмекейінен күмбірлеген жыр төгілетін Шалкиіз жырау, Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы Жиембет, от тілді

Марғасқа жырау, жортуыл жыршысы, әулетті жырау – Ақтамберді, Абылай ханның кеңесшісі болған тынысы кең жыраулар Үмбетей мен Бұқарлар XV-XVIII ғасырдағы қазақ халқының төл әдебиетінің негізгі өкілдері болып табылады.

«Сан жүздеген жылдардың ауыр сыны мен салмағынан ақын мен жыраудан жүйріктің жүйрігі ғана оның өзінде болмашы үзіктері мен жеке жолдары, шумақтары ғана шаршап-шалдығып жетті» [24, 121-б.]. Жыраулардың өмірі мен шығармашылығын қағаз бетіне түсіру, зерттеу, баға беру мәселесі де ғасырдан астам уақыттың еншісінде болды. Бірақ уақыт сыны түрлі көзқарастар туғызды. Уақыт сынынан туындаған осы көзқарастарды пайымдау арқылы жыраулық поэзияны тани аламыз.

Зерттеу жұмысында жыраулық поэзияны ой елегінен өткізіп, жинақтаған ғалымдардың еңбектерін саралау, жыраулар шығармашылығының жанрлық сипат ашу, поэзияның көркемдік әлемін, ең бастысы, бейнелілігін талдап көрсетуді алға қойып отырмыз.

Ол үшін XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген басылымдар мен жинақтарды, Қ.Халитұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдиқов, Ж.Тілепов және т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз, бағыт ұстанамыз.

Сонымен қатар, аталған поэзия өкілдерін жан-жақты таныту мақсатында олардың шығармаларын жанрлық, тақырыптық, құрылымдық және бейнелілік қырлары тұрғысынан кешенді түрде зерттейміз. Қазіргі қазақ поэзиясындағы жыраулық дәстүрді тану, жоғарыдағы мәселелерді зерттеуді қажет етеді.

Қазақ әдебиетінің өткенін жинақтау, зерттеу жұмыстары әсіресе XV-XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы жайлы мағлұматтар XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қағаз бетіне түсіріле бастады. Біз атап отырған алғашқы кезең яғни кеңестік дәуірге дейінгі аралық ел аузынан алынған мұраларды жинақтап қағаз бетіне түсірумен ерекшеленеді. Ішінара өзіндік тұжырым жасалынған ғылыми зерттеулер де ұшырасады. Атап айтар болсақ Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, А.Харузин, Л.З.Будагов, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халидов, М.Бекмұхаммедов, Ғабдолла Мұштах, М.Османов және т.б. ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушылар мен зерттеушілер алғаш болып қалам тартты. Аталған авторлардың еңбектерінен жыраулық поэзияның үлгілері мен соған қатысты пікірлерін кездестіреміз. Ш.Уәлиханов қазақ даласындағы қоғамдық-тарихи майданда алғаш көрінген зерттеуші ғалым болды. Қазақ халық поэзиясына ерте жастан құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, жинақтаған. «Қазақ әншілері мен жыршыларының Шыңғыстың үйіне жиі келіп жүргендігі де Шоқанның халық поэзиясын қастерлеу сезімінің ерте оянуына елеулі әсер еткен» [25, 7-б.]. Ел аузынан естіген деректерін есіне сақтап, кейіннен таптырмас мағұлматтардың қайта жаңғыруына тікелей әсер

етті. Мәселен «Ноғайлардың философ данасы Асан қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді» [13, 12-б.], – деп ел есіне сақталып, аңызға айналған жыраудың XV ғасырдың перзенті екендігін, Әз-Жәнібек ханның ақылды дана ділмар уәзірі болғандығын айтады. Асан қайғыға «көшпенділер философы» деп ат берген де Ш.Уәлиханов болатын. Сонымен қатар Ш.Уәлиханов еңбектерінде дала жырауларының шығармашылығынан үзінділер де кездеседі. Мысалы: «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бөлген күн» сияқты жолдар.

Қазақ даласына отарлау саясатын жүргізген патшалық ресей осы халықтың рухани әлеміне де қызығушылықпен қарап зерттеу, жинақтау жұмыстарын жүргізді. Сондай түрколог ғалымдардың бірі – В.В.Радлов. Аталған автордың «Образцы народной литературы тюркских племен» деп аталатын еңбегінен көптеген мәліметтер табуға болады. Онда қазақ халқының поэзиясы жайлы және оны жасаушылар туралы пікірлері жиі ұшырасады. Жазба әдебиетіне дейінгі кезеңде қалыптасқан әдебиет туындыларын халық шығармашылығы деп атап, оның жалпы қасиеті жайлы «халық рухының көрінісі мен жетістігі, сондықтан да ол өте кең таралаған және халық арасында үлкен құрметке ие [26, 99-б.] – деп баға берген. Қазақ өлеңінің құрылысы, ұйқас заңдылығы жайлы өз көзқарастарын білдіреді. Өлеңнің шумақтары, бунақтарының бірізді болмайтындығын, оның негізінен суырып салып айту кезінде қолданылатындығын, онда тұрақты заңдылықтың болмайтындығын, ұйқастыру мәселесі жыр тудырушының өз еркінде болатындығын айтады. Жалпы, В.В.Радлов өзі жинаған материалдардың таза халықтық нұсқада қағаз бетіне түсуіне аса күш салған. Ол қазақ халқының сөйлеу мәнеріндегі артикуляциялық ерекшеліктерді қағазға бұлжытпай түсіру үшін орыс алфавитін пайдалана отырып, оны қазақ дыбыстарына қарай икемдеген. Яғни өзінің істеген жұмысының ғылыми бағасын білген, ғалым халық мұрасына ерекше ілтипат, үлкен ыждағатпен қараған.

В.В.Радлов бастыруындағы кітаптың алғашқы бөлімі «Қара сөз» деп аталады. Бұл тіркесті ол «халық шығармалары» былайша айтқанда, қазіргі «фольклор» деген ұғымда қолданылады да, поэзиялық, прозалық шығармаларды бірге топтастырады. Жинақтың бастамасын В.В.Радлов «Үлгі сөз» деп аталатын топтама өлеңдермен ашады. Бұл өлеңдердің табиғатты жыраулық поэзия үлгісіндегі дидактикалық сарындағы шығармаларға өте жақын. Олардың біразы

Көп нені айтады?

Азға қылған зорлығын айтады.

Аз нені айтады?

Көптен көрген қорлығын айтады, – деген тәрізді ел аузында нақыл сөздерге айналып кеткен жолдар. Бұл өлең жолдарында түрлі өзгерістермен XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар шығармашылығының ішінде кейінгі кезде зерттеушілер Бұқар өлеңі деп танылып жүрген:

Жал құйрығы қаба деп,

Жабыдан айғыр салмаңыз.., – деп басталатын 21 жолдық толғау да бар. Осы толғау «Таудан аққан тас бұлақ» деген жолдан кейін екіге ажыратылып авторсыз жарияланған. Сонымен қатар Шалкиіз жыраудан «Жапырағы жасыл жаутерек...», «Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны» сияқты толғаулардан үзінділер келтірген. В.В.Радловтан басқа В.В.Григориев, В.В.Вельяминов-Зернов, Н.Ф.Костылецкий, И.К.Березин, Н.И.Ильминский, А.Е.Алекторов, А.В.Васильев, П.М.Мелиоранский, А.П.Харузин, Р.А.Колпаковский, Н.И.Гродеков, Н.Ф.Катанов, Я.Я.Лютиш, Г.Н.Потанин сияқты ғалымдар қазақ фольклоры мен этнографиясын жинауға ат салысуы осындай тарихи кезеңнің жемісі еді. М.Мағауиннің «Бес ғасыр жырлайды» жинағын басшылыққа алсақ Шалкиіздің Би Темірге бірінші толғауын «записки Оренбурского отдела Императорского Русского Географического общества (Оренбург. 1875 вып. III) жинағынан кездестірсек. Г.Н.Потаниннің жинағынан Бұқардың «Қара құлам жүйрік деп...», «Көшер едің көш бастап», «Ай, айтамын, айтамын...» сияқты толғауларын таба аламыз. Айта кететін бір мәселе мұндағы толғаулар толыққанды берілмеген.

Жыраулар поэзиясына байланысты жинақтар XX ғасырдың басында көптеп шығарыла бастады. Сондай еңбектердің қатарына: М.Османовтың «Ноғай уа құмық шиғырлары» (Санкт-Петербург 1883 ж.) М.Бекмұхаммедовтың «Жақсы үгіт» (Қазан 1908 ж.) Ғ.Мұштахтың «Көксілдер» (Орынбор 1911 ж.) сияқты жинақтарды жатқызамыз. Енді осы жинақтардан кездестіретін жыраулардың шығармашылығын топтастырайық.

М.Османовтың «Ноғай уа құмық шиғырлары» жинағынан Доспамбет жыраудың «Қалаға қаблан жаулар тигей ме...», «Азау, Азау дегенің...», «Айнала бұлақ басы тең...» (бірлі-екілі үзінділері), «Озушылар озмаңыз...» сияқты туындыларын, Шалкиізден «Жебелей жебе жүгірген...» (Қазіргіден өзгерек, авторы көрсетілмеген), «Жапырағы жасыл жау терек...», «Арық хан», «Көгерген көк сынаулар жайқалса...», «Би Темірге бірінші толғау», «Жақсының жақсылығы сол болар», «Қоғалы көлдер қом сулар...», «Мұз үстіне от жаққан ...», «Арғымақ ару аттылар сескенсе...», «Қатынасы биік көлдерден...» сияқты толғауларын кездестірсек, М.Бекмұхаммедовтың «Жақсы үгіт» кітабынан Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең...», Жиембет жыраудан «Еңсегей бойлы ер Есім» жыр жолдарын жолықтырамыз. Ал, 1911 жылы Ғ.Мұштахтың Орынборда шығарылған «Көксілдер», «Шайыр» жинақтарынан Асан қайғының «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...» (шағын нұсқасы), Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры», «Алаң да алаң, алаң жұрты...», Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең...» (толық); Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауы», «Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны», «Ор, ор қоян, ор қоян...» «Ер Шобан» сияқты толғауларды тапсақ, А.Берқалыұлының «Ақын» атты кітабынан Шалкиіз жыраудан «Күпшек санды тіл жалмаған күреңді...», «Жалп-

жалп ұшқан жапалақ...», «Қоғалы көлдер, қом сулар...», «Жауынды күні көп жүрме...», «Айырдан туған жампоз бар...», «Ағынды сулар, аймақ көл...», «Асқар, асқар, асқар тау...», «Жайыңды білген қарындас...», «Ор, ор қоян, ор қоян...», «Балпаң балпаң басқан күн...», толғауларын кездестіреміз. Қарап отырсақ, XX ғасырдың басындағы жинақтардан XV-XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулардың туындыларын жолықтырсақ, XVIII ғасыр жырауларын, яғни кейінгі кезеңнің жыраулары Ақтамберді, Үмбетей, Бұхар шығармаларын мүлдем кездестіре алмаймыз.

Аталған кезеңде жинастыру жұмыстарын жүргізген тұлғалардың арасынан Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлын ерекше атаған жөн. Себебі халық аузындағы қанатты сөздерді, жырларды яғни ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыруда жоғары деңгейде жұмыс жүргізген адамдардың бірі. Әсіресе, Бұқар жырау шығармаларының түгелге жуығын қағаз бетіне түсірген. «Бұқар шығармаларының түп нұсқасы ретінде Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары алынуға тиіс. Абай үшін Мүрсейіт көшірмелерінің қаншалық мәні болса, Бұқар үшін Мәшһүр көшірмелерінің маңызы да соншалық. Мәшһүр де Бұқар жырлары екі дана етіліп көшірілген (әдебиет институтының қолжазбалары, п. №1170, 1177) [27, 139-б.] – деген М.Мағауиннің пікірі орынды. Мәшһүрдің өз еңбегінде Бұқар жырау жайлы Орта жүз арғындағы төртуыл Қаржас Алтынторыдан шыққан Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні «көмекей әулие» деседі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен. [28, 114-б.] – деген сияқты көптеген мағлұматтар келтіреді. Мәшһүр Жүсіп Бұқар толғауларын жеке жіктемей бірінен соң бірін жалғап, ұзын сонаржыр етіп берген. Кейіннен кейбір толғауларды тақырыптық мазмұндық сипатына қарай бөлшектеп енізген М.Мағауиннің топтамасына Мәшһүр Жүсіптен: «Тілек», «Ай не болар күннен соң...» «Ақсары атан еспелі...», «Ай заман-ай, заман-ай..», «Ежелгі дос жау болмас...», «Рулының оғы қалса табылар...», «Өтерледен кетер ме...», «Бұқарекең біз келдік...», «Сәлем сөздің анасы...», «Жар басына қонбаңыз...», «Көкте бұлт сөгілсе...», «Алыстан қызыл көрінсе...», «Шүршіт келем деген сөз барды...», «Ал, тілімді алмасаң...», «Абылай ханның қасында...», «Кіші қара қалмақ бүлерде...», «Жақсы жерден шөп жесе...», «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...», «Садыр қайда барасың...», «Алла деген ар болмас...», «Он екі айда жаз келер...», «Бірі етек бірі жең болған...», «Ай Абылай, Абылай, – Қатын алма қарадан...», «Арту, арту бел келсе...», «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек...», «Ақсары атан еспелі...», «Ай, заман-ай, заман-ай...», «Ежелгі дос жау болмас», «Рулының оғы қалса табылар...», «Өтерледен кетер ме...», «Бұқарекең біз келдік», «Сәлем сөздің анасы», «Жар басына қонбаңыз», «Көкте бұлт сөгілсе...», «Алыстан қызыл көрінсе...», «Ақтың үйі мешіт-ті...», «Қара арғымақ арыса...», «Айтар болсаң алланы айт...», «Шашырап шыққан қандар көп...», «Жарқ-жұрқ еткен

жайда бар...», «Ақсақнан биік тау болмас...», «Ей, айтшы алланы айт...», «Қилы заман...», «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай» сияқты жыр толғаулардың үлгілерін таба аламыз. Ендеше, М.Көпеевті жыраулық поэзияға қатысты орасан еңбек қалдырған фольклортанушы деуге толық негіз бар.

Мың тоғыз жүз он бірінші жылы қазанда жарық көрген Құрбанғали Халидұлының «Тауарих хамса» еңбегінен жыраулық поэзияға байланысты көптеген деректер кездестіреміз. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, әдебиетін зерттегенде, әдетте, жақын тілдегі жазба, жинақ еңбектер қарастырылады да, өзге тілдердегі революцияға дейін шыққан кітаптарға көп көңіл бөлінбейді. Ал, расында, қазақтың көне дүниесі мен одан берідегі өміріне қатысты түрлі шығыс тілдеріндегі (араб, парсы, шағатай түрік т.б.) еңбектерде де мол кездеседі. Сондықтан кейінгі кезде әдебиетші ғалымдардың бұған үңілуі құптарлық жай. Өйткені, осындай ізденістердің нәтижесінде еліміздің өткен ғасырлардағы тарихи даму жолдарын танып-білуге көмектесетін бағалы мәліметтері бар еңбектер табылып отыр. Халқымыздың көркем ой-санасы мен әдебиеті туралы мәлімет, деректер аталған еңбектен көптеп кездеседі.

XX ғасырдың басында әрі әдеби, әрі тарихи тұрғыда зерттеу жүргізген Қ.Халидұлының еңбегі «Тауарих хамсада» ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерімен қатар, жыраулық поэзия өкілдері жайлы мәліметтерді ұшыратамыз. Халық жадында аты аңызға айналып кеткен тарихи тұлға Асан қайғы осы еңбекте бірнеше жерде аталады. Қ.Халидұлы әуелі кейіпкерінің қай дәуірде өмір сүргендігін, кімдермен замандас болғандығын және өзінің кім болғандығынан сыр шертеді. Автор алдымен халық арасындағы әңгімелерге құлақ салады. «Асан қайғы асылы ноғай емес, Шыңғыс ханның замандасы Майқы бидің алтыншы немересі деседі. Ұлы жүзде және бір Майқы би бар, бұл ол емес [29, 106-б.] – деп ел аузындағы пікірлермен санасады. Бірақ, ғалым Асан қайғы жайындағы бұл мәліметті місе тұтпай, кейінірек оған қайта оралып: «Құдабай атты бір ақпа ақын бар еді. 1871 жылы Құдабай ақынмен кезігіп қалып: – Асан қайғы кім, оның сөздерінен есіңізге қалғаны бар ма? – деп едім, мынандай өлеңдермен жауап береді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл сөзге анық қанық емес едім,
Естігенім, тақсыр-ау, бұлай деймін.

Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Орманбет хан ордадан шыққан күнде
Асан Ата қайғырып айтыпты жыр, – деп еді [30].

Асанның кім екендігі жөнінде өзі пәлендей кесіп айтпай, ел аузындағы екі түрлі әңгімені бірдей келтіріп, білімгерге ой тастайды. Егер, алғашқы әңгімесін кімнен естігенін нақтыламай, тек «деседі» деген жалпылама сөзбен берсе,

соңғысында бұны қашан, кімнен жазып алғанын, ал оған әңгімені айтушының өзі кімнен естігеніне дейін нақтылы көрсетіп, Құдабай ақынға Асан өлеңін Қойшан атты бір дана, білімді адамның (сонда) айтқанын баяндайды. Құрбанғалидың Асан туралы мәліметтеріндегі бұдан бұрын көп кездеспейтін бір дерек оның әуелі атаның Хасан болуы. Ғалым жыраудың Хасан атының «Асан ата» болып кетуінің себебін айтады және «Асан қайғы» аталу жайы да сөз болады. Құрбанғали еңбегінде Асанның қай кезде өмір сүргені көрсетілмеген, оның қай ханның тұсында болғаны жайлы деректі әңгімелер арқылы көрсетеді. Асан қайғының әйгілі болжай айтқан толғауын өзгеше құрылыммен көрсетеді.

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер.

Бұл өзінің ойдан шығарғаны емес, Құдабай Қошан деген данадан естігендігін айтады.

«Тауарих хамсада» Бұқар жырауға арнайы тоқталмаса да, оның жыраулық қырларын, Абылай ханның ең жақын кеңесшісі болғандығын баяндайды. «Абылай хан бір мерекеде ат үстінде тұрып, бір қарт, әрі шежіреші биінен:

– Асан Атаның «Қилы-қилы заман болар, Қарағай басын шортан шалар» дегенін естіп едім, мәніне бара алмадым, бұл қандай сөз деген екен. Сонда би қарап, көзіне жас алып,қамшысын ер басына іліп:

– Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді.

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады – деп басталып,

Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.
Қарағайға шықпас деп,
Күнбатыстан бір дұшпан

Ақырда шығар со тұстан – деп жалғасатын толғау тарамдарын мысалға келтіріп, оқиғаны ізімен баяндайды. Яғни әрбір шығарманың шығу тарихын белгілі бір оқиғанмен байланыстырып сабақтайды. Жоғарыдағы толғау

жолдарын көпке мәлім мәтінмен әлдеқайда ұзақ және болашақтан түңілу, үрку сияқты сарынмен аяқтайды. Құрбанғали «Тауарих хамсаның» бір жерінде ақындардың ел арасындағы беделіне, ақын өлең-жырына халықтың ілтипатпен қарап, үлкен құрмет көрсеткеніне арнайы тоқтайды да, оған мысал ретінде Бұқарды алады. Бұқар сияқты ірі тұлғалардың ел өміріндегі қилы тартыс, әлеуметтік істерді шешуде салмағы үлкен болғанын көрсету үшін әскер қолбасшылары, батырлар арасында кикілжің, келіспестік болғанда Бұқар жыраудың араша түсіп, тіпті ханға да өктем сөйлей білгендігін көрсететін бір өлеңін келтіреді. Бұқардың бұл өлеңі әдебиет тарихында бұрынан бар дүние. Тек көлемі жағынан бір-бірінен өзгешелеу болатын. «Тауарих хамсада» аталмыш өлең Мәшһүр Жүсіп қолжазбасындағы, кейінгі шыққан жинақтардағы текстен әлдеқайда шағын көлемде беріледі. Осы тектес өзгешеліктер Бұқар мұрасын зерттеуде, жариялауда, жекелеген сөздердің жол тәртіп жүйесін реттеуде, нақты тәртіпке келтіруде тексологиялық салыстырулар жасауда негіз болмақ. «Тауарих хамсадағы» өлең мына түрде берілген:

Сен, Абылай, Абылай
Түркістаннан келген ұры едің,
Онан бері келген соң,
Ұлы жүзде Төленің
Түйесін баққан құл едің
Дәулет қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйіне түнедің,
Алтын тұғырға қонып,
Ақ сұңқардай түледің.
Сен, Қанжығалы Бөгенбай,
Тоқымы кеппес ұры едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды,
Қашан сен жауға тіредің?

Осы келтірілген өлең мәтіні мен өзге басылымдарды жүгірте салыстырғанның өзінде-ақ: «Тоқымы кеппес ұры едің» деген жолдың «Тауарих хамсадан» басқаларының бәрінде «Тақымы кеппес ұры едің» болып келетін жолдар дұрыс вариантымен беріледі. Бұл жерде Құрбанғали жариялаған мәтінде өлең жолының дұрыстығы анық. Өйткені идиомалық тұрақты тіркес қазақ тілінде» тақымы кеппес» емес, «тоқымы кеппес» деген түрде қолданылады [31, 190-б.]. Бұл Б.Ақмұқанованың пікірі. Шынында «Тауарих хамсаның» өзі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде, оның кейбір әлі де көмескі жақтарын ашуда сүйенерлік, негіз боларлық еңбек.

Кеңестік дәуірге дейінгі кезеңде аталған зерттеушілерден басқа да жинақтау жұмысын жүргізген тұлғалар болғандығын, XX ғасырдың басында зерттеуден гөрі жинақтау қарқынды жүргендігін жоғарыда айтқанбыз. Халық

аузынан естігенді қағаз бетіне түсіру осы кезеңде ерекше қарқын алды. Ал зерттеу еңбектерінің қатарына «Тауарих хамса» сынды еңбекпен қатар, XIX ғасырдың соңынан бастап жарық көрген «Дала уалаяты газетінде» де бірен-саран тарихи мақалалар жарық көрді. Солардың бірі 1901 жылы аталмыш газетте «Асан қайғы» деген атпен шыққан мақала. Онда бізге етене таныс:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің

Айтқаныма көнбейсің, – деп басталатын толғаудың кейбір жолдарына түсінік береді. Мысалы: «Қатын алдың қарадан, Айырылдың хандық жорадан» немесе «Құладын қуды өлтірсең – өз басыңа келеді!» – деген жолдарына төмендегідей оқиғалар арқылы қарасөзбен баяндайды.

«Тақсыр, мен сізді мұнан бұрын үш той қылып шақырдым, оған келмедіңіз. Не себепті келмедіңіз? – деді.

...Алтын сүйегіңді мырышқа айырбастадың. Төренің ақыры осы, сен Қаракөзді алғаннан ілгері болады. Енді мұнан кейін «төре» деген зат болмайды. Енді сенен ілгері төре туады деймісің? Әз-Жәнібек те қараның қызын алған деп, қалған төре бәрі қараның қызын алады. Асылы заты қараға араласқан соң төрелік заты қалмайды деп қайғыланып келмедім...

...– Құладын деген құстың заты ешнәрсе алған емес еді. Оған қайтаруын келістіріп аққу алғыздым, – деді.

– Ай төре, оның несін қызық көріп келейін. Ол бір жаман ырым емес пе? Ол құладын құстың құлы еді, аққу құстың төресі еді, оның несін жақсы дейсіз. Енді мұнан кейінгі заманда ханның басын қара алады. Бұл саған көрінген ғибрат емес пе? Өз басыңды қараға алдырып, сонымен өнер таптым деп той қылғаның, о да бір татымсыз ісіңіз депті [32, 414-б.]. Асан қайғының осы хикаясы өзінің толғауында:

Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсін!?
Құладын құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу - құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді:
Құладын қуды өлтірсе -
Өз басыңа келеді!
Құлың көп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі, – [33, 29] деген жолдарымен суреттеледі.

Қазақ халқының рухани мұрасын жинастыру жазба әдебиетіне енгізу осы кезеңмен шектеледі дей алмаймыз. Себебі халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілері, соның ішінде жыраулар шығармашылығы өте бай. Тіпті бүгінгі күнге дейін жинақтау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Кеңестік кезең әдебиеттануы бұралаң жолдармен, түрлі ұстанымдармен, әр қилы қолдан жасалған қағидалармен ерекшеленеді. Сондықтан болар осы дәуірде туындаған зерттеулер мен еңбектердің қатпары мол қағидасы сан түрлі болды. Себебі сөз бостандығына шектеу қойылды. Адам санасын қоғамның мүддесіне бағындырды. Осы аралықтағы әдебиет үш түрлі белестен өтіп бүгінге жетті.

Алғашқы белесте кеңестік дәуірге дейінгі дәстүр жалғасын тауып жинақтау, ішінара зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы уақыт аралығында қазақ халқының әдебиеті үлгілерін жинап «Аламан» атты хрестоматия құрастырған Халел Досмұхамедұлы, ауыз әдебиетінің поэзиялық үлгілері жайлы сөз еткен «Әдебиет тарихы» еңбегінің авторы М.Әуезов, «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» хрестомотиясының авторы С.Сейфуллин, қазақ әдебиетінің өткеніне өзіндік көзқарасын танытып, баға берген С.Мұқанов сынды әдебиеттану ғылымының өкілдері өз қолтаңбаларын қалдырды. Сонымен қатар ХХ ғасырдың 20 жылдарында халықтың жанына жақын журнал беттерінен Асан қайғының, Үмбетей жыраудың, Бұқар жыраудың туындылары жарық көре бастады. Мысалы: 1925 жылғы «Таң» журналынан Асан қайғының «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...» толғауы, Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуінің шағын үзіндісі, Бұхар жыраудың «Тілек», «Ал, тілімді алмасаң...», «Абылай ханның қасында...», «Садыр қайда барасың...», «Айналасын жер тұтқан...» толғауларын таба аламыз. Бұл туындылардың көбі Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларынан алынған.

Келесіде жоғарыда аталған авторлардың еңбектеріне тоқталайық 1923 жылы Ташкентте қазақ-қырғыз халқына мәдениет жарығын шашуды мақсат еткен «Талап» қауымы құрылды. Осы қауым арасында Әбубәкір Диваев, Мағжан Жұмабайұлы және Халел Досмұхамедұлы болған еді. Х. Досмұхамедұлы ауыз әдебиет үлгілерін жазып алумен ертеден-ақ шұғылдана бастаған. Өзі жиған материалдар негізінде «Мұрат ақын сөздері», «Аламан», «Исатай-Махамбет» жинақ кітаптарын және «Қазақ халық әдебиеті» зерттеу еңбегін басып шығарды. Зерттеу еңбектің алғысөзінде «Өкінішке орай, қазақ тілінде де халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын шолу жасалған емес. Осы «ақтаңдақтың» орнын толтыру үшін біз мүмкіндігімізше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіктеп-жіліктеп, сондай-ақ поэзия үлгілері мен бұлақ-көздерін көрсете отырып, барынша сығымдалған түрде оның очеркін жазып шығуды мақсат тұтып отырмыз. Біз, әрине, халық әдебиетінің даму тарихын мүлдем сөз етпейміз, сол секілді бұл әдебиеттің осылайша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттерімен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне де тоқталмаймыз. Біз халық әдебиетінің қазіргі еуропаланаған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы орнына және осы жаңа

әдебиеттің жекелеген өкілдеріне оның ықпалын талдамаймыз. Халық әдебиетінің қазақ ғылыми әдебиетін қалыптастырудағы мәні, қазақ халқының тарихын, қоғамдық дамуын және тұрмыс-тіршілігін, сондай-ақ қазақтың жеке басын танып-білудегі орны сияқты мәселелерді де назардан тыс қалдырып отырмыз. Сонымен бірге біз қазақ халық әдебиетінің болашағы турасында ешбір артық-ауыс топшылаулар да жасамаймыз», – деп қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы кезеңіндегі өзекті мәселелерге тоқтала отырып, «бұл аталған мәселелердің бәрі соншалықты маңызды да мәнді, сондықтан да олардың әрқайсысы ұзақ тер төгіп, арнайы зерттеулерді қажет ететін тақырыптар. Халық әдебиетінің қайсы бір үлгі – нұсқасының із-түзсіз жойылып кетуі мәдениетіміз үшін орны толмас өкініш болмақ» [34, 14-б.] – деп өз ойын ортаға салады. «Халық әдебиетінің мазмұны» деген бөлімде жыраулық жанрдың еншісіндегі толғауларды «болжал өлеңдер» , «насихат өлеңдер» деп бөліп оған мысалдар келтіреді. «Халық әдебиетінің тағы бір түріне болжал өлеңдер жатады. Болжал өлеңдердің шу басында Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген делінетін, жарым-жартылай аңызға айналған бейне – Асан қайғы тұрады» [34, 15-б.] деп Асан қайғы жайлы құнды дерек келтіріп «Қыранда киік жайлаған» толғауының қазіргі әдебиеттегі нұсқасын мысал ретінде келтіреді. Ал насихат поэзиясы жайлы «қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, не жақсы, не жаман, не дұрыс, не бұрыс дегендер көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық т.б. марапатталып, ол жаман, зиянды, жиркеништі құлық-әрекеттер, ұрлық, өтірік, кекшілдік, тасжүректік, сараңдық, т.б. сыналып, сақтандырылады» – дейді. Сонымен қатар жыраулық поэзия өкілдері Қазтуған және Шалкиіз жайлы деректер келтіріп, шығармашылығын топтастырды. Қазтуған жайлы «Ноғайлының» заманында Шүбіш (Сүбіш) ұлы Қазтуған деген батыр болған Қазтуған Хәнәдә хан екен. Қонысы Жайықтың күнбатыс бетіндегі Нарын Қабыршақты, Қарасу деген жерлер екен. Күндердің күні болғанда осы қоныста отырып, «жұрағатым таршылықта қалды» деп орыстың қалталы қара Иван деген ханының заманында бір бөлек елді бастап күншығысқа ауған екен. Осы күнгі Ауған деген жұрт сол Қазтуғанның жұрты-мыс, Көшерінде қонысымен қоштасып, Қазтуғанның айтқаны» – деп біраз топтамалар ұсынады. М.Мағауиннің «Бес ғасыр жырлайды» топтамасындағы «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын толғаумен мазмұндас, бірақ өзгешелеу нұсқа пайдаланады. Бұл, әрине, зерттеп анық-анығына жетуді талап ететін мәселе. Дегенмен кейбір жолдар сөзбе-сөз ұқсас келсе, толғаудағы теңеулердің жақындығы да бірден көзге түседі. Бес ғасыр жырлайдыда:

Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,

Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас,
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!... – делінген суретті теңеулер «Аламан» жинағында:
Ағашың абат көрінген,
Жапырағы жерге төгілген
Жапырағы жасыл алқа қамқадай,
Бұтағы бұрама күміс алқадай,
Баттауығы білектей,
Боташығы жүректей,
Балдырғаны соққыдай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығының көптігі –
Суына жылқы жаптырмас...
Бақасының көптігі
Адамға ұйқы таптырмас.
Шырмауығының көптігі
Шөккен түйе таптырмас.
Бұланы жырақ қараған,
Бұғысы қойдай тараған.
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған., – [35, 121-б.] деп келтіріледі.

Екінші бір өзгешелік, бірінде «Қайранда менің Еділім» болса, екіншісінде «Жайық, сені қайтейін?!» – делінген. Бұл жазба әдебиеті жоқ ортада болатын заңды құбылыс. Себебі, ауыздан-ауызға тараған кез-келген шығарма көптеген өзгерістерге ұшырайды. Ғалымдардың көбі осы көзқарасты құптайды.

Х.Досмұхамедұлының назарына іліккен жыраулардың бірі – Шалкиіз. «Ноғайлының он шалы, біреуі Шалкиіз жырау, қалмақтың көп жылқысын қуып қашады. Артынан көп қалмақ қуып жеткенде Шалкиіз жырау тоғыз шалға жылқыны айдатып жіберіп, өзі қалмақты сөзбен тоқтады. Сөзінде жылқыны айдаған шалдардың әрқайсысын сол заманғы атағы шыққан батыр деп

қалмақты алдайды. Атақты батырлардың атын естіген соң қалмақтар қорқып, жылқыны тастап қайтып кетеді», – деседі [34, 123-б.]. Бұл автордың толғаудың шығу тарихына байланысты айтқан пікірі. Ал қазіргі бізге таныс нұсқада ол былай көрсетіледі. «Ноғайлының Ер Шобан деген батыры біраз жолдастарымен Қабардыдан Биғазы дегеннің екі жүздей жылқысын айдап қайтыпты-ау ...Арттарынан көп кісімен Биғазы қуып келгенде Ер Шобан айтады:» [35, 35-б] Бірінші өзгешелік «Аламанда» толғау карт Шалкиіздің атымен байланыстырылса, «Алдаспанда» толғау Шалкиіздікі болғанымен «Ер Шобан» есімімен яғни «Ер Шобан айтады» деген нұсқамен беріледі. Екі толғауды талдап оқысақ кездесетін батырлардың есімдері де басқаша. Мәселен «Аламанда» Қоянақ ұлы Қожақ, Бекімнің ұлы Жанай, Нәріктің ұлы Шора, Қараның ұлы Сидақ, Көкшенің ұлы Қосай, Естерек ұлы Тарғын, Димас Мұсаның ұлы Мұса есімді батырлар суреттелсе, «Алдаспанда» Жұмай, Мәмбет, Арыстанбекұлы Сұлтан, Батыр Қоян, Исалы ұлы Жылым, Бозторғай ұлы Баубек, Айсаның ұлы Қосай, Ер Жақсымбет, Қара найман Жақан сияқты батырларды бейнелеген. Бұл толғаулар бір-бірінен мүлдем өзгеше үлкен айырмашылығы бар нұсқалар.

Х.Досмұхамедұлының «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» жинағына енген Жиембет батырдың «Еңсегей бойлы ер Есім» деп басталатын толғауы «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында жарияланған. Автор XV-XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясының өкілдері Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет шығармаларын қайта жаңғыртуда ерекше үлес қосқан ғалым. «Аламан» жинағы құнды деректерді қойнауына сыйдырған жәдігер ретінде танылады.

Кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңінде жарық көрген шоқтығы биік зерттеу еңбектердің бірі – М.Әуезовтың «Әдебиет тарихы» кітабы. Бұл кітап 1927 жылы жарыққа шықты. Автор алға қойған мақсатын сөз басында әрбір тарих белгілі жолдағы істің өскеннің, гүлденгенін сөз қылады. Олай болса, әдебиет тарихының міндеті: Бір жұрттың тіліндегі ауызша жазба әдебиеттің ішінен үлгі болған белгілерін бөліп шығару. Ол белгілер сол елдің әдебиет жолындағы жаңа сөзі болу керек.

Әдебиет тарихы белгілі бір дәуірлерді, мезгілдерді бөліп шығарады. Халықтың әдебиеті алғашқы шыққаннан бастап, белгілі бір кезеңге шейін тарихтың ішіне кіру керек. Әр мезгілдің үлгісі қандай, неден туды, басқа өмірімен қандайлық тарихи байланысы бар, сол айтылуы керек [22, 16-б.], – деп атап көрсетеді. М.Әуезов қазақтың жазба әдебиетінің құлашын сонау жыраулық дәуірге сермейді. «Қазақ елінің жазба әдебиеті алғашқы дәуірінде ел өмірінің осы сияқты қайнар бұлағынан, жуан тамырынан шыққандығын ойласа, бергі заманда шыққан Абай сияқты ақындарды туғызған анайы топырақ, арғы ата-бабаның кім екенін анық ұғамыз. Осы жайды ұғынсақ қазақтың жазба әдебиеті кешегі өткен Абай емес, одан көп арғы жердегі саймен көп саладан суат алатынын түсінеміз. ...Әрине бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз: Асан қайғы, екінші Бұқар жырау». Зерттеуші ғалымның бұл пікірі өміршең болып қала бермек. Келесі де ғалым аталған екі жырау жайлы мағлұмат беріп,

шығармаларынан үзінділер келтіреді. Асан қайғы жайлы мағлұматтың аздығын, бірақ аты ертегінің адамы секілді аңызға айналып кеткендігін айтады. Сонымен бірге Асанның Әз-Жәнібектің емес Абылай ханның дәуірімен тұтас өмір сүрген адам деп болжайды. Себебін «ұл, қызың орысқа бодан болып, қайран ел есіл жұртым сонда не етер» деген жолдардағы налалы ойдың Әз-Жәнібек заманында емес ондай ой тек Абылай заманында туғандығы деп түсіндіреді. Жыраулық поэзиядағы сарынды Асан қайғының бостандығын айта келіп, қазақ даласын жайлаған елдің қайсысының болса да жадында Асан есімі бар екенін айтады.

«Мұнан соң Абылайым,
Қилы қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың заманы тәмәм болар.
Ол күнде қарындастан қайырым кетер,
Қатыныңнан күшің,
Balaңнан мейірім кетер.
Ұлы-қызың орысқа бодан болып,
Қайран елім, есіл жұртым
Сонда не етер?!» – деген нұсқасын және бізге етене таныс «Қатын алдың қарадан» деп басталатын толғауын бастан-аяқ танытады.

Ал Бұқар жырауға тарихи тұрғыда баға беріп, оның аузынан шыққан дуалы толғаулардың шығу төркініне шолу жасайды. Әсіресе, Асан сөзінің шешуіне кеңінен тоқталады. Бұған қоса «Тілек», «Айналасын жер тұтқан», «Ей, Абылай, Абылай» толғауларын да талдайды. Асан қайғы мен Бұқарға тарих сынымен қарай отырып, дүниеге көзқарасы, ұғымы, дәуірге берген бағасы, барлығы да хан мен би заманының ой-негізін, салт-санасын білдіретіндігін айтады.

«Әдебиет тарихы» жайлы Ә.Тәжібаевша айтар болсақ: «Мен Қобыланды батырлармен, Баян бастаған ақылды сұлулармен табысқаныма қуандым. Билер сөзін естігенде не деген шешен елміз дедім, өзімізді де ірі сезіндім. Ал Асан, Бұқар, Махамбеттер менің бала жүрегімді дірілдетті. Алдарында еріксіз бас идім. Мұхаң мені олармен де айырылмастай табыстырды», бұл «Әдебиет тарихына» берілген тиісті баға еді. ХХ ғасырдың 30-40 жылдар аралығы қазақ қоғамына көптеген келеңсіз дүниелерді әкелумен ерекшеленеді. Еркіндік, сөз бостандығы сынды дүниелер қыспаққа алынып, адам өз ақыл-ойының жемісіне емес қоғам жасаған заңдылықтардың күшіне тәуелді болды. Қазақ халқының рухани әлеміне қауіп төндіріліп, ұлттық сахнамыздағы өшпес құндылықтарға соққы беріле бастаған осындай көкжиекті күңгірт тартқызған аласапыран кезеңде С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» 1931 жылы жарық көрсе, 1942 жылы С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің «Қазақ әдебиеті хрестоматиясы» басылып шыққан еді.

Аталған еңбектерден Асан қайғыдан, Бұқар жыраудан үзінділер келтірілгенін көреміз. Осы уақыт аралығында баспа бетіне шығарыла қоймаған

елге етене таныс емес жыраулар мұрасы Қазақ ССР Ғылым Академиясы орталық кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы күйінде қала берді.

Қазақ әдебиетінің өткеніне көз жүгіртіп, сыр шерткен тұлғаларға өткен өмірді аңсайтын «халық жауы» деген таңба басылып, ақырында тағдырларын оққа байлады. Осындай қатігездікпен «жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» деген қанатты сөзді іске асырып, өз дегенімен жүргізді. Сондықтан болар «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» кітабы жалғасын таппай, жыраулар жәдігері шаң басып архивте жатты. 1936 жылы қуғын-сүргін ұлттық санамыздың өзегіне құрт болып түсіп, ауыздан шыққан сөзді аңдып, жалтақ тірлікті мақсат тұтқызды. Бұл әсіресе 1945-1960 жылдар аралығында өз шегінде болды.

Әдебиет тарихын зерттеуді XVIII ғасырдың соңынан бастау басшылыққа алынып, бұған дейінгі М.Әуезов, С.Сейфуллин көзқарастары жоққа шығарылды. Бұған Ә.Дербісалин: «Бұл кезеңде жеке бір адамдардың еркінен, не мінезінен туған нәтиже емес, әдебиет ғылымының жаңадан туып енді ғана өріс ала бастаған ерекшелігінде, дәлірек айтсақ, жастығына байланысты орын алған» [36, 4-б.] – деген пікір айтады. Бірақ бұл кеңестік кезеңнің қателігін, сол дәуірдің көзқарасымен ақтап алу болып табылады. Шындығында бұл ниеті жат қоғамның талабы болатын. Бұл ақиқат дүние, оған тарих куә және «Әдеби мұра және оны зерттеу» деген тақырыппен өткен ғылыми жарыссөздің нәтижесі куә. Аталған ғылыми кеңестегі баяндамаларға тоқталмай кетуге болмайды. Себебі осындай айтулы уақыттың сыны мен сыры, негізгі көзқарастары тоғысқан әрі жыраулық поэзияға қатысы бар. «Әдеби мұра» деген атауды желеу еткен бұл жиылыста, әдебиетіміздің өткеніне көз жұма қарай отырып, лениндік тұрғыдан баға берілді. Сондықтан болар С.Бәйшовтың баяндамасынан ескі мұраны дәріптеу тағылық, ескішілдік болып табылатындығын аңғарсақ, Е.Ысмайлов баяндамасынан «Бұқар өлең-толғаулары өмірлік фактілерді әр көлемде қамтыса да реалистік сипаты төмен» [37, 22-б.] – деп кеңестік тұрғыдан баға беруін байқаймыз. Осы бас қосуда түйінді ойлар да айтылған. Мысалы: М.Базарбаевтың «Толғау – қазақтың байырғы ауыз әдебиетінің топырағында түзілген форма» – десе, енді бірде поэзияға байланысты «жазуы жоқ, көшпелі елдің поэзиясы өзінің тіршілігінде ұлан байтақ даласының бірде аңызақ ескен, бірде көгалы жайқалған келбетіне сәйкес келген» деген пікір айтады. Ал Қ.Жұмалиевтің баяндамасынан екі ұдайы көзқарасты танимыз. Алғашқысы «Қазақ әдебиетінің тарихы бар. Қазақ әдебиеті тарихының басы – Бұқар жырау», – дей келе, әдебиеттің өткен белестерін бас салып сынауға, шенеуге болмайтындығын айтады. Екіншісінде «Бұқарды, Үмбетейді алсақ, олар негізінде феодалдық салт-сананы қолдаушылар, сол таптың идеясын жырлаушылар болды» [38, 58-б.] – дей отырып, әдебиет тарихына Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы енгізілуі керек те, Үмбетейлер аталған тұлғалардың шығармаларын зерттеумен байланысты

тек шолу дәрежесінде айтылуы керектігін айтады. Осы ғылыми отырыста әдебиетіміздің өткеніне көз жүгірткен, құнды пікірлер айтқан ғалым Б.Кенжебаев болды. Өкініштісі баяндамаға маркстік-лениндік тұрғыдан баға берілді. Баяндама авторы кейіннен «... қазақ әдебиетінің тарихын әріден бастау керектігі жайлы ойларымды ғылыми көпшілікке баяндадым, ортаға салдым. Баяндағаным бар болсын, сөзге қалдым, күлкіге ұшырадым... [39, 48-б.] – деп ағынан жарылды. Ғылыми отырыстың қорытындысында әдебиетіміздің өткеніне көз жүгірткен ғалымдардың оң пікірлері қатал сынға алынып, «жарыссөзде сөйлеушілердің біразының сөзінде әдебиет тарихында болған адамдардың мұралардың дәл бағасын партиялық – лениндік тұрғыдан қатал сынға алу жағы жетіңкіремейді, ...қорыта айтарым ұлы ұстазымыз коммунистік партияның сенімін, ...біздің әдебиетімізде ойдағыдай өсіп-өркендеуімен ақтауы шарт» [40, 97-б.] деген пікірмен түйіндейді. Бұл жарыссөз төрағасы М.Әуезовтың сөзі. Кезінде жыраулық поэзияға қатысты құнды пікір айтып, қазақ әдебиетінің тарихына Асан қайғы, Бұқарларды енгізіп, жырау сөзіне тиісті баға берген ғалымды уақыт ағымы осылай сөйлеуге мәжбүрледі.

Сонымен 1940-1950 жылдары қазақ әдебиетінің тарихын көнеден бастауға кедергілер көбейіп, ерте дәуір әдебиеті өкілдеріне бір өлшеммен қарап, бәрін бірдей керітартпа, бәрін бірдей ұлтшыл етіп шығарып, міней қарайтын сұрғылт мінездер белең алды. Ол жылдары әдебиетіміздің тамыры тереңде жатыр деп айту қиын болатын. Бірақ қиындықтың қиыр жолдарында көңілінде жүрген көкейкесті мәселені қозғай білген ғалымдардың бірі Б.Кенжебаев еді. Ғалым әдебиеттің өткені жайлы: «Әдебиет тарихы – көркем өнердің асыл арнасы. Ата-бабаларымыздан қалған асыл қазынасы. Әр халық өзінің баба тарихымен, көне мәдениет үлгілерімен мақтанатын болса керек. Бізде бір жаман әдет бар. Қазақ әдебиеті – жас әдебиет деуге құмармыз. Солай деуге бейім тұрамыз. Әдебиеттің жастығы, әдебиет тарихының кенжелігі – мақтаныш болмаса керек. Шын мақтанатын қасиет, сонда, егер де, халқымыздың рухани мәдениеті тым тереңде жатқан болса, оны қазып алып, дәлелдесек...» [41, 48-б.] деген салмақты ой айтып, ғылым жолына түскен ғалымдарға бағыт сілтеді. Сөзге қалса да, күлкіге ұшыраса да тәуекелге бел буып, сол кездегі қоғамның қаһарына ұшыраған мақалаларын баспа сөз беттеріне жариялады. Айта кету керек, аталған мақаланы М.Әуезов іштей қолдап, мақаланың басылып шығуына себепкер болды. Автордың айтуы бойынша қазақ әдебиетінің тарихы жайлы пікірі үлкен қозғау тудырып, екі жақты көзқарас қалыптастырған. Ғалымның көкейіндегі арманынан үміт сәулесі оянғандай күй кешкен. Енді проблемадан практикалық зерттеуге ойысу қажеттігі туғанын сезіп, Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранттары мен ізденушілерін қазақ әдебиетінің өткен тарихын зерттеуге жұмылдырған. Нәтижесінде көп жылдық қиындықты жеңе жүріп, ғалымдар диссертация қорғаған. Қазіргі кездегі белгілі ғалымдар

Х.Сүйіншәлиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов, А.Қыраубаевалар қазақ әдебиеті тарихының ерте дәуірін жинақтап, кезектегі мәселе сол әдеби мұраның табиғатын ашып, көпшілікке ұсынған.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясын жинақтап, зерттеген М.Мағауин еді. Автор өзінің ғұмырбаяндық «Мен» дилогиясында зерттеудің барысын, кездескен қиыншылықтарды, жасаған ерлік істерін баяндайды. Х.Сүйіншәлиев қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдеріне тоқталса, Ә.Қоңыратбаев ерте дәуір әдебиеті мен қазақ фольклорының арақатынысын зерттеді.

Ендеше жыраулар поэзиясына байланысты М.Мағауиннің еңбектерін саралап өтейік. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет тарихының қалыптасып, ежелгі ұлы жыраулардың қайтадан тірілуіне М.Мағауин мен жетекшісі профессор Б.Кенжебаевтың зор ықпалы болды. Автор ұмытылғандарды еске түсірді, есімі көмескілерді қайта жаңғыртты. Бір өлең, жарым туындылардан тірнектеп жинап, ғылыми-текстологиялық екшеуден өткізді. Нәтижесінде бір дәуірдің жүгін арқалаған, нұсқаланған «Қобыз сарыны», «Алдаспан» сынды көлемді еңбектер жарық көрді. Қазір бәрі оңай көрінгенмен, ол кезде ескілікке үңілудің өзі қылмысқа парапар іс саналған. Бұл жайлы автордың өзі: «Мен жыраулар туралы дайын еңбектің 1965 жылғы 11 октябрьдегі алғашқы толқында білімдар ғана емес, ғұлама саналатын, парасаттты ғана емес, ақылман есебіндегі әдебиетшілердің болмашыны түсінбес тасырлығына таң қалған едім. Ғылыми жетекшім профессор Б.Кенжебаев пен көлденең келген, университетте уақытша, азғана дәрісте жүрген профессор Мәлік Ғабдуллин ғана қолдап шықты. Қазақ университеті қазақ әдебиеті кафедрасының басқа мүшелері – ақбас академик, доктор, профессор, қарасақал доцент, жазушы, сыншы, зерттеуші түгелімен төбе шаштары тік тұрып қарсы болды: «бірыңғай ағым» деді, «идеологиялық тұрғысы ұстамсыз» деді, Шалкиіз бұл айтқандай көкте жүрген жоқ, жерде жатқан киіз деді, менің өзімді «таланты теңіз» деп мадақтай келе, қоғамға жат элемент дәрежесіне жеткізді. Мен он жеті жаста алдын көрген, бес жыл студенттік, үш жыл аспиранттық кезең – жас баладан сақа жігітке дейінгі сегіз жыл-бар саналы ғұмырымда алдын кесіп өтпеген, ақ тілеуден басқа ниеті жоқ деп білген мәртебелі ағаларымның әлпетінде сыз, сөзінде зіл бар еді, жеті атадан қалған кегін қуғандай, екілене ұмтылысты, жапырып, майырып тастамақ болды. Жүйке берік, жүрекке қорқыныш енбеген кез, мен жасығам жоқ, жабысқам жоқ, тек ғана қайран қалдым, – сосын оқыс қатайдым, – оралымсыз жала орынсыз даудың бәрінің бетін қайырдым, ағаларымды серпінді сөз, нақты жауаптармен, күтпеген дағдарысқа – шарасыз кейіпке түсірдім, ақыры жұмыс мақұлданып, қорғауға ұсынылды... Мен ол кезде ұлылық-қашанда ыза мен кек туғызатынын білмеуші едім.

Ал Шалкиіздің ұлылығы, Доспамбеттің ірілігін тану үшін ұлы болу шарт емес, тіпті, ұлттық биік сананың болуы да міндет емес, былғанбаған түйсік,

иман мен ұят керек екен. Дәл сондай түйсігі, иман, ұяты бар алаш азаматтары қалтқысыз қолдады, мен – тетік қана, қажетті тегершік – ежелгі мұра болатын» [21, 6-б.], – деп өткенді еске алады. Аталған пікірдің мәні – жыраулар мұрасын бағалауда адамның ішкі рухани сапалары мен танымдық деңгейі өзара сабақтасып, бірін-бірі толықтыратын факторлар екендігін көрсетуінде.

### 1.2 Жырауар поэзиясының зерттелуі

Жыраулық поэзия – XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы. Біздің дәуірімізге негізінен ауызша жетті. XV ғасырдың орта шенінен бастап қазақ халқының төл мәдениеті өркен жая бастады. Жыраулық поэзия қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Қоғам, дін, этика, адамгершілік, қарыз бен парыз, ерлік пен ездік, байлық пен кедейлік, дүние мен дүние жайлы сан-салалы ойлар тоғысқан философиялық туындылар жыраулық поэзияның терең дүниетанымдық сипатын аңғартады.

Сонау 1936 жылдан бері уақыт ағымы кімді болсын жалтақ тірлік кешуге мәжбүрледі. Тек М.Мағауин көзқарасындағы ұлы мінез ғана тұмшаланған ескі дағдының іргесін сөкті. Сонымен қатар ол «Қобыз сарыны» атты құнды еңбекті жариялады. Бұл кітап қазақ әдебиетінің тарихы тек бергі кезеңнен басталады деген пікірге ғылыми тұрғыдан қарсы дәлел келтірді. Кейіннен аталған еңбектегі деректерді толықтыра түсетін антология жарық көрді. «Алдаспан» деп аталған бұл жинаққа жыраулар поэзиясының мазмұны терең, көркемдік қуаты жоғары жырлары енгізілді. Алайда кітаптың жариялану тарихы оңай болған жоқ, ол түрлі қысқартулар мен редакциялық өзгерістерді бастан кешірді. Алғаш жарық көрген кезеңде еңбек төңірегінде әртүрлі пікірлер айтылып, әдеби ортада қызу талқылау туды. Соған қарамастан, «Алдаспан» қазақ халқының көне әдеби мұрасын жүйелеуге негіз болған маңызды еңбектердің бірі ретінде бағаланды және оқырман қауымға жетті. Кейіннен автордың зерттеушілік еңбегінің нәтижесінде «Бес ғасыр жырлайды» атты жинақ та жарық көріп, халыққа ұсынылды. Қазақ әдебиетінің ортақ арнадан оңаша жол тартқан алғашқы қадамдарының өзінен-ақ кемел өре, көркем келісімге жету заңды құбылыс болса керек. Қазақ атымен аталатын дербес әдебиетін алғашқы өкілдері, өз кезінде бүкіл Дешті-Қыпшаққа даңқы кеткен Асан қайғы, Қазтуған , Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетай, Бұқар жыраулар мұрасын біз жаңаның басы ғана емес, көненің жалғасы деп табуға тиіспіз. Осындай жүйелі ойдың жетегі мен шыққан еңбектен XV-XIX ғасырлар аралығындағы ақын-жыраулардың шығармашылығын таба аламыз. Антологияның шығуына байланысты автор: «Алдаспанның» бүлінуі өз алдында, осының алдында ғана, «Бес ғасыр жырлайды» деген атпен үш томдық антология әзірлегенмін, 1977 жылы баспа жоспарына еніп тұрып, өндіріске жіберілмей қалған еді. Кейін қоймай жүріп шығардық. Бір емес, үш мәрте басылды. Бірақ соның әуелгі – 1984 жылғы нұсқасы да үлкен дауға түсті,

қиылып, туралып, кемтар болып жарияланды [42, 7-б.] – деп уақыт көзқарасынан туған келеңсіздіктерді тілге тиек етеді. Ал, енді осы аталған антологиялардағы шығармалар қайдан алынды деген заңды сауал туындайды. М.Мағауин жыраулар шығармашылығын жинақтауда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарыққа шыққан «Дала уәлаятының газеті». «Киргизская степная газета», «Таң» сияқты газет-журналдар, XIX ғасырдың соңындағы орыс ғалымдары Г.Потонин, В.В.Радлов, А.Харузин т.б. еңбектері XX ғасырдың басында қазақ даласында шыққан. М.Османов, М.Бекмұхаммедов , Ғ.Мұштах сияқты тұлғалардың жинақтары Қ.Халидұлы, Х.Досмұхаммедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов т.б. қазақ зиялыларының зерттеулерін басшылыққа алды. Сонымен қатар Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында жинақталған қолжазбалар пайдаланылған.

Сонымен жыраулар поэзиясы зерттеушілердің бірі әрі бірігейі М.Мағауин зерттеу жұмыстарын 60-жылдың екінші жартысынан бастап жүргізді. Алғашында Қазақ хандығы дәуірінде – XV-XVIII ғасырларда жасаған, көпшілігінің аты-жөні, өлең-жырлары беймәлім болып келген арқалы ақын, дана жырауларға арналған мақалалар жазған. Терең ізденістің нәтижесінде «Қобыз сарыны» 1968 жылы баспадан шықса, 1970 жылы «Алдаспан», 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» антологиялары шықты.

Халық алдында әдебиеттің өткен дәуірін арыдан іздеген , ғылыми негіздеген КазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының ғалымдары 1967 жылы «Ертедегі әдебиет нұсқалары» деген атпен шыққан еңбекте жыраулар поэзиясынан сыр шертеді.

XX ғасырдың 80-жылдарында жыраулық поэзияны зерттеу мәселесіне Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, әдебиет тарихы бөлімі де бел шеше кірісті. Нәтижесінде «XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983) деген жинақтарды жарыққа шығарды. Осы бөлімнің меңгерушісі Әнуар Дербісалин «Көне әдебиет және оның зерттеуі» деп аталатын мақала жариялады. Жоғарыдағы жинақтарға кіріспе сөз жазды. Аталған топтың алға қойған мақсаты XV-XVIII ғасырларда толық мағынасындағы поэзияның өмір сүргеніне қазір ешкім шүбә келтірмесе де, ол поэзия біздің тұсымызға бастапқы қалпында толық жеткен жоқ, ал жеткен жеке нұсқалары сан түрлі өзгерістерге ұшырап, кейінгі дәуірлердің көп қосындыларын бойына сіңіре жетті. Әдебиет зерттеушілерінің алдында осыған байланысты туатын үлкен міндет-мүмкіншілігінше, бір кездегі поэзияның өзіндік болмысын тануға, анықтауға талпыну болса керек.

Зерттеушілер XV-XVIII ғасырлар қазақ поэзиясын екі негізгі салада зерттеуді дұрыс деп санаған. Бұл пікір Мұхтар Мағауин еңбектерінде, әсіресе оның «Қобыз сарыны» атты монографиясында айтылады. Бірі – ғылыми проблемалық тұрғыда, екіншісі – жеке жырау, ақындар туралы мақалалар, тараулар арқылы. Алғашқы бөлімінде ауыз әдебиеті мен жеке автор творчествасына ортақ, әдебиетіміздің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын

мәселелерді анықтауға назар аударылды. Атап айтқанда, ауыз әдебиеті дәстүрлері, олардың жыраулар творчествосына әсері, жыраулық творчествоның әдебиетті ілгерлетудегі орны, қызметі, жанр табиғаты т.б.

Кітапты жазуға әдебиет тарихы бөлімінің ғылыми қызметкерлері Б.Ақмұқанова («Таурих хамса және қазақ әдебиеті», «Поэзиядағы өмір көріністері». І бөлім), Ә.Дербісалин («Алғы сөз», «Толғау жанры туралы»), С.Дәуітов («Марғасқа жырау», «Тәтті қара жырау»), М.Жармұхаммедов («Жыраулық поэзияның даму ерекшеліктері», «Бұқар Қалқаманұлы»), Ө.Күмісбаев («Шал Құлакеұлы», «Ақтамберді Сарыұлы», «Үмбетей Тілеуұлы »), Қ.Сыдиқов («Ақын жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері», «Шалгез Тіленшіұлы»), Ж.Тілепов («Поэзиядағы өмір көріністері» ІІ бөлім), Г.Тұрсынова («Бір халық өлеңі хақында») ат салысты. Енді жыраулар поэзиясына қатысты еңбектерде шолу жасап өтелік. М.Жармұхаммедов аталған зерттеуінде «жырау» сөзіне тоқтала отырып, зерттеуші ғалымдардың пікірлерін бір арнаға тоғыстырады. Атап айтар болсақ, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов, Е.Тұрсынов, Ә.Дербісалиннің жыраулық поэзияға байланысты еңбектерін ерекше атап көрсетті. Сонымен қатар, Қ.Халидұлы, В.В.Радлов, З.Ахметов, Ә.Тәжібаев, Ә.Марғұлан сынды ғалымдардың еңбектерінен сілтеме ала отырып жыраулық поэзия өкілдеріне сипаттама берді. Жыраулық поэзияға байланысты өз пікірін айта отырып төмендегіше топтастырады. «Қазақ жырауларының сан ғасырлық, творчествасын негізінен үш кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері Қорқыт, Аталық және Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа Асан қайғы, Қазтуған, Шалгез, Доспамбет шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV-XVI ғасырлар. Үшінші топты жыраулықтың әбден толысып кемелденген кезеңіндегі , Үмбетей, Жиембет, Ақтамберді, Бұқар жыраулар құрайды. Бұған XVII-XVIII ғасырлар жатады. Автордың аталған еңбегінен толғау жанрытуралы, жыраулар шеберлігі, шығармашылықтарындағы ұлағатты аксиомалар жайлы, шеберліктен туған көркемдік ерекшеліктерге байланысты пікірлерін таба аламыз. Бұқар жырауға байланысты зерттеу еңбегінде жырау шығармашылығының жинақталуына, зерттелуіне байланысты пікірлер айтқан. Сонымен қатар жыраудың ақындық қуаты мен идеялық бет-бағдар, өмірлік нысанасын белгілейтін толғауларына тоқталып, оның тақырып-мазмұны мен құрылысы, көркемдік бейнелеу тәсілдері жағынан да дерек келтірген.

Ал Б.Ақмұқанованың «Тауарих хамса» және қазақ әдебиеті» атты еңбегінде Қ.Халидұлының зерттеуі талданса, «Поэзиядағы өмір көріністері» зерттеуінде XV-XVIII ғасырда өмір сүрген жырауларға олардың шығармаларына сипаттама беріледі. Қ.Сыдиқов «Атадан балаға, жыраудан жыршыға көшіп, ертелі-кешті қағаз бетіне түсіп, негізгілері ғана сақталған XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы – оны туғызған жыраулар мен ақындардың талант-дарының әйгілеп, олар өмір сүрген алыс заманалар сырын шертетін көркем шежіре» [43, 143-б.] – дей отырып, ақын жыраулар

мұрасының көркемдік ерекшеліктеріне тоқталған. Ал жеке жырауларға байланысты С.Дәуітов, «Марғасқа жыраудан» қысқаша дерек келтірсе, Ө.Күмісбаев Ақтамберді жырау мен Үмбетей жырауға тарихи тұрғыдан баға беріп, шығармашылықтары идеясын ашады.

1970-1980 жылдары аталған еңбектерден басқа да құнды ғылыми зерттеулер жарыққа шықты. Мәселен, белгілі фольклорист Н.С.Смирнова өзінің Бұқар шығармашылығына арналған көлемді зерттеуінде оның импровизаторлық өнерінің ерен қуаты мен демократиялық тенденциясының нығайа түсу, ерекшеліктеріне, соңғы шығармаларында халықтық ұғымының әлеуметтік терең сипатқа ие болып отыру жайына [44, 45-б.] айрықша мән береді.

Тәуелсіздік қарсаңында Х.Сүйіншәлиев XIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін, Қ.Сыдиқов «Дала жыршыларын» басып шығарды. Сонымен кеңестік дәуір бұғаулаған әдебиет бодандықтың құрсауында жүріп-ақ зерттеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізді. Олай дейтініміз еркін көзқарастың қайнар бұлағы осында жатыр.

Тәуелсіздік – елдің елдігін, бірлігін, тірлігін айғақтайтын ұлы құбылыс десек, егеменді ел болғалы бері әдебиет тарихында тың арна қалыптасты. Кезінде тек тарихи оқиғаны, жыраулар өмірін баяндап, шығармаларын топтастырумен, топтастырумен айналыссақ, бүгінде жыраулық поэзияға түбегейлі бойлап, ондағы азаматтық әуен, ел бірлігі жайындағы танымдармен патриоттық тәлімдер зерттеле бастады. Өткен кезеңдерде зерттеу жұмыстары шындық шегіне жетпеді, жеткен күннің өзінде жазықсыз жапа шегіп, өз бағасын ала алмады. Қоғамның қыспағынан жүректері шайылған ғалымдар айтқысы келген, солай болуы тиіс мәселелерді іштеріне сақтады. Күн туды, еркіндіктің лебі есті, қағаз бен қалам олқылықтардың орнын толтыра бастады. Кезінде сызылып тасталған құнды зерттеулер қайтадан орнына келтірілді. Осындай еңбектердің қатарына М.Мағауиннің «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеті» және Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітаптары. Алғашқысы «Қобыз сарының көшірмесі» іспеттес болса, келесі автор кезінде кереғар пікірлердің кесірінен көлеңкеде қалған кейбір мәселелерді көрсете отырып, әдебиет тарихын жаңа бір биік сатыға көтерді. Қазақ әдебиетінің тарихын көнеден бастай отырып, хандық кезеңдегі әдебиетті жеке топтап қарастырады. «Ноғай қазақ мұралары» деп аталатын еңбегінде кейбір талас туғызып жүрген мәселелерге жауап іздейді. Онда «Ноғайлы» сөзіне түсінік бере отырып, тарихи оқиғаларға шолу жасап, аталған өлкелерді мекендеген ұлыстардың XIV-XV ғасырларда жасаған әдениеті мен әдебиет ескерткіштерін ноғайлы аталған елдердің мұралары» [45, 210-б.] – деп түсінік береді. Аталған дәуірге жататын қазақ әдебиетінің мол да құнарлы саласы жыраулар мен ақындар творчествасы екенін негізгі өкілдеріне Сыпыра жырау мен Асан қайғы жататындығын айтады. Тіпті Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың қай-қайсысы да ноғайлы елі атынан сөйлейтіндігін тілге тиек етеді.

Жыраулар шығармаларының көркемдік бейнелігі тұрғысынан зерттеу жүргізген С.Негимов «Ақын жыраулар поэзиясының бейнелілігі» деген тақырыпта ізденіс жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілік, суреттілік сипаты, көркемдік құралдар жүйесі халықтық-поэзиялық дәстүр табиғаты контекст аясындағы сөз мағынасының құбылулары яғни әсерлілік, ықшамдылық, экспрессивтік, сұлулық сырлары, көркемдік ойлау, көркемдік қиял, сөз қолдану ерекшеліктері сөз бен образ қатынасы» [46, 2-б.] жайлы пікірлер тоғысқан кітап жарыққа шықты. Дәл осындай мазмұнмен, бірақ тек қана XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасын түгелге жуық қамтыған Қ.Сыдиқовтың «Көркемдік өрнектер» еңбегі де жеке кітап болып шықты. Бұл уақытқа шейін жыраулар мұрасын көркемдік тұрғыдан терең зерттелмеген деуге болады. Бұл еңбек жайлы автордың өзі «...бұл дәуірдегі ақын, жыраулар мұрасының әлі ашылмаған қыры-сыры аз емес. Солардың бірі – ақын жыраулар поэзиясын көркемдік ерекшеліктері . Әрине, шағын еңбекте үш-төрт ғасыр поэзиясының идеялық-көркемдік ерекшеліктерін түгел байыптап беру мүмкін емес. Сондықтан біз ақын, жыраулардан жеткен асыл мұралардың басты-басты өзіндік өрнек, көркемдік құнарын байыптап қарадық» [47, 3-б.], – дейді. Сонымен бұл шағын еңбекте хандық дәуірде туған әдеби мұралардың көркемдік өрнектері. Ұлттық бейнелеу ерекшеліктері қарастырылады.

Қ.Сыдиқовтың бастамасы мен жарыққа шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбекте еркіндіктің лебі мен еркін тыныстаған М.Жармұхаммедов, Ж.Тілепов, Қ.Сыдиқов, С.Қорабаев, С.Дәуітов, Ө.Күмісбаев, С.Негимов т.б. авторлардың ғылыми мақалалары топтастырылған. Алғысөзін жазған Ш.Сәтбаева «Соңғы жылдарға дейін қазақ әдебиеті тарихын зерттеу саясат идеология қыспағында, талай қаулылармен шектеуге мәжбүр болған қиын жағдайларда жүргізілсе, енді еліміздің тәуелсіздігі орнығып дами түсуі кезінде қазақ халқыны, бай, көркем сөз қазынасы жөніндегі ғылым да өркендеп биік деңгейде болары хақ» [48, 7-б.], – деп тілегі мен ниетін қазіргі зерттеушілерге жолдаған. Тағы бір тәуелсіз көзқараспен сұрыпталып жазылған еңбектердің бірі Ж.Тілеповтың «Тарих және әдебиет» зерттеу кітабы. Мұнда жыраулық поэзия өкілдерін тарихи кезең оқиғаларымен байланыстыра отырып көрсеткен. Мәселен «XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» деген бөлімінде осы ғасырларда болған жағдайларды Асан қайғы, Сыпыра, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиембет, Марғасқа жыраулардың өмірі мен шығармашылықтары мен сабақтастырған. Екінші бөлімінде «XVIII-XIX ғасырлардағы жыраулық мұра һәм ел тағдыры, жер тағдыры» деген тақырыптың айналасында сөз қозғап, Бұқар, Үмбетей жыраулардың шығармашылығын талдайды.

Тың ойлар мен тынысы кең зерттеулер жыраулар поэзиясының поэтикалық құныдылығын, эстетикалық қуатын, көркемдік көкжиегін жан-жақты зор үлес қосатын мақалалар мен жеке зерттеулер де көзге жиі ұшырасады. Әсіресе, баспасөз беттерінен әртүрлі тақырыптағы хабар беретін XV-XVIII ғасыр поэзиясының кейбір ерекшеліктеріне баға беретін ғылыми

еңбектерді ерекше атауға болады. Мәселен, Б.Оспановтың «Жыраулық өнер: оның қалыптасу кезеңдері», атты мақаласында «Жыраулық үрдіс әрі өнер, әрі дәстүр. Оның ерекшелігі синкреттік сипатында, яғни поэзия, музыкалық мақам және орындаушылық шеберліктің бірлігінде» [49, 18-б.] деген пікір айтылып, оның өміршендігі ел тарихы мен ата-баба дәстүріне негізделуі мен айқындалатынын және оның сонау түркі дәуірінен бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасын тапқан поэзия екендігін атап өтеді. Жыраудың өзін сан қырынан танытып «жырау-шығармашылық тұлға», «жырау-өздеріне тән мақам-саз иесі», «жырау-этикалық дәстүрдің негізгі сақтаушысы», «жырау-этнограф » [49, 18], – деп атап көрсетіп, ашып түсіндіреді. Ал, XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар поэзиясының тәлім-тәрбиелік мәні туралы Гүлқадиша Нысанбаева өзінің пікірін «Жыраулық поэзияның ірі өкілдері Қазтуған мен Асан қайғының Доспамбет пен Шалкиіздің, Жиембет пен Марғасқа жыраудың Ақтамберді жырау мен Тәттіқара ақынның, Үмбеттей мен Бұқар жыраудыңелдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті жырлаған өршіл өлең-жырлары, туған жер-ата қоныс, ел тағдыры, өмір өткелдері мен қоғам жайлы философиялықтолғау тұжырымдары, өткір ойшылдық пен шешендік өнер өнегелері адамзат атаулыға тән асқақ идеяны паш етеді. Сол себептен де өскелең ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, дүниетанымын қалыптастыруда, ойлылыққа баулып, шешендікке төселдіруде жыраулық, жыршылдық, термешілдік өнердің қыр-сырына қанықтырып, көркемдік әлемін байытуға тиімді пайдалана алсақ нұр үстіне нұр болар еді» [50, 48-б], – деп оның ішкі құндылығын көрсетіп, ұрпаққа берер тәлімін танытады.

Қорытындылай келе, жыраулық поэзияның қызығы мен құпиясы әлі де болса қойнауында жатыр дей аламыз. Кеңестік кезеңде келте қиылған шындықтың орнын толтырып, шынайы көзқараспен зерделеу, олардың шығармашылығын жоғары оқу орындарында оқыту бүгінгі әдебиеттің өзекті мәселесі әрі міндеті болып табылмақ.

### 1.3 Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы: дәстүр және сабақтастық

Жыраулар халық поэзиясының эстетикалық жүйесі мен көркемдік тәжірибесін, әлеуметтік және жалпыхалықтық тенденцияларын, әрі фольклорлық дәстүрлерді сол қалпында қайталамай, оның сөздік, бейнелік, образдау құралдарына, өлшем-өрнектеріне сүйене отырып, өзіндік қолтаңбасын туғызған.

Жыраулар поэзиясындағы бейнелі сөздер жүйесінің, суреттеу, мәнерлеу құралдарының, сөз қолдану шеберлігінің, сөз сараптау ерекшелігінің, сұлулық әлемінің жұмбақ-құпиялары, алабөтен жаратылысы қызық. Поэзияның ішкі астар-қабаттарындағы, тереңдері мен қойнауларындағы қайнар көздерін ашу, қисапсыз көркемдік құбылыстарды айқындау, кестелеу тәсілдерінің табиғатын тану, бейнелі түрде қолданылуын контекспен тұтастыққа алып тексеру поэзия тілінің тарихы мен теориясын зерттеу екені белгілі.

Ұлттық образ мәнісін, эстетикалық ойлау дәрежесін, көркемдік таным тереңдігін, тілдік бояу-нақыштарды, айшық-өрнектерді халықтың тұрмыс-тіршілігімен, мінез-құлқымен, шаруа-кәсібімен, табиғи ортасымен, дүниетаным ерекшеліктерімен сабақтастыра зерттеу М.Дүйсеновтің «Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі», М.Базарбаевтың «Өлең – сөздің патшасы, сөз арасы» атты зерттеулерінде көрініс тапты.

Сондай-ақ халық поэзиясының көркем тілі, өлең сөздің бейнелегіш, мәнерлегіш, суреттегіш, кестелегіш құралдары, Абайдың ақындық шеберлігі, сөз қолданудағы ұсталығы, образды сөздер жүйесі және ұлттық поэзия тілінің жан-жақты жетілуі туралы әселелер З.Ахметов еңбегінде қарастырылады.

Сөздердің поэтикалық қолданысы, шығу тарихы, мәні мен мағынасы, жалпы алғанда, поэзиялық тіл мен түрлерге қатысты құнды ой-өрнектері С.Қирааев, Р.Бердібаев, Р.Сыздықова, Қ.Өміралиев, Б.Хасанов, Т.Қоңыров және басқа да ғалымдар зерттеулерінде кездеседі.

Алайда ақын-жыраулар мұрасының образдық-бейнелілік жүйесіне, стилистикалық құбылуына, көркемдік құрылысының ішкі иірімдеріне ғылыми-теориялық талдаулар жасалынған жоқ деуге болады. Нақты айтар болсақ, жыраулық поэзияның бейнелілігін қарастыру арқылы сол халықтың эстетикалық, этикалық, философиялық көзқарастары мен географиялық ерекшеліктері айқын бедерленеді. Сондықтан бұл зерттеуімізде осынау күрделі мәселелер төңірегінде шама-шарқымызша ой толғамақпыз.

XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындарда жан-жақты сомдалған адам образы болмағанмен шебер бейнеленген портреттер мен мінездеулер, батырдың жан-күйін сипаттау эпизодтары , батырлар мінген сәйгүлік сипаттары біршама бар. Ал мінез-құлық нормаларын, жақсы-жаман әдеттерді қарама-қарсы қойып шендестіре суреттеу де кездеседі.

Жыраулар өз дәуірінің белгілі бір батырлары мен хандарының , билерінің сыртқы және ішкі сипаттарын бейнелеген. Халық әуелі де жұртқа танымал тарихи адамдарды ғана құмарта тыңдаса керек. Мысалы:

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі.
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа ірісті.
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса ұашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер өтті – би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.
Бұлт болып айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,

Мұсылман мен кәуірдің,
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан,
Сүйіншіұлы Қазтуған!

(Қазтуған)

Саналуан эпитеттер мен ұлғайтылған метафораны қатар қолдана бейнелеген бұл үзіндіде Қазтуған батырдың ішкі және сыртқы сипаттары да бар. Сондай-ақ, Асан толғауларындағы «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің» шумағында өркөкірек, менен, тәкаппар ханның сыртқы бейнесі көз алдыңызға келеді.

Ал, Бұқар, Бөгембай батырдың ерлігін баса айтып, былай мінездейді:

Қиядан қиқу төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қайтпаған.

Жыраулар батырлар мінер сәйгүлік пен тұлпарды да шебер суреттеген:

Келбетіне қараса,
Омырауы даладай.
Әлпетіне қараса,
Сырлап соққан моладай.
Жан-жағына қараған,
Жал-құйрығын тараған,
Жолбарыстай жон түзген,
Аш күзендей бүгілген,
Ор киіктей жүгірген,
Табаны жалпақ тарлан боз,
Таңдап мінер ме екенбіз?!
От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай.
Ор қояндай қабақты,
Сары мысықтай азулы,
Сапты аяқтай ерінді,
Қиғаш қамыс құлақты,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды,
Таңбалап мінер ме екенбіз?!

(Ақтамберді)

Жыраулар сөз өрнектерін салуда құралдарын, өрнек суреттерін түрлі қазыналардан алып, пайдаланады. Мәселен:

1. Мифология мен эпостан самұрық құс, жөмшид шарасы, қорқыт қобызы, ғайып ирен қырық шілтен, баба түкті шашты әзіз, желаяқ, көлтауысар т.с.с. пайдаланады:

Бабай түкті Шашты әзіз,

Содан бата алғанда.
Тілеуің қабыл болғанын,
Басыңа қыдыр қонғанын,
Ұқтың ба соны Абылай!
(Үмбетей)

2. Діннен әулие, періште, пайғамбар, жұмақ, дозақ, топан су, зәмзәм, кемпірқосақ, ақырет, ақырзаман, көк өгіз, қап тауы т.с.с. ұшырасып отырады.

Топанның тура келдің тасқынына,
Тасыған Ніл дария басқынына
(Әсет)

Әсет осынау сөзді образ арқылы лақылдап ақтарған, саулап құйылсұған ақпа ақындығын көрсетеді.

Ол қыздың еш міні жоқ өз басында,
Қарасаң, қор қызындай тұлғасы да.
(Кеншімбай)

Мұндағы «хор қызы» – көркемдіктің, нәзіктіктің символы.

Бектердің сырғанадым жорғасындай,
Жалт-жұлт еттім Ғалидың алмасындай
(Құлтума)

Құданың пәле бар ма сақтауында-ай,
Жалғыз көзді дажал бар Қап тауында-ай.
(Құлтума)

3. Асан қайғы. Атымтай Жомарт. Жиренше шешен. Қозы-Көрпеш Баян сұлу. Алпамыс. Қобыланды. Ер Тарғын сияқты тарихи есімдер де жиі пайдаланылады.

Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткенген,
Жомарттығын Хатымтай Жомарт өткерген.
(Бұқар жырау)

«Наушаруан – Иранның VI ғасырда жасаған билеушісі Хоорав (Анушированың кейінгі дәуір әдебиетіндегі – араб, парсы, шағатай әдеби шығармаларындағы) Атымтай Жомарт сияқты дәрежеде аңызға айналған, әділдік өлшемі ретінде дара тұлға» деп түсіндіреді І.Кеңесбаев.

Ал Атымтай болса, Күншығыс халықтарының әдебиеті бойынша, жомарттық пен сақилықтың символы. Осы сияқты тарихи есімдер басқа жыраулардың өлеңдерінде де молынан кездесіп отырады. Мәселен:

Қайрауықтың ащы күйіндей,
Қайырып боздап күйлентіп...
Дарабоздай қолбасы,
Абыройын кірлетпес.
(Ақтамберді)

Орын таппай көп жүрген,
Бізден бұрын өтіпті.
Асан қайғы бабамыз –
Ғайыптың ісін болжаған

(Мұрат Мөңкеұлы)

Қызыл тіл Жиреншедей тілім, тақсыр,
Қызыл тіл – өнер алды, білім, тақсыр.

(Абыл)

4. Құстардың түрлерін: қыран, лашын, тұйғын, бұлбұл, сандуғаш, тоты, қарлығаш, үкі, қасқалдақ, шағала, бөктергі, бидайық, құладын т.б. жырға қосып айтып, әдемі суреттер жасап жатады.

5. Негіз жарыққа байланысты, бірақ, өздерінше дараланып шыққан нұр, сәуле, шуақ, шапақ, шұғыла, арай сияқты сөздер де жырдың сәнін, әрін келтіріп тұрады.

6. Қару-жарақтар мен сауық-саймандар (семсер, қылыш, найза, садақ, жебе) да жырға қосылғанда, сол бір алыста қалған қазақ өмірін көз алдына елестетіп тұрады.

7. Батырлардың қанаты – тұлпарлары: Тайбурыл, Бозшұбар, Бозтарландар жырларда шабытпен суреттеліп, батырлық қимылдарды, істерді айшықтайды.

8. Аспан шырақтары: Күн, Ай, Шолпан, Тмеріқазық, Құс жолы, Үркер т.б. сол кездегі адамдар танымынан елестер беріп жатады.

9.Өсімдіктер әлемі де жырлар суретінің бір бояуындай қызмет етеді.

10. Жануарлар дүниесін (арыстан, қабылан, бөрі, тарлан, жолбарыс, айдаһар, сырттан т.с.с.) яғни табиғатты, болмысты, дүниені, өмірді терең танып, құпия сырларына бойлай білген.

Жыраулар ана тіліміздің бай дәстүрін жалғастыра отырып, оның бейнелілік, мағыналық қырларын жетілдіріп, ұстартып, көркемдеудің жолдарын жоғарыда келтірілген сөздерден, атаулардан басталады. Ұғым-түсініктерді, атауларды суреттілік-көркемдік мақсатқа ұтымды, ұтқыр пайдалануға ұмтылады. Олардың әрқайсысы дерлік дүниенің күллі пернелерінің, сезім-түйсігінің сырға толы әлемін ассоциациялық тәсіл арқылы шебер бейнелеуге жетік. Демек, образ, синтез секілді поэзияға қойылатын талаптар ақындардың көркемдік ойлау жүйесіне тұтастай тән құбылыстар.

Жоғарыда табиғатты, жаратылысы жағынан сан қилы образ – ұтымдарды, бейнелерді тізіп айтқанда, ең негізі ой желісі, кілті сол халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, жөн-жосық, әдет-ғұрып ерекшеліктері, мінез-құлқы, болмыс бітімі, интеллектуалдық, өнерпаздық қасиеттері, көркемдік сана тарихы болатын.

Ақындық қиялдың қуатын, интуиция, түйсік-зеректігін, халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, арман-мұратын, шаруашылық кәсібін шындыққа айналдыратын, өмір сүруін дәлелдейтін құрал, амал, айна – тіл. Адамзат қоғамының рухани мұрасы, ақыл-ойдың жемістері, ғасырлар тұңғиығындағы еміс-еміс жарық сәулелер тіл арқылы жетеді.

Поэзияның көркемдік, синтездік табиғатын шартты түрде жіктейтін болсақ, ол төмендегідей болып шығады. Поэзиялық образ дәлдікке, шынайылыққа, нанымдылыққа негізделеді. Көркемдік безендіру-әдіптемелер мағына мен мәнерліктің үйлесуінен туады. Өлең өздері салмақты, маңызды, ойлы, эстетикалық мәнге ие болуы қажет.

Ой мен сезімді көркем, әсем, әсерлі, образды берудің эволюциясы барына назар аудардық. Жалпы, образды немесе поэзиялық сананың эволюциялық дамуы екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – мифологиялық ойлау, екіншісі – метофоралық ойлау.

Негізгі зерттеу тақырыбымыз- ақын-жыраулар поэзиясы – фольклор мен жазба әдебиетінің аралығындағы тұр. Демек, бұл мифологиялық ойлаудан гөрі метафоралық ойлауға жақын. Сондықтан енді ақын-жыраулар поэзиясының метафоралық жүйесін қарастыруға көшейік.

Ауыстырудың екі түрлі қызметі бар: ол, бір жағынан, сөз аударудың амалы болса, екінші жағынан, белгісіз заттар мен құбылыстардың атауларының орнына жүреді. Аталған құбылыс адамзаттың ойлау жүйесінің терең өзгерістерімен, оның ішкі қыртыс-қабаттарымен байланысты. Ауыстырудың шығуы, пайда болуы, дамуы ойлау мен тілге тән. Тілдің икемділігінің артуы, өрісінің кеңеюі – ауыстыру тәсілінң көркейіп, кемелденуіне жойқын әсер етеді. Бұл поэзиялық тәсіл дүниені тану мен ойлаудың, іс-қимыл мен әрекеттердің барлық саласында қолданылатын құрал ретінде қарастырылады. Асылы, ауыстыру адам танымына иек артатын бұлдыр, екі ұшты ұғымдардың негізінде туындайды. Мәселен, мына бір: өткір зейін, алтын шақ, ақ арман, кең ақыл, нұрлы ақыл, бал көмей, жез таңдай, ел көзі, үміт оты, жастық шақ, жүрек оты, сияқты сөздерде белігіл бір символикалық мағына бар.

Ауыстырудың эмоциялық және эстетикалық қасиеттері бар. Мәселен, өмір шұғыласы, өмір таңы, талант ұшқыны деген ауыстыру мәніндегі қолданыстар адам өмірінің балғын шағымен ассоцияциялық байланыс тапқан.

Ауыстыру дүниесі дегеніміз – суретті, бейнелі, көркем ойлау дүниесі. Демек, ауыстыру – сөз өнерпазының көркемдік ойлау дәрежесін, кең құлашын анықтайды.

Тілдің өрнектілігі, оралымдылығы ақиқат шындықтың, болмыстың құбылыстары терең қабаттарының мәлім болу деңгейімен төркінде.

Сонымен, ауыстыру тәсілі – көркем образ және ғылыми ұғым ретінде қоғамдық сәулелені мен дүниетанымның түрі, яғни бейнелі ойлау негізінде адамның сезімдік-түйсіктік және рационалдық-абстрактілік сипаттарының органикалық тұтастығы негізінде жасалады.

Поэзиялық ауыстыру белгілі бір нәрсенің тікелей өзі емес, тек қана «образдық лақап» немесе жанама көшірілген атау.

Поэзиялық мәні терең ауыстыруларды түнісу үшін, контексті байланыста қарау керек. Сонда ғана ауыстырудың көркемдік мақсаты мен танымдық ерекшеліктерін әбден жыға тануға болады.

Ақындық серпін, суреткерлік қабілет, көркемдік сезім ойлау табиғатына қатысты. «Абстрактілі қызмет түріндегі ойлау дегеніміз айыру мен теңдестіру үдерісі, сонымен бірге бірігу мен ажырау үдерісі, сондай-ақ қорыту мен шектеу үдерісі, сонымен бірге жүйелеу үдерісі; ойлау дегеніміз, сонымен қатар, қайшылықтарды табу және оларды шешу, себептерді табу және олардан нәтиже шығару, сол себепті де белгісізден белгіліге, білмеушіліктен білуге жеке және дәлелді түрде өті. Мұның өзінен зат туралы ойлау оның мәнін нақтылы

және жеке, ең бастысы, дәлелді категориялар көмегі арқылы көрсету айқын бола түседі», – деп ой түйеді белгілі философ әрі филолог А.Ф.Лосев.

Көркем шығармадағы ауыстыруды сан түрлі қырынан карауға, тексеруге болады. Құрылымдық және семантикалық, сондай-ақ шығу тегі төркінінен және текстегі эстетикалық мәні жөнінен баяндауға мүмкіндіктер туғызады.

Көптеген ауыстырулар көзі – тіркестегі белгілі бір сөз ұғымы, сөз образдардың шарапат ғана емес, суреттелетін жағдайлар, жайттар.

Бірсыпыра шығармалардағы образдық-сөздік арқаулар оған көркемдік сәулет бітіреді. Мысалы, өмір-өзен, өмір-теңіз, өмір-от, өмір-махаббат-от, т.с.с. Образды суреттердегі тірек сөздер от, су ғой.

Кейбір ғалымдардың ойларынша, ауыстыру риторикалық фигура екен, ал салыстыру тәсілі арқылы ұқсастық туралы ойға жетелейді екен.

Ақын-жазушылар көркем ауыстырулар арқылы болмыстың, дүниенің келбетін шынайы қалпында индивидуалдық-авторлық тұрғыдан суреттейтін болса, онда ол өзінің өрнектілік-көркемдік міндетін шебер және суреткерше қабылдай білгені.

Ауыстыру әртүрлі заттар мен қабылыстарды бір-бірімен түсіндіруде шексіз мүмкіндіктерге ие болып, шын мәнісінде, белігі бір құбылысты жаңаша сипаттап, оның ішкі табиғатын жарқырата көрсетуге мейлінше қабілетті.

Ауыстыру тәсілінің бойында сан алуан қасиеттер бар. Олар: өрнектілік, экспрессивтік, түсіндірмелік, болжғыштық, танымдық, репрезентативтік.

Әлбетте, мұндай өлшеусіз қасиеттер тіл мен ойлаудың бір-біріне әсерінен бастау алады. Ойлаудың сан-қилы түрлерімен (интуитивтік ойлау, образды ойлау, көмескі ойлау) шеңдеседі.

Ауыстыру туралы айтылған қадау қадау пікірлер бар. Мәселен, Аристотель: «Метафораның бойында жұмбақтылық бар, демек, жұмбақтар жақсы құрастырылған метафоралар екені айқын... метафораны барлық уақытта ұқсастықтан шығару керек болады» деп тұжырымдайды.

Ал Роджерс мұны құштарлықтың тілі дейді.

Метафора – синтетикалық құбылыс, психологиялық феномен, әлеуметтік-мәдени өміріміздің жемісі.

Ауыстыру – тілдің өзіндік даму жүйесінің бай мүмкіндіктерін жарқыратып ашуға зор ықпал жасайтын көркемдік құрал. Сондықтан да тілдің осынау динамикалық принципін деп атаған.

Ауыстыру табиғатын түсіну мен жүйелеуде контекстің ішкі құпия сырларын, астар-қабаттарын, ағыс-толқындарын тексеру қажет. Әрине, бұл білімдарлық пен біліктілік тілейді. Ауыстыру суреткер болмысымен тікелей байланысты. Бұл орайда орыс ақыны В.Я.Брюсов: «Ақынның өзіндік бейнесін оның творчестволық тәсілдеріне қарап, оның образдары, қолданған метафоралары арқылы байқауға болады» – деп жазады.

Көркемдік-эстетикалық мән-маңызы ала-бөтен ауыстырулар, бір жағынан , жұмбақ сияқты күрделі (Аристотель), біресе адамды адамды қайран қалдырады (Брунер), бірде рахаттандырады (Джерард) немесе бейнелі суреттердің, мағыналық ойнақылықтардың, көркемдік мәністердің ұйытқысы,

ұйымдастырушысы болады. Сайып келгенде, поэзиялық құбылыстар, мәнерлегіш-бейнелегіш құралдар кейде бір-бірімен етене жақын болып, шекара -жігі айқын көрінбей кетеді. Әрине, «қытай қорғаны» жоқ десек те, кей ретте айырмашылықтар, әрбір құбылысқа тән қасиет-белгілер атой сап дауыстайды.

Ауыстырудың табиғатын одан әрі талдау, тексеру барысында «метафора бірде мағына ауыстыру, бірде нәрсенің, құбылыстың орнына соған ұқсас екінші нәрсені, екінші нәрсеге телу, балап айту түрінде қолданылады. («Мен тауда ойнаған қарт марал... Мен – құстан туған құмаймын. Мен – түбін кескен бәйтерек»), – деп тұжырым жасайды З.Ахметов.

Ауыстыру табиғатын талдап түсіндіргенде көне ғылыми таныммен, пікір-тұжырымдармен («ауыспалы мәнде сөздің қолданылуы») шектелмеуге тиіспіз. Поэзиялық ауыстыру – көркемдік жүйенің көрнекті тәсілі, сонымен бірге эстетикалық элемент. Бұл – индивидуалдық творчествоның жемісі. Ол суреткердің дүниеге көзқарасымен, көркемдік ойлаумен, қиял өрісімен, эстетикалық қабылдауымен, философиялық толғаныстарымен, ассоциациялық шеберлігімен тамырлас құбылыс.

Метафоралық ойлау жүйесі дегеніміз – көркемдік ойлау жүйесі. Ендеше, көркемдік ойлау – өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше бір түрі. Мұның ғылыми-теориялық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады. Образдық-сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам баласының табиғат-болмысына үңілу, тұрмыс-тіршілік мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады.

Көркем сананың эмоционалды белсенділігі, эстетикалық сезімнің кемдігі, сергектігі, тез, шапшаң шабыттану, болжағыштық, тұтанғыштық қасиеттер көркемдік ойлаудың тегеурін-қуатын танытады. Әсерлену тұтас творчестволық үдеріске қатысады. Айтулы ақын Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Әсерленудің болуына жан да, дене де қатысады» – деп жазады.

Демек, әсерлену, түйсік арқылы дүние дидары мен өмір шындығының философиялық-эстетикалық мәнін ашуға ұмтылыс жасаймыз.

Болжаушылық, тұспалдау, ықтималды ойлау қабілеті – көркемдік ойлаудың ерекше белгі-сипаттары.

Дүниені, болмысты, жаһанды тұтас тану, сондай-ақ жан-жақты жарқырата көрсету, оның үн-дыбысқа, бояуға, мағына-сырға толы келбетін ойша, қамту, әдепкі таным-біліміміздің көкжиегін кеңейту көркемдік ойлаудың жасампаздық сипатын көрсетеді.

Эстетикалық талғам, қиыстыру, метафоралық толғам көркемдік ойлаудан туындайды.

Шын мәнісінде, ұлттық поэзия тарихында метафораның пайда болуы өзгеше бір құбылыс, асу-белес. Мәселен, сонау Шалкиіз жырларында ауыстыру тәсілі бойынша көрініс тауыпты:

Сен – алтынсың, мен – пұлмын,

Сен – жібексің, мен – жүнмін,
Сен – сұлтансың, мен – құлмын,
Сен – сұңқарсың, мен – қумын...
Алп, алп басқан, алп басқа,
Арабы торым – өзіңсің.
Жазылы алтын, қол кескен.
Алдаспаным өзіңсің!
(Би Темірге бірінші толғау)
Не болсама:
Мен, мен едім, мен едім!
Қатарға салсаң, қайыспас
Қас қара нар мен едім,
Шабуыл салса шаршамас
Шыны тұлпар мен едім.
Су шашырап, жел тимес,
Аударылмас қара кеме едім
(Есет би)
Қара судың бетінде
Шайқалып аққан сең едің.
Қырық жасқа келгенде,
Алтын тоңның жеңі едің.
(Бұқар жырау)
Немесе:
Көңіл – гүл, тіл – бір бұлбұл, нәпсі-бәрі.
(Мәделі Жүсіпқожаұлы)

Жыраулардың көркемдік шеберліктерін айтқанда, олардан мынадай ауыстырулар табылады:

Қайыңның қатты безі едім,
Өлеңнің аққан көзі едім.
Сөйлер сөзге келгенде,
Шебердің құрған тезі едім.
(Базар жырау)
Мен – ақбауыр кер жорға,
Әдемі басқан аяғын.
Тұяғым тайпақ сүргірмін,
Түгескен топты жорғалап
(Ақтан Керейұлы)
Жасымнан назым сөзге шебер едім,
«Өзімнен шебер кім?» деп кебер едім.
Әртүрлі қиқия мен дастандардың,
Ширатқан шым жібектен көгені едім.
(Тұрмағамбет Ізтілеуов)

Бұларды суреттілік, экспрессивті мәні күшті әрі әсерлі ауыстырулар деуге болады. Индивидуалдық-авторлық түйсікке құрылған, ұлттық-мәдени ассоциацияға негізделген.

Осы айтылғандармен байланысты Шәңгерей Бөкейұлының мына бір шумағына назар аудара кетуге болады:

Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда өскен.
Бір қалыпта тұрмақ жол,
Шығармалық мұны естен.

Ұлттық сипат-қасиеттері мол, адам өмірінің, оның ғұмыр-жасының өзгерістерін әдемі жеткізген. Раушандай жарық нұрлы сөз ой саәулесін анық түсірген.

Иә, тапқырлыққа негізделген ауыстырулар көп сырды тереңнен қозғап, дүниенің образдық-поэзиялық бейнесін суреттеп бере алады.

Ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік кестесінде терең мағыналы сөздер ұшаң-теңіз. Алдымен көркем теңеулердің нендей себептерге байланысты туындайтындығына үңілейік. Сыртқы дүниеге әсерлері мен түйсік-түсініктерді синтездейтін және өнерпаздықпен жүйеге түсіретін, болмыстың бейнелері мен моделін, әлемді көркемдік, рухани, практикалық тұрғыдан игерудің принциптерімен үйлестіре суреттейтін сана қабілеті көркемдік қиял деп аталады. Көркемдік қиял көркем шындық пен шарттылықтың бірлестік-тұтастығына негізделеді.

Көркемөнерде тақырып таңдау, оның тереңіне бойлау, құбылыстардың ішкі қабаттарына барлау жасау, солардың әлеуметтік-эстетикалық мәнін ұғыну, образдық-бейнелілік құралдар жүйесін әсерлі құру көркемдік құралға тікелей байланысты. Жетекші көркемдік қабілет – қиял. Ал елестетуді қиялдың құрамында қарау – өрескелдік, өйткені олардың бір-бірінен айырмашылығы жер мен көктей. Қиялдың шығармашылық сипаты бар. Шығармашыл адамы көп көріп, көп естуі керек және де көрген-білгенін есінде сақтауы, жадында ұстауы қажет. Суреткерге керегі – осы.

Сайып келгенде, «неғұрлым жазушы қиялға бай болса, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарма сөз пікірлі, есерлі болып шықпақ».

Ұлттық әдебиеттану, педагогика ғылымдарында осындай әрлі, ажарлы, құнарлы пікірлер бар. Соның бірі – ақын, аудармашы, педагог Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: Қиял ұғымы. Жанның өзінде бұрыннан бар суреттеулерден жаңа суреттеулер жасай алуы қиял деп аталады» деген анықтама береді. Әрі қарай оны бірнеше түрлерге бөліп, табиғатын айқындайды.

«Еріксіз һәм ерікті қиял. Егер жанымыздағы суреттеулерді біз билемей, суреттеулер бізді билеп алып кетсе, яғни жанымыдағы суреттеулерден жаңа суреттеулер жасала берсе, міне, жанның осы ісі, яғни бұрынғы суреттеулерден жаңа суреттеудің өз еркімен жасалуы еріксіз қиял, бос қиял, яки мечта деп аталады». Егер «жанымызда бар суреттеулерден жаңа суреттеулерді қайрат жұмсап, өзіміз тілеп жасау – ерікті қиял, берекелі қиял, яки фантазия деп

аталады», деген ойлы пікірлер өрбітеді де, қиялдың жасалу жолдарын қарастырады.

1. Заттардың өздерін, яки бір мүшелерін зорайту, яки кішірейтумен (бойы бір тұтам, төбесі көкке тиіп жүретін алып).

2. Әр заттың түрлі мүшелерін алып қосумен. Мысалы, адам басты, ит кеуделі, жылан құйрықты бір жануар болады-мыс деп қиял қылу сықылды.

3. Реті келгенде өздері де жиыла алатын көріністері бір суретке жиюмен, түрлі адам мінездерін бір адамға жиюмен көрсетіледі.

Фантазия – өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі діңгегі. Фантазиясыз адам – тұсаулы есек. Фантазия ақылды кеңейтеді. Фантазиясыз жаңадан бір нәрсені ойлап табуға мүмкіндік емес. Фантазия құлықты түзейді. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қылатын, бізді арсызға аяқ басқызып, төңірімен тілдестіретін – сол фантазия. Осы фантазияны қазақтың сыршыл ақыны Шеңгерей Бөкеев мынадай деп суреттейді:

Таудағы тас ұядан,
Лашындай сарыққан қиядан.
Шалқып сөзім шығады,
Ойласам, пікір қиялдан.
Аспалап қиял кетеді,
Шыққаг ойтай жаядан.
Дасындай барып жалт етіп,
Көк қапысын ашады,
Жарығына алданып,
Дидарға қадам басады.

Көркем теңеулер де – көркемдік қиялдың жемісі. Әрі қоршаған ортаны, табтғатты, тұрмыс-тіршілікті, шаруашылықты жетік білуде поэзия тілінің құлпыра түсуіне, оюлы, өрнекті сөздердің, сырлы суреттердің молая беруіне жойқын әсер етті.

Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай.
Балығы таудай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған.

(Қазтуған)

Мұндай әсерлі теңеулер төрт түлік өсірген (қасиетін, мүшесін, түстерін жіті аңғарған) елдің перзенттерінің аузынан шығады.

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде құлар шулайды –
Көкшілден ол айуан,
Соққы жегенге ұқсайды.

(Шалкиіз)

Дуылғаның төбесі
Туған айдай болмаса,

Батыршылық сұрмен-ді

(Шалкиіз)

Ағарапы атқан таңдай деп,
Шолпаңды шыққан күндей боп...

(Доспамбет)

Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбей

(Доспамбет)

Бұл теңеулер сұлу табиғаттың, көк аспанның аясында еркін, бұла өскен, аспан сырын болжаған, көкірегіне тоқыған көшпелі халықтың өмірінен елес береді.

«Жер, мекен, туған табиғат халықтың тіл құрамында, сөйлеу нақышында өзінің сурет таңбасын, із-бедерін, жұпар иісін қалдырған, – деп пікір түйеді М.Базарбаев. Сондықтан да сөйлеу тілімізде болсын, немесе әдебиет тілінде болсын, мекен мен мезгілдің кісі иісі сіңген, ең жазира жер мен талай заманның таңбасы түскен дәстүрлі, беделі сөз халықтың туған тегін, тіршілік жайын, тарихын аңғартатын паспортпен тең» [52, 18-б.].

Туған халқыңның сан замандар мен дәуірлер бойы тәжірибе, білім қорын жинап, онысы баға жетпес байлыққа ұласып, ұшан-теңіз түйіндеулері мен қорытындыларын, теңемелері мен баламаларын шебер қолданады. Мәселен:

Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пен аюдай,
Жылқыдағы асау тайындай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай мен қайыңдай.

(Жиембет)

От басар орны отаудай,
Қабырғасы қалың орнаған жонсаудай.
Ор қоянды қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптыаяқтай ерінді,
Қидасын көрі жіліктей,
Омырауы есіктей
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды
Таңбалап мінер ме екенбіз?

(Ақтамберді)

Ерлерім өрдей қасарып,
Жаратып сұлу ат мінген,
Ебейдей төсі салынған,
Шеңбердей белі бүгілген,

Еңіреудей көзі үңілген.
Қоғадай жалы төгілген,
Шортандай баурын жаратып,
Жорықпен тойда жасанып...
(Қашаған)

Керіскедей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім.
Қырмызыдай ажарлым.
Қиуадай базарлым.
Теңіздей терең ақылдым.
Тебіренбес ауыр мінездім.
(Махамбет)

Тұтас түйдектер қою суреттерге құрылған. Негізгі ойға желі өзекті сөздерді аңдар мен құстар дүниесінен, шаруашылық-тұрмыс, кәсіпке қатысты атауыштардан қарбытып алған. Бір ғажабы, киелі, қасиетті ақындық өнерді қызық тілдің күш- қуатын суреттегенде сөз зергерлігінің рухы өсіп, жаны елжіреп, жүрегі толқып, көмекейі көсіліп кетеді. Мәселен, былайша:

Көкірегім дариядай шалқушы еді,
Қызыл тілім кемедей қалқушы еді
(Орынбай)

Шапқан аттай саулаймын,
Жанған оттай қаулаймын.
Не қылғанмен дер күнім,
Бұлдыраған таудаймын.
(Ақтан Кереұлы)

Кейде ақындардың ақыл, нақыл, ғибрат жырлары тұтастай ой-қиялыңды қозғайтын теңеулерден түзіледі. Оны біз Шал ақынның мына бір өлеңдерінен көреміз:

Саясы жоқ бәйтерек
Саздауға біткен талмен тең.
Жақсы ағаңыз бар болса,
Алдыңда сары белмен тең,
Ағайының көп болса,
Ұлық бір шеру қолмен тең.
Ақылсызға сөз айтсаң,
Алды бір тұйық жармен тең.
Молдадан сабақ алсаңыз,
Алуа, шекер балмен тең.
Пайдасы жоққа жалынсаң,
Семіз бір жемқор малмен тең.

Мұнда жыр тәмамдалғанша, негізгі сипатталушы ұғымды сипаттаушы ұғымдармен тереңдете ұқтырып ортақ белгі қасиеттерін көптеп табады. Әрине,

құбылыстарды ұқсастыру, салыстыру ақынның білігі мен білімдарлығынан туындайды.

Эмоциялық-экспрессивтік бояуы мол, эстетикалық мәні бөлекше, бейнелі теңеулер жыстық шақты суреттегенде нөсердей төгіледі. Базар жырау «Жігіттік » деген өлеңінде:

Жігіттіктің екпіні -
Қаптаған қара дауылдай!
Күркіреп жауған көктемде
Қара нөсер жауындай!
Тұтынса берік, тозбайтын -
Күдері қылыш бауындай!
Жігіттікте қайғы жоқ,
Қадірін біліп күте алса,
Он екі мүше сауынды - ай.
Аңсары ауып сол кезде,
Әркімдер жеңсік болды -
Жаңа піскен қауындай,

– деп жырлап, келеді де, жастық дәуреннің өткінші құбылыс екендігін «мұнарланған сағымдай», «бәйге атының шаңындай» деген теңеулермен шебер түйіндейді.

Біржан сал жігіттік кезді «бойға таққан бір гауһар тасқа, ал Абыл «өтер, кетер бір қызыл гүлге» теңейді.

Ақындар адам баласы өмірінің бір белес -қырқасына орай болатын өзгерістерді, өзгешеліктерді, дене қуатының толысқан, кеміген тұстарын айтқанда, тілдің не бір бояу-нақыштарын, өрнектерін тізілдіреді. Шал Құлекеұлы алты жас туралы «қайыңның тозындаймын», жеті жас туралы «ойпаң жер бозындаймын», он жасты «сүт емген қозыдаймын», сонсоң он бес жасты «жарға ойнаған лақтаймын», отыз жасты «ағып жатқан бұлақтаймын», қырықты «қынаптағы қылыштаймын» немесе «қырымдағыға көз салған байлаулы тұрған құр аттай» деуі, жетпіс жасты «илеген терідеймін» немесе «қараңғы тұман түн екен» деп түйіндегені, сексен жасты «қазулы тұрған көр екен» деген байламы өрнекті, көрнекті теңеулер қатарын көбейте көркейте түсері даусыз.

«Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат белгісін түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшілігін өзге нәрсемен салыстырып, бейнелеу негізінде туады», – деп жазады академик З.Ахметов [53, 154-б.].

Қазақ елі 1991 жылдың желтоқсанында анық азаттыққа қол жеткізгенде қуанбаған, қуанғаннан көзіне жас алмаған адам кемде-кем. Сондағы ыстық сезімді, шаттықты, қуанышты аузы дұғалы ақындардан артық жырлаған ешкім де жоқ. «Жалаңаш барып жауға ти, Тәңірі өзі біледі, Ажалымыз қайдан-дүр» деген асқақ ұранды кешегі жыраулар мұрасы қазіргі таңда ұлтты елдікке ұйыстыру, жас ұрпақты ерлікке шақыру мақсатында рөл атқарып, ұмтылмай келеді. Қазақ жұртына құтты мекен – Жерұйық іздеген Асан қайғыдан бастап

марғасқа Махамбет пен дауылпаз Дулаттарға дейінгі аралықты даңқтылар поэзиясының мәңгілік сарыны азаттыққа келіп тірелетіні заңдылық. Азаттыққа жету жолында елін ержүрек батырлар қандай қызмет сіңірсе, алты ауыз сөзі алты алашқа жайылған арқалы ақын-жыраулар да одан кем еңбек еткен жоқ. Тарлан тарихтың тереңіне сүңгісек, «жыраулар поэзиясында» ерлік пен елдік, бодандыққа бас имеу, бұғалыққа бағынбау сынды мәселелер алдыңғы кезекте жырланады. Көненің күмбіріндей болып бүгінде аман-есен ұрпағымен қауышқан жыраулар поэзиясының ұрпақ тарихымен ұштасып жатқаны еш даусыз. Жырау – хан мен халық арасындағы дәнекер тұлға. Жыраулардың қазақ хандығы қалыптасып, нығаю үдерісінде хандардың бір орталыққа бағынған мемлекет құру саясатын іске асыруда.

Ұраншы, үгітші қызметін атқарудағы рөлі ерекше. Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар – халық поэзиясын жасаған ақылгөй даналар. Олар заманның өздері куә болған елеулі уақиғаларын , тарихи кезеңдерді жырға қосқан. Жырауларды халық, қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп, істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл – нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю. Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «Қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «Ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпес, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге, азаттыққа деген асыл арманға толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған.

Асан қайғы ел, халық тағдырына, болашағына терең көз жібереді, қабырғасы қайысса жыр төгеді, болжам жасайды. Ақылгөй жырау «ата жұрты – бұқара» күшін жоғары бағалайды.

Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа, – деп елді бірлік -ынтымаққа шақырады.

Жырда ғибрат, өнеге аларлық парасатты ой түйіндері мол. Ол өз

тұсындағыларға да, келешек ұрпаққа да биік адамгершілікті уағыздаған. Асан қайғының тағы бір толғауында:

Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің, – [54, 20-б.] дейді.

Бұл толғау негізінен Керей мен Жәнібек хандардың Мағолстанға көшкен сапарында айтылған деседі.

Қазақ хандығын құру алғышартында Асан қайғы елдің болашағына алаңдап, атамекеннен біржолата көшуге риза еместігін көреміз. Осы орайда, Асан қайғының өз толғауларында үнемі халық атынан сөйлейтінін ескергеніміз жөн. Оның қайғысы – бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамынан туындаған қайғы. Ендеше, елім деп еңіреген Асан атаның өмірі мен өнерін, жырларын тани келе, ел азаттығын аңсаған арыс екендігіне көз жеткіземіз. Әдебиетімізді жаңа тарихи кезеңде, ел басына қиын қатер төнген шақта екіталай кезеңде – XVIII ғасырдың бірінші жартысында жаңа, соны ой – толғанысымен, көркемдік сөз өрнегімен әрі қарай дамытқан Бұқар жырау. Оның жыр-толғаулары – сол тарихи дәуірдің көркемдік көрінісі. Жоғарыда айтылған жыраулар өзінше бір төбе болса, Бұқар жырау бір төбе.

«Идеологиялық жағынан ел санасына ену әскери жолмен жаулап алудан арзан және тиімдірек болады екен», – деген Л.Гумилевтің сөзі – отарлаушы елдің арам пиғылын ашатын ғылыми тұжырым. Бізді бұл ойға жетелеген Ресей империясының ғасырлар бойы қазақ елінде жүргізіп келген саясатының жемісі болды. Л.Гумилевтің жоғарыдағы пікірін ғалым М.Мырзахметұлы одан әрі терең талдап, оған тарих дәлелдеп берген нақты фактілер арқылы тереңдей түседі.

«Өйткені халықты құралдың күшімен жаулап алу оңай, бірақ оларды мәңгі құлдықта ұстаудың жолы өте қиын болуы себепті, оларды рухани жағынан шырмап ұстаудың сенімді жолдарына шешуші мән беріледі [55, 367-б.].

Ресей империясының отаршылдық саясаты қазаққа тән ұлттық менталитетінің өзгеруіне әкеп соқтырды. «Ұлт менталитетінің көрсеткіштері мен қасиеттері ретінде мыналарды көрсетуге болады», – дейді Т.Бүрбаев. Өзінің даласындай жанның кеңдігі, кеңпейілділігі, кешірімшілдігі мен қайырымдылығы, қонақжайлығы, жарқын-ашықтығы, бөтенді жақтырмай басқа мәдениетті тез қабылдағыштығы, жатсынбауы, сөзге ерекше мән беретіндігі, аңғарымпаздығы, табиғатқа жақындығы, философиялық ойлары бейімділігі, дүние, өмір, заман туралы ойлары, ақын жандылығы, дүниені образдық оймен бейнелеуге жақындығы, қазақтың маңғаздығы, асықпай-аптықпауы, тәубешілдігі, сәтті күнді күтуі, қазақтың туысшылдығы, ойын-сауықшылдығы, бірін-бірі іздеп жүретін бауырымпаздығы. Бұл негізінен дала берген ақсы қасиеттер» [56, 242-б.]. Тәуелсіздік – тарихы терең, тағлымы мол қасиетті ұғым. Тәуелсіздіктің әлеуметтік сипатын ашу үшін жыраулар жырлаған

толғаулар терең мәнді қымбат қазыналар болып табылады. Қазақ жыраулары, ұлттың мұратын, мүддесін, арман тілегін ұрпқтан-ұрпаққа жеткізіп, еркіндіктің үлгісін көрсетіп өткен. Қолда бар деректерге жүгінсек, қазақ халық ретінде, ел ретінде бірігіп, азаттыққа құштарлықтың алғы шарттарын қалағаны байқалады.

Қазақ бодан болып, отаршыл саясат салдарынан езіліп, еркіндікке жету үшін рухын ояту қажет болды. XV–XVIII ғасырларда қалмақтар мен жоңғарлардан елді қорғау, азаттық үшін бәйгеге басын тіккен батырлардың ерлігін дәріптеу, есімін ұрпаққа үлгі ету үшін небір жырлар төгілген. Жырлар әлеуметтік бақылаушы болған. Олар адам байқай алмайтын құдіретті кезіп, көріп, болжап отырған. Жыраулар қоғамдағы елеулі мәселелерге үн қосып, сыршылдық, тереңдікпен толы сөз айта білген, сол сияқты билікке, хандарға халық мұңын жеткізіп отырған. Жыраулар поэзиясындағы бодандыққа қарсы күрес мәселесін шартты түрде үш кезеңге бөліп карауға болады:

1. XV–XVIII ғасыр ерлік, елдік мәселесі, елді сыртқы жаудан қорғау, азаттық еркіндікті аңсау.
2. XVIII ғасыр бодандыққа қарсы күрес.
3. XIX ғасырдың бірінші жартысы бодандыққа қарсы болу.

Азаттық аңсаған, еркін ел болудың алғашқы қадамын жыраулар толған жырлардан дәлел, дерек аламыз. Ал әлеуметтік мәні, қоғамдық маңызы, халықтың сипаты тұрғысынан қарасақ:

- Қазақ хандығы тұсында елдің сыртқы жаулардан қорғануы азаттық-бостандық жолындағы еркіндікке ұмтылуы кеңінен көрініс береді.
- Жыраулар тұтас қазақ халқының өмір-тұрмысын, тарихы мен тағдырын жырлап, еркіндік, азаттықты аңсаған ел келешегіне алаңдаған.
- Батыр бабаларымыз бен жыраулар орамды ойлары арқылы халық санасын оятуға ұмтылған.
- Жыраулар поэзиясында бодандыққа қарсы күрес идеясы, қуғын-сүргін, алапат заман зардаптары жан-жақты жырлаған.

Адам мұраты, өмірі мен тіршілігі, армандарын жыраулар сөз арқылы жеткізіп отырған. Олардың сөздерінде тарих, таным, тағылым бар. Сөздегі құдіретті, ақыл-парсаты, ой жүйені баса жырлау арқылы қоғамдағы келелі мәселелерге үн қосқан.

Мәселен XIX ғасырда өмір сүрген Мұрат Мөңкеұлы қазақ тоз-тоз болды деп:

Еділді тартып алғаны,
Етекке қалды салғаны.
Жайықты тартып алғаны.
Жағаға қолды салғаны
Ойылды тартып алғаны.
Ойындағысының болғаны.
Қоныстың бар ма қалғаны.

Ақын қазақ елінің әскери отаршылар тартып ала бастағанын, ел басына түскен ауыр жағдайды осылайша жырлаған. Бодандыққа қарсы дүниетаным қалыптастыру жыраулар поэзиясының өзекті қырларының бірі болғандығы анық. Сонымен бірге әлеуметтік-философиялық ой-тұжырымның көтерген тіні

– орталық саясаттың жымысқы әрекетіне батыл қарсы тұру, ұлт рухын көтеру болғандығын аңғарамыз. Біз бодан болған жұртпыз. Демек, бодандық дегеніміз өзге елге саяси кітаптар болу және рухани дүниемізді жаулап алады. Елдің рухы тәуелді болса, болданға айналады. Мәселен қазақ елінің ресейге тәуелді болуы қаншама құндылықтардан айырылып қалуға әкеледі. Ұлттық болмысымыздың өзіне ұдайы жоспарлы түрде кері ықпал жасалады. Бодандыққа қарсы дүниетанымы аясында қазақ елінің асқақ рухы, еркіндікке деген талпынысы, мақсаты монолог күйінде көрініс табады. Қазақтың бодандық дәуірі, қолдан жасалған коммунистік идеялар, қазақ ұлтын қайта туғызды. Жыраулар бөлінбес бірлік, қайтпас ерлік дәстүрін уағыздайды. Тәуелсіз елді, салтанатты сәнді өлкенің мінсіз келбетін жырлайды. Толғауда замана келбеті, ел тағдыры, болмыс шындығы суреттелген. Доспамбет жырау бүкіл күреске толы өмір жолын атамекенді сыртқы жаудан қорғау, еркін ел болудан асқан асқан арман жоқ деп санап, былайша толғайды:

Төрт төбет ат мініп,
Той тойлаған өкінбес,
Екі арыстан жау шапса
Оқ қалқандай шаншылса,
Қан жусадай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сарыарқаның бойында
Соғысып өткен өкінбес.

Толғау өмірлік қорытынды мен әлеуметтік мазмұн жатыр. Жыраулар әлеуметтік, өмірлік көріністер мен заман жайында ой-болжам жасап отырады. Берілген жыр үзіндісі идеялық тұрғыдан ерлік, батырлық және ел қорғау жолындағы күрестің маңызын дәріптеп, жаумен шайқаста қаза тапқан ердің өкінбейтінін, оның өмірі мәнді өткенін көрсетеді. Көркемдік жағынан жырда теңеу мен метафоралар «оқ қалқандай шаншылса», «қан жусадай егілсе», «аққан судай төгілсе» арқылы соғыс көрінісі әсерлі әрі бейнелі түрде суреттелген, сондай-ақ гипербола элементтері де байқалады. Құрылымдық тұрғыдан тармақтар бірізді дамып, алдымен батырлардың бейнесі беріліп, кейін шайқас сәті мен оның нәтижесі көрсетіледі, бұл жырдың мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді. Стильдік жағынан шығарма жыраулық поэзияға тән эпикалық-қаһармандық және көтеріңкі пафоспен жазылған. Деректілік тұрғыдан жыр қазақ халқының жаугершілік замандағы өмірін, Сарыарқа өңіріндегі шайқастарды меңзейді, ал текстологиялық тұрғыдан ауыз әдебиетіне тән қайталымдар, тұрақты теңеулер және көне тілдік элементтер сақталған, сондықтан әртүрлі нұсқада кездесуі мүмкін. Жыраулар бодандыққа қарсы дүниетаным, қөзқарас, пайымдаулар болғанына толғаулары арқылы көз жеткізуге болатынын байқадық. Жырауды заман тудырады, жан жүрегін толғантатын өзекті мәселелерді көксеп, армандап асқақты жырлар қалдырған, елдің рухани жетекшісі болған, ұлт рухын көтеру бағытында көрінеді. Тәуелсіздік тұғырын бекемдей түсудің ұлы мұраты – елдің бүтіндігін келер замандарға жалғастыру, өркениеттің асқар белестеріне өрлеу болмақ.

Жыраулар поэзиясы мен кейінгі тәуелсіздікті жырлаған ақындардың шығармашылығы арасында тарихи және идеологиялық сабақтасқан кезең бар. XV–XVIII ғасырларда жыраулар халыққа рухани-әлеуметтік тәрбие беріп, ел бірлігі, әділеттілік, еркіндік идеяларын поэзиялық тілмен насихаттады. Олардың толғаулары тек белгілі бір замандағы оқиғаларды сипаттап қана қоймай, сонымен қатар ұрпаққа ұлттық сана мен моральдық бағдарды қалыптастыру құралы болды.

XIX–XX ғасырлардағы тарихи оқиғалар, әсіресе Ресей империясының бодандығы мен Қазақстандағы ұлттық қозғалыстар, халықтың тәуелсіздікке ұмтылысын күшейтті. Осы кезеңде жыраулардың ұлтты, еркіндікті қорғау идеясын насихаттау тәжірибесі жаңа ұрпақ ақындары үшін рухани сабаққа айналды. Жыраулар көтерген тақырыптар – елдің бірлігі, жердің қадірі, халық мүддесі, еркіндік – кейінгі ақындардың тәуелсіздік идеясын жырлауында құндылықтық әрі философиялық негіз болып қызмет етті.

Сондықтан жыраулар поэзиясынан тәуелсіздікті жырлаған ақындарға өту кезінде маңызды сабақ – ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының тарихи сабақтастығы. Бір кезеңнен екіншісіне өту тек хронологиялық тәртіппен емес, мазмұндық, философиялық және идеологиялық байланыс арқылы жүзеге асуы қажет. Бұл байланыс қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық құндылықтар мен азаттық идеясының жалғасуын көрсетеді.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі қазақ әдебиетінің барлық жанрында басты тақырыпқа айналды, әсіресе поэзия мен публицистикада терең тебіреніспен пайымдалды. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел болып жарияланған жылды, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңін ақындар мен көсем сөз шеберлері қатарында гүлдей жайнап, күндей балқып толғағандары да, ой бағып, ойланғандары да болды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - тәуелсіздік рухы күрескерлік рухымен ұштасқан қазақ жастарының намысы ойнап, қаны қайнап, бостандыққа ұмтылған сұрапыл бұлқынысынан туған көтеріліс. Желтоқсан көтерілісі, оның құрбандары, ерлері – қазақ поэзиясының өзекті тақырыптық желісіне айналды. Желтоқсан көтерілісі өткен Жаңа алаң, онда Тәуелсіздік үшін төгілген қан, содан бері өткен әр желтоқсан айы қазақ поэзиясында ерлік рухтың ғана емес, қайғылы хәлдің де қозғаушы күшіне, тарихи есті жаңғыртушы қуат көзіне айналды.

Тәуелсіз елде, Тәуелсіз мемлекетте қоғам мүшелерінің, азаматтардың қайыршылық күй кешуіне жол берілмейді, берілуге тиіс емес деу оңай. Қоғамда қайыршылық жалпы сипат алып, кәсіп етудің бір түрі ретінде қалыптасатын болса, оған ақынның қабырғасы қайыспай қалмайды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет «Қазіргі қазақ поэзиясы» сериясымен жарық көрген «Ғұмыр жас» кітабында «Көк бөрінің рухы» жайында жалындап жырлап келіп:

Замандарды көп көріп тар-қысталаң,
Айбалтадай жарқ еттің шарға ұстаған.

Дүниені жібердің жап-жарық қып,
Желтоқсанның жасыны, алғыс саған! –

деп толғанды. Желтоқсан көтерілісінің қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің тарихында, азаматтық тарихында, тағдыр талайында алатын орны үлкен. Желтоқсанда төгілген қанның, қиылған жанның өтеуіндей болып атқан Тәуелсіздік таңының арайында қуаныш қана емес, бодандық бұғауында бұлқынған қилы заманның қайғысы да болды. Әйтсе де Тәуелсіздіктің қасиеті тебірентпей қоймады. Осы тебіреністің бір ерекше сырын Ұлықбек Есдәулет бостандықпен байланысты ашады:

Мұзарт шыңдай тұратұғын мұнартып,
Қол жетпеген арман едің құны артық.
Сенің атың дұғамыздан түспеген,
Қасиеттеп тағатұғын тұмар қып.
Кешіп жүріп қан аралас көз жасын,
Аңсап едік, құштарланып, құмартып...

Бостандықтың қадірін халық біледі. Бодан халық, бодандағы ер бостандықтың, тәуелсіздіктің қадірі мен қасиетін қаны мен терін төгіп жүріп, қан мен тер сіңген сазды toларсақтан кешіп жүріп білді. Сондықтан оның баяғы ата-бабаларының заманындағы еркіндікті, теңдік пен тәуелсіздікті іздеуі де, оны аңсауы да, сол үшін күресуі де, тіпті сол жолда қаны мен терін төгіп, жанын қиюы да өзгеше, өзгелерден бөлек. Қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының осындай ерекшелігі бар. Ұлықбек Есдәулет қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының естен кетпестей болып сақталып қалған осындай ерекшеліктерін көрсетеді. Ондағы ерекшеліктердің әрқайсысы – қилы кезеңдерімен, қиын асуларымен ғасырлар кеңістігін алып жатқан ұлы сурет.

Сыңғырлаған бұлақтарды суалтып,
Сыбдырлаған құрақтарды қуартып,
Үміт нұры үзілерде үздігіп,
Келген едің жыл құсындай қуантып.

Ақын тәуелсіздіктің, бостандықтың келуіндегі ерекшеліктерді де көркем өрнектейді. Халықтың даласы мен қаласындағы, саласы мен санасындағы сыңғырлаған бұлақтар суалғанда, сыбдырлаған құрақтар қуарғанда, елдің үміт нұры үзілер хәлге жетіп, ер үздігіп тұрған шақта келген ердің еркіндігінен, елдің бостандығынан, мемлекеттің тәуелсіздігінен ардақты құт болмайды. Құттың қонуы қандай қиын болса, оны ұстап тұру да оңайға түспейді. Оны ұстап тұрудың кепілі – құтты білік. Құтты білік ұлтқа ұлттың тілі арқылы, ұлттық ойлау жүйесі арқылы дарып, ұлттық, мемлеккеттік құндылыққа айналады.

Тәуелсіздік кезеңі поэзиясының үзілмей жалғасқан мұңды бір сарыны, тыйылмаған зары туған тілдің аянышты халі болды. Осы сарынның зары Ұлықбек Есдәулет поэзиясының гүлдей жайнаған, оттай лаулаған отаншыл сазының әлемінде жанның жарасын ашытатын, көңілдің көзін жасытатын күйге

айналды. Ақын көп томдық шығармалар жинағының үшінші томында (2006) туған тілі туралы толғанғанда, осы күйдің шындығын суреттеді:

Етектегі тасыңды
Өрге апарсам деп едім,
Есіктегі басыңды
Төрге апарсам деп едім,
Өз елінде өгейлі,
Кісі үйіне кегейлі,
Кенезелі күйіңе
Көл қотарсам деп едім.
Бұлт басқан көгіңді
Нұр жайнатсам деп едім.
Тереңдегі кеніңді
Күнге ойнатсам деп едім.
Кеуіп қалған көніңді
Қымыз құйып жібітіп,
Құлақ құрышын қандырып,
Сырнайлатсам деп едім...

Өлеңде туған тілдің бағын ашып, құтын тасытуды арман етіп, алуан түрлі асыл тілек тілеген, ақық ниет нұрымен балқыған ақындық қуат айрықша қасиетін ашады. Басынан ноқта кеткенмен, тілінен құрсау алынбаған адамның, адамзаттың теңдігі қандай, елдігі қандай болса, жырдың жанары, өлеңнің өрімі сондай. Жыр жанарындағы, өлең өрімінің өзегіндегі ой мен сезім жапырағы «ескі үміттей» сарғайып, желсіз күннің көзінде бірде елбіреп, бірде қалтырап тұрғандай.

Аталған кітаптағы:

Қашқандар мен босқандардың
Панасысың, Отаным,
Асқандар мен тасқандардың
Табасысың, Отаным,
Жанарымның ағы менен
Қарасысың, Отаным,
Жазылмайтын жүрегімнің
Жарасысың, Отаным... –

деген өлең жолдарындағы сырда да шалқыған, жалын-лебі жанды шарпыған оттай ыстық шындықтың ағысы бар.

Шындық дегенде, санамыздан тыс тұрған болмыстың қалпы туралы ойланамыз. Отан дегеніміз де нақты, затты болмыс. Ақын өлеңінде ақын мен Отан арасында алшақтық жоқ, ақын мен Отан бірбүтін, Отан ақынның болмысына айналған. Отан болмысын осылай суреттеу арқылы ақын өзі мен Отанның шындығын бір тағдырдың шындығы, бір тағдырдың шырылы қалпында толғайды. Өмірлік мәні зор шындық құбылыстардың сыны мен сырын ақын жанарының ағы мен қарасына тұндырады, ақындық таным кеңістігі, өлең, өлеңнің лебі туған даланың таңғы ауасындай тап-таза, тұнық.

Отанын жүрегінің жазылмайтын жарасына балағанда да ақын шындықтың жүзінен таймайды. Ақынның Отанын ақынның жүрегінің жарасына айналдыру ақынның өз қалауымен, өз еркімен болған іс емес, сыртқы күштің сұрапылынан болған созылмалы сұмдық. Бұл - бір жүректің жарасы. Ақын өлеңіндегі шындықтың суреті – жүректегі жазылмайтын жараның суреті. Бірақ осы бір жүректің жарасы бар жүректі ауыртады.

Бостандық та, тәуелсіздік те ұлттық мәні бар асыл қазына. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі – әр адамның, әр жеке тұлғаның бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі өз қалпында, өз болмысында – құт. Бостандықтың жоқтығы – құлдық, тәуелсіздіктің болмауы – бодандық. Мемлекеттің әр азаматының әлеуметтік теңдігі, елдегі әр жеке тұлғаның басында бостандық, ісінде еркіндік болмаған жағдайда оны бостан, тәуелсіз деп айту артық.

Мемлекет меншігіндегі бар қазына-байлық жекелеген адамдардың меншігіне көшкен жағдайда мемлекет азаматтары арасында әлеуметтік әділеттілік, теңдік толық сақталады деп айту орынды болмауы ғажап емес. Оған Бостандықтың да, Тәуелсіздіктің де қатысы жоқ. Ақынның поэтикалық ойлау әлемінен түрлі ойдың жарығы түседі. Ол жарық нұрлы, түрлі түсті. Бостандық, Тәуелсіздік әлеуметтік әділеттілікке жеткізеді. Бостандық, Тәуелсіздік жоқ жерде әлеуметтік әділеттілік болмайды. Әлеуметтік әділеттілік орнамаған, сақталмаған, қорғалмаған жағдайда тәуелсіздіктің жарығы жалпыға бірдей түседі деу бекер. Ұлықбек Есдәулет елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, әлеуметтік бостандық пен әділеттілікті ақындық ойлаудың биігінде шырқап, азаматтық танымның тереңінде толғайды.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының тұтас бір жүйесі сара сарынымен ерекшеленеді. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Қазақстанның тұлпар тұрпатты, сұңқар сипатты айбынды әрі арынды ақыны Темірхан Медетбек тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясына осындай жаңа һәм сара сарын қосты. Ол – Көк түріктер сарыны. Ақынның «Тағдырлы жылдар жырлары», «Тынышыңды алам, дүние», «Көк түріктер сарыны» атты кітаптарында осы сарын сан түрлі сазбен толысып, симфониялық алып арнаға айналды. Ақынның таңдамалы шығармаларының үш томдығы (2011), шығармаларының жеті томдығы (2020) осы алып арнаның ағысы мен тынысын толық ашады.

Ақын тәуелсіздік туралы ойларын тарихи таным тұрғысынан толғайды. Тәуелсіздікке дейінгі күйін «Кім екенімді енді білдім» өлеңінде өзекті өрілген үш шумақ оймен суреттейді.

Құшағым
Тауды құшақтайтындай
Кең еді.
Көңілім
Шалқып жатқан көл еді.
Өлдім.

Әуелгі бес жолда өмірде өшпейтін, өлмейтін құбылыстарға тән айрықша асыл қасиеттер бейнеленді. Ол қасиеттердің асыл арнасынан, алтынды арқауынан таудай асқақтап, көлдей шалқыған, теңіздей тебіренген қазақтың ұлттық болмысының мәні мен нәрі танылатындай. Мұндай қасиеті бар жан өлуге, өшуге тиіс емес. Бірақ тағының қасынуынан болды ма, мергеннің басуынан болды ма – әлдебір сұрапыл сұмдық көтеріліп, өлмес жанды өлімші етті. Тауды құшақтайтындай кеңдік тарылды, көлдей шалқыған өмір шөлдей болды. Өлді деуге болмайтын, өлді деуге қимайтын асыл қасиет өлді.

Өлең ары қарай былай жалғасады:

Сөзім
Жартасты жарып жіберетін.
Көзім, тік қарасам,
Кімді болсын
Жағып жіберетін.
Сөндім.

Шумақтың мағыналық-құрылымдық жүйесі алдыңғы шумақтағыдай. Сөнді деуге болмайтын, сөнді деуге қимайтын асыл қасиет сөнер болды, сөнді.

Бірі өлмейтін, бірі сөнбейтін екі қасиетінен бірдей айырылып қалған тұлға: «Қазір кіммін?» - деп өзіне өзі сұрақ қояды да, ол сұрағына өзі жауап береді:

Кім екенімді білдім!
Үмітімді күте
Мойным
Қайырылып қалды.
Қазанға түсетін бастай
Жағым
Айырылып қалды.

Нақты, қысқа айтылған әр тармақта, әр сөзде атан түйеге жүк болардай ауыр, соқталы ойлар жатыр. Боданда, тәуелділікте болған ердің көңіліндегі күйден халықтың басындағы шындықтың күйзелген үні естіледі.

Мұны жазып отырған - ақын. Мұны айтып отырған, бұлайша толғанып отырған – ақындық тұлға, ақынның ақындық ойлауынан туған тұлға. Оның шыны мен сырынан, қайғысы мен мұңынан қазақтың өзінің шыны мен сыры, қазақтың өзінің қайғысы мен мұңы шалқиды.

Ақынның «Көк түріктер сарынында» «Кеше мен бүгін» атты шағын өлең бар. Кеше болған жайды ақын мына үлгіде суреттейді:

Менің кеше
Аяғыма
Қара тас байлап қойды.
Алшаңдап
Жүре алмадым.
Төбеге шығып
Туымды тіге алмадым.
Менің кеше

Аузымды
Буып қойды.
Айтарымды айтқызбай
Таспамен тігіп қойды.
Менің кеше
Көзімді таңып қойды.
Көрсең,
Көзіңді жоямын деп,
Қасыма табыт қойды.
Менің кеше
Қолдарым бұғаулы болды.
Бұлқынсам,
Сұраулы болды.
Соның бәрін көрдім.
Соның бәріне көндім.

Ақынның шығармашылық ойлау кеңістігінде жинақталып, көркем суретке айналған шындық оқиғаның негізі тарихта, тарихи санада. Заманның шынын, адамның сырын тарихтың тереңіне бойлап танымаған білімгер ақын өлеңіндегі суретті нақты қабылдауы ғажап емес. Суретте көрініс тапқан оқиғаның, істің жайын, мәні мен мәнісін ұғуға оның танымы таршылық етуі де мүмкін.

Темірхан Медетбек өлеңіндегі ақындық тұлғаның көргенін көрмегендер бар. Олардың ақындық тұлғаның жайын түсіне бермеуі мүмкін. Темірхан Медетбектің көркемдік әлеміндегі ақындық тұлғаның неге көнгенін білмейтіндер де бар. Олар да ақындық тұлғаның неге және неліктен көнгенін сезіне алмауы ғажап емес. Бірақ ақындық тұлғаның сөзінде тарихтың ақиқат шындығы айнадағыдай анық көрінеді. Айнадағы көріністің астында көрген көз көр болардай, сезген жан  жер болардай ұбақ-шұбақ шұбатылып жатқан сұмдықтардың елесі, тарихтың сұрапыл шындығының елесі бар. Бүгінгі ұрпақ оны көзімен көрмесе де, көңілімен таниды. Оны білмеуге, оны сезбеуге болмайды.

Кешегі күнінің қандай болғанын шынайы қалпында бейнелеп отырған ақын бүгінін де шыншылдықпен көрсетеді:

Бүгін
Тас алынды.
Бұғау шабылды.
Таспа кесілді.
Ауыз шешілді.
Бірақ
Аяғымыз
Бағымызға қарай емес,
Сорымызға қарай
Бастайтыны несі?
Аузымыз

Жақсылықты айтпай
Бәле-жаланы айтып
Қақсайтыны несі?
Көзіміз
Өзгені емес,
Өзімізді аңдып,
Бағып тұрғаны қалай?
Қолымыз
Құшақтаудың орнына
Өзімізді жағадан
Алып тұрғаны қалай?

Кешегінің мәнісін дұрыс түсініп, дұрыс бағалаған сана үшін бүгінгінің сұрақтарына жауап табу қиынға соқпас деу артық. Өйткені бүгінгіні де біреу білсе, біреу білмейтіні рас. Бүгінде құлақпен естігенін, көзбен көргенін сараптап білмейтін, білгісі келмейтін, жарымжан ойдың жоруымен жортақтап кете беруге бейім құлық пайда болды. Бұл қауіпті. Өйткені бұл құлық қана емес, бұл – құлдық құлық. Темірхан Медетбектің «Кеше мен бүгіні» оқырмандарын осындай құлықтан сақтандырады, армандай да алмайтын, үміттене де алмайтын салақ ойдың ұйқы басып, жұмылып бара жатқан көзін ашқысы келеді.

Темірхан Медетбек «Қиын шақ» өлеңінде Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы қиын шақтың шындығын ақындық әлеміндегі ақындық тұлғаның көңіл-күйі арқылы ашады.

Дүниені
Түстеп-танып
Ұға алмай жатырмыз.
Кеңес Одағының
Ми батпағына
Кеңірдектен батқан екенбіз –
Ұмтылып
Шыға алмай жатырмыз, -

деп, тарихи кезеңнің қиындығы мен ол кезеңді бастан өткеріп отырған тұлғаның басындағы ауыртпалықты қатар сипаттайды. Оның қиын шақтағы жан қиналысын, ашынған күйін жан аффектілерінің бұлқынысымен жеткізеді:

Лағынет атқырлар-ай!
Әбілет қаққырлар-ай!
Ісімді
Тындыра алмай жатырмын.
Тілімді сындыра алмай жатырмын.
Бірде сөгіліп,
Бірде өріліп тұрмын.
Осы бір кезеңнен
Өтіп кетемін деп
Атымды қамшылап

Тебініп тұрмын.

Өткен дәуірден қалған, қараң қалған дүниенің кір-қоқыстарынан тазару қандай қиын болса, жаңа дүниенің жаңа керегесін жайып, жаңа шаңырағын көтеру де оңай емес. Кезеңнің шындығы, сол кезеңдегі адамының сыры, үміті мен күдігі ақын толғауында терең көрініс тапқан.

Т. Медетбек бейнесін жасаған тәуелсіздік кезеңінің тұлғасы – белсенді ойдың, белсенді әрекеттің тұлғасы. Оның алдынан күткені, мақсат-мұраты бар. Сол мақсат-мұратына жетуге кедергі болған күшке қарсы қайрат көрсетуі де көрнекі. «Бірде сөгіліп, бірде егіліп» тұрса да, осы бір қиын шақты артқа тастап, алға басатынына, көздеген мақсат-мұратына жақындай түсетініне сенімді: ізденіп, алға ұмтылып, «атын қамшылап, тебініп тұр».

Ақын поэзиясындағы ақындық тұлға бар халықты өзім деп жақын көреді. Өзгені емес, өзін аңдып, бағып тұрған көзді де өзіндей көреді. Өзін халықпен бір санаған, өзін өзгелермен бір тұтқан, өзі мен өзгелердің тәуелсіздігін пір тұтқан, өзіне де, өзгелерге де ұлттық ұстаным, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қараған тұлға өзгенің тарапынан байқалған өзімшілдік пен менмендіктен өзіне, халыққа, ұлттық құндылыққа, мемлекеттік ұстанымға дұшпандық сезгендей қапаланады. Ақын жасаған ақындық тұлғаның азаматтық биік тұрғысы – тәуелсіздік поэзиясының басты құндылығы.

Серік Томанов (1956-2003) өмірге жылап келді, өмірде жылай тұра күліп, күле тұра жылап өтті, өмірден жылап кетті. Серіктің өмірге жылап келуінің себебі көпке түсінікті: төрт мүшесі түгел, бес сезімі бүтін жанның мына дүниеге жыламай келуі мүмкін емес. Бұған алып-қосар бірдеңе іздеу артық. Серіктің өмірде жылай тұра күліп, күле тұра жылап өтуінің себебі де түсінікті: өлеңдерінде тұнып тұр. Сөйткен өмірден Серіктің жылап кетуінің себебі – Серіктің өмірде алдынан күткендері, қимастары, қимайтындары, қоштасқысы келмейтіндері көп болды. Мұны жастың ісі, «саусағын жайып алыстағы айға талпынған» жас жүректің ісі десек керек.

Жырым жылайды,
Мен жыламаймын.
Қан жылап өткен бар жыры Абайдың.
Аңғалағыма жас тұрмас менің,
Аңғары құрғақ сай-жырадайын
Мен жыламаймын,
Жырым жылайды...

«Мен жыламаймын...» өлеңінде ақын осылай толғанады. Ақынның сөзі құлағына жеткендей болса, Абай атасы: «Е, айналайын, жылама», - дердей. Ақын: «Мен жыламаймын, жырым жылайды», - деп, атасын, атасымен бірге өзін жұбататындай. Серік атасының жайын кейін білсе, атасы Серіктің жайын әлімсақтан білген сияқты.

Серік жүрекке әмірін жүргізбеді. Жүрек Серікке әмірін жүргізді. Серік дүние есігін ашқанда, Серік болып жылап келген жүрек еді. Дүниеде Серік болып жылай тұра күліп, күле тұра жылап өткен де жүрек еді. Серік дүниеден

кетерде тағы да сол ғазиз жүрек Серік болып жылап кетті. Өлеңін, ақындық өнерін, ақындық өмірін қимай кетті.

Шаруа едім тірліктің көшіне ерген,
Таусап таттым жердегі несібемнен.
Көп жыл болды мәңгілік ұйқыдамын,
Топырағым бұйырды осы жерден.
Ата-бабам, бауырым, туысым да
Осы жерде: төбенің қуысында.
Алып кеткен өзімнің ештеңем жоқ,
Топырақ тек қалғаны уысымда.

Серік Томановтың қара кітабы «Пәруана» (2004) осылай басталады. Ақын бұл өлеңіне «Эпитафия (Құлпытастағы жазу)» деп ат қойыпты. Мұқағали ағасы мұндай өлеңін «Зираттағы жыр» деп атаған еді. «Құлпытастағы жазу» десек те, «Зираттағы жыр» десек те, «Эпитафия» десек те мән өзгермейді. Серіктің көңіл күйі де Мұқағали ағасының көңіл күйімен сарындас, олар да өзгеретін емес.

Өлең жолдары сабырға толы. Тірліде таусылмайтын тіршілік қамы, әлденеге талпыну, әлдеқайда асығу, әлденеге реніш, әлденеден үміт... – өлеңде де, өлең шыққан көңілде де бұлардың ешқайсысының елесі жоқ. Ақынның өлеңі де, өзі де ақиқатқа жетіп, ақиқатқа айналған, ұлы сабырмен тыным тапқан .

Серік Томанов өмірінің бір жартысын Тәуелді заманда, екінші жартысын Тәуелсіздік кезеңінде өткізді. Ақыннан қалған шығармалар ел-жұртқа үш кітап болып жетті: 1) Томанов С. Пәруана / Алғы сөзін жазған Маралтай Райымбекұлы. – Алматы: Үш қиян, 2004; 2) Томанов С. У / Құрастырғандар Марал Томанова, Еркін Жапаров. Алғы сөзін жазған Абдұлла Бақбергенов. - Алматы: Атамұра, 2006; 3) Томанов С. Соғады сен деп жүрегім. - Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2017. Үш кітап та ақын дүниеден өткен соң жарық көрді.

Ақынның шығармашылық талантының толысқан шағы Қазақстанның Тәуелсіз Республика болып қайта құрылып, қалыптасу кезеңіне сәйкес келді. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі түрлі қайтақұрулар оңай болған жоқ. Оның қиыншылықтары шығармашылық тұлғалар үшін де қиынға соқты. Қалам ақы жоқ, лайықты жұмыс орны жеткіліксіз, адамдардың сатуға, сатып алуға, алып қалуға, қалайда мал табуға ұмтылған сапырылысы қалам ұстаған ақын үшін, шығармашылық еңбек адамы үшін бейтаныс, жат болды.

Ақынның лирикалық кейіпкерінің шындық іздеп жүріп өтірікке тап болған, әділет іздеп жүріп әділетсіздікке кез болған, адам іздеп жүріп наданға тап болған жағдайдағы хәлі - ақынның шығармашылық мұрасының өзекті желілерінің бірі. Ақын қоғамдық құрылыс ауысып, қоғамдық құндылықтар алмасып, жаңарып жатқан шақтағы күрделі, қайшылықты ахуал жағдайында адамның күнделікті тірлігінің күйбең көріністерін термей, ішкі әлеміне еніп, жан сырына үңіледі. Қоғамдық құрылыс ауысып, қоғамдық құндылықтар алмасып, жаңарып жатқан шақтағы күрделі, қайшылықты ахуалдағы адамның ішкі әлемінің төріндегі, жан сырының тереңіндегі халі – ақын лирикасының әрі мен нәрі. Серік ақын ретінде өз шығармашылығының әрі мен нәрін ішкі

әлемінің төріндегі, жан сырының тереңіндегі осы халден тапты. Уақыттың ауыр тынысын терең сезінген жанның көңіл күйін үлкен ақындық шеберлікпен толғады.

Көңілі тоқ, қамсыз жандар үшін мұң-шерді, мұң-шер өлеңдерін қабылдау, түсіну қиын. Оларға кінә артуға болмайды. Бірақ шындықтың жүзіне тура қараудың артықшылығы жоқ. Ақынның лирикасында шындықтың шырылы бейнеленген. Ақынның лирикалық кейіпкерінің сыры, мұңы, шері - оның өмірінің шындығы. Онда иненің жасуындай да қалп айтылған сөз жоқ. Ақынның маңдайындағы тағдыр жазуы осындай. Ақынның лирикалық кейіпкерінің  сыры мен шыны көздің жасындай кермек татитыны, тіпті ащы екені рас. Бірақ ащыны білмей, тәттінің қадіріне жету оңай емес. Өлеңдегі ащының азабын тартқан лирикалық кейіпкердің сыры мен шынында танымдық және тағылымдық мән бар.

Бозторғай жауын-шашында бұтаның түбін паналайды. Шөптің бұтасы жауын-шашында бозторғайға сенімді пана болады. Тағдырдың ыстықсуығында, жауын-шашынында ақынның жаны қайдан сая табар. Ақынның әнімен әлдилеп, өлеңімен тербеткен тауы мен даласынан, сайы мен саласынан сайғақ құрлы сая таппай өтетіні болады екен.

Серік образын жасаған, сыры мен шынын ашқан лирикалық кейіпкер Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясынан дара, ерекше тұлға болып орын алды.

Ақын өлеңіндегі ой образды, сөз суретті, сезім сұлу. Ақынның образды ойы, суретті сөзі, сұлу сезімі – бәрі тіл құдіреті арқылы өріледі. Ақынның тілі шынында да сайрап тұр, тап-таза. Ақынның жаны жібек жалаудай: самал лебін сезінсе, алтынды шашағын желбіретіп, елбіреп тұрады. Шөл даладағы шөл өсімдігінің арманын сезінсе де үлп-үлп етіп, лүпілдей жөнеледі.

Тағдырыңа тауфиқсыз әлің келмей,
Ала жаздай бір тамшы жауын көрмей,
Өткіздің бе өмірді үмітпенен,
Жауын құмар жаныңа дамыл бермей.

«Күз. Шөл өсімдігін жұбату» өлеңі осылай басталады. Шөл өсімдігінің аты-жөні, түр-түсі белгісіз. Бірақ оның тірлігі, әл-ахуалы, жай-күйі толық көрініс тапқан. Төрт жолдың әрқайсысының өз мәні, өз мағынасы бар. Шөл өсімдігі. Тауфиқсыз тағдыр. Тауфиқсыз тағдырға әлі келмеу. Үш бунақтан тұратын бір тармақта осындай үш түрлі сындарлы ой өзегі бар. Шөл өсімдігі. Шөлге біткен, шөлде өнген өмір. Шөлдің шөлі қанатын болса, ол шөл бола ма. Шөлде өскен өсімдіктің шөліркемейтіні бола ма. Шөлде өсіп, шөліркеген өсімдіктің шөлін басу үшін көл жағасына барып өсуіне тағдыр жаза ма, шөл өсімдігі көлге бітіп, шөлін бассын деп тауфиқсыз тағдыр өзгере ме... Шөлде өніп, шөлде өсу – тағдырдың жазуы. Ала жаздай бір тамшы жауын көрмеу – тағдырдың жазуы. Өмірді үмітпен өткізу – тағдырдың жазуы. Тағдырдың жазуы өзгермейді, өзгертілмейді.

Ойға алған көп тілегің орындалмай,
Арманда қалдың ба екен шөлің қанбай.

Тым болмаса шаңыңнан арылтайын,
Сезінші бір жанкүйер табылғандай.

Шөлде өніп, шөлде өскен де, көлге бітіп, көлде өскен де армансыз болмайды, тілеген тілегінің бәріне жетпейді. Көлде өскеннің де, шөлде өскеннің де өмірінің өзегі судан нәр алады. Көлге бітіп, көлде өскен өскіннің шөлді аңсамайтынын кім біліпті. Аңсайтын болса, ол да шөлді өле-өлгенше аңсар еді, шөлге шығып шөліркеуден ол да үмітін үзбес пе еді... Құдайдың құдіретімен шөлге бітіп, шөлде өскендердің өзі де, өзегі де су аңсап өсіп, су аңсап өтеді. Шөл өсімдігі өссе, су аңсап өседі, шөл өсімдігі өлсе, су аңсап өледі. Шөл өсімдігінің осындай тағдыр-талайы, шөлге де, ыстыққа да үнсіз шыдаған, шыдамы жетпеген жерде үн-түнсіз үзіліп кетуге бар жай-күйі ақын жанынан мейір-шапағат сезімін туғызады. Сол сезім ақыннан ақынның лирикалық кейіпкеріне жетеді. Ойға алған көп тілегі орындалмаған, шөлі қанбай арманда қалған, өзін шаң басқан, өзегіне тамшы тамызар бір жанкүйер, бір жанашыр таппаған шөл өсімдігіне мейірімі түскен лирикалық кейіпкер оған қолынан келген көмегін көрсеткісі келеді. Шөлде өскен сол өскіннің өзіне бір жанкүйер келгендей сезінуінен бақыт табардай толқиды, соның шөлін басқысы, соған сүйеу болғысы келеді. Жанашыр іздегенге жанашырлық көрсетуге, сусағанға су беруге, сүрінгенге сүйеу болуға, жаны жабырқағанға жансерік болуға дайын тұрған лирикалық кейіпкердің шөлге де, шөлдегі өксікті өскінге де ықыласы түсіп, жүрегі рақым нұрына, мейірім шуағына толып елжіреген қалпы – ақынның ішкі қуатынан, талант табиғатынан туған тамаша көрініс. Ақынның ішкі қуатынан, талант табиғатынан туған осы тамаша көрініс – ақын өнерінің асыл өзегі, ақын болмысының абзал қасиеті.

Шөл өсімдігін жұбату мына шумақпен аяқталады:

Теңіз бен өзендерден шалғай жатып,
Өмір кештің таңдайға нәр алмай түк.
Шілдеден шыға алмайтын шөп-шалам көп,
Күресіп күзге жету қандай бақыт!

Жер бетінде өніп-өсетін жайсаң өсімдіктердің өмір жасы көктемде басталып, күзде аяқталады. Шөл өсімдігінің өмірі де осындай. Бірақ шөл өсімдігі тіршілігінің әрбір қас қағым сәті үшін күреседі, өмірінің күзіне толассыз күреспен жетеді. Шөл өсімдігі өзегіне тамбаған тамшы судың орнын қайсар рухымен толтырады. Әйтпесе өзегі құрғап, өзі қурап, желге ұшып кетпек. Шөл өсімдігі бәрін көрді, бәріне төзді, бәріне шыдады. Өзегін қайсар рухымен нәрлендірді. Сөйтіп күзге жетті.

Дүниеде шаң баспайтын ештеңе жоқ. Шаң шынның жүзі мен асылдың көзіне де қонады. Ақын өлеңінде адам өмірінің, дүние шындығының шаңнан арылып тазарған, саф алтындай сарғайған, сөйтіп сығымдалып бір тал шөл өсімдігіне айналған бейнесі жасалған. Шөл өсімдігі – сөзбен салынған сурет. Суреттің бояуы қанық. Шөл өсімдігінің таңдайына нәр алмай, сіресіп өскен, тағдырдың жазуымен тіресіп өскен қалпы, айналасы, ортасы – бәрі көңілдің көзінде, көздің алдында тұрады. Шөл өсімдігі – күрескер. Шөлде өніп, шөлде

өсу, шөлмен күресіп, күзге жету – сүйегі асыл, негізі берік берен болмыстан, мұқалмас, жасымас қайсар рухтан.

Жырланбаған соң өмір өлең боп,
Терек боп кеткем тебіренем деп.
Бұтақтарымды паналар дегем,
Періштелерім перілермен кеп, -

дейді ақын бір өлеңінде.

Ақындық өнердің байтақ кеңістігінде ойдың да, ойлаудың да шегі болмайды. Бірақ сол шексіздіктен іздеп тапқан шекті көркемдік бейнелеу құралдарынан елесі естен кетпейтін образ жасау - шығармашылық ойлаудың кемелдігінің нәтижесі. Ақынның терекке айналып кетуінде оның өз болмысына, табиғатына, өміріне жат ештеңе жоқ. Адамнан, тірліктен іздеп таппаған ізгілікті терек болып сезінуге талпыну ақын өмірінің шындығына қайшы емес. Періштелері перілерімен келіп, бұтақтарын паналар деп теректің кейпіне түсу, жанын жапырақ қылып желбірету - ақынның образды ойлауының, образ жасау жолындағы көркемдік қиялдауының бастапқы сатысындағы көріністер. Өлеңнің келесі жолдарында көркемдік қиял жаңа деңгейге көтеріледі. Бұтақтарын жайып, жапырақтарын желбіреткен терек адам болып, ақын болып армандайды:

Келсе ғой шіркін Ғайып-Еренім,
Жасыл жанымды жайып өлермін.
Жапырақтарым сыбдырлар сонда,
Жолына қарап уайым жегенін.
Ғайып-Еренім – Қырық Шілтенім,
Жылау жанымды жылытсын демің.
Жолыңа сенің жапырақ жайып,
Бұтақтарымды бұрып сілкемін...

Поэзияда тал-терек аз жырланған жоқ және жақсы жырланды. Мұқағали жас қайыңға: «Өмір сүрейік алмасып», - деп сөз айтатын, «Сәби болғым келеді», - деп арман қылатын еді. Ақынның сөзінен де, арманынан да бір керемет саздың сарыны сезіледі. Мұндай сөз айтуға, мұндай арманға талпынуға негіз болған күш қандай, күй қандай...

Серік терекке өмір алмасу, алмасып өмір сүру туралы сөз айтпайды. Серік «тебіренемін деп терек болып кеткен». Ол - терекпен бір. Терек — образ. Оның өзегінің бір жартысы - бал, екінші жартысы - у. Екі жарты бірбүтін болып , бөлінбей, жарылмай ағады. Бірі екіншісімен қосылмайды, араласпайды, бірі екіншісіне сіңбейді. Екеуі де қасиетін өзгертпейді. Сөйте тұра бал у татиды, у бал татиды. Өмірдің өзі сияқты, ақын өмірінің шындығына да ұқсайды.

Ақын мен теректің тұтасып бірбүтін болып, Ғайып Ерен Қырық Шілтенін іздегені, күткені, сол келер ме деп уайым жегені, жылау жанына содан жұбаныш тапқысы, содан жылу алғысы келгені, сол келер жолға бұтақтарын бұрып, жапырақ-жанын жайғаны, сол келер болса, жасыл жанын жайып өліп кетуге бары... – терек боп жайқалған жанның сыры, терек боп тебіренген жүректің жыры, терек боп шайқалған өмірдің шыны: удай ащы, балдай тәтті.

Теректі образ деуіміздің мәнісі осында. Терек Ғайып Ерен Қырық Шілтенін ұзақ күтті. Ғайып-Ерен Қырық Шілтен ұзақ күттірді.

Ақынның терек болып күткен Ғайып Ерен Қырық Шілтені - Тәуелсіздікті аңсаудан, Тәуелсіздіктің нәрін татуға талпынудан туған поэтикалық образ. Ақын өзі іздеген, өзі күткен Тәуелсіздікті көрді, бірақ Тәуелсіздіктің нәрін тата алмады.

Серік Томанов Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ өлеңінің көркемдік бейнелеу қорын жаңа поэтикалық өрнектермен байытты. Өлең өнерінің әлеміне мағыналық қатары мен қатпары табиғаттың өзіндей түрлі түсті асыл суреттер мен образдар алып келді. Қазақ өлеңіне жаңа саз, жаңа сарын қосты. Бар мен жоқтың, ащы мен тәттінің, көл мен шөлдің аралығында дариядай шалқып, сағымдай қалқып аққан өмірден көргені мен білгенін, көкірегіне көшіріп, көңілінде байытқан қазынасын өлеңдерінде қалдырды, өлеңдерін өмірге қалдырды.

Қорытындылай келе, Туелсіздіктің отыз жылында қазақ поэзиясы тақырыптық және идеялық мазмұны жағынан байыды, жаңа тақырыптардың арналары ашылды, жаңа ойлар мен идеялардың поэтикалық негіздері жасалды, жанрлық құрамы, көркемдік бейнелеу құралдары байытылды, жаңа образдар қатары дүниеге келді. Лирикада адамның күйініші мен сүйініші арқылы болмыстың алуан сырлы қырлары мен адамның рухани әлемі арасындағы байланыстардың сан алуан түрлерін, олардың жасырынулы мәндерін таныту бағытында үлкен жетістіктерге қол жетті. Эпикалық суреттеу амалдары арқылы Тәуелсіздік дәуірі адамдарының ішкі әлемін танытудың, ақынның ықтимал әлемінің кеңістігін бейнелеудің көркемдік-эстетикалық жаңа мүмкіншіліктері игерілді. Өмірдің шындық оқиғаларын суреттеуде эпикалық, лирикалық, драмалық дастандар әлеуметтік, философиялық жинақтаудың жаңа биігіне көтерілді.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ поэзиясы жаңа мазмұнмен, жаңғырған көркемдік бейнелеу құралдарымен, жаңа поэтикалық өрнектермен байыды, интеллектуалдық жаңа биікке шықты.

# 2. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 2.1 Жыраулар поэзиясын оқытудың философиялық ұстанымдары

Қазақ идеясының қалыптасуын қазақ хандығы құрылған дәуірмен ұштастырсақ, алдымен ұлттың қалыптасып, оның мүддесінің дамуына негіз болған қазақ жырауларының ой толғамдарына тоқталу қажет. Жыраулар руханиятындағы идеялар, елдің болашағына сын көзбен қарап және ұлт қажеттіктерін саралау негізінде туындап отырған көзқарастар, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымдық негіздерін анықтай түсетін тұлғалар феноменінің мәдени жүйесінің жарыққа шығуына негіз болмақ. Атамекен болмысын жан-жақты зерделеп, әлеумет тұрмысын жақсарту мақсатында, тарихтағы ел өмірінің дәстүрлі тәжірибесіне сай шаруашылық түрлерін дамыту қазақ хандарының міндетіне жүктелген елдіктің бірі болып саналса, бұл идеяның келер ұрпақ буыннан одан әрі жалғасын табуына негіз болып отыратын жыраулардың даналығы.

Жыраулардың руханиятында ел мүддесінің болашақ тағдыры тұрғысында көтерілген идеялар ел мен атамекеннің, аға ұрпақ буынның рухани бейнесін тарихи тұрғыда анықтап отыратын шындық. «Қазақтың – жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады», – дейді Х.Досмұхамедов [57, 15-б.]. Дүниетаным шексіз, шекарасы жоқ рухани әлем. Адам бар жерде дүниені тану, қабылдау, сезіну бар. Ал, ұлт бар жерде дүниені тану мен қатар игеру, яғни дүниетанымдық құндылықтардың өмір сүрері анық. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, қазақ жыраулары ұлт болмысының тағдырына сын көзбен қарауда оның ұлттық рух пен үндескен тарихи-әлеуметтік кеңістігін өздерінің рухани кітапханаларында сақтап қалған. Сонымен қатар жырауларымыздың философиясының мазмұнын зерделеген сайын, сол дәуірде ел, жеке адам, жер тағдыры үшін қоғам шындығы тұрғысында ойланған зиялы адам бейнесі де көз алдымызға келіп отырады. Әрине тарихымызда тұлға феноменінің тарихи шындығын, қалыптасу ерекшелігін анықтайтын дерек көп. Жырау феномені арқылы дүниетанымдық өрісін кеңейтіп, рухани тереңдігін сақтап келген қазақ философиясының болмыс бітімі де байыппен қараған адамға күрделі құбылыс ақиқатын танытары сөзсіз. Бұның ішінде көзге бірінші көрінетін нәрсе «ұлттық рух», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық зиялылық» ұғымдарының бірінің мәнін бірі толықтырып және адам болмысының рухани ерекшеліктерін зерттеуде үлкен тарихи тәжірибе мен білім көзіне айналып отыратындығы. Еліміздің өткен жолында бойына біткен бар рухани мүмкіндігін ұлттық мүддеге қызмет ету үшін шыңдаған даналардың «Қазақ идеясы» бағытында дүниеге келген идеяларының дербес рухы жөнінде алаш ғалымдары өз зерттеулерінде былай деп жазады: «Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы қазақ халқының өзі болғанымен, халық шығармашылығын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындар және халық билері.

Шешендік пен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті, күллі қазақ халқына тән қасиет, бұл тұрғыдан әсіресе өлеңші, ақын халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар », – дейді Х.Досмұхамедұлы [57, 32-б]. Жыраулықтың мәдени дәстүрі, рухани адамның ақындығы мен сауаттылығында, сезімталдығы мен зерделілігінде, терең пайымдаушылығы мен нақты кісілік шешім қабылдауға дайын келетін табандылығында және ел болмысының мән жайын терең ұғынып, рухани тәжірибесін ұлттық рухтың интеллектуалдық қуатына айналдырып отыруында. Яғни жырау әр бір ұлт мүшесі жеке адамның ұлттық табиғатын, ұлттық көзқарасын қалыптастырып, ұлттық ойлауының өрісін кеңейтетін ана тілдің, ұлттық ділдің, ата-баба дінінің, ата-баба дәстүрінің қамқоршысы.

Қоғамның рухани жағынан жетілуінің негізі ұлттық мүддеге қызмет етіп отыратын ұлттық идея деп пайымдасақ, қазақ жырауларының «қазақ идеясына» өз үлесін қосуда, адамзат мәдениетінің дамуында тарих пен қоғам кеңістігіндегі құндылықтар бағдарын жүйелеп, жаңа ұрпақ буынның игілігіне икемдеп отыратын тұлғалықтың тағы бір ерекше құбылысын атап өту қажет. Ол халықтың жан дүниесін, рухын даналығы арқылы жетілдіруді көздеген қазақ жырауларының ақиқатқа адал, шындыққа еркіндігі. Қазақ ұғымында турашыл білікті және кез-келген білімді адам естінің өсиетін ұғып, яғни елдіктің заңына бағынған адам түсінігінде адамның бәрі шынайылығымен бауыр.

Жыраудың ханға айтқан тура сөзі кім-кімге де зиялы кеңес. Бұл ұлт интеллектуалының қалыптасуының тарихи мысалы. Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық идеялық негізде қалыптасуына себеп болған ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. Жекелеген адамдардың ұлттық өнерінің бойында бар идеялар, халықтың ішінен зиялылардың ел алдына шығуына, елге кәсіби білім бағытында қызмет етуіне жетекші болғандығы көпшілікке аян. Сол сияқты «жыр рухына» кездейсоқ қарау мүмкін емес, әсіресе қазақ елі үшін жыр ұлттық идеяның терең арнасы. Ел мүддесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, бірі өмір сүру үшін бірінің қажеттілігін сақтап, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырған осы жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы, ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақ жырауларының зиялылығы осы ұлттық идеяның құбылысы мен қалыптасу заңдылықары арқылы тереңдей түспек.

Жыр қазақ хандығы құрылғанға дейінде қазақ топырағында өмір сүрген, ал қазақ хандығы құрылған уақыттан бермен қарай «қазақ идеясы» өзінің

өкілдерін ұлт мәдениетінің сахнасына шығарды. Асан қайғыдан бастап кешегі Қайрат Рысқұлбековтерге дейін жетіп отырған жыраулар идеясының рухы әлі де ұлттық идеямыздың жандануына бағыт бағдар берері сөзсіз. Ол үшін қазақ идеясының тарихи кеңістіктегі таралымын осы жыраулар даналығы арқылы зерделеу қажет.

Өзінің экзистенциалдық идеяларымен «Асан қайғы» атанған ғұлама, бүгінгі ұрпаққа кісіліктің үлгісін қалдырып отыр. Оның бізге жетіп отырған дүниелері оның ұлттық мемлекетті дамыту жолында «Қазақ идеясын» қалыптастыруға аянбай қызмет еткен тұлға екендігін көрсетеді.

Елдің рухани тұрмысын сақтап қалу оңай іс емес. Асан қайғыдан бастау алған «Қазақ идеясының» дамуындағы жыраулар философиясының феномені ұлттық санамыздың ішінде, олардың елдің қоныстануы жөніндегі идеяларының маңыздылығы арқылы сақталып қала бермек. Олардың ұғымында елді сақтау үшін, жерді дұрыс пайдалана білу қажет. Жер ұрпаққа мұра боп қалу үшін онда елдің қоныстануы қажет және де халықтың шаруашылығы еркін дамуы қажет. Ұлттық қажеттіліктерді жүзеге асыру мәселесіне теориялық жағынан терең мән берген қазақ жырауларының идеялары, дәстүрлі қазақ қоғамының сонау көне түркілерден бері қалыптасқан болмысының бұзылмауына ықпал етті. Тарихтан белгілі жерді, елді қорғау халқыңа адал болу ұрпақтың азаматтылығына тәуелді. Бір елдің өркениеттілігін мойындау үшін де, алдымен сол ел жұртының өркениеттілкке қалай қол жеткізгендігін білу қажет. Демек елдің өркениеттілігі түсінігі, сол қоғамдағы азаматтық мүмкіндік туралы идеяның жүзеге асу деңгейін салмақтай түспек.

Әр адамның қоғамда ұлт өкілі орнында өмір сүруіне бағыт-бағдар беретін өз табиғаты бар. Ол не нәрсе? Жырауларымыздың идеяларына сүйенсек, адам бойындағы тектіліктің болуы үшін интеллектуалдық орта қалыптасуы қажет. «Жалғыз ағаш орман емес, сол секілді жалғыз адамда тегістей елге қорған емес» – деген билер даналығындағы өсиет осы шындықтан қалса керек. Адам зиялылыққа қол жеткізуі үшін, оның алдымен өз рухына қамқор болатын бойындағы қасиеттердің көзін ашуы қажет.

Тарихи-философиялық әдебиеттерде, интеллигенция не істеу қажет? – деген сауалға көбірек көңіл бөлініп жатады. Қазақ жырауларының ұғымында әр адам өзінің кісілік рухына адал болса, өз ісінің зиялысы. Тұлғалық адамнан талап етілетін қасиет. Сол себептен зиялылық адам санасында не істеу керек деген сауалдан емес, бірлікке ұмтылыстан, елдікті ұғынудан, құрметтеуден туындайтын қасиет.

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көше тұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.

Ашу – дұспан, артынан
Түсіп кетсек қайтесің
Түбі терең қуысқа!.. [58, 26-б.].

Кейінгі ұрпаққа айтып кеткен Асан қайғы даналығының мазмұны осындай. Бұл жоғарыда айтып отырғанымыздай «Қазақ идеясының» қазақ тұлғаларының тарапынан салмақты зерделеніп, ұлттық болмыстың тұлғалану жолында өз деңгейінде ұстаздық қызмет атқарып, бірнеше ғасырды артқа тастап, бүгінгі бізге терең философиялық дүние ретінде жетіп отыруының бірден бір дерегі.

Жыр да, оның иесі жырау да бір ғасырда қалыптасып, рухы биік шоғыры мен бір уақытта жойылатын зат емес. Жыр ұлттық идеяның өскен үлкен бәйтерегі, ұлттық рухтың қалың орманы. Сол себептен жырдың рухына ұрпақ рухы жақын келсе ол қайтадан күшіне енбек. Бұны не себептен айтып отырмыз? Қазақ жырауларының философиясы олардың ұлттық идея тұрғысындағы даналығы, ұлттық мүдде тұрғысындағы қызметтерінің тарихи кеңістігі негізінде әлі толықтай зерттеліп болған жоқ. Жыраулардың философиясының феноменін ашу – бұл қазақ идеясының тарихи қалыптасу негіздерін жарыққа шығарумен тең. Себебі жырау даналығы – тарихи із.

Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Осы бағытта қазақ жырауларының тағы бір бағыттағы ой толғамдары ұлттық мүддеге бағытталды:

Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,

Жанға сақтау болған жұрт [59, 29-б.]. Ел дегеніміз ұлттың тамыры қалыптасып, халықтың бірлікте, еркіндікте өмір сүріп жатқан ортасы. Елдің бейнесі бейбіт, тынысы ұлттық кәсіп, рухани өмірі бірлік, елдік қарым-қатынасы. Ел сонымен қатар ердің ұясы, негізі, тірек ететін негізгі қуаты. Жұрт деген ұғымға келетін болсақ, қазақ халқы өзінің ата мекенін айналып көшіп жүре бермеген, қазақ отырықшы да халық. Оның себебін «жұрт» түсінігінен байқауға болады. Адамның өрісі ел дейтін болсақ, оның дүниеге келіп, өсіп өнген шағы, аяқтанған кезі бұның барлығы елдің рухымен де тығыз

байланысты. Атамекен жердің аумағы тарылып, ел азайған шақта ұлттың жойылмауына оң ықпалын тигізетін нәрсе бұл әрине туған жерге теген түсінік. Яғни «жұрт» елдің, ердің тарихи ізі, санада сақталатын бейне, адамды елдікке бастайтын білім.

Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жыраулары поэзия өнерінің ғана емес, ел тұрымысының болмыс бітімін ғылыми негізде пайымдай білген, ұлт экономикасын жетілдірудің техникасы мен технологиясын жобалаған ғұламалар [60, 23-б.].

Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмақ. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам паймдауды үйренуі қажет. Әр бір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Қазақ идеясы қазақ ұлтының қалыптасуының тарихы, ұлттық болмыстың тұлғалануының мәдени құбылысы, аға ұрпақ буын өкілдерінің тарихи кеңістіктегі рухани қызметінің өнімі. Қысқасын айтсақ біз осы жыраулардың ұлттық идея туралы ұғым арқылы тұтас қазақ әлемінің ішіне енеміз. Өйткені, «Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек», – дейді М.Жұмабаев. [61, 218-б.].

Философияда дамудың ішкі заңдылықтардың, әрбір құбылыстың жоғарғы деңгейдегі көрінісін, әр нәрсенің сапасын белгілейтін «мән» ұғымы. Мәнсіз құбылыс жоқ, құбылыс алдымен адам танымында қалатын, өмір сүріп отыратын білім болғандықтан, оның өмір сүруі, яғни құндылығы мән. Мәннің өмір сүруі немесе мәнді ұғыну және мәнге қол жеткізу үшін алдымен нәрсенің өлшемін анықтай білу қажет. Жыраулардың идеясы негізінен әр бір құбылыстың ақиқатын тану үшін, құндылыққа қол жеткізу мақсатында беріліп отырған өлшем.

Кімнің жақсы жаманын
Бір жаратқан хақ білер.
Адамзаттың белгілі
Бұл дүниеден өтері,
Өлгеннен соң белгілі
Тірлік бір жауап бітері.

Бұл айтқан сөз, құрбылар,
Бір күні болар керегі.
Басты бір аяқ қылады
Бір алланың шебері.
Бақытты жігіт қол бастар,
Шешен жігіт дау бастар,
Әлемнен озған ала аяқ

Озып бір кетсе ойқастар – деп айтып кеткен Шал ақынның өсиеті заманнан қалған емес [62]. Себебі айтылған ойдың тамыры жырау танымында жатқаны мен, шындығы әр ғасырдың рухани өмірінің болмысымен орайлас келіп отыр. Ой өсиетке, өсиет идеяға, идея шындыққа айналмаса ұлттық рухтағы философияның өмір сүруі мүмкін емес. Жырау идеясы әлеуметтік мәселелерге бағытталуында ғана емес, адамның, халықтың қажеттіктері тұрғысында көтерілген мәселелерге парасат бигінен қарап, әр бір құбылыстың мәнін зерделеп, оның тағдырын терең пайымдап, адамзатқа игілік әкелетін нәрселерді көрсетіп беруінде.

Қазақ идеясының экзистенциалдық мәнін ашатын ұғым бұл көңіл феномені. Көңіл деген өте нәзік, кіршең, обыр келетін, жақсылыққа қарай бағыттасаң адамға рух беретін, ал ойдың көмескі жағына бұрсаң, түсінігіңді, біліміңді тұмшалап тастайтын адам баласының жан әлемінің бір бөлігі. Қазақ идеясы көңілдің интеллектісіне, құбылысына, рухына, қасиетіне аса мән берген. Көңіл азығы, ақыл қазығы деген не нәрсе? – деген сауалға терең жауап іздеген философия осы жыраулар даналығы. Көңілдің, ақылдың негізі – деген Бұқар жырау – адамның тілеу қорлығында. Адамға жаратылысынан берілген құндылықтар бар. Сол құндылықты өзінің рухани өміріне бағыттау, иеленуі, сол құндылықтар арқылы рухани өмірдің қырына шығуы адам баласының ішкі көңіл рухы арқылы мүмкін болатын нәрселдер. Адамның рухани өмірі теріс пиғылдармен кемелденбейді, көңілдің рухымен рухани өмірдің мағынасы пайда болмақ. Әрине тілектің де түрі көп, жыраулардың ұлттық идея тұрғысында талдап отырған тілегі екі адамның арасындағы этикалық қарым қатынастың белгісі емес, өмірдің мәнін көзбен көріп, ақылмен ұғынған қарияның келешекке деген ізгі көзқарасынан туындайтын кісіліктің бір бейнесі. Қариялық өткенге құрметпен қарайтын, болашаққа үмітпен көзтастап, соған өзінің рухани қасиеттерін тарту еткен адам баласының кемелденген шағы. Қария болу бұл адам баласы үшін үлкен бақыт, кейінгі буын үшін үлкен міндет. Таза ақыл рухтың тұтқасы десек оның ел бойында өмір сүруіне көмектесетін қарияның парасаты. Ғұлама ғалымдарымыз жазып кеткен тарихи деректерге сүйенсек, Бұқар бабамыз тоқсан үш жасында жыр толғаған адам. Халыққа, ханға зиялы кеңесін беру үшін өмір сүрген, әулиелігі бар көзқарасты адам болған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазғандай, «Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарекенді алдырып, «Жұлдызың оң ба» – деп айдың, күннің сәтін сұрайды екен сәде көріп беріңіз дейді екен.

Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, шаншып келеді

екен. Жоқ. Сары бура келгеннен туыңның түбінде шөгіп, мойнын жерге салбыратып жатып алды десе аттанбайды екен», – дейді М.Ж.Көпеев [63, 114-б.]. Тұлғалық рухтың, зиялылықтың сирек кездесетін бұндай түрлерінің өзі кез-келген тарихта бола бермейтіндігі мәлім. Бұқар бабамыздың қазақ жырауларының ішінде өзіне дейін өмір сүрген әулие ғұламалардың руханитын ұғынып, соның ізін жалғастырған, қазақ жырауларының ұлттық идеяларының ұлт мәдениетіндегі ізін даналығы, әулиелігі арқылы ұлы жолға айналдырған, болашаққа қарымды ұлттық идеясын қалдырған руханияты, кісілігі мен өз алдына биік шың. Әулие данамыздың өзі айтып кеткендей:

Өтермеден кетер ме,
Жарлымын деп байғұстар,
Байдың малын күтер ме.
Тайып кетсе табаның,
Шашыңды берсе жетерме.
Аздың да ісі бітер ме,
Көптің де ісі жетер ме,
Көп ішінде бір жалғыз
Сөйлеп те сөзі өтер ме! [64].

Ел ішіндегі жаңа өсіп келе жатқан жас таланттылардың рухы осы жыраулардың рухы арқылы оянбақ. Тоқсан жастың үстінде дана қарияның жыр толғауы, бұндай адамдардың дүниеге кездейсоқ келмейтінін және бекерден бекер ұзақ өмір сүрмейтіндігін дәлелдейді. Қазақтың тарихына куә болған Бұқар данамыздың идеялары, философиясы қазақтың қай баласына болса да рухани өмірдің мағынасыз тұстарынан арашалап алуға негіз болары сөзсіз. Елдің тарихының төріндегі зиялылар арасындағы жарастықтың рухын сақтап, бүгінгі бізге үлгі етіп отырған осы ғұламаларымыздың рухани өмірі. Бұл ұрпақ үшін білімі мол, рухы шексіз дүние.

Жыраулар поэзиясы қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін, әлеуметтік-философиялық көзқарастарын, моральдық-этикалық қағидаларын жинақтаған іргелі мәдени құбылыс болғандықтан, оны бүгінгі жоғары оқу орындарында ғылыми-әдістемелік жүйемен оқыту қажеттілігі арта түсіп, бұл қажеттілік білімгердің ұлттық дүниетанымын кеңейтуді ғана емес, оның тарихи ойлауын, гуманистік бағдарын, когнитивтік мәдениетін қалыптастыруды да мақсат етеді, ал бұл міндеттер жыраулар шығармашылығын философиялық-дидактикалық аспектіде талдаудың өзектілігін айқындайды. Жыраулық дәстүрдің мазмұны көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дүниетанымына терең байланысты болғандықтан, толғаулардағы философиялық пайымдар мен этикалық тұжырымдарды қазіргі білім беру жүйесіне енгізу арқылы білімгерді ұлттық тарихи-мәдени құндылықтармен қаруландыруға болады, әрі бұл үдерістің ғылыми негізделуі болашақ маманның мәдени-рухани кемелденуіне бағытталған тұрақты оқу моделін қалыптастыруды талап етеді.

Зерттеу барысында мәнмәтіндік талдау жыраулар толғауларындағы символдық, метафоралық және философиялық құрылымдардың тарихи-

әлеуметтік ортаға тәуелділігін анықтауға мүмкіндік берсе, концептологиялық әдіс жыраулар қолданған ерлік, адамгершілік, елдік, әділет, тағдыр, заман сияқты іргелі ұғымдарды жүйелеуге бағытталды, ал компаративистік талдау жыраулар дүниетанымын әлемдік философиялық дәстүрлердегі (Конфуций, әл-Фараби, Марк Аврелий, Ницше) идеялармен салыстыру арқылы қазақ руханиятының жалпыадамзаттық философиялық ойлау жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді, сондай-ақ дидактикалық модельдеу әдісі жыраулар поэзиясын ЖОО жағдайында тиімді оқытудың ғылыми-әдістемелік механизмдерін құрастыруға жол ашты.

Жыраулар поэзиясының философиялық табиғаты адам мен әлем, қоғам мен билік, тағдыр мен еркіндік, уақыт пен болмыс категорияларын синтездей отырып, адамзаттық мәнге ие іргелі ойларды көркем-поэтикалық формада жеткізетіндіктен, бұл шығармаларды жоғары оқу орнында оқыту білімгердің тек әдеби-эстетикалық талғамын дамытып қоймай, оның терең дүниетанымдық қабаттарға бойлауына мүмкіндік береді, әрі бұл үрдіс тұлғаның рухани қалыптасуына кешенді ықпал жасайды. Толғау жанрының құрылымы афористік тұжырымдарға, философиялық жинақтауларға, моральдық-этикалық бағалауларға негізделгендіктен, оны түсіну мен интерпретациялау үшін мәтіннің семантикалық және прагматикалық қабаттарын қатар қарастыру қажет , ал бұл тәсіл білімгердің сыни және абстрактылы ойлау қабілеттерін жетілдірумен бірге, ұлттық философиялық ойлау моделінің өзіндік ерекшеліктерін меңгеруге жағдай жасайды. Сондай-ақ жыраулар көтерген елдік идея, әділдік туралы көзқарастар, қоғам мен билік қатынастары, тұлға мінезі мен моральдық үлгі сияқты құндылықтық бағдарлар қазіргі қоғам үшін өзектілігін жоғалтпағандықтан, оларды оқу үдерісінде талдау білімгердің әлеуметтік жауапкершілік сезімін оятып, оның азаматтық ұстанымын қалыптастыруға сеп болады. Жыраулар поэзиясын оқытудың рухани-адамгершілік бағыты жыр мәтіндеріндегі адамдық қасиеттерге, ар-намысқа, парасатқа, ерлікке, әділдікке қатысты тұжырымдарды білімгер санасына сіңіруді көздейтіндіктен, бұл ұстаным оқыту үдерісінде тұлғалық тәрбиені біліммен ұштастыру қажеттігін айқындайды.

«Жыраулық философия – халық мәдениетінің төл басы ғана емес, іргетасы. Халқымыздың дәстүрлі мәдени өрбуінің басты ерекшелігі – рухани мәдениетің кейбір салаларының материалдық мәдениетке қарағанда біршама озық түсуі. Бұл айтылып жүрген белгілі жай. Ал ілкі қазақ өнерінің тәжі – сөз өнері, поэзия. Алайда поэзия – тек әдеби дәулет қана емес, философия тарихы, қазақы ой тарихының бастамасы. Ол – әлеуметтік, философиялық, тарихи, эстетикалық, адамгершілік ақыл-ойдың тоғысқан жері... Бүгінгі тәуелсіздігіміздің кемелденуіне поэзиямыздың кешегі нұсқалары әлі де үлгі тұтарлық мұра болуында осындай сыр жатыр»,– дейді атақты философия ғылымының өкілі Сәбетқазы Ақатай.

Тарихилық және мәдени сабақтастық принципі толғауларды тек әдеби мәтін ретінде ғана емес, ұлттық тарихи санамен тығыз байланыстағы рухани құбылыс ретінде қарастыруды талап етеді, себебі толғауларды тарихи

мәнмәтіннен ажыратып оқыту олардың идеялық табиғатын толық тануға мүмкіндік бермейді, ал мәнмәтіндік-интерпретациялық ұстаным мәтінде жасырынған философиялық мағыналарды ашуға және жыраулар ойлау логикасын түсіндіруге бағытталады. Диалогтық-рефлексивтік ұстаным білімгердің жыр мәтініне қатысты дербес пікір қалыптастыруына мүмкіндік беретін талдау, пікірталас, сұрақ-жауап сияқты интерактивті әдістерді қамтитындықтан, ол оқу үдерісінің танымдық белсенділігін арттырып, жыраулар философиясын қазіргі өмірмен байланыстыра пайымдауға жағдай жасайды. Креативті-құзыреттілік ұстанымы білімгердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейтіндіктен, толғауларға концепт карта жасау, философиялық эссе жазу, мәнмәтіндік модель құрастыру, салыстырмалы кесте әзірлеу сияқты тапсырмалар оның зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасында дәріс сабақтары тарихи-философиялық мазмұнды жүйелі баяндауға бағытталса, семинар сабақтарында терең талдау, салыстыру, пікірталас, аргументтеу дағдылары дамытылады, әрі бұл құрылым білімгердің теориялық білімін практикалық интерпретациямен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мультимедиалық технологияларды қолдану – жырлардың ауызша дәстүрге негізделген табиғатын сезінуге мүмкіндік беретін маңызды құрал болғандықтан, аудио-толғаулар, деректі фильм үзінділері, жыраулар орындауындағы жыр жазбалары оқу үдерісіне эмоциялық-коммуникативтік тұрғыда әсер етеді. Сонымен қатар цифрлық интерактивті платформаларды (онлайн карталар, дерек жинақтағыштар, талдау диаграммалары) пайдалану білімгердің өзіндік зерттеу жұмыстарын жедел әрі сапалы жүргізуіне көмектеседі, ал бұл қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына толығымен сәйкес келеді.

«Халықтың ұзақ замандарда бастан кешіргендерінің «ауызша» таралған көркем тарихы – дастандар, толғаулар, термелер ғасырлар үнін жеткізген, бұрынғылардың бүгінгілерге қалдырған аманаты, ескірмейтін ескерткіші десек, сол қазынаны сұлу сазға бөлеп орындаушы ақын, жырау, жыршы, термешілер еңбегі қалай көтеріліп қастерлеуге де лайық»,– деп баға береді Рахманқұл Бердібай.

Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында философиялық-дидактикалық ұстанымдар негізінде оқыту білімгердің ұлттық дүниетанымын дамытуға, рухани құндылықтарды саналы түрде түсінуге, ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ оның азаматтық, мәдени және этикалық жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беретін кешенді педагогикалық үрдіс болып табылады, сондықтан жыраулық мұраны ғылыми тұрғыда және әдістемелік жүйеліліктпен меңгерту қазіргі заман білім беру кеңістігінің мазмұндық жаңғыруына зор үлес қосады.

Жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың мәні тек әдеби-тарихи таныммен шектелмей, ол білімгерлердің дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған маңызды философиялық-танымдық үдеріс болып табылады. Жыраулар шығармашылығы – қазақ халқының рухани әлемін, өмір туралы түсінігін, адам мен қоғам арасындағы қатынасты терең бейнелейтін іргелі мұра.

Бұл тұрғыда жыраулар поэзиясы, әсіресе Мұхтар Мағауин еңбектерінде жан-жақты зерттелгендей, тек көркем әдебиет үлгісі ғана емес, сонымен қатар халықтың философиялық ойлау жүйесінің көрінісі ретінде бағаланады.

Жыраулар толғауларында адам болмысы, өмірдің мәні, уақыт пен тағдыр, елдік пен ерлік, әділет пен жауапкершілік мәселелері кеңінен қамтылған. Бұл мәселелер бүгінгі білім беру жүйесі үшін де өзекті болып табылады. Сондықтан жыраулар поэзиясын оқыту барысында толғаулардағы философиялық пайымдар мен этикалық тұжырымдарды қазіргі білім беру мазмұнына енгізу қажеттілігі туындайды. Мұндай интеграция білімгерлердің сыни ойлау қабілетін дамытуға, олардың ұлттық құндылықтарға негізделген көзқарасын қалыптастыруға және тұлғалық-адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жыраулар мұрасын оқытуда пәнаралық тәсілді қолдану тиімді болып табылады. Атап айтқанда, жыраулар поэзиясын философия, мәдениеттану, этика пәндерімен байланыстыра қарастыру білімгерлердің мәтінді терең түсінуіне жол ашады. Сонымен қатар толғаулар мазмұнын қазіргі қоғамдық мәселелермен байланыстыра талдау, пікірталас ұйымдастыру, рефлексиялық эссе жаздыру сияқты әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жыраулар поэзиясын оқытудың негізгі философиялық ұстанымы – гуманистік-этикалық бағыт болып табылады. Бұл ұстаным бойынша адам тұлғасы, оның ар-ожданы, намысы мен жауапкершілігі басты құндылық ретінде танылады. Жыраулар шығармаларындағы «ар», «ұят», «намыс», «әділет» сияқты ұғымдар қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізіне айналуы тиіс. Сонымен қатар ұлттық дүниетанымға сүйену және өмірлік тәжірибеге негізделген философиялық ойларды басшылыққа алу – жыраулар поэзиясын оқытудың маңызды қағидаларының бірі.

Қорыта айтқанда, жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында оқыту – ұлттық философияны жаңғыртуға, жастардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға және білім беру мазмұнын рухани тұрғыдан байытуға бағытталған кешенді үдеріс болып табылады.

## 2.2 Жыраулар поэзиясын меңгертудің психологиялық негіздері

Жыраулар поэзиясы қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Қоғам, дін, діл, этика, адамгершілік, қарыз бен парыз, ерлік пен ездік, байлық пен кедейлік, дүние мен дүние жайлы сан-салалы ойлар тоғысқан философиялық туындылар – жыраулық поэзияның терең дүниетанымдық сипатын аңғартады. Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шәлгез, Жиембет, Ақтамберді, Бұқар жырау бастаған ақын-жырауларымыз – халық поэзиясын жасаған философ, ақылгөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан. Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған

ауыз әдебиеті деп аталды. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғанынан бастап XV ғасырда өріс алды. XV ғасырда Асан қайғы, Қазтуған жыраулар өмір сүрді. Жырауларды халық қадір тұтқан, ақылына құлақ асқан. Ел толқыған кезде, елде бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат, дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Елді сабырға, шыдамдылыққа шақырып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтиды. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау. Жыраулар поэзиясын оқып-үйрену барысында халқымыздың атадан мирас болып қалған сөз маржандарына қанығамыз, халқымыздың басынан кешірген тарихи кезеңдермен таныс боламыз, оның қадір-қасиетін біліп, тәлімдік, танымдық, тағылымдық терең ой дүниесіне енеміз. Әдебиет тарихы ел тарихы, халық тарихы екеніне көз жеткіземіз [65, 15-б.]. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбынан басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлау ең өзекті мәселе болды. Жыраулар билеушілердің және адамдар жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүретін қоғамның мінсіз бейнелерін жасады. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қорғады. Өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын жыр-толғаулары арқылы жеткізді. Жыраулар сол дәуірдің асқан ойшылы бола білді.

Қазақ жырауларының қай-қайсысын алсақ та, жыр-толғауларында айтылатын негізгі идея – ел бірлігін, өз Отанын сүю, оны сыртқы жаулардан қорғау, батырлығы мен ақындығы сай келетін, сол кезеңнің өзекті, маңызды мәселелерін жырлай отырып, аз сөзбен көп мағына беретін толғауларының жас ұрпаққа тәлімдік-тәрбиелік тағылымы ерекше. Бүгін де тәрбие жұмысында кеңінен пайдалануға болады.

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық есті дүниелер қалдырды. Ұлттық тәрбиеге өзіндік үлесін қоса білді.

Әдебиетімізді жаңа тарихи кезеңінде, ел басына қиын қатер төнген шақта, екіталай кезеңде – XVIII ғасырдың бірінші жартысында жаңа, соны ой-толғанысымен, көркемдік сөз өрнегімен әрі қарай дамытқан қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі – Бұқар жырау. Оның жыр-толғаулары – сол тарихи дәуірдің көркемдік көрінісі болып табылады. Ол жырау ғана емес, беделді де белді би де болған. Ханның ең ақылды кеңесшісі де болып, ханның уәзірі болды. Бұқар

Қалқаманұлы өз дәуірінің болмыс-шындығын жыр толғаулары арқылы көркем бейнелеп, соңынан бай әдеби мұра қалдырған жырау. Бұқардың жыр-толғаулары ауыз әдебиетіндегі үлгілерден ең алғаш бастау алса да, заман талабына сай әлеуметтік мазмұн мен көркемдік сапаларды жаңа белеске көтеріп , әдебиетіміздің байып, өсіп-өркендеуіне жол бастады. Бұқар жырау қоғам өміріне белсене араласып, ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдайды. Бұқар жырау Абылай ханның сенімді ақылшысы санатында мемлекет басқару ісіне белсене араласып, оның ішкі және сыртқы саясатына зор ықпал жасап отырған қоғам қайраткері болғаны барша елге мәлім. Бұхар сол уақытта елді басқаратын терең ақылды, саясаткер, білімді адам керек екенін ұққан. Халықты бүтіндікке, бірлікке шақырып, сыртқы дұшпанға қайрат көрсете отырып, түрлі тәсіл-саясатпен халықтың бостандығын , қамын көздеген. Абылай ханда да осындай басшылық күткен жырау, Абылайдың халық ішінде абыройының биік болуын қалаған, жырларында оны мақтау да, мадақтау да кездесіп отырады. Бұқар жыраудың Абылайға айтқан өсиет сөздерінің ең үлкені ел бірлігі. Қазақтардың жер бетінен жоғалып кетпей іргелі ел болуы үшін, дұшпандары ұғатындай айбарлы күш болуы үшін де мемлекеттік саясаттың ең бастысы, маңыздысы елдің «алтыбақан алауыз» болмай, «іштей ірімей» тұтаса ұйысуы үшін де ел бірлігінің қажет екенін үнемі жырлаудан тынбаған емес. Халық пен хан арасында дәнекер болған жырау ханды басшы деп «басшысыз халық азады, халықсыз хан тозады» дегенді мықтап ескерген. Ханға да халыққа осы пікірін айтып толғап өткен:

Кіші қара қалмақ бүлерде,
Бозылардың билігі,
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты
Буыршындай тіздесті.
Жамандықты іздесті,
Бірін – бірі күндесті.
Жаулаған ханын қара оңбас
Хан қисайса бәрі оңбас,
Ханын қалмақ жаулаған,
Сүйткен қалмақ оңбаған
Сол қалмақтың жұрты-еді-ау,
Үш Қарқара, Көк төбе

Ит те ұлып қалмаған» [66], – деп мемлекеттің кіндігі, айтары бірлігінде екенін халықтың көзіне осылай елестетеді. Берілген жыр үзіндісі идеялық тұрғыдан ел бірлігінің маңызын, биліктің әлсіреуі мен ішкі алауыздықтың халықты күйзеліске ұшырататынын көрсетеді, яғни жамандықтың түп-төркіні – бірліксіздік пен опасыздық екенін меңзейді. Көркемдік жағынан жырда метафоралар мен эпитеттер «бұлт бұрқан болысты», «буыршындай тіздесті»

арқылы заманның аласапыран күйі бейнеленіп, қайталым мен дыбыстық үйлесім әсерлілік береді. Құрылымдық тұрғыдан тармақтар бір-бірімен логикалық байланыста дамып, алдымен қоғамдағы бұзылу себептері, кейін оның салдары көрсетіледі, бұл жырдың тұтастығын күшейтеді. Стильдік жағынан шығарма жыраулық поэзияға тән толғау үлгісінде жазылып, тарихи-философиялық ойды насихаттық сарында жеткізеді. Деректілік тұрғыдан жыр нақты тарихи кезеңдегі қалмақ қоғамының күйін, ішкі тартыстарын меңзейді, ал текстологиялық тұрғыдан ауызша тарағандықтан көне сөздер, диалектілік тұлғалар сақталған және түрлі нұсқалары болуы мүмкін. Абылай ханның даналығын, даралығын, тектілігін, кемеңгерлігін, кемел қасиетін ұлы жырау толғау жырымен:

Хан Абылай атандың,
Дүниеден шықпай мініңіз.
Алтын тақтың үстінде,
Үш жүздің басын құрадың
Жетім менен жесірге,
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз, – деп толғайды [66].

«Бұқар ақын ғана емес, Абылайдың қолшоқпар бітімші биі. Ол XVIII ғасырдағы қазақ елінің жоңғарға қарсы күресін дұрыс жырлағанымен, ішкі қоғамдық мәселеде Абылайдың жаршысы болды» - дейді әдебиетші, ғалым Есмағамбет Ысмайылов. Бұқар жыраудың толғау жырларының қайсысы болмасын мысалы, «Садыр қайда барасың», «Айналасын жер тұтқан», «Ай, Абылай, Абылай», «Ей заман-ай, заман-ай», «Ашуланба Абылай» тағы басқалары қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен тіршілігінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі. Біз бүгінгі күнде сол өткен зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін мұқиятты түрде сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз. Егер сол әулие жыраудың, жырларын сүйген халқы жадына сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізбеген күнде тарихтың сол уақыттағы белестері көмескі күйде қала да беруі толық ықтимал. Бұқар жыры салмақты сөз, саналы пікір, сабырлы кең арналы ойдың кіндігі. Сондықтан да бүгінде бізге өшпес қазына, өлмес мұра болып біздің заманымызға жетіп отыр. Жырау ғасырлар бойы халықтың өзі жасап сары алтындай сақтап келген ауыз әдебиетінің мол қазынасын бойына сіңіріп, өз заманына сай жыр-толғау жасай білген жеке классик, әдебиеттің атасы дерлік тұлға [3, 69-б.]. Бұқар жырау шығармалары ғақлия толғаныстар, нақыл афоризмдер түрінде келеді. Әрбір нақыл афоризмдері өмірмен тікелей байланысты. Оның туындыларының өлең өлшемі өте күрделі. Бұқар жырау шығармалары ең алғаш «Таң» журналында 1925 жылы жарияланғанымен, ғылыми түрде жүйеленіп зерттелуі XX ғасырдың 60-жылдарының үлесіне тиеді. Бұқардың өлеңдері, өзі тұстас ақындармен салыстырғанда кейінге молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан

– Шоқан Уәлиханов. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген – белгілі фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931). Кейін жырау өлеңдерін жариялау ісімен С.Сейфуллин көбірек айналысты. ХХ ғасырдың 70-80 жылдары жыраулар поэзиясын Мұхтар Мағауин терең зерттеді. М.Мағауиннің жыраулар поэзиясына байланысты «Бес ғасыр жырлайды», «Ғасырлар бедері» атты еңбектері бар. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық. Жыраулар поэзиясы өзінің әлеуметтік, адамгершілік сарынымен ғана емес, көркемдік сапасымен де құнды. Жыраулар поэзиясында синтаксистік параллелизмге, дыбыс үндесулеріне, ішкі ұйқасқа құрылған өрнектер де аз емес. Этика, мораль, адамгершілік мәселелері Бұқар жырау жыр-толғауларында да көптеп кездеседі. Мысалы, Бұқар жыраудың «Күпшек санды күреңді» деп басталатын толғауынан жалпы әдемілік, әсемдік туралы ой түсінігі мен эстетикалық талап-талғамы да айқын аңғарылады. Жыр бастан аяқ айтылар ойға орай келісті өрнек, айшықты суреттемелермен көмкеріліп отырады [67, 39-б]. Бұдан тек жыраудың ғана емес, сол кездегі жұрттың көркемдік, әдемілік туралы түйген ұғымы мен ой дәрежесін де байқаймыз:

Еңсесі биік боз орда,
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан.
Қазығын қалайыдан қақтырып,
Тоқпаған сом алтыннан соқтырып,
Нықыра күміс шаптырып,
Былғары саба пістіріп,
Шыныаяқпен іштірген.
Орындығын оймыштап,
Ою-нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған.

Бұқар өзіне дейінгі қалыпты жырдың сыртқы құрылысына айтарлықтай жаңалық енгізе қоймаса да, [67, 39-б] оның дәуір талабына сай мазмұндық, көркемдік жағынан жетіліп, кемелденуіне үлкен үлес қосты.

Жыраулар – қазақ хандығы мемлекетіндегі қазақ халқының әрбір азаматының асыл сапаны иеленуін, сол жақсылықты ұрпақтарға жалғастыруын мұрат тұтқан қайраткерлер. Жеке адамдардың қасиеттері арқылы халықтың, оның ұрпақтарының өнегелі тұлға, үлгілі әулет құрайтындығын жыр жолдарында айғақтайды. Бұқар Қалқаманұлының жыр-толғауларында көркемдік ізденістер, шеберлік сөз саптау, әрқилы әрі сан алуан болып кездеседі. Бұқар жырау өмірлік құбылыстарды бейнелеуде тұжырымды ойларға мән беріп келгендіктен, аз сөзге көп мағына сыйдыратын айшықты суреттемемелерді ұтымды қолданып отырған. Жыраулар хан қасында болып, оның мәртебесі мен мерейін асыруға қаншама қызет еткенімен, өмір шындығын жырлаудан ауытқи алмаған. Реті келгенде хан мен бектің ұнамсыз қылық, ыңғайсыз істерін де ашық айтып, батыл әшкерелеп отырған. Замана шындығын,

дәуір сырын бейнелеген жолдар жыраулар мұрасында аз емес. Жыраулардың әрбір толғауы тәрбиелік мәні зор таптырмас асыл қазына. Бұдан шығатын қорытынды жыраулық поэзияның қызығы мен құпиясы әлі де болса зерттеудің қойнауында жатыр дей аламыз. Кеңестік кезеңде келте қиылған шындықтың орнын толтырып, шынайы көзқараспен зерделеу, олардың шығармашылығынмен танысу арқылы жас ұрпақ жыраулар поэзиясынан тәлім-тәрбие алу керек.

Жыраулар поэзиясы қазақ мәдениетінің рухани негіздерін айқындайтын және ұлттық сана мен тарихи жадыны қалыптастыратын көркемдік феномен болғандықтан, оны жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде психологиялық аспектілерді ескеру қажеттілігі ерекше маңызға ие болады, өйткені поэзиялық мәтіннің құрылымы күрделі символдық бейнелерге, философиялық тұжырымдарға және адамгершілік ұстанымдарға құрылғандықтан, білімгердің когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық салаларының өзара үйлесімді жұмыс істеуі талап етіледі. Жыраулардың қоғам, адам және уақытқа қатысты ойлары білімгердің ішкі дүниетанымдық құрылымымен байланысқа түскен кезде оның рефлексивтік қабілеттері дамып, өз пікірін қалыптастыру, шығармашылық ойлау және талдау дағдылары жетілдіріледі, ал бұл үрдіс оқу үдерісінің тиімділігін арттыратын психологиялық механизмдерге сүйенеді.

Білімгердің танымдық белсенділігін арттыру мақсатында жыраулар шығармаларын талдау барысында қабылдау, зейін, елестету, ассоциация және талдау сияқты когнитивтік үрдістерді белсендіру қажет, өйткені мәтіндегі күрделі символдар мен метафоралық құрылымдар оқу материалын терең түсінуді талап етеді, ал бұл түсіну үрдісі білімгердің логикалық ойлауын, абстракциялық ойлау қабілетін және интерпретациялық әрекеттерін дамытумен тығыз байланысты болып табылады. Сонымен қатар, поэзиялық мәтіндегі эмоциялық-эстетикалық әсер білімгердің эмоционалдық резонансын оята отырып, оқу үрдісіне белсенді қатысуға ынталандырады, себебі эмоциялық байланыс білімгердің материалды есте сақтауы мен оны тұлғалық тұрғыда қабылдауына тікелей ықпал етеді.

Психологияда «мақсат қою» дегеніміз – жеке адамның белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлап, ұйымдастыруы», – деп баға береді ғалым Қ.Жарықбаев. Мақсат қою адамның мотивациясын арттырып, оның мінез-құлқын басқаруға көмектеседі. Бұл үрдіс тиімділікке, табысқа жету үшін маңызды рөл атқарады. Тұлғаның нақты және қолжетімді мақсаттарды жүйелеу, олардың жүзеге асырылу жолдарын жоспарлау қабілеті.

Жыраулар поэзиясының тәрбиелік әлеуеті ерекше болғандықтан, білімгердің құндылықтық бағдарларын қалыптастыруда оның шығармалары моральдық-этикалық ұстанымды, патриоттық сезімді, әлеуметтік жауапкершілікті және тұлғалық өзін-өзі тануды нығайтуға мүмкіндік береді, өйткені білім алушы жырау бейнесі мен оның рухани ұстанымдарын өзінің өмірлік тәжірибесімен салыстыра отырып, ішкі сәйкестік орнатып, тұлғалық даму траекториясын жоспарлай алады. Осы тұрғыдан қарағанда, жыраулар поэзиясын меңгерту тек білімдік мақсатта ғана емес, білімгердің рухани дамуы

мен тұлғалық кемелденуін қамтамасыз ететін кешенді үрдіс ретінде қарастырылуы тиіс.

Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытуда қолданылатын әдістемелік жүйе модульдік-құрылымдық принциптерге негізделіп, әр модуль білімгердің теориялық білімін, практикалық дағдыларын және рефлексивтік қабілеттерін біртіндеп дамыта отырып, оқу үдерісінің кезеңдік логикасын қамтамасыз етеді, өйткені әр модуль белгілі бір психологиялық және педагогикалық мақсаттарды көздеп, оқу материалын меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді. «Әдіс – нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы. Педагогикада білім беру мен тәрбие әдістерін жасау мен оларды жіктеу проблемасы негізгілердің бірі болып табылады», - деп ойын білдірген Қ.Бітібаева [68,69; 38-б].

**Ақпараттық-танымдық модуль.** Бұл модуль білімгердің жыраулар поэзиясының тарихи, әдеби және мәдени контекстін меңгеруін қамтамасыз етіп, мәтінді талдау барысында логикалық ойлау, салыстыру және құрылымдық модельдеу дағдыларын дамытуды мақсат етеді, өйткені мәтіндегі көркемдік және философиялық элементтерді анықтап, олардың өзара байланысын түсінген сайын, оның когнитивтік әрекеттері күрделеніп, танымдық белсенділігі артады. Сонымен бірге, ақпараттық-танымдық модульде мәтінді жан-жақты талдау арқылы жыраулардың шығармашылығының дәуірлік ерекшеліктерін және ұлттық болмысқа қатысты философиялық тұжырымдарын түсінуге мүмкіндік алады, ал бұл түсіну білімгердің мәдени сана деңгейін арттыруға ықпал етеді.

**Интерпретациялық-рефлексивтік модуль.** Интерпретациялық-рефлексивтік модуль білімгердің мәтінге жеке қатынасын қалыптастыруға, оның мазмұнын интерпретациялау және семантикалық өрістерді ашуға бағытталады, өйткені поэтикалық образдарды өз тәжірибесімен салыстыра отырып, ішкі рефлексияны дамытып, өзіндік сана құрылымын тереңдетеді. Бұл модульде қолданылатын әдістерге эссе жазу, рөлдік моделдеу, талдау-салыстыру және ассоциативтік карта құрастыру жатады, себебі олар білімгердің шығармашылық ойлауын және жеке интерпретация қабілетін жетілдіру арқылы оқу үдерісінің психологиялық тиімділігін арттырады.

**Құндылықтық-тәрбиелік модуль**. Құндылықтық-тәрбиелік модульде жыраулардың моральдық, этикалық және әлеуметтік-рухани идеяларын білімгердің өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып түсіндіру жүзеге асады, өйткені бұл тәсіл білімгердің құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға және ұлттық мәдени идентификациясын нығайтуға мүмкіндік береді. Модульде рөлдік ойындар, жобалық жұмыстар, пікірталастар және рефлексивтік талдау әдістері қолданылады, себебі олар білімгердің этикалық шешім қабылдау қабілетін, сыни ойлауын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытады.

**Психологиялық негізделген оқыту әдістері** Жыраулар поэзиясын меңгертуде қолданылатын психологиялық әдістер кешенін дұрыс таңдау

білімгердің оқу мотивациясын арттырып, когнитивтік және эмоциялық белсенділігін күшейтеді, өйткені әр әдіс белгілі бір психологиялық механизмге әсер етіп, білімгердің танымдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

- **Ассоциативтік әдіс** білімгерге поэтикалық бейнелерді эмоционалды және когнитивтік тұрғыда байланыстыруға мүмкіндік беретіндіктен, оның шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді;
- **Диалогтық әдіс** білімгерлердің ой алмасуы мен сыни ойлауын белсенді етіп, оқу үдерісінде коммуникативтік дағдыларды жетілдіреді;
- **Рефлексивтік талдау әдісі** білімгердің мәтінді өз өмірлік тәжірибесімен салыстыра отырып түсінуін қамтамасыз етеді;
- **Көрнекі-образдық моделдеу әдісі** күрделі символдар мен метафораларды визуалды немесе логикалық модельдер арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді;
- **Ситуативтік пікірталас әдісі** білімгерді тарихи және қазіргі заманғы әлеуметтік контексте жыраулар көтерген мәселелерді салыстыруға үйретеді.

**Білімгердің тұлғалық дамуына әсер ететін психологиялық механизмдер** Жыраулар поэзиясын меңгеру барысында білімгердің тұлғалық дамуы бірнеше психологиялық механизм арқылы жүзеге асады, өйткені әр механизм оқу үдерісінде когнитивтік, эмоциялық және құндылықтық компоненттердің өзара үйлесімін қамтамасыз етеді:

- **Идентификация механизмі**, білімгер жырау бейнесі мен оның рухани-пәлсапалық ұстанымдарын өз тәжірибесімен салыстыра отырып ішкі сәйкестік орнатады, бұл үрдіс оның тұлғалық санасын тереңдетеді;
- **Катарсистік әсер механизмі**, поэзиялық мәтіннің эмоционалдық тереңдігі білімгердің психологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіруге және ішкі күйзелістерді жеңілдетуге мүмкіндік береді;
- **Құндылықтық интериоризация механизмі**, жыраулардың моральдық, этикалық және әлеуметтік идеялары білімгердің құндылықтық бағдарлар жүйесіне біртіндеп енеді;
- **Креативтік ойлау механизмі**, білімгер поэтикалық образдарды талдау, салыстыру және қайта жасау арқылы шығармашылық қиялын дамытады, ал бұл қабілет оқу материалын терең меңгеруге септігін тигізеді.

Осылайша, жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында меңгерту үдерісі білімгердің когнитивтік, эмоциялық және тұлғалық дамуын кешенді қамтамасыз ететін психологиялық және әдістемелік негіздерге сүйенетін жүйе ретінде қарастырылуы тиіс, өйткені әдістемелік модельдің дұрыс ұйымдастырылуы білімгердің рухани-интеллектуалдық әлеуетін арттырып, оның мәдени сәйкестенуіне, құндылықтық бағдарын нығайтуға және кәсіби-лингвомәдени құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жыраулар шығармашылығын меңгерту тек білімдік мақсатта емес, білімгердің ішкі дүниесін дамытуға, эмоционалдық тепе-теңдігін қалыптастыруға және сыни ойлауын жетілдіруге бағытталған кешенді педагогикалық үрдіс болып саналады.

## 2.3 Жыраулар поэзиясын оқытудың педагогикалық ұстанымдары

Жер бетінде қазақ халқы сияқты поэзия жанрын сан қырынан түрлендіріп, оның тақырыбы мен идеясын құбылта жетілдірген халық кемде-кем. Өлең сөз өзінің тек сыртқы құрылысымен ғана өлшеніп қоймаса керек. Оның ішкі мағынасы, айтушының меңзейтін ойы, халыққа берер өнегесі мен ұстанатын бағыты – поэзияның мәңгілікке жетелейтін негізгі көрсеткіштері. Қазақ халқы сөз құдіретіне терең мән беріп, оның саяз ой мен желдірме сөздермен ластанбауын қадағалып отырған. Сондықтан халқымыздың жадында сақталған әдеби мұраларда халықтық деп атауға ұяларлық туындыларды кездестірмейміз. Алдыңғы аға буын жыраулар өзінен кейін өсіп келе жатқан жырауларға үлгі болып, кемшін тұстарды түзетуге қамқорлық жасағаны бірді-екілі мысалмен шектелмейді. Ол дәстүрге айналған. Өйткені поэзия – халықтық өнердің бір-екі ғасырлық рухани қазынасы емес. Ол – мәңгілік. Орыс ойшылы Белинский: «Поэзия – өнердің асыл тегі. Өзге өмірдің бәрінің де өзін беруде қолданатын мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысымнан, тар өрісті болып келеді» [70, 25-б.], – дейді. Демек, өнердің асыл тегін дүниеге әкелетін адамды қарабайыр санауымыз ағаттық болар. Санаулы шумақпен сан ғасырлық рухани азықты мұралыққа қалдыру кез-келген елдің поэзиясында кездесе бермейтін әдеби құбылыс.

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері.
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле, шайтан-пері [71], – дейтін Шал ақынның небәрі төрт-ақ жол өлеңінде талайларды ойға қалдырарлық астарлы мән жатыр емес пе?! Татымды теңеулермен адам бойындағы кереғар қасиеттердің артыс-тартысын бейнелеуде философиялық ойға барып, иманның таза болмағы неге байланысты екенін ашып береді. Осы тақылеттес жырлар бір жағы ақын-жыраулар поэзиясының құндылығы десек, екінші жағынан жыраулар көтерген мәселелердің мәңгіліктігінде.

XV ғасырдан басталатын қазақ поэзиясының дені толғау түрінде дамып келді. Қоғамдағы сан-алуан оқиғаларға табан асты баға беріп, оған жауап ретінде жыр арнауы жыраулар үшін үйреншікті кәсіпке айналған сыңайлы. Әрине, жыраулар өз өнерін кәсіп қылып дүние жолын қуған емес. Бірақ олар реті келгенде хан болсын, қарашын болсын істеген әрекетіне байланысты «сазайын» беріп отыруы, әр оқиғаға сын айтуы бізді осы ойға жетелейді. Толғау түріндегі жырларда қазақ әлемі үшін күні бүгінге шейін жалғасып келген мәңгілік тақырыптар сөз болып келеді. Толғау өзінің аты айтып тұрғандай күрделі мәселелерді көтеріп отырды. Олар: жақсылық-жамандық, ізгілік-қанішерлік, адалдық-арамдық, достық-қастық, заман қайшылығы, адамның жас ерекшеліктері, өмір заңдылықтары және тағысын тағылар. Бұлардың бәрі дерлік қазақ ойшылдары негізін салған басты дүниетанымдар еді. Тіпті әрқайсысын жекелеп алғанда бір-бір философиялық категория боларлықтай.

Терең ой кешу белгілі мақсатқа құрылады. Жыраулар мұраларында бұл

әсіресе мораль төңірегінде байланысты дамығанын ерекше атап өткен жөн. «Мораль, – делінеді философиялық сөздікте (латынша әдет-ғұрып), – қоғамдық сананың бір формасы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында адамдардың мінез-құлқын реттеу функциясын атқаратын әлеуметтік институты» [72, 83-б.]. Қоғамдағы барлық адамдардың өзара қарым-қатынасы, жақсы-жамандығы олардың мінез-құлқына байланысты екендігіне дау тумаса керек. Бірақ сан мінез-құлық қалай қалыптасады және қалай реттеледі? Мәселе осында. Педагогикалық тұрғыда тәрбиелеу арқылы дей салу жеңіл әрі оңай. Бірақ адамдардың тегін қайда қоймақпыз? Ақын-жыраулар толғауларында тек мәселесіне келгенде өзіндік көзқараста болғанын байқаймыз. Тегінде адамдардың моральдық болмысын реттеуде әдебиеттің әсері мол екенін атап өткен жөн. Әдебиет қашанда ұлттық-азаматтық сана-сезім мен ұлттық мораль қалыптастырушы гуманистік қасиеттердің жаршысы міндеттерін атқарады. Шын мәніндегі әдеби шығарманың игі ниеті – халықтарды бір-бірімен таныстыратын көркемдік дәнекер. Осы тұрғыдан келгенде, нағыз көркем туынды эмоциялық әсерлі әсемдік сезім сыйлаумен қатар, сол ұлттың ұлағаттарын, адамгершілік-азаматтық игі дәстүрлерін, тамаша қасиеттерін басқа халықтарға мөлдіретіп жеткізетін қоғамдық-философиялық ойдың көркем формасы екені мәлім [72, 117-б.]. Әдебиет халықтың ұлттық дәстүрлерін басқа халықтарға таныстыратын, жақындастыратын дәнекер екендігіне дау жоқ. Бірақ әдебиеттің барлығы толығымен философиялық деу шындыққа жанаспайды. Әйтсе де әдебиеттерде адамдардың моральдық болмысы жан-жақты айтылатыны ақиқат.

Әдебиеттің негізгі нысанасы – адам. Өйткені әдебиетті оқитын да, өмірде пайдаланатын да, тәрбие алатын да адам. Сондықтан әдебиеттің қандай болмағын сол әдебиетті жасаушы ақын, жырау, жыршы біледі. Ал оны бағалап, бағасын беретін тағы да адам.

Жыраулар әдебиеттің қандай болмақ керек екендігінен бейхабар болды. Бәлкім олар сол заманда халық келешегі үшін қаншалықты рухани мол мұра қалдырып отырғанын сезбеген де болар. Дегенмен, қоғамда орын алып отырған моральдық ұстанымға қарсы әрекеттер мен пиғылдар жыраулардың орнықты сөз айтуына итермеледі. Олардың сөзін құп алғандар солар салған сара жолмен жүріп, айтқанын істесе, ал енді кейбіреулер өзінің өресі жеткен жолымен жүрді. Нәтижесінде адамдар арасында моральдық тұрақты немесе жетілген және моральдық тұрақсыз немесе жетілмегендер лагері пайда болды. Адамзат пайда болғалы екі лагерь арасындағы ымырасыз күрес күні бүгінге шейін жалғасып келеді. Ең бастысы екі жақ та өзі істеген әрекеттерін дұрыс санайды. Ұлы ойшыл Әл-Фараби көне дәуірде-ақ: «Әдетте науқас адамдардың арасында өз ауыруы жайында дәнеңе білмейтін адамдар болады, мұндайлар өздерін мүлде сау адамдар деп есептейді де, бұған кәміл сенетіні соншалық, дәрігердің сөзіне құлақ аспайды, дәл сол сияқты жарымжан адамдардың арасында өздерінің кеселі жайында дәнеңе білмейтіндер бар, бұлар өздерін әрі ізгі, әрі рухани сау адамдар деп есептейді де, жетекшісінің, ұстазының кемел ақылгөйінің

айтқанына мүлде құлақ аспайды» [73, 350-351-б.], – деп екінші лагерді құрайтын адамдардың әрекеттерін нақты мысалмен ашып берген болатын.

Әдебиеттегі мораль мәселесі бірден-бір мәңгілік тақырып. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, шындық пен жалғандық, арлылық пен ұятсыздық, қанағатшылық пен обырлық сияқты мәселелер мораль философиясы қарастыратын күрделі тақырыптар. Күн ілгері жүрген сайын аталмыш тақырыптар әдебиетте түрлі қырынан жырланып келді. Қоғамдық талапқа сай әрекеттер дәріптеліп келсе, талапқа сай емес, қоғамға жат әрекеттер әшкереленіп отырды. Яғни, әдебиетте барлық адам сүйсінген, қолдаған әрекеттер жақсы деп аталса, ал оған қарсы әрекеттер жаман деп аталды. Нәтижесінде «жақсы» мен «жаман» концепциясы әдеби кеңістікте мықтап орын алды. Бұл концепция күні бүгінге шейін айнымас тақырып ретінде жалғасын тауып келеді.

Адамзат тарихындағы көкейкесті мәселелердің бірі келешек ұрпақ тәрбиесі болып табылады. Қазақ халқы да бұл мәселеге көп көңіл бөлген. Ол туралы халқымыздың асыл мұрасы мақал-мәтелдерде де көп айтылады. Мысалы, «Бала тәрбиесі бесіктен», «Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы», «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала», «Тәрбиелі адам тағалы атпен тең» деп бала тәрбиесі бесікте жатқаннан басталуы керектігін және бұл тәрбие мен өнегенің, білімнің адамның бүкіл болашақ өміріне азық екенін айтқан. Сол сияқты, «Ағасына қарай інісі, Апасына қарай сіңлісі», «Жақсының үлгісі – жанып тұрған шамдай, Шешенің сөзі – ағып тұрған балдай», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол» деп, ата-ана балаға дұрыс тәрбиені өзінің іс-әрекеті арқылы көрсетіп, үлгі болуы керектігімен қатар, оның өсетін ортасының да өнегелі, жұғымды болуын ескеріп, отбасылық тәрбиеге үлкен көңіл бөлген. «Жақсылық еккен алғыс орады», «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, Кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды» деп, тәрбиенің өзі айналамыздағы адамдарды сыйлай білуден, оларға жақсылық жасаудан басталатынын айтады, ал жасаған жақсылық пен адамгершілік ешқашан далаға кетпейді, адам оның жемісін жейді.

«Асыл жас ұланнан, жүйрік тай-құнаннан» деп қазақ халқы ұрпағына үлкен сенім артқан. Керек кезінде жас буыннан ақыл да сұрап отырған. Оған Жиреншедей жас шешеннің өнегелі істері туралы аңыздардың қазақ ауыз әдебиеті тарихында сақтаулы; дана болған себепті жастайынан «шал» атанған Шал ақынның, он үш жасында билік айтуға жараған Абайдай ғұламаның, Шоқандай жарық жұлдыздың халық тарихында із қалдырған өмір жолдары дәлел бола алады.

«Өмір – үлкен мектеп», «Өмірдің өзі – ұлы ұстаз» дейді қазақ мақалы. Сондықтан да оқытушының міндеті бала өмір қиындықтарын көріп, басынан өткере отырып сабақ алғаннан гөрі өмірдегі болып жатқан, өздері күнде көріп отырған жағдайлардан мысал келтіріп, бала іс-әрекетін, мінез-құлқын дұрыс, оң жолға бағыттай отырып, оқу-тәрбие үдерісін іске асыру болып табылады.

Халық мақалы «Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт», «Көп оқыған білмейді, көп тоқыған біледі», «Білім арзан, білген қымбат», «Оқымаған бір бала, оқыса – екі бала» деп тек қана оқи білу ғана емес, сол оқығаныңнан қорытынды шығара білген, өзіңе пайдалы нәрсені ала білгеннің маңыздылығын көрсетеді. Дәстүрлі білім беруде жоғары оқу орнының білімгерге академиялық білім беруі басымдылық алғаны белгілі, ал бүгінгі таңдағы білім саласында балаға білім беріліп қана қоймай, сол берілген білімнен алынатын нәтижеге де көп көңіл бөлініп отыр. Бұл жерде білімгердің университеттен алған білімі «күнделікті өмірде қандай дәрежеде қолданыс таба алады, университетте алған білімнің болашақ маманның өміріне пайдасы бар ма?» деген сұрақтарға жауап ізделінуде.

Дәстүрлі білім беруде білімгердің университет қабырғасындағы білім жетістіктеріне ғана көңіл бөлініп, университет бітіріп кеткеннен кейінгі білімгердің тағдыры университеттік білім беру мақсаты ретінде қарастырылмайтын, ал бүгінгі таңдағы педагогикада білім білімгердің университет бітіріп кеткеннен кейін де қоғамға оңай сіңіп кетуін, әлеуметтік көзқарасынын дұрыс қалыптасуын, университетте алған білімі мен тәжірибесін күнделікті өмірде пайдаға асыра білуін көздейді. Бұл университет қабырғасындағы әр білімгердің өмірге бейімділігі негізінде көрініс табады.

Кеңестік кезеңде еңбек нарқының талаптары мен университеттік білім нәтижесі сәйкес келмеді. Ал бүгінгі таңдағы оқу орындары қоғам сұранысына сәйкес мамандарды даярлауды көздейді. Осыған орай, адамның жасына байланыссыз өмір бойы білім алу қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан да біз балаларды университет қабырғасында оқып жүрген кезеңнен бастап өз бетінше білім алуына, ізденуіне, танымын кеңейтуге, ол үшін қажет материалдарды іздеп таба алуына көмектесуіміз қажет.

Ресей ғалымы педагогика ғылымдарының докторы Е.А.Ямбург «Білім сапасы» ұғымына мынадай анықтама береді: «Білім сапасы – анық бір баланың , университет бітірушінің іс-әрекеті, әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстауы негізінде анықталатын категория. Біз шынайы өмірде қандай да бір адаммен бетпе-бет келіп қалсақ, кіммен сөйлесіп тұрғанымызды тез-ақ анықтап аламыз. Интеллигент адамды айқындап бере алатын – оның айналысатын мәселесі, өзін-өзі ұстауы – әсіресе, адамның шынайы бет-пердесін ашатын шиеленісті жағдайдағы әрекеті, адамдармен қарым-қатынасы, жауапкершілігі, ұяты т.б.» [74, 45-б.].

Пәндік білім беруде университет білімгерді іс-әрекетке дайындамайтын, анығырақ айтсақ, өмірдің әр түрлі жағдайларында пайдалануға тиіс интеллектуалдық және тәжірибелік біліктіліктерді қалыптастырмайтындығын тарих дәлелдеп отыр.

Қоғам талабына сәйкес өмір сүре алу біліктілігін қалыптастыру білімгердің тәжірибесі мен іс-әрекетіне негізделеді. Жұмыс жасай білу үшін жұмыс жасап үйрену керек. Қарым-қатынасқа үйрену үшін қарым-қатынас туралы баяндамалар тыңдау пайдасыз, қарым-қатынас жасап үйрену керек, баяндамалар жинақталған тәжірибені болашақта немесе қазір

іске асыруға көмектесуі мүмкін. Сондықтан оқытушы мен білімгердің көзқарастары мен идеяларын айтуға мүмкіндік бермей тұрып ЖОО-дағы демократиялық әрекеттерді іске асыруға қажет біліктіліктерді білімгер бойына сіңіре алмаймыз. Білімгердің өмірге бейімділік біліктілігін қалыптастыру білімгердің белсенділігіне тікелей байланысты.

Ол білімгерлердің күнделікті өмірі мен университет тапсырған жұмысты орындау барысындағы оқытушылармен, достарымен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасағанда көрініс табуы мүмкін.

Білім беру сапасы білімнің көлемі және сапасы ғана емес, сонымен қатар, өскелең ұрпақтың дара тұлғалық, рухани, азаматтық дамуымен анықталады.

«Білім беру» тек қана «оқыту» мағынасын бермейді, бұл сөздің мағынасы оқыту, тәрбиелеу, дамыту ұғымдарын қамтиды.

Бүгінгі таңдағы педагогикада білімгер бойында «өмірлік дағдылар» қалыптастыруға көп көңіл бөлініп отыр. Бұл ұғымның негізінде адамдардың өмірде, жұмыста пайдаланатын қарапайым біліктіліктері қарастырылады. Олар балаға университет бітіріп шыққаннан кейін ғана емес, күнделікті сабақтан кейінгі жасөспірім шағында да қажет болып табылатын қаражатын жүйелі түрде жұмсай білу, қарапайым құжаттарды толтыра білу сияқты әрекеттерді іске асыру барысында көрініс табады.

Оқытудың жаңа парадигмасы негізінде білімгердің білім сапасын анықтау «Білімгерге оқу не үшін-керек? Білімгерді оқуға қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап іздестіру арқылы анықталады. Бұл тәсілдің жаңалығы білім беру мазмұны негізгі құрылымының обьектісі өзгереді. Обьектіге білімгерлерге білімгерлердің ұсынылатын оқу материалының құрамы мен көлемі емес, оқытудың нәтижесі алынады.

Демек, барлық білім беру мекемелерінің негізгі міндеті – баланы өз бетінше білім алуға, білім беру үдерісінің субьектісі бола білуге үйрету. Алынған білімнің жоғары сапасы және оны болашақ өмірде қолданудың тиімділігі осыған байланысты.

Бұдан шығатын қорытынды, XXI ғасыр мектебіне басқа түсінік керек: балаға қатысты тек сыртқы іс-әрекет және оның нәтижесі қарастырылуы тиіс. Бұл жағдайда «білім» ұғымының орнын басатын баланың өзіндік тұлғасы мен ерекшелігін қалыптастырудағы, дамытудағы, іске асырудағы әрекеті, қызметі және оның нәтижесі, өзіндік жауапкершілігі және сәттіліктері мен сәтсіздіктерін сипаттайтын «дара тұлғалық білім» деген ұғым пайда болады.

Педагогика ғылымдарының докторы В.А.Караковский білім сапасын анықтауда бүгінгі таңдағы әлемдік ғылыми жүйелілік, тұтастық, көпдеңгейлік тәсілімен берілген әдіснамалық негізге сүйену қажеттігін айта келе, барлық университеттерді шартты түрде екі топқа бөліп қарастырады: біріншісі білім беруді мақсат етіп қояды да, мұнда білімгер мақсатқа жетудің құралы екендігіне тоқталады. Екіншілері адам тәрбиелеп шығаруды мақсат тұтады, бұл жағдайда университетте жасалынып жатқан барлық жұмыстар адам дамуының құралы болып табылатындығын атап көрсетеді. Бірінші жағдайда мақсат пен нәтижені анықтау оңай, ал екінші жағдайда әлдеқайда күрделірек.

Егер мақсат адамға бағытталған болса, «ол қандай болу керек?» деген сұраққа жауап ретінде педагог-ғалым төмендегідей нұсқаны ұсынады:

– «дара тұлғаның мәңгілік адамзаттық құндылықтарға бағытталған, өзіндік сенім және өмірлік ұстанымға айналған өзіндік сана-сезімінің жоғары болуы;

– тән және жанның үндестікте дамуының кепілі болып табылатын физиологиялық және рухани саулығы;

- білім негіздерін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар, өмір бойғы қажеттілік және әдетке айналған өзін-өзі үздіксіз дамыту, білім алуға құмарту негізінде көрініс табатын терең білімділік;

– жоғары тәрбиелілік және интеллигенттілік; қатігездік, арамдық, зұлымдықты жек көру; адал өмір сүруге ұмтылу;

– елжандылык қасиеттер, белсенді азаматтық көзқарас, әлеуметтік шығармашылыққа бейімділік» [75, 47-б.].

Бұл – бүгінгі таңдағы жасөспірімнің идеал бейнесі. Тәрбиені идеалға ұмтылу деп қабылдауға болады.

Білім берудің мүмкін болатын жоғары нәтижесі оқытушы, тәрбиеші, унверситет әрекеттері білімгер көзқарастарымен сәйкес келген жағдайда ғана іске асырылады.

Бұған адамның айналасындағы адамдармен, қоғаммен жақсы қарым-қатынаста болып, сыйымды өмір сүруі де жатады. Ал мұндай мінез-құлық ізгіліктен бастау алады. Ізгілік мәселесі халкымыздың даму тарихында ежелден үлкен тәрбиелік мәні бар мәселе ретінде қарастырылып келеді. Мысалы, әдеби, мәдени мұрамыздың X-XI ғасыр жәдігері саналатын «Құтты білік» дастанында адамның мінез-құлқы, кісілігі жөнінде («Ізгі» деп қандай адамды айтамыз? деген сұраққа) былай дейді: «Бірі анадан ізгі болып туғандар, Сүтпен сіңіп сай-сүйегін буғандар. Енді бірі: Жақсыға ерсе, жақсы бола бастайды, Жауызға ерсе, жауыздықтан қашпайды» [76, 126-б.], – деген жолдар келтірілген. Жүсіпбек Аймауытовтың: «Ғылым білімге қонады, білімсіз ғылым саңырау, ғылым білімді ұлғайтады, ғылымсыз білім тым құрғақ. Білімді орнына жұмсау керек. Жамандыққа салынған білімдіден білімсіз артық. Білімді орнына жұмсататын не? Ол – тәрбие. Тәрбие көрмеген білімді жауыздан надан жауыздан зияны жүз есе артық» [77, 121-б.], – деген сөзі бар. Сондықтан да ұстаздың міндеті балаға тек қана білім беріп қоймай, сонымен қатар, қазақ әдебиеті сабағында әбден мүмкін білімді ізгілікке жетелейтін тәрбиемен ұштастыру болып табылады. Осы білім мен тәрбиенің негізі жыраулар шығармаларында жатқаны ешқандай дау тудырмайды.

Жүсіп Баласағүн ізгіліктің үлкен күш екенін, ізгіліктің үлкен ырыс әкелетінін айтады. Ізгілікпен өткен күннің бос өтпегенін баса айтады.

«Ұл-қыз кесір, боса ессіз, парықсыз, «Өнегесі-ай әкенің» дер халықпыз », [76, 154б.] – деген жолдар бала тәрбиесіндегі ұлттық ерекшелігімізді айқындап тұр. Қазақ халқы кісінің кісілігін бағалауда оның арғы ата-тегіне қарайтын болған.

«Құтты біліктегі» Айтолды баласына «Құлқы жақсы, жаңылмаса жолынан, Тілегі боп, күні туар оңынан. Барша ізгілік ізгілікке алмасар,

Ізгі қылық қуанышқа жалғасар!» [76, 157-б.] – деп ризалықпен батасын беріп, ізгілікті баласына мұрат етіп қалдырады. Бүгінгі мынау аласапыран, алмағайып заманда, қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі кемшін тұстарымыздың бірі – жасөспірімдер іс-әрекеттерінде ізгіліктің жетлей жатуы. Бұл бүгінгі ақпарат құралдарында да жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі ұлттық тәрбие мәселесінің кемшілігімен түсіндіріледі. Сондықтан әдебиет арқылы дара тұлға тәрбиелеудің өзегі жыраулар поэзиясында жатыр деп есептейміз.

Қазақ халқы өз ұрпағын әрқашан киелі сөзбен тәрбиелеген. Қазақ халқының психологиясындағы ерекшелік – ақылмен айтылған асыл сөзге тоқтау. Халқымыздың батырлары мен ерлері, патшалары мен бектері орнымен айтылған аталы сөзге құлақ асқан. Мысалы, Шалкиіз жыраудың «Би Темірді хажы сапарынан тоқтатуға айтқан» екінші толғауында Темірді халқының қорғаушысы, тіреуіші болып табылатын өзіндей билеуші болмаса халқының жетімсіреп қалатынын айтып, биді Мекке сапарынан тоқтатаса, Бұқардың Абылайханға арнап айтқан «Ей, Абылай, Абылай» толғауында ханды орыс халқымен жауласудан сақтандырып, елдің тыныштығын, бейбіт өмір сүруін ойлайды., ал «Керей, қайда барасың?» толғауында бөлініп көшіп бара жатқан елді жолынан тоқтатып, ел бірлігінің сақталуына ықпал етеді.

Ұлы Абайдың өзі айтқан ғой: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» (19 қарасөз) [78, 114-б.].

Сондықтан да бүгінгі таңда жан-жағынан ағылып келіп жатқан ақпараттардың теріс ықпалынан сақтап қалу мақсатында жасөспірімдерге ұлттық педагогикаға негізделген үлкен оқу-тәрбиелік жұмыс жүргізілуі тиіс. Оның сүйенер үлкен тұғырының бірі киелі сөздің иесі жыраулар поэзиясы негізінде іске асырылуы қажет.

Жаңа білім мазмұны мен құрылымын анықтауда басшылыққа алынатын жетекші идеялар мен ұстанымдардың бірі оқу-тәрбие ісін демократияландыру, ұлттық тәрбие негізінде жүргізу болып табылады.

Уақыт озған сайын жаңа талап, сан-салалы міндеттер туындайтыны белгілі. Демократия тағылымдары нәтижесінде ұлттық дәстүрге, тәлім-тәрбие бастауларына ден қою, оған жаңаша көзқараспен карап байыптауға бет бұрылды. Сондықтан да біз бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбие ұлт тілі арқылы, ұлттық негізде болуға тиіс деп есептейміз.

Бұл туралы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты зерттеу еңбегінде: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылуы туралы ескіден қальш келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін кызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [79, 130-б.], – деп біздің пікірімізді нықтай түссе, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көрнекті қайраткері Ж.Аймауытов былай дейді: «Тәрбенің мақсаты – денені күшейтіп, ұлтшыл қылу болса, бұның жақсы жағы да, жаман жағы да болу керек. Жақсы жағы: бір халықтың

ұлтшыл адамдары көбейсе, ұлты үшін жанын салып, сол ұлтты көркейтуге тырыспақ. Адамның өз басының көркейюімен ұлты көркеймейді, ұлты көркейсе, өзі көркейеді. Бір ұлт бақытты болса, ол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарына да ортақ. Бір адамның бақыты бір ұлтты бақытты қылуға жетпейді. Ұлтын, Отанын көркейту, қандас-діндес, тілдес бауырларының қамын жеу – бұл жақсы жұмыс. Ал енді жаман жағы мынау: ұлтшыл адам бір жұрттың ғана қамын ойлайды; бұл қамын ойлау жолында басқа жұрттармен айтысады, тартысады, жұлысады. Өз қылығы дұрыс, қисық болсын үстіне шығарып, басқаны жеңуге жаһат қылады. Біреуді жеңуге ұмтылған кісі қызуламақ: қызу кісі өз қатесін көрмейді, көргісі келмейді. Қатесін көрмеген кісі бірбеткей, ақыл көзінің ауданы тар кісі болуы керек. Ақыл көзінің ауданы тар кісі, адамшылдыққа пайда келтіре алмаған кісі ахлағы әлсіз, жабайы «кәдімгі» кісі болмақ. Ұлтшыл адам біреуге зорлық қылса да, қан төксе де, мұқатып өз Отанының дәуірлеуін іздейді. Мұның түбі бәсеке, талас «мен сенен артық боламын. Бұл – өзімшілдік ісі. Өзімшіл кісі кең болмайды, кең болмаса қаскүнем болады. Қаскүнемдік жақсы емес. Тіршіліктің өз талқысы аласұрып, әр халыққа ұлтшыл болмасқа ерік қоймай отыр. Ұлтшыл болу – адамшылдық ісі емес, заманның ісі» [80, 134-б.].

Демек, баланың бойына ұлтжандылық қасиет сіңіруде Ж.Аймауытов атаған тәрбиенің жақсы жағын тиімді пайдалану қажет. Ұрпақ тәрбиесі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып, халықпен бірге жасасып келе жатқан дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып негізінде, басқаша айтсақ, халықтық педагогикаға сәйкес жүргізілсе дұрыс болады.

Абай отыз сегізінші сөзінде: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе, өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – дей келе, сонан соң ғана Алла Тағаланы таныса, өзін таныса, дүниені таныса, өз адамдығын бұзбай ғана пайда, қайырымды іс істесе, зияндыдан қашып, ғылым-білімді үйренсе, ол адамнан үміт күтуге болатынын айтады [78, 137-б.].

Әдебиет – өнер, ал өнер, ең алдымен, адамдардың сезіну арқылы қабылдауына есептеледі. Оқылатын әр көркем шығарманы білімгерлер түсініп қана қоймай, оқу үстінде күйінші-сүйінуі тиіс. Осыған орай әдебиет пәнінің мұғалімі әр білімгердің бағдарламадағы материалды қалай игергенін біліп қана қоймай, оның қалай кабылдағанын, оның бойында қандай сезім тудырғанын білуге тиіс. Шығарманы талдау әдістеменің басқа талаптары тұрғысынан қаншама жетік болғанымен, егер ол о білімгерлердің жүрегіне козғау салмаса, сәтсіз болғаны.

«Әдебиеттің басты міндеті – білімгердің сезіміне әсер ету, сол аркылы жақсы қылыққа, мінезге баулу, өмірдің сырын аңғарту. Әдебиет арқылы бала бойына жұғатын жақсылықтың бәрі осы жолмен келеді» [81, 17-б.] – дейді әдебиетші – ғалым С.Қирабаев.

Бұл жастағы балалар өздеріне ұнаған біреуден естіген немесе көркем шығармадан оқыған айшықты ойды айтқанды ұнатады. Сол арқылы өздерінің басқалардан ой озықтығымен, көбірек білетіндігімен ерекшеленгісі келеді.

Сондықтан да баланың ой қорындағы өзіне ұнайтын айшықты тіркестердің, көркем ойлардың құрамында жыраулар шығармаларынан да үзінділер болып, бала есінде өміріне пайдалы ұлағатты сөздік қор ретінде сақталуына оқытушы күш жұмсау керек.

Бұл жастағы жасөспірімдерді адами қарым-қатынас, қыз бен жігіт махаббаты, болашақтағы отбасылық өмірдегі адамдар арасындағы тәрбиелік, өнегелік арақатынастар қызықтырады. Бұл мәселелердің барлығы жыраулар шығармаларында қамтылған. Бала табиғатына барлық нәрсеге үстірт қарау тән болғандықтан, жыраулар шығармалары арқылы осы ұғымдарға толығырақ мағлұмат беріп, тереңірек қарастыруға мүмкіндік бар.

Күнделікті өмірдегі көріністер мен сезімдер өнер әлемінде өңін айналдырып жоғары азаматтык мәнге ие болады. Біртіндеп дара тұлғаның әдебиет арқылы өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу, өз тұлғасын өзі жасау үдерісі жүреді. Басқаша айтқанда, оқырманға қатысты өнер өзінің көпқырлы қызметін орындайды. Әдебиет оқырман мен жазушы арасындағы байланыс қызметін атқарады. Ол өмір танудың және оқырман тәрбиелеудің мықты құралы болып табылады және бала танымын кеңейту, тәрбиелеуді де өзіне тән әдіс-тәсілдермен, амалдармен іске асырады.

Бүгінгі таңдағы идеология мәселесі, жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеудеғі идеялардың, кеңестік дәуірмен салыстырғанда денгейінің төмендігі, өз дәрежесінде еместігі ойлануды қажет етеді. Білім саласында реформалар жүргізіліп жатқан кезеңде, ұлттық білім бағдарламасын дайындау қолға алынып, сонымен қатар ғаламдану үрдісі жүріп жатқан тұста бала тәрбиесінің барысы ұлттық негізде болып, ғаламдану дәуіріне өз ұлттық ерекшелімізбен кіруге тиіспіз. Бірақ біздің қоғамдағы өмірімізде бұл мәселеге де жеткілікті көңіл бөлініп отырмағаны белгілі. Бүгінгі ұрпақтың идеалдары бұрынғыдан мүлдем бөлек. Сондықтан да жастарды елін, туған Отанын, жерін, тілін, ділін, дінін сүюге тәрбиелеудің қиындығы туындайды, бірақ мұның қажеттілігі үлкен.

XV-XVIII ғасырдағы қазақ даласы қазақ-қалмақ соғысы, «Ақтабан шұбырынды, Алкакөл сұлама» атанған қазақ-жоңғар соғысы сияқты жаугершілік кезеңмен ерекшеленетіндіктен, жыраулар поэзиясында ерлікті жырлау, батырларын мадақтау, елін жауға қарсы шабуға жігерлендіру тақырыптары мол қамтылған.

Бұл орайда, Қазтуған жырау Сүйінішұлының мына өлең жолдарының баланың эмоциясына әсер ету арқылы ізгі сезімдерді қалыптастыру мүмкіндіктері мол:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау
Қазтуған батыр туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт, –

деген өлең жолдарындағы дәл осы сөздерді қолданып тек қазақ ақыны, жырауы ғана туған жеріне деген қазаққа тән сүйіспеншілігін көрсете алса керек. Бұл жұрттың «атасының күйеу болып барған жұрт, анасының келіншек болып түскен жұрт екендігі; Қазтуғандай батырды туған жұрт екендігі, кіндігін кесіп, кір-қолын жуған жұрт екені» жыраудың қазақтан шыққан дарын болғандығынын белгісі.

Өлеңнің әр жолынан қазақтың иісі аңқып тұрған жоқ па? Ақын-жыраудың туған жерге деген сүйіспеншілігінің суреттелуі арқылы баланың Отанына, жеріне деген құрмет, махаббат, алғыс сезімін ояту мүмкіндігі мол.

Отанға, жерге, елге деген сүйіспеншілік пен туысқанға, жақын адамға, жалпы адамзатқа деген сүйіспеншілік, махаббаттың тығыз байланысты екендігі белгілі.

Жыраулардың еліне, Отанына, туған жеріне арнаған өлеңдерін, толғауларын сабақта өту, түсіндіру барысында елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ықпалы зор.

Белгілі психолог-ғалым, профессор Қ.Жарықбаев Ақтамберді жырау поэзиясынан көшпенділердің өзіндік психологиясы көрініс табатынын, көшпенділердің ежелден ақ көңіл, қонақжайлылығымен, меймандостығымен баршаға мәшһүр екенін және осынау ұлттық қасиет – Ақтамберді толғауларындағы басты тақырыптың бірі екенін жазады. «Мал атаулының кадір-қасиетін тебірене жырлаған жырау, сайып келгенде, жастарды шаруашыл, еңбекқор болуға шақырады да, оларды бірлікке, татулыққа, ата-ананы сыйлауға, туған жерді басқыншы жаудан қорғай білуге, ержүректікке, батыр болуға үндейді» [82, 54-б.].

Әдебиет пәні – бұл әрқашан да бірге отырып күйіну-сүйіну, ойланып-толғану, аңғару-ұғыну, түсіну-әңгімелесу сабағы. Білімгер өз сұрағына жауап ала алатын сабақ, ол жауап білімді қабылдау үдерісінің өзінде, одан баланың өз қажетін ала білуінде.

Кітап сөрелеріндегі әдебиеттер – идеалдардың, өмірге көзқарастың, танымдық әрекеттердің қалыптасуы болып табылады. Ол білімгерлерді гуманист, азамат, дара тұлға тәрбиелеп шығарады.

Азаттықты аңсау идеясымен танымал, батыр жырау – Ақтамберді:

Рақымсыз жақыннан
Халқы қатты түңілер,
Сырқат болсаң жат жеде
Жаныңда кім бөгелер.
Әділ туған жақсыға
Екі даугер жүгінсе,
Тізесін қисық бұрмаса,

Асылдығы білінер, – деп, әділетсіз болса биден, рақымсыз болса байдан, қатты болса жақыннан ел түңілетінін айтып, әділет жолын нұсқайды. Бұл өлеңнен де ғибрат алар жері мол. Доспамбеттей батыр жыраудын мына жырына құлақ түрелік:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен.
Бұрын соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын.
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!..

Нағыз елін сүйген ердің сөзі емес пе? Батыр халқы, елі, жері үшін дулыға киіп, жауға қарсы жорықтарға қатысқанын мақтан тұтады. Балаларды елжандылыққа баулудың, Отансүйгіштікке баулудың осыдан артық үлгісін табуға бола ма? Өлеңді оқығанда, жырау бойындағы қайрат, күш-жігер бала бойына құйылып жатқандай сезіледі. Ал, эстетикалық қабылдау ше? «Өкінбен» сөзі – жай ғана ұйқас емес, өлеңге соншама нәр берер күш.

Әдебиет арқылы тәрбиелеудің бала дамуының қайнар көзіне айналуы пәнді оқытудың мақсат-міндеттерімен онда жүргізілетін әр бағыттағы жұмыстармен байланысты шешілетіні сөзсіз.

Әдеби шығарманы оқып-үйрену үстінде кейіпкерлерді әр түрлі жағдайларға байланысты өзге бейнелермен тығыз табиғи бірлікте, қарым-қатынаста қарастыруы, өмірлік мәні бар құбылыстармен салыстыра оқытуы, оған шәкірттердің өз пікірін білдіруіне көп көңіл аударуы қажет [83, 3-б.].

Білімгер көркем шығарманы дұрыс қабылдауында оқытушының рөлі үлкен. Әдебиет сабағының өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа сабақтың жасалынуы көркем шығарманың дүниеге келуімен байланысты. Оқытушы тек қана білімгерлермен ғана емес, жазушымен де бірігіп шығармашылық жұмыс жасайды.

Балаларға ұлттық, халықтық тәрбие берудің қайнар көзі қазақтың бай әдебиетінде, соның ішінде, жыраулар поэзиясында жатқаны сөзсіз.

Мұсылмандарға, соның ішінде қазақ халқына тән, ата салты, ата дәстүрінің бірі – естірту. Адамның қайтыс болғанын естірту үшін ру-ауыл ақсақалдары жиналып кеп, қаралы хабарды суыртпақтап, тұспалдап айтып жеткізеді. Бұл естірту арнаулы өлең түрінде айтылады. Естіртудің өлеңмен айтылатын осы түрі жыраулар поэзиясында кездеседі. Оған Бұхар жыраудың Бөгембай батыр өліміне байланысты Абылай ханға айтқан естіртуі куә: Қазақтың ханы Абылай!

Қазақтың ханы Абылай
Абылай ханым, бұл қалай?
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады.
Құлағанға ұқсайды
Қазақтың қамал қорғаны.
Қайғырмаңыз, ханзадам,
Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгенбай, –

деп, жалғыз Абылай емес, бүкіл қазақтың қабырғасын қайыстырар қайғылы ауыр хабарды естіртеді.

Естірту, көңіл айту өлеңдері – өзінің құрылысы, сөз кестесі, көркемдік күші жағынан шешендік сөздерге жақын, екі жанрға да бірдей ортақ қызмет ететін сөз өнерінің бірі. Өйткені көңілі құса, жүрегі жаралы адамға тоқтау айту үшін үлкен шеберлік, сөз қисынын тауып сөйлейтін ділмарлық, саулап тұрған дүлдүл шешендік керек.

Қазақ ғұрпындағы мұң-шер өлеңдерінің бір түрі – қоштасу. Қоштасу өлеңдері әр түрлі кезеңдерде айтылады: егер адам жер ауып басқа жаққа көшіп бара жатса немесе ұзатылған қыз туған жерімен қоштасып айтуы мүмкін, сол сияқты, өлім аузында жатқан адам балаларымен, туыстарымен бақұлдасып, арыздасып, қоштасуы мүмкін.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын, салт-санасын жас ұрпақ бойына сіңірумен байланысты. Жыраулар поэзиясында көрініс тапқан естірту, көңіл айту, қоштасу сияқты жанрлар – тек әдеби құбылыс емес, сонымен қатар халықтың өмірлік тәжірибесін, этикалық нормаларын жеткізетін маңызды құрал. Бұл арқылы білімгерлер адам өмірінің мәні, өлім мен өмірдің заңдылығы , қайғыны бөлісу, сабыр сақтау сияқты адамгершілік құндылықтарды меңгереді . Сонымен қатар естірту мен көңіл айту өлеңдерінің шешендік өнермен байланысы білімгердің сөйлеу мәдениетін, ойды көркем әрі дәл жеткізу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай мәтіндерді талдау арқылы білімгердің сөздің әсер ету күшін, тілдің тәрбиелік қызметін терең түсінеді.

XIX ғасыр әдебиетінің өкілі Мәделі жыраудың туған жерімен қоштасқандағы сезімін былай білдіреді:

Белбеудегі бел қышиды шешерінде,
Жылқы мал тебіспейді өсерінде.
Сырменен Мәделі қоштасқаны,
Бұхарға жоғарылап көшерінде.

Аман бол, Қосжарсуат туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Жем беріп арғымаққа желе жортып,
Жылқыны бұрқыратып қуған жерім.
Аман бол, Бөгенім мен Шаяным-ай,
Тоқтайтын ұқсамайды баяным-ай
Байырқұмның сыртында құс салатын,
Аман бол қырғауыл мен қояным-ай...

Өткен дәуірлердегі өмір шындығы біздің заманымызға дейін, негізінен, әдебиет өнері арқылы жетті. Бұл, әрине, жыраулар поэзиясына да қатысты айтылған нәрсе. Сол сияқты, Мәделі жырау шығармаларында да XIX ғасырда Хиуа, Қоқан хандықтарының қазақ ауылдарына жасаған зорлық-зомбылықтары көрініс табады.

Жыраудың туған жерімен қоштасу өлеңі осындай оның қуғын-сүргінге ұшырап жүрген кезінде, қысылтаяң шақта жазылса керек.

Өмірінің қиын-қыстау кезеңінде туған жеріне толғау арнаған жыраудың көңіл-күйін, жан сезімін түсіне отырып, туған жеріне деген махаббатын сезіне отырып балалар осы шығарманы қабылдаса, оларды елжандылыққа баулудың бір құралы болар еді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында өздерінің туған жері туралы шығарма жазып келуге немесе өлең шығарып келуге тапсырма беруге болады.

Халық педагогикасында ерекше орын алатын, қазақтың бұрынғы әдет-ғұрпынан туған, батагөй қариялар айтатын сөз өнерінің бір түрі – бата тілек өлеңдері.

Танеке, өлең айтпақ көңіл хошы,
Мал тапса қашық тартар,
Орынсыз үкімменен мен барамын,
Күн туса ер басына деген осы.
Күнәм көп, кешкей құдай қатамыздан,
Бұл дәулет сізге қалған атаңыздан.
Аузының дуасы бар ер едіңіз,
Үміткер болып келдім батаңыздан, –

деген Мәделі жырау сөздерінен «ер басына күн туған шақта» оң, түзу бата алудың халық ұғымында қаншалықты маңызы бар екенін байқаймыз.

Жылқының құты айғыр-ды,
Ат тумайды атасыз.
Көсегесі көгеріп,
Көбеймейді батасыз, – дейді Шортанбай.

Осы келтірілген ойлардан батаның әр түрлі мақсатта айтылатынын байқаймыз. Өзіміз білетіндей, алыс жолға шығатын жолаушыға бата беріледі; көп халық жиналған үлкен той немесе астың соңынан бата айтылады; шешен немесе ақын өзі ұстаз тұтқан, пір тұтқан адамынан бата алуға тырысады.

Үмбетей жыраудың Абылайханға қаратып айтқан толғауларының бірінде бата берудің үлгісі бар:

Жақсылық бата қыла гөр,
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгембайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!

Сол сияқты Бұхар жыраудың «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» өлеңінің соңғы шумағы да бата берумен аяқталған:

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.

Алғашқысы бір адамға айтылған бата, соңғысы дүйім жұртқа берілген бата, қалай болған күнде де, бұл жыраулардың ел қамын, халқының болашағы үшін толғанған жақсы ниетінен туған тілектер. Осы тақырыпты өткен кезде білімгерге «батаның қандай түрлерін білесіңдер?» деп сұрақ қойып, келесі сабаққа, қандай да бір бата үлгісін жаттап келуге тапсырма беруге болады. Бұл жерде, біріншіден, балаларды ізденіп жұмыс жасауға жетелейміз, екіншіден, есте сақтау қабілетін дамытамыз.

«Жаттаудың білімдік, тәрбиелік мәні күшті. Ол білімгердің зейініне ықпал жасап, есте сақтағыштығын дамытады. Сондай-ақ білімгер «өлеңді кімге арнап оқимын, қандай мақсатпен оқимын» деген тәрізді алдына мақсат қоя оқу дағдысын қалыптастырып, шығарманы жандандыра оқуға түсіндіруіміз керек. Мәтінді жаттау білімгердің ауызша тіл байлығын дамытуда қосар үлесі мол. Ондағы түсініксіз сөздер мен сөз тізбектері түсіндіріледі, мәтіннің мазмұны мен құрылысы, жеке суреттеулер жан-жақты талданады» [84, 264-б.].

Сондықтан да әрбір жыраудың шығармашылығын өткен кезде, білімгердің ерекшелігіне сақтап, толғаулардан үзінді жаттауға беріп тұрсақ, дұрыс болады.

Тәрбиелік жұмыстың ерекше міндеті: әрбір шәкіртті ойлана білу қуанышына, ой әлемінің бай өміріне ұмтылуға шабыттандыру.

Бүгінгі таңдағы жасөспірімдер іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарында байқалып жүрген кемшілік – мейірімділіктің аздығы мен адами сүйіспеншіліктің – адамды жақсы көрудің, шынайы сыйласа білудің, үлкенді сыйлаудың жетіспей жатқандығы болып табылады. Адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығы да бүгінгі жастарымыздың бойынан табыла бермейтін қымбат сезім болып бара жатыр. Біз бұл жерде тағы да ұлттық тәрбиеге бетімізді бұрып, оның ішінде дін арқылы, діни шығармаларға жүгіну арқылы жол табуды мақсат тұтқанымыз жөн.

Дін ата-бабаларымыздың атам заманнан бергі тәрбие құралы болып келгенін білеміз. Ұлы ғұламаларымыз «Жақсы-жаман – бәрі қандай кісі деп, Таны, табын, сана, соны құдірет. Не керектің тіле одан барлығын, Одан күшті жоқ, мойында жарлығын. Қадір тұтып, істе тәңір бұйрығын, Бүгін не ертең

тартар құрмет сыйлығын» [85, 159-б.], – деп Алланың құдіретіне шек келтірмейді. Бүгін болмаса ертең Алланың шапағаты тиетінін айтады. Тек кеңес дәуірінде мұсылманшылықтың бала тәрбиесіндегі рөлі солғындап қалды. Жыраулар поэзиясы шығармаларының да жарық көре алмай қалуы кеңестік дәуірге сәйкес келеді. Сондағы жырауларға тағылған айыптың бірі – дінщілдік еді.

«Атеистер бүкіл халықтың, әсіресе, жас буын жеткіншектердің миын улады. Құдайды қалайда жоқ деп айтқызуға тырысты. Олар көздеген мақсатына жетті: құдай, періште, пайғамбар, әулие, рух тағы басқа ұғым мен түсініктер өз-өзінен желге ұшты. Жай ұшқан жоқ, имандылықты, ізгілікті, адамгершілікті қоса ұшырды. Дінінен айырылып, ел-жұрт мүлде қараңғы болып қалды» [86, 7-б.], – деп жазады филология ғылымдарының докторы, ғалым-ұстаз Б.Сағындықұлы.

Кезінде:

Алақандай Ай мен Күн –
Ғаламның орта жарығы,
Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас оймақ –
Мұсылманның парызы.
Ораза, намаз қылғаның
Көңілінде Құдай барлығы, –

деп, мұсылман атаулыға намаз оқып, ораза ұстауды насихат қылған Шортанбайдай ақынымызды «шығармаларында қайшылық көп, дінді уағыздайды» деген жаламен, әдебиетімізден мүлдем шығарылып тасталды емес пе?

Ал, бүгінгі таңда дінге деген ынта-ықылас күшейіп, бұқара халықтың сана-сезімі қайта оянды. Демек, келер ұрпақты дін арқылы игілікті істер жасауға, жақсылыққа тәрбиелеуге көп мүмкіндіктер туып отыр.

«Құдайдың жолы түгіл тартсаң майы шығатын құнарлы топыраққа ұқсайды. Адамгершілік, ізгілік, имандылық, жоғары мораль – бәрі-бәрі осы топырақтан өсіп-өнеді» [86, 11-б.].

Осы айтылғандарды Шортанбайдың:

Әділ деп соны айтыңыз,
Турасын кисық бұрмаса.
Бұйрықсыз бәрі харам-ды,
Шариғатқа сыймаса, – деген өлең жолдары растайды.

Жалпы, Шортанбай ақын шығармаларының барлығы дерлік, адамдарды дін арқылы оң істерге тәрбиелеуге бағытталған. Қарап көрейік:

Сырттан ғайбат қылғанша
Айт көзі мен өзіне.
Құдайдан қорыққан мұсылман,

Қарауыл қояр сөзіне, – деп, адамды сыртынан жамандап, ғайбат айтудың дұрыс еместігін, бұл мұсылманшылыққа жатпайтынын ескертеді. Әуелі, халқымыздың қонақжайлығының өзін:

Жігерлі туған жігіттің
Кім қой дейді талабын.
Жалғыз аяқ бар болса,
Кісі үшін дер шалабын.
Құдайдан қорыққан мұсылман,
Қонаққа сояр лағын, – деп, мұсылман халқына тән, құдай жолындағы адамдардың бойындағы касиет екенін айтады.

Атаңды сыйла анаңмен,
Меккені іздеп таппаққа, – деген уағызы ата-ананы сыйлаудың Мекеге барып келгенмен тең екендігін насихаттап, жастарды ата-ананың қадірін білуге, үлкендерді сыйлауға, инабаттылыққа шақырады.

Дүниені жолдас демеңдер,
Көп болар-ды күнәсі...
Дүние жиып өткен жоқ.
Бізден бұрынғы пайғамбар.
Сөзін айтайын өлкендер:
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер! – деп, адамның дәулеті жетіп тұрса, Меккеге барғанының дұрыстығын айтады. Мұндай қасиетті жерге барған адам рухани тазарады, бұл дүниеде жасаған күнәлары болса, кешіріледі, ата-анасының алдындағы қарызы, парызы өтеледі деген ұғым бар.

«Дін денсаулығымызға әсер ететін арам-лас нәрселерден сақтандырады. Зиянды әрекеттерден қорғануға шақырады. Жиі кірлейтін: бет-қол, ауыз-мұрын, аяқ сияқты мүшелеріміздің әр уақытта таза болуын талап етеді. Денсаулық сақтау, рухани тазару жолдарын толық белгілеп береді. Демек, дін – тәнге дәрі, жанға шипа» [87, 12-б.].

Балаларды қасиетті «Құран» кітабын қастерлеуге үйретуіміз кажет. «Құран» – ислам дінінің ең негізгі, басты кітабы. Ол діннің ғана емес, араб әдебиетінің классикалық үлгісі. «Онда тарих, әдебиет, шариғат, салт-сана, әдет-ғұрып, тазалық, әділдік, шипагерлік секілді жан-жақты бай мазмұн қамтылған» [87,3-б.].

Жыраулар поэзиясын оқыта отырып, жеткіншектерді имандылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мүмкіндігі мол. Мұсылман діні – ұлтымыздың ерекшелігін айкындайтын, казақ деген халық екендігімізді білдіретін негізгі көрсеткіштердің бірі.

Егер де бала осындай ұлт бойындағы өнеге тұтарлык қасиеттерді бойына сіңіріп өссе, оның болашақта өз халқының салт-дәстүрін сыйлайтын, инабатты , иманды, ақылды азамат болып өсетініне күмәніміз болмауға тиіс.

Әдебиет пәні Чехословакияда «әдебиеттік тәрбие» деп аталынады екен. Бұл әдебиет сабағының тәрбиелік мәнін бірінші орынға қойғандығынан болар.

Педагогикалық міндеттер оқу және тәрбиелік болып екіге бөлінеді. Әдебиет пәні сабағының ерекшелігі сол, білім беру және тәрбиелік мақсаттар

тұтас күйінде, ажырамас бірлікте қарастырылады. Кез келген педагогикалық мақсат – әдебиет сабағының кез-келген элементін көктей етер негізгі тіні мен өзегі, ал тәрбиелік функция өнер туындысының негізгі қызметінің бірі болып табылады.

Оқырман не үшін көркем әдебиетке жүгінеді?

«Жазушымен әңгімелесе отырып, оның сөзін қуаттай отырып немесе онымен дауласа отырып, өзінің рухани әлемін байыта отырып, оқырман өзі байқамай немесе өзінің еркінен тыс өмірге деген, ақиқат шындыққа деген, адамдарға деген көзқарасын, өмірлік позициясын қалыптастырады» [88, 6-б.], – деп жазады Г.И.Беленький әдебиеттің тәрбиелік маңызы жөнінде.

«Балаға ерекше қанат бітіріп, оны асыл арман, жарқын мұраттарға жетелейтін, ойына қозғау салып, творчестволық іске талпындыратын білімгер қиялын тәрбиелеу, дамыту мәселелеріне септігі тиетін әрекеттердің бәрін де құптауымыз керек.

Психологтардың зерттеуінше, білімгерлерде қабылдаудың синтездік-анализдік типі қабат әрекет етеді де, оқып отырған шығармасын білімгердің тұтас қабылдауына жағдай жасалады. Мұның өзі оқырмандық қызығушылықты тәрбиелеуге ғана емес, білімгердің жалпы сабаққа белсенділігін арттыруда да үлкен мәні бар мәселе екендігін біз жақсы білеміз» [89, 143-б.].

Қызықтырмайынша, әдебиетті оқыту мүмкін емес. Әдебиет көңілсіздікті көтермейді. Әдебиеттің практикалық мәнінің басқа пәндердің мәніне қарағанда білімгерлер үшін көрнекілігі, сенімділігі кем болады. әдебиетті қызықтыра оқыту нәтижесінде, білімгерді оған толық еліктетіп, тартып ала білгенде олар қашан не үшін бізге қажет болады деген ойдан арылғанда ғана, білімгерлер әдебиетті өздерінің рухани мүдделерін қанаттандыру үшін оқитын болады. Сонда әдебиет көп күш жұмсалынбай ұғынылып, танып-білу қуанышына, эстетикалық ләззатқа бөлейді.

Білімгерлердің оқуға деген қызығушылығын күшейтудің неғұрлым тиімді екі жолы бар: 1) Білімгердің эмоциясы мен сезіміне әсер ету; 2) Проблеманың практикалық мәнін білдіру.

Әдебиет сабағы қызықты өтуі үшін не істеу керек? Ең алдымен, білімгердің ой әрекетін ескере отырып, сезімін ояту көзделеді. Әдебиет сабағында білімгерлер сергек, көтеріңкі көңілде отыруларының тигізер пайдасы мол. Көңіл-күйдің жайбырақаттылығы – әдебиетке ынталандыруға тәрбиелеудің жауы.

Әдебиетті оқытудың негізгі міндеттерінің бірі білімгерлерде оқуға деген сүйіспеншілік тәрбиелеу болып табылады және мұның басты шарты жақсы кітаптар, жақсы бағдарлама, шабытты мұғалім және міндетті түрде әдебиетті оқумен байланысты білімгерлердің шығармашылық еңбегі екендігі даусыз.

Балаларды сабаққа ынталандыру мақсатында оқулықтағы материалды және бағдарламада көрсетілген өлеңді оқып берумен шектелмей, сирек кездесетін кітаптарды тауып, көрсетіп, ақынның, жыраудың шығармасын оқытуды оның өмірбаянынан бастамай, өміріндегі қызықты оқиғадан, шығармасынан тартымды үзінділер келтіруден бастауға болады.

Мысалы, Бұхар жырау шығармашылығын өткен кезде, Бұхар мен Абылай хан туралы халық арасында аңызға айналған оқиғалар өте көп, әртүрлі нұсқамен олардың қағазға түсіп, жарық көргені қаншама, солардың бірін айтып беруге болады немесе балалардан «Сендер хан мен жырау туралы не білесіңдер?» деп сұрап, олардың өздерін сөйлетіп қойсақ, нұр үстіне нұр!

Жаңашыл ұстаздардың дәлелі бойынша, сабақтың аяқтаушы фазасы оны жаппай, қайта болашақтағы, алдағы қарым-қатынасқа деген баланың қызығушылығын туғызып, оның шекараларын кең ашуға тиіс, демек оқытушы бүгінгі сабақты ертеңгі сабақпен қызықтыратын байланыс іздеу керек, сабақтың механикалық жалғасын ғана анықтап қоймай, оның бірін екіншісімен байланыстыратын «көпір» табу керек.

Мысалы, Шалкиіз жырау шығармашылығын өткен кезде «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп аталатын толғауын үйге тапсырмаға беріп, ал сабақ үстінде осы шығарманың жазылу тарихын айтып берсек: Шалкиіздің бұл толғауы Мамай би (XVI ғасырдың бірінші жартысында ноғайлы елінің үлкен ру басы, биі, батыры болған адам) мен Орақ тарапынан қуғын көргенде айтқаны делінеді.

«Толғаудың тарихы жайында Арыстанғали Берқалиұлы «Ақын» атты 1912 жазылған жинағында: «Ноғайлы Шәлгез батыр бес-алты ханның тұсында өмір сүріпті, ақырында Мамай ханның жанына келіпті, ноғайлының өзге билері Шәлгезді күндеп, өлтірмек болады. Мамай оларға: «Сендер өлтірмей-ақ қойыңдар, ертең елге жау тигенде жалғыз өзін жаман торымен жіберейік, сонда өзі-ақ жау қолынан өледі», – дейді. Айтқанындай, ертеңіне елге жау тигенде Шәлгезді жаман торымен жауға жалғыз жібереді. Жырау жекпе-жекте жаудың қолбасшы батырын өлтіріп, өзге әскерін қуып тастайды да, тау басында қызықтап карап тұрған Мамайға келіп, осы толғауды айтып, жөніне жүре беріпті», – дейді Шәлгез бұл тұста, сөз жоқ, бұрынғы атақ, даңқынан айырылып, қағажу көрген адамның бейнесінде. Бірақ қайраты қайтпаған тәжірибелі қарт батыр» [90, 66-б.].

Шығарманың жазылу тарихын білген соң балаларда толғауда жыраудың кандай көңіл-күйі көрінеді екен? «Батыр жырау өзін қатты ренжіткен ханға қандай сөздермен жауап қатты екен?», «Жырау бейнесі осы шығармасында қалай көрінеді?», «Би Темірге арнаған толғауларынан айырмашылығы қандай ?» деген сұрақтар туындап, осы шығарманы оқуға деген қызығушылығы, ынталары оянары сөзсіз.

Өз сабағына білімгерлерді қызықтыра білген оқытушы білімгерлердің жүрегіне жол тауып, әдебиетке деген сүйіспеншілігін туғызады, шәкірттің оқытып-үйренуге деген ынта-жігерін, құштарлығын арттырады, оның өздігінен жұмыс істеу қабілетін жетілдіріп, шығармашылық белсенділігін дамытады. Мұндай жағдайда білімгер саналы тәртіп, сапалы білімге ие болады.

Жас ұрпақты жоғары интеллектуалды азамат етіп тәрбиелеуде халкымыздың осындай бай рухани мұрасын пайдалануымыз кажет.

XVIII-XIX ғасыр әдебиет өкілі Шал ақынның мына өлең жолдарына көңіл бөлейікші:

Қарсы жүрген адамның,

Басын исе, достық қыл.
Жеңілсе дұшпан, достық қыл,
Аяққа салып баспаңдар.

Тәрбие тамыры – халық даналығында, жас ұрпаққа жан-жақты өнегелі жарасымды тәрбие беруде ата-бабалар дәстүрін өнеге етудің үлкен тәрбиелік маңызы бар. XV-XVIII ғасырлар әдебиетіне үңіле қарасақ, жыраулардың шығармаларындағы көтерген мәселелер ұлттық, жалпыадамзаттық проблемалармен ұштасып жатыр. Мұнда әдебиетіміздің, халқымыздың бел-белесіндегі тарихын, ұлттық психологиясын, елдік, ерлік дәстүрлерін, философиялық ұғым-түсінігін көреміз.

Әр халықтың келер ұрпаққа қалдырған мұрасында сол халықтың мінезі көрінеді. Жыраулар шығармаларынан халықтың батырлық рухы сезіледі.

Жыраулар поэзиясы – халықтың келер ұрпаққа қалдырған мұрасы. Халықтың әр кезеңдегі шығармаларынан бабаларымыздың сол кезеңдегі батырлық рухы сезіледі.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» әдебиет сабағындағы жұмыстардың барлығы білімгерлердің мәтінді эмоциональдық қабылдауға дайындауға, шығармашылық қиялына қозғау салуға, сол арқылы әдебиетке деген қызығушылығын оятуға бағытталатындығы айтылған.

Талдау, талқылау барысында білімгерлердің шығарманы тұтас контекстік қабылдау мәдениетін оқиғалардың өмірлік мәнін, шығарма тіліндегі көркемдік бейнелеу құралдарының ерекшеліктері мен рөлін ұғыну қалыптасады делінген.

Жаңа ғасыр педагогикасындағы ақпараттандыру, жаһандану үрдісі аясында ұмыт болып бара жаткан ұлттық құндылықтарымызға қайта бет бұрып жаткан тұста авторлық, жазба әдебиетіміздің көшбасшысы болып табылатын, шығармалары дидактикалык өсиет-өнегеге, үлгіге, ұлттық тәлім-тәрбиеге толы жыраулар поэзиясы арқылы өскелең ұрпаққа қазақ әдебиетінің тарихымен таныстыра отырып білім берумен қатар, қоғамдық өмірде өз орнын таба алатын, айналасындағы адамдармен тіл табысып қарым-қатынас жасай алатын өнегелі, тәрбиелі, үлгілі өскелең ұрпақ, дара тұлға тәрбиелеп шығару мақсаты көзделеді. Бүгінгі таңдағы жоғары оқу орнының білім беру мақсатының өзі де сол.

Өзінің ұлттық салт-дәстүрін білмеу – тамырын танымаудың бір көрінісі. Сондықтан да жыраулар шығармаларында көрініс табатын бата беру, қоштасу, дін тақырыптары арқылы өскелең ұрпақты тек өткен ғасыр тарихымен таныстырып қана қоймай, ата-салтын, елдік дәстүрді таныту арқылы оқу-тәрбие үдерісін іске асырудың мәні зор. «Батамен ел көгереді» дейді халық мақалы. Сондықтан да қазіргі бала, жас ұрпақ алдыңғы аға ұрпақ өнегелерінен үлгі алып, ата мұратынан алуға болатын жақсылықты бойына сіңіре алса, тәрбиелік мақсаттың орындалғаны. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі», – деген Абай Құнанбайұлы.

Әдебиет сабағындағы мотивациялық компонент о білімгерлердің қарым-қатынас қажеттілігімен қатар, олардың сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде

игеруге ұмтылысынан, оқу еңбегіне саналы түрде қызығушылығын тәрбиелеумен де анықталады.

Бұл білімгер оқу материалының өз болашағындағы кажеттілігіне жарайтынын түсінген жағдайда іске асырылады. Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқытушы білім берудің негізгі және компетентті көзі болып саналып, білімгер танымын бақылаушы субьект ретінде көрінсе, дара тұлғаға бағдарлай білім берудің жаңа парадигмасында оқытушы білімгердің өз бетінше белсенді танымдық қызметінің ұйымдастырушысы, білімгердің білікті кеңесшісі және көмекшісі болуына басымдылық беріледі.

Дара тұлғаға бағытталған білім негіздерінің бір ұстанымы «бала дамуына көмектесу» болып табылады. Оның мәні бала үшін жұмыс жасау немесе оған не істеу керектігі жөнінде нұсқау беріп, білімгер үшін оның мәселелерін шешу емес, білімгерге таңдау мүмкіндігі беріліп өзі қабылдаған шешімге жауап беруі үшін баланың өзін-өзі тануына көмектесу, өзіндік белсенділігі мен ішкі күштерін, қабілетін ояту.

Жыраулар шығармаларын жарыққа шығару, олар туралы айту, ЖОО-ның оқулықтарына енгізу кеңестік дәуір кезеңінде тоқтап қалды да, кейінірек, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін қайтадан колға алына бастады. Жыраулар шығармаларын жарыққа шығару, зерттеу, білім беру бағдарламасына енгізу қолға алына бастады.

Жыраулар поэзиясын оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы оқытушы әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады.

Әдіс-тәсілдер деген не? Оқыту үдерісінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – оқытушы оқытуы, екінші мәселе – білімгердің оқуы. Оқытушы мен білімгердің осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, оқытушының әңгімелесуі әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері кітаппен жұмыс әдісі, білімгердің жауап беруі білімгер білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен білімгер арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Университеттегі оқыту үдерісі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар білімгер белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау білімгердің тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиеттік оқу пәнін оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивті әдіс, эвристикалық (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Академик Ю.Н. Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегінде әдістерді мынадай үш топқа жинақтайды.

1. Білімгердің оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері.
2. Білімгердің оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері.
3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, 1-топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, дәріс, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндер), практикалық (поэтикалық талдау, көркем мәтінмен

жұмыстар) әдістер жатады. Сондай-ақ репродуктивті, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі, ерекшелігі болады. Төмендегі кесте арқылы кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталайық.

Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды білімгерге жеткізуде сөздік әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күре тамыры деуге болатындай. Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, білімгер психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ білімгерге сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор. Білімгердің теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда өте тиімді. Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту білімгерді іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Білімгердің өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

Жыраулар поэзиясын оқыту барысында ең басты жұмыстардың біріне білімгердің жыраулар поэзиясын түсінуі, қабылдауы, одан әсер алуы, толғауды бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни оқытушы осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Әдебиетті өнер деп тануда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдауда, сөз қасиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда бұл әдіс алғашқы баспалдақ, яғни көркем шығарманы білімгер жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден-ақ тиімді әдіс болып, оқытушылар тәжірибесінен кең орын алуда. Бұл әдістің негізгі тәсілдері оқытушының мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күйтабақты, үнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Оқытушының мәтінді әрі мәнерлеп, әрі түсінік бере оқуы, білімгерлерді осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасату, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай -ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды т.б.) тиімді тәсіл ретінде білімгердің оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады. Оқытушы осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады. Ұтқырлық мұратты, оқытушылардан сабақтың мақсатын жинақты түрде айқындап, белгілеп алғаннан кейін, сол мақсатты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін де таңдап ала білуді талап етеді. Ол үшін әр оқытушы оқыту әдістемесін жете біліп, әрі оны сабақ мақсатына қарай іріктеп алып, шебер пайдалануы керек. Бұл аса маңызды, оқытушыдан шығармашылық ізденісті, жүйелі, тиянақты жұмысты талап ететін мәселе болып табылады. Оқытушы әр әдіс-тәсілдің өзіндік ерекшелігін, мүмкіндіктерін де жете білуі қажет. Көпшілік жағдайда оқытушының өзінің төселген, дағдыланған әдіс-тәсілі болады. Мұндай оқытушылар қай тақырып болмасын, оны қай сыныпта өткізбесін, сабақтың негізгі мақсатын да еске алмастан, «дағдыға» айналған

әдіс-тәсілмен сабақ жүргізе береді. Бұндай сабақтар тиімді өтеді, ол білімгерлерге өз дәрежесінде білім бере алады деп айту қиын-ақ. Оқу-тәрбие жұмыстарының барлық саласын бір өзі шешіп тастайтын әдіс-тәсіл жоқ. Сол себептен де оқытушы әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп қоймай, оларды қай жағдайда, қалай пайдалануға болады, соны да ерекше ойлану керек. Мысалы, тәжірибе көрсетіп жүргендей, бір жағдайда тиімді болған, пайдалы деп танылған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда кейде тиімді, пайдалы бола бермейді. Неге олай, себеп не? Білімгерлердің таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы оқытушы білімгер алдында проблемалық жағдаят тудыратын танымдық іздендіруші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі білімгерлер дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді болады.

Түсіндірмелі-репродуктивтік әдістің де өзіндік ерекшелігі, мүмкіншілігі бар. Бұл әдіс тәсілдің ең тиімді жағы оқытушы білімді қысқа мерзім ішінде, барлық білімгерлерді қамти отырып береді. Оқу материалын ақпараттық сипатта, әңгімелеу, түсіндіру сипатында жеткізеді. Білімгерлер да өз мүмкіндіктерінше ол білімді қабылдап алады. Бірақ репродуктивтік-түсіндірмелі әдісте білімгердің дербес ойлауы арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсіз болып келеді.

Сондай-ақ әдебиеттік оқу пәнін оқытуда тиімділігі ерекше, көрнекілік әдістің де мүмкіндіктері әр түрлі. Көрнекілік білімгерлердің пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттырады. Дегенмен, оны үнемі пайдалану білімгерлердің дербес дерексіз түрде ойлауын тежейді, көркем тілінің дамуына кедергі жасайды.

Міне, сондықтан тиімділік идеялары да сабақта оқытушының өзі төселген бір әдіс-тәсілмен жұмыс істеуін немесе өзі білетін барлық әдісті бір сабаққа үйіп-төгуін жоққа шығарады, әрі бір сүрлеу, бір ізбен жұмыс істеудің тиімсіздігін дәлелдейді. Тиімділік идеялары оқыту әдістерін үйлесімді түрде, сол сабақтағы оқу-тәрбие мақсаты, тақырып ерекшелігі, сабақ өткелі отырған сыныптың жеке даралық, жағдайларын ескере отырып, таңдап, сұрыптап ала білуді талап етеді. Белгілі, нақтылы жағдайға байланысты тиімді, пайдалы деп сұрыпталынып алынған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда тиімді болуы да мүмкін. Сол себепті әдіс-тәсілдерді үнемі бірлікте, үйлестіре пайдаланған дұрыс болады .

Өзіндік әдісін көрнекілікпен, практикалық жұмыстармен астастырып немесе зерттеу әдісін түсіндірмелі әдіспен үйлестіре пайдаланудың маңызы зор болмақ (әрине, қай әдістерді қалай пайдалану сабақ мақсатына байланысты

туындайды). Ал кейде практикалық, танымдық іздендіруші әдістерді көрнекілік әдіспен үйлестіре пайдалануға болады. Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану – білімгерлер еңбегін ғылыми, тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды бір саласы . Бұндай сабақтардан білімгерлер жалықпайды, әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады.

Жыраулар поэзиясын ЖОО-да оқытудың ең тиімді 20 әдіс-тәсілін сабақта қолдануға болады.

***«5 әдістен» - «15 әдіске»!!!***

| № | Әдіс-тәсіл түрі | Мақсаты | Тиімділігі | Қолданылуы | Кіріктірілген модульдер, идеялар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Миға шабуыл» *(әдіс)* | Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет , проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. | Білімгерге сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. | Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады. | СТО, Диалогтік оқыту |
| 2 | «Ақылдың алты ойлау қалпағы» *Эдвард де Боно бойынша* | Білімгердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту . Мәселені барынша мұқият талқылап, білімгердің жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану. | Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады. | Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Білімгерлерге қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Білімгерлер топтарға бөлініп, | СТО, диалогті к оқыту, кері **Ошибка!** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Оқытушы әңгімені жүргізеді, бағыттайды. | |
| 3 | «Сұраққа жетіп ал» әдісі *А.Ж. Егізбаев бойынша* | Білімгердің өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сұрақ қою дағдыларын дамыту. | Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. Білімгерлердің жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды. Білімгерлер оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды. | Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, білімгерлердің даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-ші доп – сұрақ қояды, 2-ші доп сол сұраққа жауап береді. | СТО, диалогтік оқыту |
| 4 | «Галереяны шарлау» әдісі *Саймон Браунхилл бойынша* | Талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну. | Сараптау, жинақтау, бағалау; Ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Білімгерлерден ұсынылған мәселе , ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын білімгерлермен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, | Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» –топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. Галереяға саяхат аяқталған соң, топтар жұмыстарға | Жаңа әдіс-тәсілдер , СТО, **Ошибка!** оқыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | түсінігін кеңейтеді. | шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған білімгерлердің пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды. | |
| 5 | «Биопоэма» әдісі | Алғашқы сабақ кезінде бір-бірімен танысу, жан-жақты ақпарат жинақтау, ол ақпаратпен бөлісу. | Топтағы таныстықты арттырады, өз ортасындағы ұқсастықты табады, ізденімпаздыққа жетелейді. | А-4 парақты 8 бөлікке бөліп, әр бөлікке өзі туралы маңызды ақпаратты толтырады. Мәліметтерді толықтырып болған соң, бүкіл топ мүшелерінің біреуінен ұқсастықты байқау, саралау, мәліметті толықтырады. | ЖАДА |
| 6 | «Менің есімімнің тарихы» әдісі *А.Ж. Егізбаев бойынша* | Білімгерлерді бір-бірімен таныстыру, олардың бойында құндылықтарды қалыптастыру, адамның туылған кезде есімін қоюға үлкен мән беруге бағыттау, тәрбиелік аспектісін дамыту. | Білімгерлерді бір-бірімен жақынырақ танысады, олардың бойында ұлттық құндылықтар қалыптасады, адамның туылған кезде есімін қоюға үлкен мән беру керектігін түсінеді, зерттеушілік дағдыларын дамытады. | 1 күн бұрын өзінің есімінің тарихы, кім және қашан қандай жағадайда қойғаны туралы зерттеу тапсырма беріледі.Сабақта жеке-жеке сұралады. Сонда әрбір білімгер өзінің есімінің тарихы туралы айтып береді. | ЖАДА, **Ошибка!** қалыптастыру |
| 7 | «Джигсо» әдісі *Элиот Аронсон бойынша* | Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа | Ынтымақта бірлікте жұмыс жасауға, білгенін жолдастарымен бөлісуге, тақырыпты ортаға салып талқылауға, | Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді білімгерлерде төрт адамдық шағын топтарға бөлініп | СТО, Диалогтік оқыту, ЖАДА, Дарынды/ талантты балаларды оқыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, **Ошибка!** дамыту. | түйінді ойды саралауға жетелейді. | («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әр-қайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады ,сарапшылар топтарында білімгерлер өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған білімгерлер 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді. | Көшбасшылық пен басқарушылық |
| 8 | «INSERT» әдісі | Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастыру. | Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. | Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады :W- білемін; + жаңалық; - білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды. | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау |
| 9 | «Кластер» әдісі | Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. | Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, | Тұжырымды ойларын карталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | идеяларды жинақтайды. | (постер) | |
| 10 | «Фишбоун» әдісі *(постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша* | Жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтау. | Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. | Постерге балықтың қаңқасы суретін салып, басына тақырып жазылады. Денесінің жоғарғы жағындағы қанаттарға идеяның себептері, төменгі қанаттарға идеяның салдары жазылады. Түйінді ой құйрығына жазылады. Кейін ауызша, жазбаша кері байланыс беруге болады. | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, диалогтік оқыту |
| 11 | «Өрмекші» әдісі *(постерде)* | Жаңа материалды пысықтау, түйінді ойларды бекіту. | Өрмекші сұлбасына меңгерілген материалды пысықтау мақсатында кезең-кезеңдерімен пысықтауға тиімді | Білімгерлер постерге өрмекшінің сұлбасын сала отырып, басына тақырыпты, денесіне өзекті ойларды, аяқтарына тірек сөздер арқылы шешу жолдарын жазып, өз ойларын тиянақтап пысықтайды. | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, диалогтік оқыту |
| 12 | «Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс) | Білімгерлер ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу. | Білімгерлердің есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Білімгерлердің оқылым, айтылым , тындалым, | Білімгер тапсырманы оқиды. Білімгерлер бірнеше жұптан бөлінеді:бірінші білімгер оқиды немесе айтады, екінші білімгер тындайды, | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, диалогтік оқыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жазылым дағдылары қалыптасады. | үшінші білімгер түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. | |
| 13 | «Эссе» немесе «Еркін әнгіме» әдісі | Оқыған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасау. | Оқыған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасай алады .Проблема бойынша өз қөзқарасына рефлексия жасай алады. Шығармашыл тұрғыдан ойлана алады. Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынаста шеберлігі артады. Оқылым, тындалым, жазылым дағдылары қалыптасады. | Мәліметті әр білімгер өз ойымен 10-15 сөйлемен қағаз бетіне түсіреді. Эссе жазар алдында міндетті түрде нақты критерийлер беріледі. Соңынан сол критерийге сәйкес екендігі туралы кері байланыс жасауға болады. | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, |
| 14 | «Заряд алу» (сергіту сәті ) *А.Ж.Егізбаев бойынша* | Білімгерді ұқыптылыққа, мұқияттылыққа, сезімталдыққа үйрету. | Ресурс қажет етпейді. Білімгерлер ынтымақтасады. Көңілдерін көтереді. | Шаттық шеңберге барлығы тұрып, көздерін жұмады . Бастапқы бастаушы қолды 1 рет қысады, екінші айналымда 2 рет қысады, соңында 3 рет қысады, бұл бастапқы бастаушыға барғанда қанша заряд жібергені бойынша қайта келу керек. | ЖАДА, жағымды ахуал қалыптастыру |
| 15 | «Бэкроним» әдісі | Білімгерлердің логикалық ойлау қабілетін, сөз қорын дамыту. | Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды, жазылым дағдысы қалыптасады. | Сөзде берілген әр әріптері бойынша мағыналы сөйлем құрылады. Сөздер бастапқы әріптен басталады. | Жаңа әдіс-тәсілдер, СТО, Бағалау, диалогтік оқыту, Дарынды /талантты |

Бүгінгі таңда XXI ғасыр педагогикасының талабына сай дара тұлға тәрбиелеп шығару мақсаты көзделіп отыр. Сондықтан білімгерлердің психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің іс-әрекетіне жауап бере алатын, өз бетінше білім ала алу мүмкіндігі бар, айналасындағы адамдармен тіл табысып болашақта үлкен адамдар қоғамына қиындықсыз сіңісіп кете алатын дара тұлға дайындап шығару – бүгінгі университеттік білім-тәрбие мақсаты болып отыр. Оның негізгі шарттарының бірі -бала мінез құлқын тәрбиелеу болып табылады. Бұл оқытушыға үлкен жүк артады. Оқытушы жазушы мен білімгер арасындағы дәнекер болумен қатар, бозбала жастағы білімгердің мінез-құлық өзгерістерін байқай алатын, болжай алатын, соған сәйкес білім мазмұнын балаға ұсына алатын педагог-психолог болуы қажет.

Бұл орайда, ең алдымен, бала қарым-қатынас мәдениетін игеруі керек. Сол арқылы тартымды мінез қалыптастыру көзделеді. Бұл мақсатта жыршылар шығармаларының тәлімдік, тәрбиелік насихаттарын пайдаланудың көмегі үлкен.

Бала тәрбиесіне казақ халқы ежелден көп көңіл бөлген. Ол туралы әдебиетіміздің асыл мұрасы ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі күнгі әдеби шығармаларға дейін көкейкесті мәселе ретінде қарастырылып келеді.

Бүгінгі күні ғаламдануға аяқ басып, ұлттық құндылықтарымызды қорғап, насихатты үдету қажет кезеңде бала тәрбиесінің де ұлттық негізде болу керектігі мәселесі көтеріліп отыр. Бұл туралы педагог, ақын-жазушыларымыз М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытов XX ғасырдың басында айтып кеткен екен.

Бұл ретте адамгершілікке, отансүйгіштікке, туған елдің, жердің, адамның қадірін білуге тәрбиелейтін шығармаларын пайдаланудың тәбиелік мәні ерекше. Осы үлкен де жауапкершілігі ерекше істің шешім табуында жыраулар поэзиясы маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, жыраулар шығармаларының тақырыптары білімгердің психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып алынуы сабақ тиімділігін арттырудың басты шарты болып табылады.

Екіншіден, жалпы әдебиет пәнінің идеологиялық мәні үлкен болғандықтан, оқытумен қоса, тәрбиелік қызметті де атқарады. Бұл орайда, жыраулар поэзиясының баланың қоршаған қоғамнан жасқанбай өмір сүре алуына қажет тартымды мінез-құлық қалыптастырудағы мәні зор. Бұл ретте Асан Қайғы мен Бұқар жырау шығармаларының мәні ерекше.

Сонымен қатар, айналасына тартымды көрініп, адамды тани білуге көмектесетін жақсы дағдыны, әдетті бала бойына сіңірудің пайдасы көп. Бұл мәселе Шал ақын, Шалкиіз жырау шығармаларында молынан қамтылған.

Сол сияқты, бүгінгі күні барлық жастардың бойынан табыла бермейтін отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді жыраулар шығармаларын пайдалана отырып, қайта жаңғырту мүмкіндігі бар.

Әдебиет сабағын оқыту, тәрбие барысында әрдайым баланың дара тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатын ұстанып отырсақ, педагогика талаптары мен мақсаттарының орындалуына да жол ашылмақ.

# 3. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3.1 Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұндық -құрылымдық моделі

Қазақтың дара тұлғасы Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген болатын. Қоғам барған сайын күрделене түсуде. Жаңа ғасырға сай өзгеше қабілет, қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ал осының барлығы тікелей білім-ғылым саласына байланысты. Сондықтан білім беруді жетілдіру, ақпараттандыру, білім алушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін арттыру, оқу дағдысын жетілдіру мәселелері көтерілуде. Оқытушының шығармашылық шеберліктерін шыңдауда педагогикалық оқулардың, семинарлар мен түрлі байқаулардың, шығармашылық есептің, іскерлік пен ізденімпаздықтың берері мол.

Жыраулық поэзия – қазақ әдебиетінің тарихындағы аса маңызды рухани мұралардың бірі. Жыраулар шығармашылығы халықтың тарихи санасын, ұлттық дүниетанымын, елдік мұраттарын және адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін көркем әдебиеттің ерекше саласы болып табылады. Жыраулар тек ақын ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері, кеңесші, халықтың рухани жетекшісі қызметін атқарған тұлғалар.

Сондықтан жыраулық поэзияны жоғары оқу орындарында ғылыми негізде оқыту болашақ филолог мамандарды даярлауда маңызды орын алады. Жыраулар поэзиясы арқылы тер ұлттық дүниетанымды, тарихи сананы және әдеби мәтінді ғылыми талдау дағдыларын меңгереді.

Қазіргі білім беру жүйесінде әдеби шығармаларды оқыту тек мазмұнды түсіндірумен шектелмей, білім алушылардың сыни ойлауын, зерттеу қабілетін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда жыраулық поэзияны оқытудың тиімді педагогикалық моделін құру маңызды болып табылады.

**Оқыту моделінің мақсаты:** білім алушыларға жыраулар поэзиясының тарихи, әдеби және философиялық мәнін меңгерту, ұлттық рухани мұраны ғылыми тұрғыдан талдай алатын маман қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- ✓ жыраулық поэзияның пайда болу және даму кезеңдерін түсіндіру;
- ✓ жыраулар шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшелігін талдау;
- ✓ тарихи-мәдени контекстпен байланысын ашу;
- ✓ білім алушылардың зерттеу және талдау дағдыларын дамыту.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы төмендегідей:**

- жыраулық поэзияны жоғары оқу орындарында оқытуға арналған мазмұндық-құрылымдық педагогикалық модель ұсынылды;
- жыраулар шығармаларын оқытуда интерактивті оқыту әдістерін жүйелі қолдану жолдары айқындалды;

- жыраулық поэзия мәтіндерін тарихи, әдеби және құндылықтық тұрғыдан талдау әдістемесі ұсынылды.

**Модель нәтижесінде білім алушылар:**

- жыраулар поэзиясының тарихи-әдеби мәнін түсінеді;
- жыр мәтінін ғылыми тұрғыдан талдай алады;
- жыраулық дәстүрдің ұлттық мәдениеттегі орнын бағалайды;
- әдеби зерттеу жүргізу дағдысын меңгереді.

Жыраулық поэзияны оқыту мәселесін зерттеуде қазақ әдебиеттану ғылымында бірқатар ғалымдардың еңбектері маңызды орын алады. Жыраулар поэзиясының тарихи негіздері мен әдеби ерекшеліктерін зерттеуде М. Мағауин, Р. Сыздық, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев, М. Жолдасбеков сияқты ғалымдардың еңбектері кеңінен белгілі.

М. Мағауин жыраулар поэзиясын қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңіндегі маңызды рухани құбылыс ретінде қарастырып, жыраулар шығармашылығының тарихи маңызын көрсетеді. Р. Сыздық жыраулар поэзиясының тілдік және поэтикалық ерекшеліктерін зерттеп, оның көркемдік жүйесін талдайды. Ал Ә. Қоңыратбаев пен Б. Кенжебаев жыраулық дәстүрдің қазақ әдебиетінің дамуындағы орнын айқындаған.

Бұл ғылыми еңбектер жыраулық поэзияны оқытуда тарихи, әдеби және тілдік тұрғыдан кешенді қарастырудың қажеттігін көрсетеді.

**Жыраулық поэзияны оқыту келесі педагогикалық принциптерге негізделеді:**




Ұсынылған модель өзара байланысты бірнеше компоненттен тұрады: мақсаттық компонент, мазмұндық компонент, әдістемелік компонент, іс-әрекеттік компонент және нәтижелік компонент.

**Мақсаттық компонент** жыраулық поэзияны оқыту үдерісінің негізгі бағытын анықтайды. Оның басты мақсаты – білім алушыларға жыраулар шығармашылығының тарихи-әдеби және философиялық мәнін меңгерту,

ұлттық рухани мұраны ғылыми тұрғыдан талдай алатын, әдеби үдерісті түсінетін білікті маман қалыптастыру. Сонымен қатар бұл компонент білім алушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға және тарихи санасын қалыптастыруға бағытталады

**Мазмұндық компонент** жыраулық поэзияны оқыту барысында қарастырылатын негізгі білім мазмұнын қамтиды. Бұл компонентке жыраулық поэзияның пайда болу тарихы, оның даму кезеңдері, жыраулардың қоғамдағы рөлі, сондай-ақ Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау сияқты жыраулардың шығармашылығы кіреді. Сонымен қатар жыраулар поэзиясының тақырыптық бағыттары, көркемдік ерекшеліктері, поэтикалық құрылымы және тарихи-мәдени контексті қарастырылады.

**Әдістемелік компонент** жыраулық поэзияны оқытуда қолданылатын педагогикалық әдістер мен технологияларды қамтиды. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың белсенді танымдық әрекетін дамытуға бағытталған интерактивті әдістер кеңінен қолданылады. Осыған байланысты оқыту барысында Brainstorming, Case Study, Think–Pair–Share, Mind Map сияқты әдістерді қолдану тиімді болып табылады. Бұл әдістер білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың мәтінді терең талдауына мүмкіндік береді.

**Іс-әрекеттік компонент** білім алушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін қамтиды. Бұл кезеңде білім алушылар жыраулардың толғауларын оқып, олардың тақырыбын, идеясын және көркемдік ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар топтық жұмыстар, пікірталастар, мәтіндік талдау және шығармашылық тапсырмалар арқылы жыраулық поэзияның мазмұны мен тәрбиелік мәні ашылады. Мұндай жұмыс түрлері білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырып, олардың әдеби мәтінді ғылыми тұрғыдан талдай алу қабілетін арттырады.

**Нәтижелік компонент** оқыту үдерісінің соңында қалыптасатын білім, білік және дағдыларды сипаттайды. Бұл модельді жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылар жыраулық поэзияның тарихи-әдеби маңызын түсінеді, жыр мәтінін ғылыми тұрғыдан талдай алады және жыраулар шығармашылығының ұлттық мәдениеттегі орнын бағалай алады. Сонымен қатар білім алушылардың сыни ойлау, пікір білдіру, ғылыми талдау жасау және зерттеу жүргізу қабілеттері дамиды.

Осылайша ұсынылған мазмұндық-құрылымдық модель жыраулық поэзияны жоғары оқу орындарында жүйелі түрде оқытуға мүмкіндік береді. Бұл модель білім алушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған . Нәтижесінде жыраулық поэзияның рухани-тәрбиелік маңызы тереңірек ашылып, ұлттық әдеби мұраны ғылыми тұрғыдан меңгеру деңгейі артады.

Оқыту мазмұны бірнеше негізгі бағыттан тұрады:

**Теориялық білім**

- жыраулық поэзияның жанрлық ерекшелігі
- жыраулардың қоғамдық қызметі
- жыраулық дәстүр мен ауыз әдебиетінің байланысы

**Тарихи-әдеби контекст**

- XV–XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамы
- жыраулар поэзиясының тарихи оқиғалармен байланысы
- хандық дәуірдегі жыраулардың рөлі

**Мәтіндік талдау**

- жырлардың тақырыбы мен идеясы
- көркемдік тәсілдер (метафора, эпитет, қайталау)
- поэтикалық құрылым

**Ғылыми-зерттеу жұмысы**

- рефераттар
- шағын ғылыми жобалар
- презентациялар

Жыраулар шығармашылығын жоғары оқу орнында оқытудың мазмұндық -құрылымдық моделі:

**Жыраулық поэзияны оқыту моделі**

↓

**Қызығушылықты ояту**

Жыраулар туралы сұрақтар, алдын ала білімді анықтау

↓

**Түсіндіру**

Жыраулық поэзияның ерекшелігі, жыраулар туралы мәлімет

↓

**Мәтінмен жұмыс**

Жыраулар толғауын оқу, мазмұнын талдау

↓

**Жеке, жұптық, топтық жұмыс**

Жыраулық поэзияның ерекшеліктерін анықтау

↓

**Қорытынды**

Негізгі ойды жинақтау, пікір айту

↓

**Бағалау**

Сұрақ-жауап, белсенділік

**Қызығушылықты ояту.** К.Д.Ушинский білімгерлерді сабаққа тарта білу, олардың оқуға қызығушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлді. Оның пайымдауынша, қызығушылық - сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз, тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу білімгер бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды.

Үйрену үдерісі бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа

ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы білімгер не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Бұл кезеңнің тағы бір мақсаты – білім алушының белсенділігін арттыру. Жаңа материалдарды оқып-үйрену үшін білім алушы белсенділік таныту қажет, сонда ғана оқытушы нәтижеге жетеді. Білімгер өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Білім алушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны өзінде бұрыннан қалыптасқан білімімен ұштастырады.

**1 – тапсырма. Brainstorming әдісі.** Brainstorming әдісі білімгерлердің жыраулар поэзиясы туралы бастапқы білімін анықтауға мүмкіндік береді. Білім алушыларға сұрақ қою арқылы ойларын ашу.

Жырау деген кім?

Жыраулар қоғамда қандай қызмет атқарған?

Неліктен жыраулар поэзиясы халық үшін маңызды болды?

**2 – тапсырма. Бейне немесе тарихи сурет көрсету.** Қазақ хандығы дәуіріне қатысты қысқа бейнеролик немесе тарихи иллюстрация көрсету.

- Бұл кезеңде жыраулар қандай рөл атқарды деп ойлайсыңдар?



**3 – тапсырма. Ассоциация әдісі**




**Түсіндіру кезеңі** – білім алушының ойлануы мен жаңа материалды үйренуіне бағытталады. Тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Бұл кезеңде білім алушы өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқытушы жыраулық поэзияның тарихи негізін, көркемдік ерекшеліктерін және жыраулардың қоғамдағы рөлін түсіндіретін, білім алушылардың жаңа білімді қабылдауына бағытталған оқу кезеңі. Бұл кезеңде білім алушыларға жыраулар туралы толық түсінік қалыптасады. Жалпы мәліметті жыраулардың толғауы жинақталған кітапша арқылы ұсынсақ болады.

**1 – тапсырма. «Case Study» әдісі.** Case Study әдісі тарихи жағдайды талдау арқылы жыраулардың қоғамдық қызметін түсінуге көмектеседі.

Жағдай: Қазақ хандығы кезінде жыраулар ханға кеңес беріп, халыққа бағыт көрсеткен.

Тапсырма:

- Жыраулар қоғамда қандай қызмет атқарды?
- Неліктен хан жыраулардың пікірін тыңдады?

Бұл тапсырмада Бұқар жырау мен Абылай хан арасындағы тарихи байланыс мысал ретінде қарастырылады.

**2 – тапсырма. «Think – Pair – Share» әдісі.** Білім алушылардың сыни ойлауын дамытады.

Тапсырма: оқытушы жыраулық поэзияның ерекшеліктері туралы қысқаша мәлімет береді.

**Сұрақ:** жыраулар не себепті халықтың рухани көшбасшысы болды?

**Кезеңдері:**

- Think – білім алушы жеке ойланады (1 минут).
- Pair – көршісімен пікір алмасады.
- Share – топ алдында қорытынды айтады.

**Мәтінмен жұмыс кезеңі** – жыраулық поэзия үлгілерін тікелей оқып, мазмұнын түсіну, көркемдік ерекшеліктерін талдау және негізгі идеясын анықтауға бағытталған оқу кезеңі. Бұл кезеңде білім алушы жыраулардың толғауларымен танысып, мәтінді жан-жақты талдау арқылы оның тақырыбын, идеясын, көркемдік тәсілдерін және тәрбиелік мәнін анықтайды. Мәтінмен жұмыс барысында білім алушылар жыраулық поэзияның мазмұнын түсініп қана қоймай, оны тарихи-мәдени контексте қарастырады. Сонымен қатар мәтіндегі адамгершілік, елдік, ерлік, даналық сияқты ұлттық құндылықтарды талдап, өз пікірлерін білдіреді. Бұл кезеңде көбіне Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау сияқты жыраулардың толғаулары оқылып, мазмұндық және көркемдік тұрғыдан талданады.

Мысалы: Сыпыра Сұрғалтайұлы: «Құбыладан жылы жел есер», «Мен бабаңмын, бабаңмын»




**1-тапсырма.** (Репродуктивтік деңгей)
Үзінді:
«Құбыладан жылы жел есер,
Арқадан суық жел есер.
Анаға қарап қыз өсер,
Атаға қарап ұл өсер.»

Осы жолдарда қандай көркемдік әдіс қолданылғанын анықтап, жыраудың қандай құбылысты ишаралап тұрғанын анықта.

---

**Күтілетін нәтиже:** Білімгер поэтикалық тәсілді (антитеза) танып, оның мағыналық қызметін түсіндіреді.

**2-тапсырма.** (Алгоритмдік деңгей)

Үзінді:

«Құлға билік тиген соң,
Жесір қатын, жетім ұл,
Қайтіп қана күн кешер?.»

Осы жолдарды негізге алып, әлеуметтік теңсіздік моделін құрап, кестені толтыр.

| Билік өзгерісі | Әлеуметтік жағдай | Халық тағдыры |
|---|---|---|
| | | |

**Күтілетін нәтиже:** білімгер мәтіндегі әлеуметтік проблеманы жүйелеп, себеп-салдарлық байланыс орнатып, кестені толтырады.

**3-тапсырма.** (Тарихи-интерпретациялық)

Үзінді:

«Әкей хан мен Жекей хан –
Мұны көрген бабаңмын.
Сенің бабаң Шыңғыс хан –
Мұны көрген бабаңмын.»

Бұл жолдардағы тарихи тұлғаларға сілтемені талдап, жыраудың сөзін тарихи легитимация құралы ретінде бағала.

---

**Күтілетін нәтиже:** Білімгер тарихи дерек пен көркем мәтін байланысын талдайды

**Асан Қайғының «Еділ бол да, Жайық бол»** толғауынан үзінді:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.

**1 – тапсырма. Тақырыптық талдау**

Тапсырма: толғауда көтерілген негізгі тақырыптарды анықтаңыз.

| | | |
|---|---|---|
| Негізгі тақырыптар | 1. |
| | 2. |
| | 3. |

**2 – тапсырма. «Ой картасын құру» (Mind Map).**

Тапсырма: топтар «Жыраудың өсиеті» тақырыбы бойынша mind map жасайды.




**3 – тапсырма. «Қазіргі өмірмен байланыс».** Толғаудан бір жолды таңдап, оны қазіргі өмірмен байланыстырып түсіндіріңіз.

**4 – тапсырма.** Берілген үзінді арқылы кестені толтыр.

| Үзінді | Тура мағына | Ауыспалы мағына | Қазіргі өмірмен байланыс |
|---|---|---|---|
| «Еділ бол да, Жайық бол» | | | |
| «Ашу-дұспан» | | | |
| «Бұрынғыны қуыспа» | | | |

**Күтілетін нәтиже:** Білімгер символдар мен кеңістікті философиялық тұрғыда талдап, қазіргі өмірмен байланыстыра алады.

Келесі **Жиембет жыраудың «Еңсегей бойлы Ер Есім»** толғауы бойынша тапсырмалар:

Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда, ханым, не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиембет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..

**1 – тапсырма. «Кейіпкерге мінездеме»**

| Есім хан | Жиембет жырау |
|---|---|
| | |

**2 – тапсырма. «Картотека» әдісі.** Жиембет толғауынан троп түрлеріне картотека жасау.



**Қазтуған Сүйінішұлы «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»**

Арайна, билер, арайна,
Арайна десем, болғай ма?!
Арайнасыз әр қайда
Ердің ісі оңғай ма?!
Арайна болған
Қазтуған,
Қайғыланып сонда толғай ма?!
Ел қияға қонғай ма?
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей басты құба үлек
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?!

**1 – тапсырма.** Жырдың эстетикалық құндылығын бағалап, шағын сыни шолу жазыңдар. Сыни шолуда автордың негізгі оқиғаларды берудегі сөз қолданысы мен ішкі толғанысын беретін тұстарына назар аударыңдар.

**2 – тапсырма.** Кейіпкер бейнесін анықта.

| **Қасиет** | **Дәләл (үзіндіден)** | **Қорытынды** |
|---|---|---|
| Батырлық | | |
| Шешендік | | |
| Елге адалдық | | |

**Күтілетін нәтиже:** Жырау тұлғасын көпқырлы образ ретінде талдайды. Үзіндіден нақты дәлелдер келтіреді.

**3 – тапсырма.** Үзінді бойынша сұрақтарға жауап бер.

1-сұрақ:«Аңырап қалған қонысым… Кетпегей еді ырысым» жолдары арқылы Қазтуған өз елінен айырылуды қалай сипаттайды?

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

2-сұрақ: Жырау болашақ ұрпақ үшін қандай моральдық немесе ұлттық сабақ береді? Және ұрпақ үшін алаңдаған жолдарын теріп жаз.

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

3-сұрақ: «Таудағы тарлан бөрі едім, Тарылған сынды тынысым» деген жолдарда өз кейіпкерін қандай образ арқылы бейнелейді?Тарихи қиындықтар жеке тұлғаға қандай сабақ береді?

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

4-сұрақ: «Аузы түкті кәпірдің етпегей еді жұмысын» — бұл жолда қандай әлеуметтік немесе моральдық мәселе көрсетілген?

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

5-сұрақ: Қоғамдағы әділдік пен жеке пайда арасындағы баланс қалай сақталуы керек?

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

**Күтілетін нәтиже:** Білімгерлер тарихи қоныстан айырылу мен халыққа деген сүйіспеншілікті түсінеді, философиялық тұрғыда әділдік, батылдық және сабыр сияқты құндылықтарды талдай алады, сондай-ақ өлеңдегі символдар мен образдарды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып сыни ойлау қабілетін дамытады.

**Ақтамберді жырау «Күлдір – күлдір кісінетіп»**

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз?!
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,

Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз?!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Тандап мінер ме екеміз?!
Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!

**1 – тапсырма.** Ақтамберді жыраудың толғауларындағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалап, талдау жасаңдар.

**2 – тапсырма. «Венн диаграмма».** Доспамбет жырау мен Ақтамберді жыраудың арман – мақсаттарын салыстырыңдар.



**3 – тапсырма.** Ақтамберді жыраудың өз заманында жақсы өмірді аңсауын қазіргі тәуелсіз қазақ халқының өмірімен салыстыра суреттеңіз.

**Топтық жұмыс кезеңі** – білім алушылардың шағын топтарда бірлесе отырып жыраулық поэзия мәтінін талдау, оның мазмұнын, тақырыбын, көркемдік ерекшеліктерін анықтау және өз пікірлерін ортақ талқылау арқылы білімді тереңдетуге бағытталған оқу кезеңі. Бұл кезеңде білім алушылар бір-бірімен пікір алмасып, бірлескен талдау жүргізеді, нәтижесінде өз ойларын дәлелдеуге және ортақ шешім қабылдауға үйренеді. Бұл кезең білім алушылардың ынтымақтастықта жұмыс істеу, сыни ойлау және пікір білдіру дағдыларын дамытады.

**1 – тапсырма. «Жырау ойы».** Білім алушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топ мәтіннен жыраудың негізгі ойын анықтайды.

| **Топ** | **Тапсырма** |
|---|---|
| 1-топ | Толғаудың негізгі тақырыбын анықтау |
| 2-топ | Жыраудың айтқан өсиеттерін табу |
| 3-топ | Толғаудың тәрбиелік мәнін түсіндіру |

**2 – тапсырма. «Даналық сөзді талда».** Топтарға толғаудан бір өсиет жолы беріледі. Оның мағынасын түсіндіріп, қазіргі өмірмен байланыстырады.

- «Ашу – дұспан»
- «Ешкімменен ұрыспа»
- «Жалған айтып суыспа»

**Қорытынды бөлім** – оқу материалының негізгі ойларын жинақтап, маңызды тұжырымдарды жасауға арналған кезең. Бұл бөлімде білімгерлер өз алған білімдерін жүйелейді, негізгі ұғымдарды есте сақтайды және оларды өмірмен байланыстыра отырып қолдануды үйренеді. Қорытынды бөлімде:

- Тақырып бойынша басты ойлар қайталанады.
- Білімгерлердің түсінігін тексеру жүргізіледі.
- Жеке немесе топтық талдау арқылы ой қорытындысы жасалады.

Білімді тәжірибелік немесе шығармашылық тапсырмалар арқылы бекітуге болады.

**1 – тапсырма.** Жыраулық стильде 4-5 жол өлең шығару (батырлық, достық, адалдық тақырыбында).

**2 – тапсырма.** Өлеңнің мазмұнын сурет немесе комикс арқылы көрсету.

**3 – тапсырма.** «Егер мен жырау болсам…» деп басталатын шағын шығармашылық эссе жазу.

**Бағалау бөлімі** – білімгерлердің алған білімдері мен дағдыларын тексеруге, түсіну деңгейін анықтауға арналған кезең. Бұл бөлімде:

- білімгерлер өз түсінігін дәлелдейді.
- Жеке және топтық жұмыстар нәтижелері бағаланады.
- Критериалды немесе деңгейлік бағалау арқылы білімгерлердің оқу мақсаттарына жеткендігі тексеріледі.
- Бағалау білімгерлерді өз біліміне сыни тұрғыдан карауға және жетілдіруге ынталандырады.

Білімгерлердің оқу нәтижелері критериалды бағалау жүйесі арқылы анықталады.

| Деңгей | Бағалау критерийлері |
|---|---|
| **Жоғары** | жыраулық поэзия мәтінін ғылыми тұрғыдан талдай алады |
| **Орта** | жырдың негізгі идеясын және тақырыбын анықтай алады |
| **Төмен** | мәтіннің мазмұнын түсіндірумен шектеледі |

Жыраулық тұлға «әлеуметтің, ортаның» назарында болуы қажет, жалғыздықты қасірет деп білетін қазақ этносының ментальды дүниесі бізге таныс. Бірақ жалғыздықтан қашу – жекеліктен, даралықтан бас тарту емес. Яғни тұлғаның келесі қасиеті – даралық. Осы орайда А.Шәріптің: «Ницшенің «Заратустрасы» ақырзаманға таянған адамзатты құтқарушы тәңір-тұлғаның балама бейнесі, көш бастайтын  серке, ескілікті жайратып, жаңаны жасаушы, тобыршылдық психологиядағы таяздықтың ымырасыз да ығытты антиподы,

қол жеткісіз, бірақ алыстан мәңгілік мен мұндалап тұратын асыл идеялардың сұлбасы» – деген [91, 196-б.] пікірінің қазақтың символист ақындарына қатысты айтылуы біздің көкейімізге қонады.

Халықтың, ұлттың ғасырлар бойы көрген-білгенінен, көңілге түйгенінен жасаған қорытынды ой-тұжырымдарын қатарлап, салыстырып беруге негізделген көркемдік дәстүр образдау, бейнелеу, синтездеу, ассоциациялаудың жарқын үлгісін береді және әдеби тіл дамуының келесі сатысы – жазба әдеби тілде жаңа қырымен көрінетін *метафора, теңеу, эпитет* тәрізді көркемдеу амалына ұласады. Яғни мифтік ойлаудан метафоралы ойлауға ауысудың тұтас кезеңін жасайды [92, 29-б].

Қорытындылай келе, жыраулық поэзияны оқыту қазақ әдебиетінің тарихи мұрасын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Ұсынылған мазмұндық-құрылымдық модель білім алушылардың әдеби мәтінді ғылыми талдау, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бұл модель жыраулық поэзияны жоғары оқу орындарында жүйелі және тиімді оқытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылардың ұлттық әдеби мұраға деген қызығушылығы артып, олардың ғылыми-танымдық қабілеттері дамиды.

## 3.2 Жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың инновациялық технология жүйесі

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып отыр. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Бірінші кезекте оларға электрондық басылымдар: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен әр түрлі құрылғыларға жазылған электрондық жазбалар, жасанды интеллект (аудио-бейне-құндақтар) жатады.

Электронды оқулықтар-ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың тұжырымдық негізі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар , электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық ұстанымдар жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді.

Жыраулар поэзиясын оқытуда электрондық оқулықты, аудионы, бейнежазбаларды, слайдты пайдаланған дұрыс.

Енді біз жоғарғы оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытуға байланысты дайындалған электрондық оқулықта жыраулар поэзиясын қысқаша қалай берілгендігін ұсынамыз:

Бес ғасыр жырлайды оқулығында Асан қайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Шәлгез Тіленшіұлы (XV ғ. екінші жартысы – XVI ғ. бірінші жартысы), Доспамбет жырау (XVI ғ.), Жиембет жырау (XVII ғ.), Ақтамберді Сарыұлы (XVIII ғ.), Үмбетей Тілеуұлы (XVIII ғ.), Бұқар жырау Қалқаманұлы, Көтеш ақын, Шал Құлекеұлы (XVIII ғ.) осы аты аталған жыраулар поэзиясы өкілдерінің қысқаша өмірі мен шығармалары берілген. Жыраулардың өлең-толғаулары аз қамтылған. Толғауларда көнерген сөздер көп кезіккендіктен, білімгерлер кітапты оқи отырып бірден мағынасын түсіне қоймайды.

Зерттеулер бойынша білімгерлердің алған ақпаратты есте сақтауының орта есеппен алғанда 50% қамту үшін көрсетілім мен талқылау қажет екен. Ақпараттық технологияның дамыған заманында сол технологияны қолдана отырып білімгерге жан-жақты білім беруді басшылыққа алдық. Сол себепті, қазақ хандық дәуірінің ірі өкілдері шығармаларын оқыту мақсатында электронды оқулық шығаруды қолға алдық. Электронды оқулықтың құрылымына жыраулардың өмірі мен шығармашылығына қоса глоссарий берілді. Білімгерлер толғаулардың оқылу мақамын меңгеру үшін аудиожазба тыңдап, өз білімін тексеру мақсатында тест жұмысын да орындай алады.

Электронды оқулықтың мақсаты: жыраулардың ақындардан өзіндік ерекшелігін көрсету, ғажайып шешендікке құрылған философиялық-дидактикалық толғаулардың, даналық афоризмдердің мәнін ашу. Халқы үшін қолына найза алып, дана кеудесінен сөз боранын боратып, ірі қоғам қайраткерлері, қабырғалы би болғандықтарын жас ұрпақ санасына сіңіру мақсатында білім беру бағдарламасында қамтылмаған шығармаларынан қосымша мәлімет беру.

Өз заманының терең ойшылдары, афористік-философиялық толғаулардың иесі, халқының қамқоры, ақылшы билері, дипломатиялық ахуал орнатушы – жыраулар жайлы мәлімет алады. Сөз – әрі өнер қаруы, әрі тәрбие қаруы екендігін түсініп, толғауларда айтылған нақыл, өсиет сөздерді өмірде қолдана алады. Оқу бағдараламасында берілген тақырыптарға қосымша мәлімет алады.

Электронды оқулықты қазақ әдебиеті дамуына ықпал етіп, өзіндік із қалдырған жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Қазтуған жыраудан бастадық. Жорық жыршысы, ірі эпик Қазтуған жырау туралы әңгімелей отырып, әсіресе оның ұлттық әшекейі анық, афоризм мен даналық ойлары, терең суреттеу тәсілдері өте шебер жырлары шындығында да, жыраулықтың биік шыңы, дала поэзиясының шебері екендігіне тоқталдық. Білім беру бағдарламасында Қазтуған жыраудың «Мадақ жыры» мен «Алаң да алаң, алаң жұрт» жырлары берілген, жыраудың шығармашылығын тереңірек оқыту мақсатында электронды оқулыққа «Белгілі биік көк сеңгір», «Қоштасу жырын» қостық. Ақын шығармалары көлемі жағынан шағын болып келгенімен, негізгі мазмұны, ақындық ойы, ерлік рухы анық сезіледі.

Аты аңызға айналып, ғасырлар бойы өз халқымен рухани бірге жасап келе жатқан жарқын тұлғалардың бірі, ел қамқоры – Асан қайғы.

Асан қайғының «Бұл заманда не ғаріп?», «Есті көрсең, кем деме», «Көлде жүрген қоңыр қаз», «Еділ бол да, Жайық бол» толғаулары берілсе, біз қосымша оқуға «Қырында киік жайлаған», «Әділдіктің белгісі» шығармаларын енгіздік. Бұл толғауында адамға тән жаман, жақсы қасиеттерді саралап көрсетеді. Адам тіршілігінде шама-шарқынша дұрыс өмір сүру керек екендігін айтады. Асан толғауларының көркемдік ерекшелігі – өсиетке, даналық ойға, өмір тәжірибесіне құрылғандығын айқындап көрсету басты мақсатымыз болды.

Доспамбет – тарихи тұлға. XVI ғасырдың орта тұсында Азов теңізі түбінде өз алдына жеке ел болған Азаулы ноғайлыларының басшысы, ел қорғаны, қол бастаған батыры. Жырау толғауларында батырдың жорық пен майдандағы басты серігі – жылқы малына ерекше мән берілген. Доспамбет жыраудың жыраулық поэзияға әкелген жаңалығы – тұңғыш рет әйел адамның, аяулы жардың бейнесін жасайды. Жырау жайлы М.Мағауин, Ә.Дербісәлиннің пікірлерін де қамтыдық. Бағдарламада жыраудың «Арғымаққа оқ тиді», «Дүниенің басы – сайран, түбі – ойран» толғаулары берілсе, «Айнала бұлақ басы тең», «Азау, Азау дегенің», «Тоғай,тоғай, тоғай су» толғауларын қосымша оқу үшін ұсындық. Толғауларының поэтикалық тіліне мән беріліп, ассонанс, аллитерациялардың орынды пайдалануына, дыбыстардың сурет жасаудағы шеберлігіне тәнті болады.

Шалкиіз Тіленшіұлының дала шонжарларының бірі болғаны, өз өмірінің басым көпшілігін ноғай ордасының әміршісі Темір би төңірегінде өткізуі, оның қолбасы болуы жайындағы тарихи әңгімелермен танысады. Әйгілі ақын өз жырларында өмірге терең көз жіберген, аталы ғибратнамалық сөз қалдырған. Шалкиіз талай жорықтарға қатынасқан. Оның жырларынан ерлік сарыны айқын сезіледі. Жырау жырларында адамгершілік жайында толғаныстар мол. Шалкиіз – «новатор», қазақ әдебиеті тарихындағы өзгеше құбылыс. Оның жырлары философиялық афоризмнің, динамикаға толы образды сөздердің қайнар көзі. Оны Темір бейнесін жасаудағы поэтикалық тілінен байқауға болады. Білім беру бағдарламасы бойынша жыраудың «Би Темірге бірінші толғауы» берілген. Қосымша оқуға «Ер Шобан», «Ағынды сулар, аймақ көл», «Асқар, асқар, асқар тау», «Би Темірді хаж сапарынан тоқтату» сияқты өлеңдерін қостық. Шалкиіз толғауларының өзіндік көркемдігі, ой тереңдігіне, бұрын кездеспеген, кездеспейтін шешендік оралым, тіл кестесіне, пәлсапалық тұжырымына ерекше көңіл бөлінеді. Шалкиіз туралы жазған Х.Сүйіншәлиев, М.Тынышбаев, Ә.Дербісалин, М.Мағауиннің зерттеу еңбектерімен танысады.

Ақтамберді жырау басынан қилы кезеңдерді кешіреді. Қолына желекті найза ұстап, жаумен шайқасқа қатысып ерлік көрсетеді. Жырау ұрпақтары қазір де Семей өңірінде тұратындықтары туралы, солардың айтқан деректері бойынша Ақтамберді Сарыұлының Қаракерей Қабанбаймен бірге найманның бір көсемі, әскербасы, батыры әрі төгілмелі жырау болғандығы туралы мәлімет алады. Ақтамберді елін, халқын жаудан қорғаушы, тарихқа оқиғалардың бел ортасында жүруші, «күлдір-күлдір кісінетіп күреңді мінгені» ерлікке,

батырлыққа шақырған жауынгер екендігіне ерекше назар аударады. Бағдарламада «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Жауға шаптым ту байлап», «Балаларыма өсиет» жырлары берілген. «Менімен, ханым, ойнаспа», «Уа, қарт Бөгенбай», «Заманым менің тар болды» жырларын қосымша оқуға ұсындық. Ақтамберді толғауларының қайнар көзі – Шалкиіз, Доспамбет сияқты өзінен бұрынғы аталар мұрасының заңды жалғасы, көне қазақ поэзиясы екендігіне түсінік беріледі. Ақтамбердінің бейіті ШҚО, Абай ауданының Жүрек Жота төбесінің басында екенінен мәлімет алады.

XVII ғасырда өмір сүрген жыраулар қауымынан қазіргі қазақ оқырманының білері – Жиембет жырау. Ол Ер Есімінің тұсында өмір сүрген. Есімнің көрші хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысады, ерлігімен, іскерлігімен танылады. Жиембет туралы біршама деректер бар. Әсіресе, «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырында Жиембет туралы көп айтылады. Өлең Есімге көп айтылған. Толғаудан жырау мен Есім хан арасындағы келіспеушілік, хан тарапынан әділетсіздікті көруге болады. Тоғызыншы сыныптың хрестоматиясында «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Басы саудың түгел дүр» толғаулары берілген, оған қосымша «Қол – аяғым бұғауда», «Әй, қыңыр ер, қыңыр ер» өлеңдерін ұсындық. Бұл толғауларда жыраудың арман мұңы көңіл күйі ашық беріледі. Әділетсіздікке қарсы ащы дауысы, жер аударылып жүрсе де, кеудесі мен өрлігін ешкімге таптатпайтындығын көреміз. Арманы – жауға шабылмаған семсері, алынбаған кегін алу. Жырау шығармашылығының маңызы зор. Бізге жеткен өте аз мұрасының өзі-ақ Жиембеттің халқы үшін қолына найза да алғандығын ел қорғаған ер екендігін дәлелдейді. Оның үні – әділетсіздікке, ханға қарсы өткір үн.

Тілеуұлы Үмбетейдің жырау ретінде артында қалдырған мұрасы аса көп емес, небәрі 7-8 толғау. Үмбетей беріде өмір сүрген ақын, оған белгілі дәстүрді жалғастырушы ретінде қараймыз. Үмбетей есімі Бөгенбай батырмен қатар аталады. Арнау жырларымен аты шыққан. Әдебиет оқулығында оның «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» деген шығармасы ғана берілген. Оған қосымша «Бөгенбай өліміне», «Жауқашарға», «Бәкеге» , «Бекболат биге», «Бұқарға айтқаны» сияқты шығармалары берілді. Өз шығармаларында батыр тұлғасын көркемдеуде теңеуді ерекше қолданады. «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» толғауында Абылай бейнесін ерекше сипаттайды. Толғаудың құрылысы да ерекше. Толғаудың құрылысына көңіл бөлсек Абылайды мадақтау, Абылай айналасындағы би, шешен, батырларды мадақтап, көркейтетіні белгілі. Толғауларының көркемдік ерекшеліктеріне, поэтикалық тіліне тәнті боласыз. Оның тек көрнекі адамдарды мақтайтын өлеңдерімен қоса, ұнамсыз типтерді сынай айтатын өлеңдері де кездеседі. Толғауларында шешендік оралымдар, ақыл – нақыл, афористік сарын басым.

Жыраулар шығармашылығы – өз заманының тарихи шежіресі. Сол себептен де олардың шығармашылығын талдамас бұрын олар өмір сүрген дәуір шындығы туралы сөз еткен дұрыс. Жыраулар шығармашылығын оқытудағы ең маңызды мәселе – әр сөзге, толғау мәтініне көңіл қою, мән-мағынасын түсіндіру, жырау толғауларының барлығында кездесетін пәлсапа, астыратын

ойдың мәніне білімгерлер назарын аударту болып табылады. Сондай-ақ, толғауларға тән шешендік оралымдар, жыраулар поэзиясында кездесетін небір күрделі сөз тіркестеріне көңіл қою өте маңызды болмақ. Жыраулар шығармашылығында троптардың небір түрлері, эпитет теңеулер өте көп кездеседі. Әсіресе, параллелизм, соның ішінде психологиялық параллелизмдер, өлеңнің дыбыстық жағы аллитерация, ассонанстардың қабаттаса келіп, толғауды түр жағынан да, ішкі мазмұн жағынан да әрлендіруі, басқа рифма, аяққы рифмалардың қоса жүруі – бәрі-бәрі келіп тұтастай алғанда жыраулар туындыларының көркемдік әлемін құрайды. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар поэзиясы, негізінен, қазақтың таза өз тілінде туған қуатты да құнарлы, өмірді танытушылық, философиялық – дидактикалық мағынасы мол мұра еді.

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – ұлттық рухани мұраны заманауи ғылыми-педагогикалық талаптарға сай меңгерту арқылы бәсекеге қабілетті, ұлттық санасы қалыптасқан , кәсіби құзыретті маман даярлау болып табылады. Осы тұрғыда жыраулар поэзиясы – қазақ халқының тарихи жадысын, дүниетанымын, философиялық ойлау жүйесін айқындайтын бірегей әдеби мұра ретінде жоғары оқу орындарындағы әдебиеттану пәндерінің маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Жыраулар поэзиясын оқыту үдерісі тек мәтінді таныту немесе тарихи дерек беру деңгейінде шектелмей, оның поэтикалық табиғатын, әлеуметтік-философиялық мазмұнын және рухани-мәдени маңызын ғылыми тұрғыда талдауды талап етеді. Сондықтан бұл салада дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық білім беру технологияларын жүйелі қолдану өзекті мәселе болып табылады.

## Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қолданысы

Жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Электронды оқулықтар, цифрлық кітапханалар, онлайн архивтер жыраулар мұрасын түпнұсқа мәтіндер негізінде зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай ресурстар тердің дереккөздермен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырып, академиялық адалдық қағидаларын сақтауға үйретеді. Сонымен қатар, АКТ құралдары арқылы жыраулар поэзиясының тарихи кезеңдері, жыраулар өмір сүрген әлеуметтік-саяси орта визуалды түрде көрсетіліп, мәтін мен тарихи дерек арасындағы сабақтастық ғылыми тұрғыда айқындалады.

## Мультимедиалық технологиялардың маңызы

Жыраулар поэзиясының ауызша дәстүрге негізделген синкреттік сипаты мультимедиалық технологияларды қолдануды қажет етеді. Аудио жазбалар арқылы жыраулар толғауларының интонациясы, әуезділігі мен ырғақтық ерекшеліктері таныстырылып, поэзиялық мәтіннің көркемдік болмысы тереңірек ашылады. Бейне дәрістер мен деректі фильмдер жыраулық дәстүрдің тарихи сабақтастығын, оның ұлттық мәдениеттегі орнын көрсетіп, тердің пәнге

деген қызығушылығын арттырады. Интерактивті презентациялар мәтіндік талдауды жүйелеуге мүмкіндік береді.

### Цифрлық білім беру платформалары және онлайн оқыту технологиялары

Цифрлық білім беру платформалары жыраулар поэзиясын оқытуда тердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Онлайн семинарлар, форумдар мен виртуалды пікірталас алаңдары жыраулар поэзиясына қатысты ғылыми көзқарастарды талқылауға мүмкіндік беріп, академиялық коммуникация дағдыларын қалыптастырады. Бұл технологиялар тердің дербес оқу траекториясын құруына ықпал етіп, білім алудың үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

### Жобалық және зерттеушілік оқыту технологиялары

Жыраулар поэзиясын меңгертуде жобалық оқыту технологиясы тердің ғылыми-шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады. Белгілі бір жыраудың шығармашылығын зерттеу, тарихи дәуірімен байланыстыра талдау, ғылыми жоба немесе баяндама әзірлеу арқылы тердің зерттеушілік дағдылары қалыптасады. Зерттеушілік оқыту технологиясы жыраулар поэзиясын ғылыми әдіснама негізінде талдауға мүмкіндік беріп, тердің әдебиеттанулық терминдерді орынды қолдану қабілетін дамытады.

### Проблемалық және кейс-технологиялардың қолданылуы

Проблемалық оқыту технологиясы жыраулар поэзиясындағы елдік идея, ұлттық сана, адамгершілік құндылықтарды талқылауға негізделіп, тердің сыни ойлау қабілетін жетілдіреді. Кейс-технологиялар арқылы жыраулар шығармалары нақты тарихи жағдаяттармен байланыстырылып, мәтіннің әлеуметтік маңызы айқындалады.

### Интерактивті технологиялар және геймификация элементтері

Интерактивті әдістер (дебат, пікірталас, дөңгелек үстел) жыраулар поэзиясын интерпретациялауда әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстыруға мүмкіндік береді. Ал геймификация элементтері оқу мотивациясын арттырушы құрал ретінде қолданылып, бірақ ғылыми мазмұнды жеңілдетпей, әдістемелік мақсатта іске асырылады.

### Деңгейлеп оқытудың инновациялық технологиялары

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде ұлттық әдеби мұраны меңгерту үдерісі білім алушылардың жеке танымдық ерекшеліктерін ескеруге бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды талап етеді. Осы тұрғыда жыраулар поэзиясын оқытуда деңгейлеп оқыту технологияларын пайдалану болашақ филолог мамандардың әдеби-теориялық білімін жүйелі түрде қалыптастырумен қатар, олардың ғылыми ойлау

мәдениетін, зерттеушілік қабілетін және кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Жыраулар поэзиясы мазмұндық, поэтикалық және философиялық тереңдігімен ерекшеленетін күрделі әдеби мұра болғандықтан, оны бір деңгейде, біркелкі әдіспен оқыту тердің білімді толық меңгеруіне әрдайым мүмкіндік бере бермейді. Сондықтан деңгейлеп оқыту технологиялары жыраулар поэзиясын меңгертудің тиімді инновациялық жолы ретінде қарастырылады.

**Саралап оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері**

Саралап оқыту технологиясы – білім алушылардың білім деңгейін, танымдық қабілетін, оқу қарқынын және қызығушылығын ескере отырып, оқу мазмұнын, тапсырмаларды және оқыту әдістерін бейімдеуге негізделген инновациялық педагогикалық жүйе болып табылады. Бұл технология тұлғалық-бағдарлы оқыту, құзыреттілікке негізделген білім беру және конструктивистік педагогика қағидаларымен сабақтас келеді. Жыраулар поэзиясын оқытуда саралап оқытудың басты мақсаты – тердің барлығына бірдей нәтиже талап ету емес, әр білім алушының әлеуетін ашу арқылы оқу жетістігін қамтамасыз ету болып табылады.

Инновациялық технологиялар – білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыруға, білімгердің танымдық белсенділігін арттыруға және оқу нәтижесін сапалық тұрғыда жетілдіруге бағытталған педагогикалық құралдар жүйесі. Жыраулар поэзиясын оқытуда инновациялық технологияларды қолдану конструктивистік, тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілікке негізделген оқыту теорияларымен тығыз байланысты. Бұл технологиялар білімгердің дайын білімді қабылдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді, ал жыраулар поэзиясының мазмұны мұндай тәсілдерге ерекше үйлеседі, себебі толғаулардағы идеялық тереңдік пен философиялық ойлау білімгердің сыни және аналитикалық қабілетін дамытуды қажет етеді.

Қорыта келгенде, жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытуда инновациялық технологияларды кешенді әрі ғылыми-әдістемелік тұрғыда қолдану тердің кәсіби даярлығын арттырып, ұлттық әдеби мұраны заманауи ғылыми парадигма аясында меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл үдеріс болашақ мамандардың ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырып, ұлттық рухани құндылықтарды сақтауға және дамытуға ықпал етеді.

Өмір сүру деңгейін жақсартудың негізгі шарты ретінде сапалы білім берудің маңыздылығын назарға ала отырып, Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты халықтың барлық топтары үшін жан-жақты даму мен білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында табысты ұлтты қалыптастыру факторы ретінде Орта білім беру сапасының маңыздылығы атап өтілді: «Әр білімгердің ажырамас құқығы - сапалы білімін алу құқығы болып табылады. Бұл жерде «сапалы» сөзі маңызды.

Сондықтан білім беру сапасын дәйекті түрде жақсарту, педагогтердің құзыреттілігін арттыру қажет» [93]. Президент сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын қолдануға ерекше назар аударуды талап ететінін атап өтті: «Сондай-ақ білікті мамандарды даярлауға назар аудару қажет. Кем дегенде үш танымал университет кадрларды даярлаумен және осы салада зерттеулер жүргізумен айналысуы керек».

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары әзірленді және іске асырылуда, онда 10 жалпыұлттық басымдық айқындалды, олардың бірі «сапалы білім беру» болып табылады.

Бұл басымдықтың мәні ел дамуының жаңа бағытын іске асыру үшін адами капиталды дамыту болып табылады [94]. «Сапалы білім беру» басымдығының міндеттерін шешу шеңберінде білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасы бекітілді [95]. 2022 жылғы қарашада бекітілген «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы ұлттық жобада мемлекеттің маңызды міндетін орындауға бағыт-бағдар берілді: «Әрбір қазақстандық білімгердің білім алушылар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Мемлекет, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым құратын оқыту және жан-жақты даму үшін лайықты жағдайлары болуы тиіс» [96].

ҚР Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндамада «Жоғары мектептегі білім берудің мазмұны халықаралық инновациялық білім беру трендтеріне сәйкес трансформацияланады» делінген. Білім беру реформаларын зерттеушілердің пікірінше, білім беру сапасы оны нарық қажеттіліктеріне қайта бағдарлауды және қоғаммен тиімді ынтымақтастықты талап етеді [97].

Білім беруді цифрландырудың маңызды көрсеткіші педагогтер мен білімгерлердің жоғары жылдамдықты Интернетке қолжетімділігін кеңейту болып табылады. Оқу үдерісі мен оқу материалдарын барынша цифрландыру сапалы цифрлық мазмұнға қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етеді. Әзірленген «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» жол картасы бойынша 2025 жылға қарай барлық ауылдық мектептерді жоғары жылдамдықты Интернетке қосу жоспарлануда. Халқы аз елді мекендердегі сапалы Интернет мәселелерін шешу «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда.

Кең жолақты Интернетке қол жеткізу білім алушылар мен педагогтердің цифрлық және медиа сауаттылық деңгейін арттыруда оқуы мен жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, осылайша олардың пәндерді оқуға және инновациялық оқытуға деген қызығушылығы мен уәждемесін арттырады.

Ақпаратты бағдарлай алатын ойлаушы азаматтарды тәрбиелеуге медиа және ақпараттық сауаттылықты меңгерген педагогтер тиімді көмектесе алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға

арналған тұжырымдамасының деректері бойынша орта білім беруде 21 ғасырдың білім алушыларына қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды көрсететін білім беру мазмұнын жетілдіру қажеттілігі мәселесін шешуді талап ететіні атап өтілді [98]. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында осы идея да көрсетілген: «Бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі АКТ саласында.... жасанды интеллект, Big data (үлкен деректер), виртуалды шындық, заттар интернеті туралы білімі бар мамандар даярлау болып табылады». Мемлекет басшысы Digital Bridge 2023 халықаралық форумында сөйлеген сөзінде "Жасанды интеллект енді ғылыми фантастика емес, алға қойылған шындық» деп атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінің жалғасында жасанды интеллекттің маңыздылығы мен жоғары рөлін қозғады: «Адам еңбегі өзгеруде және мүлде басқа дағдыларды талап етеді. Сондықтан қызметкерлердің жаңа құзыреттіліктерін мектеп табалдырығынан қалыптастыру қажет» [99].

Осылайша, қазақстандық білім беру жүйесі рухани байлықты, моральдық тазалық пен толеранттылықты үйлестіре отырып, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, жанашыр, логикалық ойлауға қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Бұл әдістемелік нұсқаулықта білім беру саласында жасанды интеллектті кеңінен қолдану жағдайында педагогтердің білім беру үдерісі үшін заманауи ресурстарды пайдалануы бойынша ұсыныстар берілген. Әдістемелік ұсынымдар педагогтерге, мектеп әкімшілігінің, әдістемелік кабинеттердің өкілдеріне, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына әр баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуде пәрменді көмек көрсетуі тиіс.

Жасанды интеллект (ЖИ) – адам интеллектін қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті машиналар мен бағдарламаларды жасауды және қолдануды зерттейтін ғылым мен технология саласы.

«Жасанды интеллект» термині әртүрлі анықтамаларды қамтиды.

Жасанды интеллект құру идеясы бастапқыда ағылшын математигі Алан Тюрингке тиесілі. Автор өзінің “Есептеу техникасы және интеллект» атты еңбегінде: «Компьютерлер ойлана алады ма және қандай жағдайда машиналар адамның даму деңгейіне жете алады?» - деген көкейкесті сұрақтар қойды. Осы сұрақтарды зерттеу үшін ғалым кейінірек «Тьюринг тесті» (Turing Test) деп аталатын тест әзірледі [100]. Тесттің мәні келесідей болды: сарапшы компьютермен және адаммен бір уақытта өзара әрекеттесіп, олардың қайсысы, адам немесе компьютер, алған жауаптарына сүйене отырып, оның сұрақтарына жауап бергенін анықтауға тырысты. Тест нәтижелерін талдау Тюрингке қорытынды жасауға мүмкіндік берді: Егер компьютер адаммен салыстыруға болатын парасаттылық деңгейіне жете алса, бұл оның (жасанды) интеллектінің болуын көрсетеді.

«Жасанды интеллект» ұғымы көбінесе информатика саласында дамыды, мұнда әлі күнге дейін көптеген түрлі анықтамаларды табуға болады. Мысалы, бұл термин келесідей аймақтарды белгілеу үшін пайдаланылады. [100]:

| | |
|---|---|
|  | “есептеу құрылғыларын пайдалана отырып, адамның зияткерлік және сенсорлық қабілеттерін модельдеумен айналысатын компьютерлік ғылым (информатика)”; |
|  | “компьютерлердің көмегімен адамның жекелеген зияткерлік әрекеттерін (ақпаратты қабылдауды, пайымдау элементтерін және басқаларды қоса алғанда) модельдеу және жаңғырту әдістері мен құралдары әзірленетін информатика бөлімі”; |
|  | “адам интеллектісінің жекелеген функцияларын орындай алатын бағдарламалық-ақпараттық кешен функцияларының жиынтығы немесе белгілі бір жағдайларда адамның ақылға қонымды қызметін ауыстыруға қабілетті құралдарды жасау әдістерін зерделейтін ғылым бағыты ретінде” |

Қолда бар мәліметтер мен ұқсас анықтамаларға сүйене отырып, көптеген оқытушылар мен әдіскерлер әртүрлі оқу пәндерін оқытудың ерекшеліктері мен ерекшеліктерін ескеретін нақты анықтамаларды тұжырымдады. Осы және басқа анықтамаларды талдау келесі қорытындыларға мүмкіндік береді:

Біріншіден, қазіргі кезеңде жасанды интеллект информатикаға негізделген және математика, биология, когнитивистика, лингвистика және т.б. сияқты басқа салалардағы білімді біріктіретін жаңа, пәнаралық бағыт болып табылады.

Екіншіден, практикалық тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект-бұл тілді/сөйлеуді түсіну және қайталау, ойлау және логикалық талдау, аргументтерді тұжырымдау, әртүрлі интеграцияланған есептерді шешу және өзін-өзі оқыту қабілеті сияқты адамға тән қабілеттерге ие бағдарламалық жүйелер, қосымшалар немесе алгоритмдер.

Осы оқу құралы аясында оның мазмұны бойынша жалпы болатын және әртүрлі оқу пәндерін оқытуға қолданылатын анықтама ұсынылады. Бұл жұмыс анықтамасы келесідей: Білім берудегі жасанды интеллект – бұл компьютерге үлкен көлемдегі деректерді жинауға және талдауға, бағдарламаларды модельдеуге және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі пәндер бойынша оқыту әдістемелерін жасауға мүмкіндік беретін заманауи технологиялар.

Ол адамның сөйлеуі мен ойлауына еліктейді, оқу, коммуникативтік және кәсіби міндеттерді шешуге көмектеседі, материалдың игерілуін бақылауды автоматтандырады, білім алушылар үшін кері байланысты қамтамасыз етеді

және талдамалық жұмыс жүргізеді. Бұл болашақта белгілі бір білім саласын ескере отырып толықтырылуы және нақтылануы мүмкін жалпы дидактикалық анықтама.

Цифрлық құзыреттілік қазіргі қоғамға сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды қамтиды, мұнда цифрлық технологиялар, соның ішінде интернет, әлеуметтік медиа және мобильді құрылғылар коммуникация мен ақпаратқа қол жеткізуде шешуші рөл атқарады.

Робототехника, чат-боттар және смарт құрылғылар сияқты жасанды интеллект технологияларының дамуымен олармен жұмыс істеу қабілеті маңызды бола түсуде.

Жасанды интеллект құзыреттілігі қазіргі әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті дағдылардың ажырамас бөлігіне айналады. Мұндай дағдыларға ие адамдар цифрлық технологияларды сыни тұрғыдан бағалай алады, олармен тиімді қарым-қатынас жасай алады және жұмыс, үй салаларында құралдарды қолдана алады. Соңғы зерттеулер мен аналитикалық есептерде ғалымдар жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу үшін қажетті сандық дағдылардың белгілі бір жиынтығын анықтауға тырысуда. Лонг және Магерко [101, 1-16] адамдар иемдену қажет деп санайтын 14 құзыреттіліктің тізімін ұсынды:




1-сызба - ЖИ құзыреттері

Сабақты жоспарлау оқу үдерісін оңтайландыруда шешуші рөл атқаратын оқытушы қызметінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл сабақтың құрылымын, мазмұны мен әдістемесін анықтайтын оқытушының мақсатты қызметі.

Тиімді жоспарланған сабақ оқытушыға уақыт ресурсын ұтымды пайдалануға, оқу жүктемесін сауатты бөлуге, сондай-ақ білім алушылардың

жас ерекшеліктері мен жеке сипаттамаларына сәйкес келетін оқытудың оңтайлы әдістері мен нысандарын таңдауға мүмкіндік береді.

**Сабақтың нақты мақсаттарын тұжырымдау:** сабақ аяқталғаннан кейін білімгерлер білуге қажетті білім беру нәтижесін анықтау.

**Сабақтың құрылымын анықтау:** олардың өзара байланысы мен дәйектілігін қамтамасыз ете отырып, сабақтың кезеңдерін логикалық түрде құру.

**Сабақтың мазмұнын көрсету:** Оқу бағдарламасының талаптары мен білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың мақсаттарына сәйкес келетін оқу материалын таңдау.

**Оқыту әдістері мен формаларын таңдау:** сабақтың мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін ең тиімді әдістерді, формалар мен оқу құралдарын таңдау.

**Сабақтың барысы туралы ойлану:** білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ете отырып, олардың әр түрлі іс-әрекеттерін қамтамасыз ету.

**Бақылау және бағалау тәсілдерін анықтау:** білім алушылардың оқу қызметін бағалау критерийлерін белгілеу, бақылау әдістері мен құралдарын таңдау.

Жоспарлаудың айқын маңыздылығына қарамастан, оны жүзеге асыру белгілі бір қиындықтарды тудыруы мүмкін. Оқытушылардың ең көп кездесетін проблемалары:

**Оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақтың мақсаттарына түрлендіру:** оқу бағдарламасының жалпы бағытына сәйкес келетін сабақтың нақты, өлшенетін және қол жеткізуге болатын мақсаттарын анықтау.

**Білімгерлердің оқу іс-әрекетін жоспарлау: тапсырмалар** мен жаттығуларды әзірлеу кезінде білімгерлердің жеке ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.

**Пәнаралық байланысты қамтамасыз ету:** сабақ мазмұнын оқу бағдарламасының басқа пәндерімен біріктіру.

**Оқытудың оңтайлы әдістері мен формаларын таңдау:** білім алушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыруға және олардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әдістері мен формаларын таңдау.

Осы қиындықтарды жеңу және сабақты жоспарлау дағдыларын жетілдіру үшін сабақтың әр кезеңін тиімді жоспарлауға бағытталған теориялық білім мен практикалық кеңестердің жүйелі жиынтығы болып табылатын әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Қазіргі педагогикалық зерттеулер оқу үдерісінің тиімділігін анықтайтын оқытушы қызметінің негізгі элементі ретінде сабақты жоспарлаудың маңыздылығын көрсетеді. Шетелдік ғалымдар [102, 21-бет], мұқият жоспарланған сабақтың бірқатар артықшылықтарын атап көрсетеді:
Оқытуды жүйелеу және стандарттау:

- Сабақтың мақсаттары мен оларға жету үшін қызмет түрлерін нақты

тұжырымдау.

- Сабақтың кезеңдерінің логикалық реттілігі.
- Сабақ мазмұнының оқу бағдарламасына сәйкестігі.
- Оқытудың оңтайлы әдістері мен құралдарын таңдау.
- Алдыңғы және кейінгі сабақтармен байланыс.
- Оқу қызметі мен бағалау әдістерінің үйлесімділігі.

Оқыту сапасын арттыру:

- Өзінің пәндік білімі мен дағдыларын талдау.
- Өзінің кәсіби құзыретіне деген сенімділік.
- Сабақты логикалық және дәйекті өткізу.
- Уақыт пен ресурстарды үнемдеу

Білімгерлерге оң әсер ету:

- Оқытушыға және оның кәсібилігіне құрмет көрсету.
- Сабақта тәртіпті арттыру.
- Оқу мотивациясы және жаңа білімге ашықтық.
- Білімгерлердің жоспарланған оқу іс-шараларын оң қабылдауы.

Sarah [103] сабақты жоспарлаудың келесі мүмкіндіктерін бөліп көрсету арқылы осы артықшылықтарды толықтырады:

- Оқытудың мазмұны мен әдістеріне қатысты оқытушының бағыты.
- Оқытушының сабақты жетілдіруге деген ынтасы.
- Оқыту тиімділігін бағалау.
- Оқытушының өзіне деген сенімділігін дамыту.
- Білімгерлер дайындық деңгейін ескере отырып, материалдарды дайындау.
- Оқытуға жүйелі және кешенді көзқарас.
- Білімгерлердің сабаққа деген қызығушылығын ояту.
- Оқу мақсаттарына жетудің нәтижелі стратегияларын әзірлеу.
- Сапалы оқытуды қамтамасыз ету үшін сабақты жоспарлау әр білімгердің белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек:
- Сабақ бойы танымдық белсенділік.
- Жаңа дағдыларды дамыту және проблемалық оқытуды қолдану.
- Әр білімгердің эмоционалды қолдауы.
- Танымдық іс-әрекетке мотивация.

ChatGPT мен GAMMA платформасын қолдану арқылы жасалған комикс жанрындағы бейнесуреттер:




1-көрініс



2-көрініс




3-көрініс



4-көрініс




5-көрініс



6-көрініс

***Асан қайғы "Еділ бол да, Жайық бол"***



1-көрініс



2-көрініс



3-көрініс



4-көрініс

***Бұқар жырау «Өлең – сөздің данасы***

Жасанды интеллект білім беруді дамытудың үлкен әлеуетіне ие, өйткені ол білімгерлер мен оқытушыларға бейімделу, даралау, автоматтандыру, аналитика және ынтымақтастық сияқты әртүрлі салаларда көмектесе алады. Дегенмен, білім беруде жасанды интеллектті қолдану этикалық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық аспектілерге қатысты бірқатар қиындықтарға тап болады. Сондықтан білім берудегі жасанды интеллекттің болашағы мен шектеулері туралы кешенді зерттеулер жүргізу, сондай-ақ оны тиімді және жауапты пайдалану үшін стратегиялар мен ұсыныстар әзірлеу қажет.

Білім берудегі жасанды интеллектті дамытудың перспективаларының бірі- жасанды интеллекттің ақпарат дәуірінде табысты өмір сүру және жұмыс істеу үшін қажетті жаңа құзыреттер мен дағдыларды қалыптастыруға ықпал ете алатындығында. Мысалы, жасанды интеллект білімгерлердің сыни ойлауын, шығармашылығын, ынтымақтастығын және эмоционалды интеллектін дамыта алады. Сонымен қатар терге жасанды интеллекттің бағдарламалау, машиналық оқыту және этика сияқты негіздерін үйренуге көмектеседі.

Ақтамберді жырау

**1-тапсырма. « Пікірсайыс технологиясы »**

тер Ақтамберді жыраудың өмірі мен толғауларымен танысып, зерттейді.

https://gamma.app/docs/-7kj3zw3tokpscwb

https://learningapps.org/view26934011

https://learningapps.org/view26934011

**«Ақтамберді жырау толғауларында ерлік пен ел бірлігі негізгі құндылық болып санала ма?»** тақырыбында екі топқа бөлініп пікірсайыс өткізеді. Бірінші топ – бұл пікірді қолдайды, екінші топ – қарсы пікір білдіреді. тер толғаулардан дәлелдер келтіріп, өз көзқарастарын қорғайды.

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгерлер Ақтамберді жыраудың шығармасын өз бетімен зерттейді.
- мәтінді оқып, талдап, дұрыс жауап табу арқылы сыни ойлау қабілеті дамиды.
- жыраудың толғауларының негізгі идеялары мен тәрбиелік мәнін түсінеді.
- жеке жауапкершілік пен мәтінмен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

**2-тапсырма. «Толғау іздеуші» – жеке ке арналған ойын**

https://wordwall.net/kk/resource/61505618

https://wordwall.net/kk/resource/79670836

**3-тапсырма. «Тарихи тұлға және заман». (Жыраудың өмір жолын жүйелеу ).**

**Тапсырма:** Берілген мәтіндер мен тарихи деректерді пайдалана отырып, Ақтамберді жыраудың өмірбаянын маңызды кезеңдерге бөліп, кестені толтырыңыз. Әр кезеңге сипаттама беріп, оның жырау шығармашылығына әсерін көрсетіңіз.

| **Өмірлік кезеңі (Жылдары)** | **Негізгі оқиғалар мен іс-әрекеттері** | **Шығармашылығына әсері / Көрінісі** |
|---|---|---|
| Балалық және жастық шағы | | |
| Жорықтар мен шайқастар кезеңі | | |
| Ел билігіне араласуы және өмірінің соңы | | |

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгер жыраудың өмірі мен жорықтарын тарихи кезеңдерге бөліп, хронологиялық жүйеде түсінеді.
- толғауларды тақырыпқа (ерлік, елдік, өсиет) жіктеп, мәтіннен (цитата) автордың негізгі идеясын ажырата алады.
- кестемен жұмыс істеу арқылы ақпаратты жинақтап, қысқа әрі тұжырымды түрде жеткізуді үйренеді.

## 2. Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы)

**1-тапсырма. «Өлеңді визуалды түрде талдау»**

**«Жақсы, жаман адам»**

Жақсыны алыс, жаманды жақын көрме,
Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме.
Жақсымын деп момынның малын жеме,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.
Жақсыны алыс, жаманды жақын көрме,
Жақсы атансаң, басқаның хақын жеме.
Жақсымын деп момынның малын жеме,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.
Екі арыстан қосылса, дәуді өлтірер.
Ажал келсе, ауру түгіл, сауды өлтірер.

Ауылыңда шайпау тілді жаман болса,
Аман тұрған басыңа дау келтірер

**«Әр жерде қадір, құрмет көрген жанмын»**

Әр жерде қадір, құрмет көрген жанмын,
Жақсы менен жаманды білген жанмын.
Жайымды сіз білмейсіз, мен – жорға тай,
Тайпалып, талай топқа кірген жанмын.
Жақсылар бізді есінен тастамаған,
Өнерсіз деп жаманға бастамаған.
Қария қазақ, ноғай естіген жан,
Ұрынбаған қалмады жас та маған.
Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам,
Әзілден мерт болады артық қазған.
Өткен іске өкінсем, өмірім зая,
Тұяққа ілінгенді қайта жазбан.
Жақсының жүрген жері той болады,
Ақыл жоқ, кей адамда бой болады.
Көрмеге қандай жаман болса-дағы,
Парасат кей шаһбазда ой болады.
Жамандар тыңдамайды жақсы сөзін,
Сүйресең де жақсы іске бұрмас өзін.
Надандар асыл білес сутас көрсе,
Гауһардай-ақ айырмас сонан көзін.
Адамды жөн білетін дана деп біл,
Істерін жалқау жанның шала деп біл.

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгер Шал ақын шығармаларын терең түсінеді.
- мәтінді талдау және визуалды түрде құрылымдауды үйренеді.
- өлеңдердің тәрбиелік және адамгершілік мәнін нақты анықтай алады.
- жеке жұмыс арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттері дамиды.

**2-тапсырма. «Философиялық-компаративті талдау (Салыстырмалы зерттеу)»** Шал ақынның «кәрілік» пен «өмірдің өтуі» туралы философиясын әлемдік контекстпен салыстырыңыз.

**Тапсырма:** Шал ақынның дүниетанымдық көзқарасы мен Ежелгі Грек стоиктерінің немесе Шығыс сопылық поэзиясының (мысалы, Қожа Ахмет Яссауи) арасындағы ұқсастықтарды табыңыз.

**Зерттеу сұрағы:** Шал ақынның «Пәни дүние» тұжырымдамасы пессимистік пе («бәрі жаман болады» деп **жылайды**.), әлде прагматикалық па («жағдай осындай, оны қалай пайдалансақ болады?» деп **әрекет етеді**.)

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгер ақын толғауларындағы «Пәни дүние», «Кәрілік», «Имандылық» концепцияларын терең ұғынып, оның жыраулық дәстүрдегі орнын айқындайды.
- философиялық терминдерді (пессимизм, прагматизм) ажырата білу арқылы ақын туындыларына объективті баға беріп, өзіндік көзқарасын қалыптастырады.
- өлең жолдарындағы астарлы мағынаны, метафоралар мен тұспалдарды тауып, олардың семантикалық жүгін ашуды үйренеді.
- Шал ақын мұрасын басқа жыраулармен немесе әлемдік ойшылдармен салыстыра отырып, ұлттық құндылықтардың жалпыадамзаттық маңызын түсінеді.

**3-тапсырма. «Өмір өткелдері» (Модульдік технология).** Ақынның өмірін белестерге бөлу:

1. Балалық шақ пен орта
2. Абылай ханмен қарым-қатынас
3. Дүниетанымдық философиясы.

Білімгерлер әр модульге сәйкес ақынның өлең жолдарын дәлел ретінде тіркеуі қажет.

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгер Шал ақынның өмір жолын жекелеген тарихи және шығармашылық модульдерге (балалық шақ, ханмен қарым-қатынас, қартайған шағы) жіктеп, хронологиялық жүйеде түсінеді.
- әрбір өмірлік кезеңді құрғақ фактімен емес, ақынның төл туындыларынан (цитаталармен) нақты дәлелдеу арқылы әдеби талдау жасауды үйренеді.
- Абылай хан заманындағы ақынның әлеуметтік ролін анықтай отырып, жыраудың мемлекеттік және қоғамдық мәселелерге ықпалын бағалай алады.

**3. Шернияз Жарылғасұлы**

**1-тапсырма. «Саяси лингвистика және Дискурс-талдау».** Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқан толғауларын заманауи саяси риторика тұрғысынан бөлшектеңіз.

**(Әлеуметтік иерархия):** Ақынның Сұлтанға **«сен»** деп сөйлеуінің лингвистикалық себебін ашыңыз. Бұл этиканы бұзу ма, әлде жыраулық институттың артықшылығы ма?

**(Вербалды соққы):** Толғаудағы антитезаларды (Баймағамбеттің образы vs Исатайдың образы) тауып, ақынның аудиторияға (халыққа) қалай әсер еткенін талдаңыз.

**Күтілетін нәтиже:**

- білімгер көркем мәтінді саяси және психологиялық тұрғыдан талдауды меңгереді.
- билік пен оппозициялық ақын арасындағы коммуникациялық модельді анықтайды.

**2-тапсырма. «Шернияздың цифрлық ізі» (Padlet платформасымен жұмыс)**

**Білімгердің іс-әрекеті:** білімгерлер өз есімдерімен әр бағанға ақын толғауларынан үзінділер тауып салады, оған аудио-комментарий қалдырады немесе сол заманды сипаттайтын суреттер (AI арқылы жасалған) жүктейді.

https://padlet.com/nuroshka877/padlet-25jpsqpfpbvl0ftg

**Күтілетін нәтиже:**
- білімгерлер жеке жұмыс істеп қана қоймай, цифрлық тақтада бір-бірінің материалдарын толықтыру арқылы ортақ «Жыраулар мұрасы» виртуалды энциклопедиясын жасап шығады.
- мәтіндік деректерді (толғауларды) суреттермен, аудио-видео материалдармен ұштастыру арқылы тердің мультимедиялық сауаттылығы мен ақпаратты жүйелеу қабілеті артады.
- білімгер жыраулардың қалың мұрасының ішінен нақты тақырыпқа (модульге) сай келетін ең өткір, мазмұнды үзінділерді іріктеп алуды және оған қысқаша ғылыми комментарий жазуды меңгереді.
- басқа білімгерлердің жазбаларына пікір қалдыру (комментарий жазу) арқылы тер академиялық этиканы сақтай отырып, өзгенің жұмысына сыни баға беруді үйренеді.

https://wordwall.net/resource/64234895

### 3.3 Эксперимент нәтижелері және олардың тиімділігі

Диссертациялық жұмыстың бұл тарауында зерттеу жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыс нәтижелері қарастырылды. Жұмыста Қ.Бітібаеваның технологиясымен оқытудың әдіснамасы эксперимент арқылы дәлелденіп, эксперимент нәтижелері анықталды.

**Зерттеу экспериментінің мақсаты:**

Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесін тиімділігін бақылау, эксперименттің анықтаушы бөлімін анықтау, жолжам жасау.

Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесіне қатысты І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті » мамандығы бойынша 3-курстың 62 білімгері мен мен SDU университеті «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 3-курстың 63 білімгерінен (барлығы:125) 25-сұрақтан тұратын сауалнама мен жабық тест алынды. Бұл сауалнама мен жабық тест нәтижесі




### Сауалнама нәтижесіне тақырыптық қорытынды

Сауалнама 3 негізгі блокты қамтыды:

- Жыраулар поэзиясының ғылыми-теориялық сипаты (поэтика, жанр, тіл, философиялық мазмұн, символика)
- Жыраулар поэзиясын қабылдау деңгейі (қызығушылық, дербес поэтикалық жүйе ретінде тану)

- Оқыту әдістемесі мен педагогикалық ұстанымдар (әдіс, технология, пәнаралық байланыс, шығармашылық)

**Ғылыми-теориялық таным деңгейіне қатысты талдау (1–12, 20-сұрақтар)**

**Негізгі сұрақтар:**

- 1-сұрақ жыраулар поэзиясын зерттеген ғалымдарды толық білмеу мәселесін көрсетеді. «Толық емес» жауабының басым болуы – бұл салада жүйелі ғылыми таныстырудың жеткіліксіздігін аңғартады.
- 5-сұрақ жыраулар поэзиясын қазақ ауыз әдебиетінің дербес поэтикалық жүйесі ретінде тану үрдісінің бар екенін көрсетеді.
- 6 және 10-сұрақтар бойынша жыраулар поэзиясында: эпикалық баяндаудан гөрі философиялық толғаныс басым; жеке лирикалық «мен» емес, қоғамдық, ұжымдық сана алдыңғы қатарда екені аңғарылады.
- 7, 8, 20-сұрақтар жыраулар поэзиясының поэтикасына тән белгілерді нақтылайды: суырыпсалмалық, тұрақты поэтикалық формулалар, афористік ойлау жүйесі – негізгі көркемдік ерекшелік ретінде танылады.
- 9-сұрақ толғау жанрының жетекші рөлін айқындайды.
- 11–12-сұрақтар жыраулар поэзиясының: тарихи санамен тығыз байланысын; символдық бейнелерге бай екенін көрсетеді.

**Оқыту әдістемесіне қатысты талдау (3, 13–19, 21–25-сұрақтар)**

**Байқалатын негізгі үрдістер:**

- 3 және 24-сұрақтар бойынша жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесін: өзгерту қажет; толық жүйеленген деп айту қиын деген көзқарас басым.
- 13 және 14-сұрақтар тарихи-мәдени контексті ескерудің маңызын көрсетеді, ал тек мәтіндік талдаумен шектелу жеткіліксіз деп бағаланады.
- 15, 16-сұрақтар: салыстырмалы әдеби талдау; интерпретациялық әдістердің тиімділігін айқындайды.
- 17–18-сұрақтар заманауи педагогикалық технологиялар мен тердің шығармашылық белсенділігін арттыру қажеттігін көрсетеді.
- 19-сұрақ дәріс сабағының жалғыз өзі жеткіліксіз екенін дәлелдейді.
- 21–22-сұрақтар көркемдік құрылым мен пәнаралық байланыстың маңызды екенін аңғартады.
- 23-сұрақ мектеп пен ЖОО арасындағы сабақтастықтың әлсіздігін меңзейді.
- 25-сұрақ ғылыми-әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігі мәселесін көтереді.

Сауалнама нәтижесіне тақырыптық қорытынды шығаратын болсақ, мынадай тұжырым жасауға болады:

- Жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінің дербес әрі күрделі поэтикалық жүйесі ретінде танылады;

- Оның поэтикасы тарихи сана, философиялық ойлау, символика және афористік тілмен тығыз байланысты;
- Жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі жаңартуды, жүйелеуді және заманауи педагогикалық технологиялармен толықтыруды қажет етеді;
- Ғылыми-әдістемелік база әлі де кеңейтілуі тиіс.

## Сауалнама нәтижелерінің ғылыми талдауы

Жүргізілген сауалнама жыраулар поэзиясының теориялық табиғатын тану деңгейін және оны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесіне қатысты көзқарастарды анықтауға бағытталды. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары «Иә», «Жоқ», «Толық емес» нұсқалары бойынша сараланып, нәтижелері диаграмма түрінде ұсынылды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым көпшілігі жыраулар поэзиясын қазақ ауыз әдебиетінің дербес поэтикалық жүйесі ретінде қабылдайтынын көрсетті. Атап айтқанда, жыраулар поэзиясының негізгі белгілері ретінде суырыпсалмалық поэтика, тұрақты поэтикалық формулалар, афористік ойлау жүйесі және толғау жанрының жетекші рөлі жоғары деңгейде мойындалған. Сонымен қатар жыраулар поэзиясының поэтикасы халықтың тарихи санасымен, философиялық дүниетанымымен және символдық бейнелеу жүйесімен тығыз байланысты деген көзқарас басым екені анықталды.

Сонымен бірге, жыраулар поэзиясын зерттеген ғалымдар жөніндегі білім деңгейіне қатысты сұрақтарда «Толық емес» жауаптарының едәуір үлес алуы бұл саладағы ғылыми-теориялық мәліметтердің респонденттерге жеткіліксіз көлемде ұсынылатынын аңғартады. Әсіресе «жырау» және «жыршы» ұғымдарының этимологиясына байланысты сұрақтарда бірізді пікірдің қалыптаспауы терминологиялық мәселелердің оқу үдерісінде жүйелі түрде қарастырылмай келе жатқанын көрсетеді.

Жыраулар поэзиясының мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктеріне қатысты жауаптарда жеке лирикалық «меннің» алдыңғы қатарда тұрмайтыны, керісінше ұжымдық, қоғамдық ойдың басым екені нақты айқындалды. Бұл жыраулар поэзиясының әлеуметтік-философиялық сипатын айқындай түседі және оны классикалық лирикадан даралайтын басты белгілердің бірі ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелерінің маңызды бөлігі жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесіне қатысты мәселелерді қамтиды. Респонденттердің көпшілігі жоғары оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесін жаңарту қажеттігін атап көрсеткен. Тек мәтіндік талдаумен шектелу жеткіліксіз деп танылып, тарихи-мәдени контексті ескеру, салыстырмалы әдеби талдау мен интерпретациялық әдістерді қолдану, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларды енгізу қажеттілігі басым қолдау тапты.

Сонымен қатар тек дәріс сабағының жыраулар поэзиясының поэтикасын меңгеру үшін жеткіліксіз екені, тердің шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған практикалық, интерактивті сабақтардың маңызы жоғары екені

анықталды. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру мен көркемдік құрылымды терең талдау да оқыту тиімділігін арттыратын негізгі факторлар ретінде бағаланған.

Сауалнама нәтижелері мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастықтың жеткіліксіздігін, жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесінің толық жүйеленбегенін және осы саладағы ғылыми-әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігін айқын көрсетті. Бұл жағдай жыраулар поэзиясын оқытуда біріздi ғылыми-әдістемелік тұжырымдаманың қажеттігін алға тартады.

Қорыта айтқанда, сауалнама нәтижелері жыраулар поэзиясының қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызын респонденттердің жоғары бағалайтынын дәлелдейді. Алайда оны оқытудың қазіргі әдістемесі заман талабына толық жауап бере алмайтыны анықталып, жыраулар поэзиясын оқытуда теориялық негізді тереңдету, әдістемелік жүйені жаңарту және заманауи педагогикалық тәсілдерді кешенді түрде қолдану қажеттігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

## Жыраулар поэзиясының поэтикасы және оны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесіне негізделген жабық тест сұрақтары

### Тест нәтижелерінің диагностикалық талдауы

Зерттеу аясында жыраулар поэзиясына қатысты білім деңгейін анықтау мақсатында 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы 125 ке жүргізілді. Тест мазмұны жыраулар поэзиясының тарихи-әдеби контекстін, жекелеген жыраулардың шығармашылығын, негізгі жанрлық және тақырыптық ерекшеліктерін, сондай-ақ жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесіне қатысты теориялық ұстанымдарды қамтыды. Әрбір дұрыс жауап 1 баллмен бағаланып, ең жоғары көрсеткіш 25 балды құрады.



Жалпы алғанда, нәтижелердің негізгі шоғыры 18–20 балл аралығында шоғырланғаны байқалады. Бұл тердің көпшілігінің жыраулар поэзиясы бойынша ортадан жоғары білім деңгейін көрсеткенін дәлелдейді.

**Білім деңгейлері бойынша диагностикалық жіктеу**

Диагностикалық мақсатта алынған нәтижелер шартты түрде үш деңгейге бөлініп қарастырылды:

***Жоғары деңгей (21–25 балл)***

Бұл деңгейге 21 жатады. Аталған топтағы тер жыраулар поэзиясының негізгі өкілдерін, жекелеген толғаулардың авторларын, тарихи кезеңдерін және әдеби-теориялық ерекшеліктерін толық әрі жүйелі түрде меңгергенін көрсетті. Жоғары балл иегерлерінің аз үлес алуы жыраулар поэзиясы бойынша терең, аналитикалық білімді талап ететін сұрақтардың күрделілігін аңғартады.

**Орта деңгей (18–20 балл)**

Бұл деңгейге 71 енеді және ол зерттелушілердің басым бөлігін құрайды.Бұл топтағы тер жыраулар поэзиясының жалпы мазмұнын, негізгі тұлғалары мен идеялық бағытын дұрыс игергенімен, нақты тарихи деректер мен жекелеген авторлық ерекшеліктерді анықтауда ішінара қателіктерге жол берген. Бұл нәтиже теориялық білімнің қалыптасқанын, алайда оны тереңдету қажеттігін көрсетеді.

**Төмен деңгей (14–17 балл)**

Бұл деңгейге 33 кіреді. Аталған тер жыраулар поэзиясына қатысты базалық түсініктерді меңгергенімен, деректік және фактологиялық білімде жүйесіздік байқалады. Бұл топпен қосымша түсіндіру, қайталау және жеке-дара жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды.

**Диагностикалық нәтижелердің ғылыми-педагогикалық интерпретациясы**

Алынған деректерге сүйене отырып, төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. тердің басым бөлігі жыраулар поэзиясы бойынша **орта деңгейдегі тұрақты білім қорына ие**.
2. Жоғары нәтижелердің салыстырмалы түрде аз болуы жыраулар поэзиясының тарихи-әдеби контексті мен авторлық ерекшеліктерін терең білуді талап ететін тапсырмалардың күрделілігін көрсетеді.
3. Орта және төмен деңгейде нәтиже көрсеткен тердің үлесі жыраулар поэзиясын оқытуда:
    - тарихи деректерді жүйелеу,
    - салыстырмалы әдеби талдау,
    - интерпретациялық және проблемалық тапсырмаларды кеңінен қолдану қажеттігін айқындайды.
4. Диагностика нәтижелері дәстүрлі оқыту тәсілдерімен қатар, интерактивті және шығармашылық бағыттағы әдістерді енгізудің маңыздылығын дәлелдейді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық әдеби мұраны жаңаша пайымдау, оны білім беру жүйесінде тиімді меңгерту – педагогика және әдебиеттану ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, көне дәуірдегі жыраулар поэзиясы – қазақ халқының рухани дүниетанымын, тарихи жадын, әлеуметтік-философиялық ойлау жүйесін айқындайтын аса маңызды көркем-эстетикалық құбылыс. Сондықтан жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында заманауи білім беру парадигмалары негізінде оқыту, оның мазмұнын жаңарту және әдістемелік жүйесін жетілдіру ғылыми тұрғыда негіздеуді талап етеді.

Ұсынылған зерттеу жұмысында көне дәуірдегі жыраулар поэзиясының зерттелу тарихы, оның қазақ және әлем әдебиетіндегі поэзиялық орны, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында жыраулық дәстүрдің номадтық мәдениетпен тығыз байланыста қалыптасқаны, оның поэтикалық жүйесі, жанрлық ерекшеліктері мен идеялық мазмұны тарихи-әдеби контексте талданды.

Зерттеудің бірінші бөлімінде жыраулар поэзиясының қалыптасуы мен дамуының тарихи негіздері сараланып, оның зерттелу эволюциясы жүйелі түрде қарастырылды. Номадтық жыраулық дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері айқындалып, оның тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлемдік поэзия кеңістігінде де өзіндік орны бар екендігі дәлелденді. Жыраулар поэзиясы – тек көркем сөз өнері ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихи санасы мен рухани болмысының көрінісі екендігі анықталды.

Сонымен қатар, жыраулар шығармашылығының зерттелу тарихына талдау жасалып, әр кезеңдегі әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері негізінде оның ғылыми тұрғыда зерделену деңгейі айқындалды. Қазақ жыраулық дәстүрінің тәуелсіздік идеяларымен сабақтастығы, елдік пен ерлік, бірлік пен азаттық мәселелерін көтерудегі рөлі ерекше атап өтілді. Бұл тұрғыда жыраулар поэзиясы ұлттық идеяны қалыптастырушы маңызды рухани құрал ретінде бағаланды.

Зерттеудің екінші бөлімінде жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың әдіснамалық негіздері қарастырылды. Атап айтқанда, оқытудың философиялық, психологиялық және педагогикалық ұстанымдары жүйеленді. Философиялық тұрғыдан жыраулар поэзиясы адам, қоғам, табиғат арасындағы үйлесімділік мәселелерін көтеретін дүниетанымдық құбылыс ретінде сипатталды. Бұл оны тек әдеби мәтін ретінде емес, терең мағыналы рухани-философиялық мұра ретінде оқытудың маңыздылығын көрсетеді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, жыраулар поэзиясын меңгерту тердің эмоциялық-сезімдік қабылдауын, ассоциативтік ойлауын, қиялын дамытуға ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, жыраулар толғауларындағы терең мағына мен астарлы ойларды түсіну тердің сыни ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық тұрғыдан зерттеу барысында жыраулар поэзиясын оқытудың негізгі ұстанымдары айқындалды. Олар: жүйелілік, бірізділік, ғылыми негізділік, көрнекілік, интербелсенділік, тұлғаға бағытталған оқыту және құзыреттілікке негізделген тәсілдер. Бұл ұстанымдар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, олардың әдеби мәтінді терең түсінуіне және өздігінен талдау жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Зерттеудің үшінші бөлімінде жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқытудың әдістемесі ұсынылып, оның мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды. Бұл модель жыраулар шығармашылығын кезең-кезеңімен, жүйелі түрде меңгертуді көздейді және оқу үдерісінің мақсат, мазмұн, әдіс, құрал және нәтиже компоненттерін өзара байланыста қарастырады.

Сонымен қатар, жыраулар поэзиясын оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі негізделді. Атап айтқанда, проблемалық оқыту, жобалау әдісі, кейс-стади, интерактивті талдау, цифрлық білім беру ресурстары, мультимедиалық технологиялар, жасанды интеллект сияқты заманауи әдістерді қолдану пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық белсенділігін күшейтетіні дәлелденді.

Зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жыраулар поэзиясын оқытудың ұсынылған әдістемесінің тиімділігін көрсетті.

Эксперимент нәтижелері білімгерлердің:

– жыраулар поэзиясы туралы теориялық білім деңгейінің артқанын;

– көркем мәтінді талдау дағдыларының қалыптасқанын;

– сыни және креативті ойлау қабілеттерінің дамығанын;

– ұлттық рухани құндылықтарға деген қызығушылығының күшейгенін;

– кәсіби құзыреттіліктерінің жетілгенін айқындады.

Осы нәтижелер жыраулар поэзиясын оқытудың жаңартылған әдістемесінің жоғары оқу орындары үшін тиімді әрі қажетті екендігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері негізінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

1. Жыраулар поэзиясы – қазақ халқының тарихи жадын, рухани дүниетанымын, ұлттық болмысын бейнелейтін бірегей әдеби құбылыс болып табылады және оны ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеу оның мазмұндық және көркемдік ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

2. Жыраулық дәстүрдің номадтық мәдениетпен байланысы оның поэтикалық табиғатын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады және бұл ерекшелік оны әлемдік поэзия кеңістігінде өзіндік орны бар құбылыс ретінде тануға негіз болады.

3. Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытуда философиялық, психологиялық және педагогикалық ұстанымдарды кешенді түрде қолдану білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады.

4. Жыраулар шығармашылығын оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделі мен инновациялық технологиялар жүйесінің танымдық белсенділігін арттырып, олардың әдеби-теориялық білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

5. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеп, оны жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізудің қажеттілігін көрсетті.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары негізінде төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

– жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына жыраулар поэзиясын оқытудың жаңартылған әдістемесін енгізу;

– жыраулар шығармашылығын оқытуда цифрлық және интерактивті технологияларды кеңінен пайдалану;

– жыраулар поэзиясын кешенді зерттеуге арналған арнайы элективті курстар әзірлеу;

– жыраулық дәстүрді ұлттық рухани құндылық ретінде насихаттау мақсатында оқу-әдістемелік кешендер мен антологиялар дайындау;

– болашақ филолог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда жыраулар поэзиясының тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалану.

М.А.Рыбникованың айтуынша, әдістеме – оқыту міндетін алдына қоятын және бұл мақсатта ғылыми мәліметтерді пайдаланатын педагогикалық пәндердің бірі. Әдістеменің өзіндік және арнайы міндеті көптеген білім мен құбылыстардың барлық элементтерін тұтас сабақ жүйесіне енгізу болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі педагогикада қолданыс тауып жүрген оқытудың қашықтан оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, зерттеу әдісі, интерактивті оқыту әдістері, сын тұрғысынан ойлау әдісі, дебат технологиясы сияқты сабақ жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері мен технологияларына тоқталып, жыраулар поэзиясын оқытуға икемді тұстарын талдап көрсеттік. Бақылау эксперименті, зерттеу эксперименті барысында алынған нәтижелер талдау нәтижелерінде анық көрсетілді. Жыраулар поэзиясын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау барысында оны оқытудың тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы оның мәселелерін бөліп-жармай кешенді қарастырғанда ғана оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Яғни оқу бағдарламасында жыраулар поэзиясын қамтуда олардың білімгердің ішкі мүддесімен бірлігіне, оның психологиялық ерекшелігіне сай шығармаларды дұрыс іріктеуден бастап, оқыту үдерісінде білімгердің дара тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың маңызды факторы болатындай мүмкіндіктерді ескергенде оқу үрдісінің тиімділігі артады. Жыраулар поэзиясы білімгердің білім қорын ұлғайту үшін емес, ең алдымен, оның өмірлік дағдыларды меңгеруінің алғышарты ретінде пайдалану арқылы өздігінен ізденіс жасай алу, ой қорытындыларын күнделікті тіршілігінде қолдану тетігіне айналдыра білудің мәні зор. Бұл сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта өткізілетін түрлі іс-шараларда да жыраулар мұрасын тәрбие көзі тұрғысында дұрыс пайдаланудың жолын табуды қажет етеді. Жыраулар поэзиясын оқытуда білім мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды орынды қолдана отырып, келешек ұрпақ бойында ұлттық ділдің қалыптасуына негіз қаланады. Әдеби шығармалар тарихтың көркем шежіресі ғана емес, ең алдымен, сол тарихты ұлт

мүддесіне қарай бұрудың да негізгі тетігі болғандығын түйсіндіру білімгердің қазақ сөз өнері туындыларының халық тағдырымен орта сипаттарын тануына негіз болады.

Жыраулар поэзиясын білімгерлердің өздігінен игеруіне бағытталған әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану маңызды. Бұл олардың топтық және жұптық жұмыстар барысында интеллектуалдық ой-өрісін жетілдіріп, қарым-қатынас орнату, тіл табысу және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мол мүмкіндік береді. Жыраулар поэзиясын оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруде баяндама сипатынан арылып, жаңаша оқытудың моделін жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту мәселесі – көпқырлы, күрделі және өзекті ғылыми бағыттардың бірі. Қазіргі білім беру парадигмаларының талаптарына сәйкес бұл бағыттағы зерттеулерді одан әрі жетілдіру, жаңа әдістемелік тәсілдерді енгізу уақыт талабынан туындайды. Жыраулар мұрасын терең меңгерту арқылы болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыру, рухани құндылықтарды дәріптеу және әдеби білімнің сапасын арттыру мүмкіндігі кеңейе түседі.

Сондықтан жыраулар поэзиясын оқытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жетілдіру мәселесі алдағы уақытта да педагогика және әдебиеттану ғылымдарының маңызды зерттеу нысаны болып қала береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:


1. Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов. Вопросы древней истории. – 1947. – № 3. – С. 100 – 121.
2. Бахти А.Шумерлер, скифтер, қазақтар – Алматы. 2003. – 216 б.
3. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956.
4. Мұқанов С. XYIII – XIX ғасыр әдебиетінен очерктер. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1942. – 247 б.
5. С.Сейфуллин. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары: Жинақ – Алматы: Қазақстан баспасы, 1931. – 152 б.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 287 б.
7. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1992.
8. Қасқабасов С. Қазақ халқының утопиясы. Жұлдыз. – 1990. №6
9. Марғұлан Ә, Шығармалары. – Алматы «Алатау», 2007. 3 том.
10. М.Лихачева. Молодой гражданин: поэмы, баллады, сказки и стихы для детей и юношества – Алматы: Казахское государственное учебно – педагогическое изд – во, 1949. – 106.
11. «Тауарих – и хамса – и шарқи» – Шығыстың бес тарихы: Бірінші кітап. – Астана: ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Баспа – редакция орталығы, 2015. – 290 б.
12. Н.Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі – Алматы: Мектеп, 1986., 212, б.
13. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы 1985. – 16, 124 – бет.
14. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы. 2 бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
15. Н.Рабғузи. Қисас – ул әнбия; араб тіл. ауд. Ә.Әріпбайұлы; Қызылорда облысының әкімдігі; Қорқыт Ата атын. Қызылорда мем. ун – ті – Астана: Фолиант, 2008. – 547, б.
16. Е.М.Мелитинский. Миф и сказка / Фольклор и этнография. М., 1970 (Избранные статьи. Воспоминания, с. 284—296).
17. Қ.Қасқабасов «Жаназық» – Астана 2002, – 503 бет
18. С.И.Вайнштейн. Песни и хоры: с сопровожд. фп. и без сопровожд. / Жубанова Г. – Москва: Советский композитор, 1963. – 31 с.
19. Сарыбаев Б. Қазақтың халық аспаптары. – Алматы, 1980.
20. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма – Ата: ҚСЭ . 1984, – Т. I.,С. 369
21. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: оқу құралы / М.Габдуллин. – Алматы: «Рауан» баспасы, 2013. – 456 бет.
22. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991.
23. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 378 б.
24. Дербісалин Ә. Дәстүр және жалғастық. – Алматы: «Ғылым» 1976.

25. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма – Ата: Қазақ университеті. 1993. – С. 125.
26. Радлов В.В. «Ел қазынасы – ескі сөз», Алматы 1994, 10 – бет.
27. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Шығармалар», Алматы, 1992.
28. Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Құрастырған С.Дәуітов. 2 – т. – Алматы: Ғылым, 1992.
29. Халидұлы Қ. Тауарих хамса. – Алматы, 1992.
30. https://madeniportal.kz/referat/asan – qaigy – zaiyndagy – anyzdar
31. Ақмұқанова Б. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы: 1983.
32. https://qazaqadebieti.kz/1966/sa – ym – a – sada – ildirgen
33. https://bilim – all.kz/olen/2316
34. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 172 б.
https://bilim – all.kz/article/18517
36. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990.
37. Ысмаилов Е. *Ақындық өмір – Алматы*: Жазушы, *1965*. – 140 с.
38. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазақстан мемлекеттік педагогикалық баспасы, 1960. – 244 б.
39. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: «Жазушы», 1986.
40. Әуезов М. Уақыт және әдебиет / Құрастырған алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: Қазмем көркем әдебиет баспасы. 1962. – 428 б.
41. *Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті* тарихының *мәселелері*. Алматы: Ғылым , *1973*.
42. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 156 б.
43. Сыдиықұлы Қ. Ақберен (XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақын – жырауларының шығармалары). – Алматы: Нұрлы әлем, – 2007.
44. Смирнова Н. С. «Бухар Калхаманов»//История казахской литературы, 3 том, Алматы, 1979.
45. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Жазушы, 1967. – 388 б.
46. Негимов С. Ақын – жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.
47. Қ. Сыдиқов. Көркемдік өрнектер: (XY – XYIII ғасырлардағы ақын, жыраулар мұрасының көркемдік ерекшеліктері) – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
48. *Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар* – Алматы: Жазушы, 1974. – 216 б.
49. Оспанов Б. Жыраулық өнер: оның қалыптасу кезеңдері/Ақиқат, 2004, № 4.
50. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясының бүгіні мен ертеңі / Қазақ әдебиеті. – 1.02.02. №11
51. Базарбаев, Т. Кәкішев. Классикалық зерттеулер: көп томдық; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты; жалпы редакциясын басқарған У. Қ.

Қалижанов; жауапты редактор Г. Ж. Орда; құрастырушылар: Б. Мұқатай, Н. Құдайбергенов . – Алматы: Әдебиет әлемі , 2013.
52. Мүсілім Базарбаев және қазіргі әдебиеттану мен өнертану мәселелері атты халықаралық ғылыми – теориялық конференцияның материалдары – Астана: Unique service, 2007. – 410 бет
53. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
54. https://bilim – all.kz/olen/2322 – Qyrynda – kiik – zhailagan
55. Мырзахметұлы М. Суфизм және қазақ әдебиеті: – Кітапта: Түркістан тарихы мен әдебиеті. ХҚТУ, 2000. – 215 б.
56. Бүрбаев Т. Ұлт менталитеті. – Астана: Елорда, 2001. – 242 б.
57. Досмұхамедов Халел / Таңдамалы.– 2 басылым – Алматы: Өлке, 2003. – 240 бет.
58. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық – Алматы: Жазушы, 1989.
59. https://bilim – all.kz/olen/2294 – Alan – da – alan – alan – zhurt
60. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 бет.
61. Мағжан Жұмабаев шығармалары: (әдеби басылым); құраст. С.Жұбаниязов – Алматы: Жазушы , 2013.
62. https://adebiportal.kz/kz/news/view/olenge – toqtamaidy – sal – degenin__20770
63. Мәшһүр – Жүсіп. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. 7 – том. – Павлодар, 2006.
64. https://books.yandex.kz/books/HzrLy5J0/read – online
65. Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 2000, ІІІ т.
66. https://bilim – all.kz/olen/34372 – Kishi – qara – qalmaq – bulerde
67. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 422 б.
68. Бітібаева Қанипа. Әдебиетті оқыту әдістемесі – Алматы: Рауан, 1997. – 285 б.
69. Бітібаева Қанипа. Оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмысына баулу жолдары: оқу құралы. – өнд., 2 – ші бас. – Семей: Үш биік, 2007. – 119 б.
70. Белинский В. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – 347 б.
71. https://ummet.kz/makalalar/349 – uly – tulgalar/6556 – iman – oj – a – yl – ojshy – n – psi – b – ri – shal – a – yn.html
72. Ахан Бекежан. Билердің даналық тағылымы – Ақтөбе: 1999. – 216 б.
73. Әл – Фараби. Өлең өнерінің қағидалары. – кітапта; Көбесов А. Әл – Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 172 б.
74. Ямбург Е.А. Педагогический декамерон. М. Дрофа, 2008 — 367 стр.
75. В.А.Караковский. Воспитание в школе будущего / Народное образование. – 2008. – № 2. – С. 229 – 232.
76. Ж. Баласағұн / Құтты білік; дизайнер Д. Келиспай; ауд. Ә. Құрышжанұлы... – Алматы : BRK Press, 2021. – 572 бет
77. Аймауытов Ж. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 558 б.
78. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар,қара сөздер – Алматы: Мектеп,

2003. – 248 бет,
79. М. Жұмабаев. Педагогика – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспасы, 1922. – 96 б.
80. Ж.Аймауытұлы. Психология; кітапты араб жазуынан көшірген психология ғылымының кандидаты Алма Акажанова.– Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
81. С. Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет: (зерттеулер мен мақалалар) – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
82. Қ. Жарықбаев Ө. Озғанбаев. Қазақ этнопсихологиясына кіріспе: орта мектептерге арналған оқу құралы – өңд., толық. үшінші бас. – Алматы: Астана Медиа Пресс, 2014. – 214 б.
83. Ақшолақов Төлеутай. Шығарманың көркем айшықтарын таныту: Әдістемелік құрал – Өңделген, толықтырылған екінші басылым – Алматы: Рауан, 1994. – 223 б.
84. Ж. Р. Баймақова М. К. Хамзина Д. С. Есентаев ; М. К. Хамзина, Д. С. Есентаев, Ж. Р. Баймақова. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс – тәсілдер/ Новые подходы в обучении по обновленой программе содержания образования: әдістемелік нұсқа/– Алматы: «www.gylym – bilim.kz» баспасы, 2018. – 58 с.
85. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері: монография / Құрман Несібелі – Астана: 2008. – 157 б. . – Библиогр: 153 – 156 б.
86. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
87. Құран кәрім. Қазақша мағына және түсінік. / Аударған Халифа Алтай. – Сауыд Арабия: Құран Шәриф, 1991. – 604 б.
88. СССР тарихы : Орта мектепке арналған оқу құралы / Берхин И.Б Беленький М.И . – Алматы: Мектеп, 1969. – 432 бет .
89. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік педагогика ғыл. докт. ... дисс.: 13.00.02. – Алматы, 2001. – 415 б.
90. Арыстанғали Беркалыұлы. Ақын – Қазан, 1912.
91. Шәріп, А. Түркі баспасөзінің тарихынан / Жаһандық медиакеңістіктегі баспасөздің рөлі мен даму тенденциялары: халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциясының материалдары (15 қараша 2019 ж.) / Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. – 2019. – Нұр – Сұлтан. – 25 – 27 б.
92. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі; [құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев]. – 2 – бас. .. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 383 б.
93. https://www.akorda.kz/kz/memleket – basshysy – kasym – zhomart – tokaevtyn – adiletti – kazakstannyn – ekonomikalyk – bagdary – atty – kazakstan – halkyna – zholdauy – 18333
94. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
95. https://primeminister.kz/news/reviews/bilimdi – ult – sapaly – bilim – beru – ulttyk – zhobasy – a – aymagambetov – ulttyk – zhobanyn – negizgi – bagyttary – turaly – aytyp – berdi – 2292956

96.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000202
97.https://ust.kz/word/innovaciyalyq_bilim_bery_mektep_qabyrgasynan_bastalady – 227699.html
98.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
99.https://uba.edu.kz/storage/app/media/ISKUST%20INTELLEKT%20%20KAZ%2026.06.24.pdf
100. A. M. Turing. Computing Machinery and Intelligence. Source: Mind, New Series, Vol. 59, No. 236 (Oct., 1950), pp. 433 – 460.
101. Long D., Magerko B. What is AI literacy? Competencies and design considerations // Proceedings of the 2020 CHI conference on human factors in computing systems. –2020. – P. 1 – 16.
102. Markauskaite, L., Marrone, R., Poquet, O., Knight, S., Martinez – Maldonado, R., Howard, S., Tondeur, J., De Laat, M., Buckingham Shum, S., Ga evi , D., & Siemens, G. (2022). Rethinking the entwinement between artificial intelligence and human learning: What capabilities do learners need for a world with AI? Computers and Education: Artificial Intelligence, 3, 100056.
103. Sarah, G. (2022). Lesson Preparation and Planning, retrieved from www. Researchgate.net/publication.
104. Getting America's Students Ready for the 21st Century: Meeting the Technology Literacy Challenge. A Report of the Nation Technology and Education. URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED398899.pdf
105. Ng, D.T.K., & Chu, S.K.W. (2021). Motivating Students to Learn AI Through Social Networking Sites: A Case Study in Hong Kong. Online Learning, 25(1), 195– 208.
106. Аймұхамбет Ж.Ә., Мырзахметов А.А., Әлімбаев А.Е. Әдебиет теориясы.Оқулық. – Қарағанды: Гласир, 2023. – 304 б.
107. «Жасанды интеллект және заманауи медиа»: әдістемелік нұсқаулық/; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ; Қазақстандық қоғамдық даму институты ; құрастырушы: Т. Бектұр ; редакция алқасының мүшелері: М. Абулова, С. Иманбаева, Ж. Жиеналиев... – Астана : 2023. – 49 б.
108. Искусственный интеллект и обратные задачи в науке, технике и индустрии = Ғылымдағы, техника мен индустриядағы жасанды интеллект және кері есептер = Artificial intelligence and inverse problems in science, technology and industry: сборник докладов Евразийской международной научной конференций: 14 – 16 апрель 2025 год; Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева... – Астана: Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2025. – 452 с.
109. Сейдуәлиев С. Жасанды интеллектімен бетпе – бет / Сәкен С. Сейдуәлиев // Egemen Qazaqstan. – 2020. – 14 қаңтар (№8). – 5 б.
110. Айтжанбайқызы, Г. Цифрлық платформа құру бастамасы / Г.

Айтжанбайқызы // Егемен Қазақстан. – 2024. – 5 ақпан (№ 24). – 3 б.
111. Түймебаев, Ж. Жасанды интеллект және ұлттық бірегейлік / Ж. Түймебаев // Егемен Қазақстан. – 2025. – 18 наурыз (№ 51 – 52). – 4 б.
112. Современные научные направления: от прикладных исследований до инноваций: сборник докладов IV международного форума молодых ученых (17 – 20 марта 2014 года) – Усть – Каменогорск, 2014. – 221 с.
113. Қ.Т. Айтжанова. Педагогика – тәрбие қайнары: оқу құралы; ҚР Білім және ғылым мин – гі; Шымкент ун – ті – Шымкент университеті, 2019. – 175 б.
114. К. Әлпейісова. Қайтсек ұрпақ өседі өрелі боп: ешқашан ескірмейтін мәселелер туралы ой – толғамдар – Алматы: Дәуір, 2022. – 239 б.
115. Психология: Адамзат ақыл – ойының қазынасы: 10 томдық; [жетекшісі Ә.Н. Нысанбаев; құраст.: С.М. Жақыпов, С.Қ. Бердібаева]. – Алматы: Таймас , 2006.
116. Көкебаева Әсия. Ұлттық психология: оқу құралы – Көкшетау: Көкше академиясының баспасы, 2010. – 220 б.
117. Б.К. Тотин. Философия: тұлғалар бейнесінде: оқу – әдістемелік құралы; ҚР Білім және ғылым мин – гі; А. Байтұрсынұлы атын. Қостанай мем. ун – ті . – 2 – бас. , – Қостанай: Казтипография , 2013.– 25 экз. . – 978 – 601 – 227 – 119 – 5 Библиогр. мақала соңында 2 – кітап .– 511 б.,
118. Ошақбаева Жазира Бейбітқызы. Жыраулар даналығы. Философиялық пайымдаулар : Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады; [бас ред. Ә. Н. Нысанбаев; жауапты ред. С. Е. Нұрмұратов] – Алматы: 2011. – 164 б.
119. С. Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет: (зерттеулер мен мақалалар) – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
120. Т. Шонанов. Бес томдық шығармалар жинағы: оқу құралы; [ред. алқа: Ә. Қайдар [құраст. О. Жұбаева]. – Алматы: Полиграфкомбинат , 2017.
121. Т. Жанұзақов. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 томдық; ҚР Білім және ғылым министрлігі; А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты . – Алматы: Арыс , 2006.
122. А. Фазылжанова. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық; – Алматы: Қазақ энциклопедиясы , 2010.
123. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы «Атамұра», 2003 – 120, 124, 169 беттер.
124. Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. – Алматы: Жібек жолы. 2005 ж.
125. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы: Арыс, 2004. – 613 б
126. Өмірәлиев Қ. XV – XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 269б
127. Ахмедьяров К. Лингвистическая поэтика: традиций и новаций. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 234 с

128. Қасабеков А. Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. – Алматы: Ер Дәулет, 1994. – 172 б.
129. Амантай Ш. Қазақ поэзиясындағы ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезис, эволюция және трансформация. / докторлық диссертация: филология ғылымы: 10.01.02. – Алматы. 2001. – 296 б.
130. Арынғазиева Б. Қазақ философиясында адам мәселесінің қалыптасу үрдісі // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2003. №2.
131. Өмірәлиев Қ. ХYIII – ХIХ ғасыр поэзиясының YI – ХII ғасырдағы бастапқы іздері. – кітапта: Ата тарих айғақтайды. – Алматы: Ғылым, 2001. – 345 б.
132. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы, (әлеуметтік – философиялық талдау). / докторлық диссертация: философия ғылымы: 09.00.03. – Алматы: 2000. – 282 б.
133. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 331 б.
134. Найманбаев А.А. Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі: философия д – ры (PhD) ... дис. (Филология). / А.А.Найманбаев; Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун – ті; ғыл. кеңесшілер: Б.Әбдіғазиұлы, М. Акиф Созер. – Алматы: 2022. – 169 б.
135. Жанысбекова Ш.Т. Қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың прагматикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесі (8 – 9 – сыныптар): философия д – ры (PhD) ... дис. (Қазақ тілі мен әдебиеті). / Ш.Т.Жанысбекова; І.Жансүгіров атындағы Жетісу ун – ті; ғыл. кеңесшілер: Ж. Дәулетбекова, Г.Сырлыбаева, А.Юсупова. – Талдықорған: 2025. – 190 б.
136. Абдимомынов Е.Б. Білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту әдістемесі (ЖОО – да): философия д – ры (PhD) ... дис. (Қазақ тілі мен әдебиеті). / Е.Б.Абдимомынов; Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун – ті; ғыл. кеңесшілер: Б.Сманов, М.Н.Онал. – Алматы: 2024. – 166 б.
137. Бекбаева М.Ф. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау: философия д – ры (PhD) ... дис. (Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі). / М.Ф.Бекбаева; І.Жансүгіров атындағы Жетісу ун – ті; ғыл. кеңесшілер: Қ.Ыбыраимжанов, Х.Узунбойлы. – Талдықорған: 2025. – 164 б.
138. Б.Д.Жұмақаева. «Білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды әдебиет пәнінде тиімділікпен қолдану»; С.Торайғыров ат. мем.университет ПМУ Хабаршысы. Филологиялық сериясы, №3/2016, – Б.135 – 143.

139. Б.Д.Жұмақаева. «Жыраулар поэзиясын талдап тану» (Жоғары оқу орындарына арналған) Оқу құралы. Алматы, «ОНОН» баспасы. Алматы, 2017. – 208 б.
140. Акбулатов А.А. XXI ғасырдағы қазақ романдарын жоғары мектепке оқыту әдістемесі: философия д – ры (PhD) ... дис. (Қазақ тілі мен әдебиеті ). / А.А.Акбулатов; Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун – ті; ғыл. кеңесшілер: Б.Әбдіғазиұлы, А.Тамаев, И.Четин. – Алматы: 2018. – 163 б.
141. Мұқанова А.С. Авторлық бағдарлама: «Махамбеттану» қолданбалы курсы бойынша 7 – 8 – сынып оқушыларына арналған. – Нұр – Сұлтан, 2021.
142. Кушмурзина Д.Х., К.Б.Шинбулатова. Әдебиеттік оқу әдістемесі (оқу – әдістемелік құрал). – Қостанай, 2018.
143. https://revistas.pucsp.br/index.php/bakhtiniana/article/view/65434
144. https://share.google/UXb8njZ86936kjY2Ahttps://share.google/UXb8njZ86936kjY2A
145. https://share.google/h4QMnxpKYb1UMuTMu
146. https://share.google/JGWyFdgimWjQjnKfd+

# ҚОСЫМША №1

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы акт көшірмесі

БЕКІТЕМІН
«І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті
Гуманитарлық факультет
деканы
_______ Р. Желдибаева
«12» 01 2026 жыл

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы

**АКТ**

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Саржигитов Ерик Тортаевичтің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында сынақтан өтті.

«Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» атты докторлық (PhD) диссертациясының тәжірибелік-эксперименттік жұмысын (анықтау және тексеру эксперименті) І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттерімен жүргізілгенін растаймын.

Қазақ тілі мен әдебиеті
білім беру бағдарламасының
кафедра меңгерушісі Ш.Кыяхметова

# ҚОСЫМША №2

*САУАЛНАМА*

1. Жыраулар поэзиясын зерттеген ғалымдар туралы білесіз бе?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
2. Сізді жыраулар поэзиясы қызықтыра ма?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
3. Жоғарғы оқу орындарында жыраулар поэзиясын оқытудың әдістемесін өзгерту керек пе?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
4. «Жырау», «Жыршы» сөзінің этимологиясы бірдей ме?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
5. Сіз жыраулар поэзиясын қазақ ауыз әдебиетінің дербес поэтикалық жүйесі деп есептейсіз бе?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
6. Жыраулар поэзиясында эпикалық баяндау философиялық толғаныстан басым деп ойлайсыз ба?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
7. Жыраулар поэзиясында суырыпсалмалық поэтика негізгі белгі болып саналады ма?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
8. Жыраулар поэзиясының тілі тұрақты поэтикалық формулаларға негізделген деп ойлайсыз ба?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес
9. Толғау жанрын жыраулар поэзиясының басты жанры деп санауға бола ма?
   Иә
   Жоқ
   Толық емес

10.Жыраулар поэзиясында жеке лирикалық «мен» алдыңғы қатарда тұрады деп есептейсіз бе?

Иә

Жоқ

Толық емес

11. Жыраулар поэзиясының поэтикасы халықтың тарихи санасымен тығыз байланысты деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

12. Жыраулар поэзиясында символдық бейнелер жиі қолданылады ма?

Иә

Жоқ

Толық емес

13. Жыраулар поэзиясын оқытуда тарихи-мәдени контекстті ескеру міндетті деп есептейсіз бе?

Иә

Жоқ

Толық емес

14. Жыраулар поэзиясын тек мәтіндік талдаумен шектеу жеткілікті деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

15. Жыраулар поэзиясын оқытуда салыстырмалы әдеби талдау әдісі тиімді ме?

Иә

Жоқ

Толық емес

16. Жыраулар поэзиясының поэтикасын түсіндіруде интерпретациялық әдісті қолдану қажет пе?

Иә

Жоқ

Толық емес

17. Жыраулар поэзиясын оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану маңызды деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

18. Жыраулар поэзиясын оқыту барысында тердің шығармашылық белсенділігі ескерілуі тиіс пе?

Иә

Жоқ

Толық емес

19. Жыраулар поэзиясының поэтикасын меңгеру үшін тек дәріс сабағы жеткілікті деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

20. Жыраулар поэзиясында афористік ойлау жүйесі басым ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

21. Жыраулар поэзиясын оқытуда мәтіннің көркемдік құрылымын талдау негізгі орын алады деп есептейсіз бе?

Иә

Жоқ

Толық емес

22. Жыраулар поэзиясын оқытуда пәнаралық байланыс қажет пе?

Иә

Жоқ

Толық емес

23. Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту мектеп бағдарламасымен тікелей сабақтастықта жүргізіледі деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

24. Жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі толық жүйеленген деп айтуға бола ма?

Иә

Жоқ

Толық емес

25. Жыраулар поэзиясына қатысты ғылыми-әдістемелік еңбектер жеткілікті деп ойлайсыз ба?

Иә

Жоқ

Толық емес

## ҚОСЫМША №3

*Жыраулар поэзиясының поэтикасы және оны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесіне негізделген жабық тест сұрақтары*

1. «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын толғау қай жыраудың мұрасы?
A) Жиембет
B) Бұқар
C) Ақтамберді
**D) Қазтуған**
E) Сыпыра
2. Жыраулар поэзиясынан нәр алып, ақындық поэзияның тууына жол салған ізашар тұлғалардың бірі қайсы?
A) Үмбетей
B) Марғасқа
**C) Тәтіқара**
D) Бұқар
E) Ақтамберді
3. Ноғайлы билеушісі Би Темірмен етене араласқан жырау қайсы?
A) Жиембет
**B) Шалкиіз**
C) Доспамбет
D) Қазтуған
E) Көтеш
4. Жыраулар поэзиясының кемелдене өркендеу дәуірі қай ғасырлар еншісінде?
**A) XV-XVIII ғ.ғ.**
B) XV-XVII ғ.ғ.
C) XIV-XV ғ.ғ.
D)  XIII-XV ғ.ғ.
E)  XIV-XVI ғ.ғ.
5. XVII ғасырда жасаған қазақ поэзиясы өкілдері қатарынан шығармалары бізге дейін жеткен жырауларды белгілеңіз?
A) Көтеш пен Шал
B) Доспамбет пен Ақтамберді
C) Бұқар мен Үмбетей
D) Қазтуған мен Шалкиіз
**E) Жиембет пен Марғасқа**
6.   Есім ханның Кіші жүздегі ел сөзін ұстаған биі, қол бастаған батырына айналған жырау?
A) Доспамбет
B) Ақтамберді
C) Үмбетей
**D) Жиембет**
E) Шалкиіз
7.  1598 жылы хандық билік қай ханға көшті?

A) Жәнібек хан
B) Тәуке хан
**C) Есім хан**
D) Қасым хан
E) Болат хан
8. «Бәкеге» деген арнаудың авторы кім?
A) Бұқар жырау
**B) Үмбетей жырау**
C) Жиембет жырау
D) Доспамбет жырау
E) Марғасқа жырау
9. Бөгембай батырды толғауларына арқау еткен жырау қайсы?
A) Шалкиіз жырау
B) Жиембет жырау
C) Марғасқа жырау
D) Қазтуған жырау
**E) Үмбетей жырау**
10. «Қырында киік жайлаған...» толғауының авторы кім?
A) Марғасқа
B) Бұқар
C) Шалкиіз
**D) Асан қайғы**
E) Тәтіқара
11. Доспамбет жыраудың туындылары алғаш рет қай жылы жарық көрді?
A) 1909 ж.
B) 1907 ж.
**C) 1908 ж.**
D) 1910 ж.
E) 1911 ж.
12. 1668-1781 ж.ж. аралығында өмір сүрген жырауды белгілеңіз?
A) Тәтіқара
**B) Бұқар**
C) Шалкиіз
D) Доспамбет
E) Қазтуған
13.1675 жылы Қаратау бойында дүниеге келген жырау кім?
**A) Ақтамберді**
B) Бұқар
C) Үмбетей
D) Доспамбет
E) Асан қайғы
14.«Күлдір-күлдір кісінетіп...» деп басталатын толғаудың авторы кім?
A) Марғасқа жырау
B) Қазтуған жырау

C) Жиембет жырау
D) Доспамбет жырау
**E) Ақтамберді жырау**
15.Қазақ халқының тағдыр-талайы сынға түскен аса күрделі кезең қай ғасырдың үлесінде?
A) XV ғ.
B) XVII ғ.
C) XIV ғ.
**D) XVIII ғ.**
E) XVI ғ.
16. Қазақ тарихында халық арасынан шыққан тұңғыш қолбасы кім?
A) Жасыбай батыр
B) Қабанбай батыр
C) Малайсары батыр
**D) Бөкенбай батыр**
E) Ағыбай батыр
17. Көтеш ақынның жас кезінде даңқын шығарған өлеңі қайсы?
A) «Ал, айтамын, айтамын...»
B) «Қоғалы көлдер, қом сулар...»
**C) «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің...»**
D) «Кәрілік туралы»
E) «Би Темірге айтқаны»
18. Қазақ хандығының тізгінін алғаш ұстаған қай хан?
A) Тәуекел хан
**B) Керей хан**
C) Жәнібек хан
D) Қасым хан
E) Тәуке хан
19. Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен дербес Қазақ хандығы қай жылы құрылды?
**A) 1456 ж.**
B) 1546 ж.
C) 1645 ж.
D) 1564 ж.
E) 1654 ж.
20. «Жағалбай деген ел болар...» толғауының авторы кім?
A) Жиембет
B) Көтеш
C) Доспамбет
D) Шал
**E) Ақтамберді**
21. Жыраулар поэзиясын оқытуда тердің белсенділігін арттыру үшін:
**A) Шығармашылық тапсырмалар беру қажет**
B) Тек лекция жүргізу жеткілікті

C) Мәтіндерді оқып беру жеткілікті
D) Пәнаралық байланыссыз оқыту
E) Онлайн оқыту жеткілікті
22. Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орындарында оқытқанда тиімді әдіс:
**A) Салыстырмалы әдеби талдау**
B) Мәтінсіз баяндама жүргізу
C) Сурет салу
D) Математикалық талдау
E) Музыкалық талдау
23. Абылай ханға көптеген толғаулар арнаған жырау кім?
**A) Бұқар**
B) Шалкиіз
C) Жиембет
D) Қазтуған
E) Марғасқа
24. «Тәтіқара жырау – XVIII ғасырдың бірінші жартысында жасаған қазақтың ірі ақыны, жыршы-импровизаторы» деген пікірді айтқан ғалым кім?
A) Ә.Марғұлан
B) М.Әуезов
C) М.Мағауин
D) Б.Кенжебаев
E) Ә.Қоңыратбаев
25. Жыраулар шығармашылығында берілетін негізгі бағыт қандай?
**A) Философиялық ой мен қоғамдық сананы жеткізу**
B) Романтикалық махаббат
C) Ғылыми эксперимент
D) Әлеуметтік комедия
E) Драмалық толғаныс+

# ҚОСЫМША №4

«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасына арналған ЕХДӘОЖ 2306 – «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі» пәнінің

СИЛЛАБУСЫ

| НЕГІЗГІ АҚПАРАТ | |
|---|---|
| Оқытушы | Саржигитов Ерик Тортаевич |
| **МОДУЛДІК АНЫҚТАМА** | |
| Жыл / Семестр | 2025-2026 ж./ 2 - 4 семестр |
| Курс / оқыту тілі | 2 курс/ қазақша |
| Академиялық кредит саны/ECTS | 6/180 сағат (60 аудит (30 лекция, 30 практикалық сабақ, ОБӨЖ – 30 с., БӨЖ – 90 с.) |
| Оқыту форматы | Офлайн |
| Пәннің қысқаша сипаттамасы | Болашақ оқытушылар түркі тілдес халықтарға ортақ әдебиеттер мен Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттердің мазмұнын, осы кезең әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектерін зерттейді. Олар көне әдеби жәдігерлердің қазақ әдебиетіндегі орнын айқындайды, көне түркі әлемі мен хан дәуірі мұраларының білімгерлердің рухани дамуына, қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына ықпалын ұғынады. Олар терге ежелгі және хан дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тарихы, көрнекті өкілдерінің шығармаларының мазмұны туралы толық теориялық білім бере алады, осы дәуір әдебиетінің негіздерін түсіндіре отырып, терді өзіндік ізденістерге тарта алады. Болашақ оқытушылар оқыту барысында ұлттық әдебиеттің негіздерін көрсетеді. |
| Пәннің мақсаты | Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті – халқымыздың бай да, асыл қазынасы екендігін терге ұғындыру. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті туралы түсінік беру. Сол кездегі жыраулардың жырларының көркемдік ерекшеліктері және зерттелуі, олардың көркем үлгілері туралы білім беру, патриотизмге, елді сүюге тәрбиелеу. Ежелгі және хандық дәуірдің өшпес мұралары – өлең-жырлар, қисса-дастандар т.б. туралы түсінік қалыптастыру. Ежелгі жазу-сызулар, ұлы ғұламалардың еңбектерінің зерттелуі жайында түсіндіру. Ұлы ғұламалардың өлең-жырларын, қисса-дастандарын, зерттеулерін оқыта отырып, ғылымға, білімге, тарихқа жақын болуға тәрбиелеу. |
| Пререквизиттері | Әдебиеттануға кіріспе |
| Постреквизитте | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті және оқыту жүйесі |

| | |
|---|---|
| рі | |
| Оқыту нәтижелері | – Адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын, оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.<br><br>- Қазақ әдебиетіндегі негізгі әдеби мотивтерді сипаттайды; жазба әдебиеттің қалыптасуы мен дамуын түсіндіреді; тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті қайраткерлерінің мұрасын меңгереді; прозаға, поэзияға және драматургияға, сатира жанрындағы жаңашыл ізденістерге, жаңашыл әдебиеттану мен әдеби сынға қатысты шығармаларды ұсынады. |
| Оқыту әдістері | *Сандық технологиялар*<br><br>CamStudio, iSpringQuizMaker, ExeBook WM-Publisher (http://mariansh.ru),<br><br>AnyMeeting (http://www.anymeeting.com/), LCDS (электронды оқулық жасау жүйесі), MPP (Microsoft Power Point), флипчарт, постер, интербелсенді тақта, мультимедиялы проектор, электрондық оқулықтар, кестелер, диаграммалар, компьютерлік бағдарламалар, аудиоөнімдер, видеоөнімдер.<br><br>Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде оқу сабақтары "on-line" және "off-line" режимінде өткізіледі. "On-line" режимінде оқу сабақтары нақты уақыт тәртібінде өткізіледі: бейне конференция (Skype, Discord, MOODLE, ZOOM, Google Classroom, Microsoft Teams, Hangouts, Cisco WebEx Meetings және т.б.).<br><br>"Off-line" режимінде оқу сабақтарын ұйымдастыру кезінде оқытушы мен білім алушының өзара іс-қимылы Smart ZhetySU жеке платформасы арқылы қарым-қатынастың ішкі сервистері, чаттар мен форумдар арқылы жүзеге асырылады.<br><br>*Инновациялық оқыту әдістері*<br><br>SMART-мақсаттар, SWOT – талдау, «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы, БЛУМ таксономиясы, «Мюллердің ғажайып саны» тәсілі, «Кейс – стади», «Ашық микрофон», «Эйлер шеңбері» әдістері, «МИКС» жаттығуы, «ДЖИКСО» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс, «Аялдама» әдісімен қорғау, «Ламинат», «Ым-шара», «Ойлаудың бес гүлі» әдістерімен бағалау, эссе немесе «Еркін әңгіме» әдісі, презентация, жоба, тест, глоссарий, есте сақтау картасы (ментальные карты), ассоциограмма ( ақыл -ой картасы), курс портфелі (портфолио). |
| **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР** | |
| Негізгі | 1.Әбішева Ш. Қазақ хандық дәуіріндегі әдебиет (Мәтін): Оқу құралы Ш. Әбішева.-Алматы: Эпиграф, 2017.-200бет. 11 экз.<br><br>2.Ғабілұлы М. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 |

| | |
|---|---|
| | бет. 31экз.<br><br>3.Әбішева, Ш. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет [Мәтін]: Оқу құралы / Ш. Әбішева.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 200бет. 11 экз.<br><br>4.Әбілұлы М. Қадыров.- Алматы.: ТехноЭрудит, 2019.-128б.<br><br>5.Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. Т.1: Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер [Мәтін] / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: О.Д.Бекжан, Т.Е.Қадыр.- Алматы: Evo Press, 2019.- 632 б.- 20 экз.<br><br>6.Жұмағұлов, А.Б.<br><br>7.Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы [Мәтін]: Монография / Айтбай Ботпайұлы Жұмағұлов.- Алматы: Эверо, 2015.- 208б. 40 экз. |
| Қосымша | 1. Ежелгі дәуір әдебиетінен практикалық сабақтар: Оқу-әдістемелік құрал / Ж.Т. Қадыров.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 128 б.<br><br>2.Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. Т.1: Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: О.Д.Бекжан, Т.Е.Қадыр.- Алматы: Evo Press, 2019.- 632 б.<br><br>3.Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқу құралы / Ш. Әбішева.- Алматы: Эпиграф, 2017.- 200 бет.<br><br>4.Қазақ әдебиетінің дәуірлеу тарихы: Монография / Айтбай Ботпайұлы Жұмағұлов.- Алматы: Эверо, 2015.- 208 б.<br><br>5.Көптомдық шығармалар жинағы. 15- том. Н. Келімбетовтің танымы мен тағлымы /<br><br>6. Келімбетов Н. Құраст. Қ. Келімбетов, Р. Мәженқызы.- Алматы: Раритет, 2015.- 544 б. |
| Сандық ресурстар | Қазақстанның ашық университеті https://openu.kz/kz, Тіл әлемі http://tilalemi.kz/, Емле.кз http://emle.kz/, Ашық кітапхана https://kitap.kz/, youtube, Қазақстандық видео-портал https://kaztube.kz/, https://www.youtube.com/, «Назарбаев мектептері» ДБҰ педагогикалық шеберлік орталығының ресурстары http://smk.edu.kz/, мобильді қосымшалар, Socrative, Padlet, Learning Apps, https://bilimland.kz/ru, edu.gov.kz / Қызмет / Мектепке дейінгі және орта білім / Пәндер бойынша оқу жоспарлары / Оқу жоспары.<br><br>1.http://universarium.org/<br><br>2.https://mooc.lektorium.tv/<br><br>3. http://rmebrk.kz/book/87914<br><br>4.https://kitap.kz/<br><br>5.https://adebiportal.kz/kzъ<br><br>6.http://rmebrk.kz/ |

| | |
|---|---|
| | 7.https://kazneb.kz/<br>8.https://nabrk.kz/<br>9.https://elib.kaznu.kz/login<br>10. http://www.smk.edu.kz/<br>11.https://kazneb.kz/<br>12.http://rmebrk.kz/<br>13. https://sozdikqor.kz/<br>14.https://epigraph.kz/<br>15. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916 |

**КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| Апта | Тақырып, қарастырылатын сұрақтар | Тапсырмалар |
|---|---|---|
| 1-апта | **Дәріс (2 с.)** Алғашқы қауымдық құрылыс пен көне дәуірдегі қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны, Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректер және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 7- сынып<br>7.3.4.1 - Орхон-Енисей жазбаларының эстетикалық құндылығы туралы шағын *сыни шолу жазу.*<br>Оқулықпен жұмыс. «Мектеп» баспасы, 2017 ж. Күлтегін жыры мен батырлар жыры атты тақырыпта берілген тапсырмаларды салыстыру.<br>Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жырының басты кейіпкерлеріне *образдық талдау жасаңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар **(2 с.)** Ежелгі жазу-сызулар. Арамей, авеста, соғда, кушан, көне ұйғыр, руна жазулары. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Орхон-Енисей жазбалары. | |
| 2- апта | **Дәріс (2 с.)** Сақтар туралы Герадот, Страбон т.б жазбалары және оқыту жүйесі. | Ежелгі жазу-сызулар. Арамей, авеста, соғда, кушан, көне ұйғыр, руна жазулары жайлы *эссе жазыңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Ежелгі жазу-сызулар. Арамей, авеста, соғда, кушан, көне ұйғыр, руна жазулары. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Арамей, авеста, соғда, кушан, көне ұйғыр, руна жазулары. | |
| 3- апта | **Дәріс (2 с.)** Қорқыт ата кітабы, ақиқат пен аңыз. "Оғыз-наме" және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 5-9 сынып<br>8.1.1.1 - Қорқыт ата шығармасының жанрына байланысты сюжеттік |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Кітаптағы әдеби | |

| | | |
|---|---|---|
| | тұлғалар, сюжеті, өсеттері, ғибрат сөздері, зерттелуі. | желілерін, эпилог, прологтарды анықтау. |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Кітаптағы әдеби тұлғалар, сюжеті, өсиеттері, ғибрат сөздері, зерттелуі. | Оқулықпен жұмыс. Алматы: «Атамұра», 2018<br>Қорқыт ата тақырыбына байланысты берілген тапсырмалардың *шарттарын жетілдіру*.<br>Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырына» *талдау жасаңыз.*<br>Қорқыттың нақыл сөздері *жайлы ой толғаңыз.* |
| 4- апта | **Дәріс (2 с.)** «Оғыз-наме»». «Оғыз-қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер және оқыту жүйесі. | «Оғыз-қаған» эпосына тақырыптық- идеялық, мазмұндық-пішіндік, сюжеттік-композициялық *талдау жасаңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара<br>**сабақтар (2 с.)** | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** «Оғыз-наме» мен «Қобыланды батыр» жырындағы ұқсас көріністер. | |
| | **1 БӨЖ (20 с.)** 1.«Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері.<br>**«Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері. *Білімгердің өз ойын жеткізе білуі (30 бал)***<br>2. Доспамбет, Қазтуған, Бұқар, Ақтамберді, Шалкиіз жырауларының жырларынан үзінді жаттау**.**<br>«Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беріңіз (30бал)<br>**1 - модуль бойынша тапсырмалар:**<br>**№1 тапсырма.** «Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері.<br>*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар | |

| | | |
|---|---|---|
| | әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.<br><br>*Дербес жоба* - ғылыми-зерттеу элементі бар жұмыс.<br><br>Жобамен жұмыс 4 кезеңді қамтиды:<br>- Жоспарлау;<br>- Талдау кезеңі;<br>- Ақпаратты жалпылау кезеңі;<br>- Алынған нәтижені көрсету кезеңі.<br><br>**I кезең. Жоспарлау.**<br><br>Бұл кезеңде тақырыпты топ болып талқылау кезеңі болады. Оның нәтижесінде 5-6 тақырыпта бөлініп шығады және оны орындаушылар анықталады. Жобаны жоспарлау дегеніміз орындалатын іс-әрекетті жоспарлау болып табылады.<br><br>**II кезең. Талдау.**<br><br>Бұл дербес жүргізу, ақпарат алу және талдау кезеңі болып, мыналарды орындауды талап етеді:<br><br>- Жобаға қатысушылардың әрбіреуінің міндеттерін дәлелдей түсу<br><br>және анықтау;<br><br>- Ақпаратты іздеу және жинақтау. Оған бақылау, анкеталау,<br><br>социологиялық сауалнама, интервью, | |

| | | |
|---|---|---|
| | эксперимент жүргізу, әдебиетпен жұмыс жатады.<br><br>**III кезең. Ақпаратты жалпылау**<br><br>Бұл кезеңде алынған ақпаратты құрылымға келтіруге және алған білім, іскерлік, дағдыны жинақтау жүзеге асырылады.<br><br>**IV кезең. Зерттеуден алынған нәтижені көрсету.**<br><br>Бұл кезеңде білім алушы алынған мәліметтерді және нәтижеге жетудің тәсілдерін ұғынады. Білім алушы ақпаратты алудың және талдаудың әдіс-тәсілдерін игереді, алған білімі мен іскерліктерін көрсетеді. | |
| 5- апта<br>. | **Дәріс (2 с.)** Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950). Әл-Фарабидің философия, этика, логика, тіл білімі, әдебиеттану, музыка, т.б. ғылым салалары бойынша жазған зерттеулері.<br><br>Аристотель еңбектеріне түсіндірме» т.б. және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 6- сынып<br><br>6.1.1.1 - Аристотель еңбектерінің<br><br>жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.<br><br>Оқулықпен жұмыс. Алматы: «Мектеп», 2018<br><br>Әбу-Насыр әл-Фараби тақырыбындағы берілген *тапсырмалардың орындау жолдарын түсіну.*<br><br>Әл Фарабидің «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдеріне *поэтикалық талдау жасаңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Ірі трактаттары «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «10-12 ғасырлардағы әдебиет. Қархан әулеті билік жүргізген тұстағы /10-12 ғасырлар/ қоғамдық, әлеуметтік, тарихи, әдеби жайлар. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Философияны оқу үшін алдымен не білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» т.б. | |
| 6- апта | **Дәріс (2 с.)** 10-12 ғасырлардағы әдебиет және оқыту жүйесі. | Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрік” атты *зерттеу еңбегімен танысып, талдаңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік сөздерінің жинағы»). Махмұт Қашқари – ұлы филолог, фольклорист, зерттеуші ғалым, саяхатшы. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Махмұт Қашқари “Диуани | |

| | | |
|---|---|---|
| | лұғат ат-түрік” (“Түрік сөздерінің жинағы”). Жинақтың қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, саяси өміріне т.б қатысты аса бағалы мол еңбек. | |
| 7- апта | **Дәріс (2 с.)** Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білігۥ» («Құтты білік») және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 9- сынып<br><br>9.2.4. 1 - Жүсіп Баласағұн стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу. Оқулықпен жұмыс. Алматы: «Арман ПВ», 2019<br><br>Жүсіп Баласағұн тақырыбындағы берілген тапсырмаларды орындаудағы *әдістерді түсіну*.<br><br>Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны жайлы *шағын мақала жазыңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2 с.) Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн-11 ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпан ойшылы, ғалым, қоғам қайраткері. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** “Құтадғу білігۥ”(“Құтты білік ”)-дидактикалық дастан, сюжеттік желісі , төрт принципке негізделген шығарма, идеясы, көркемдігі. | |
| | **2 БӨЖ (21 с.)** 1.«Құтадғу білігۥ» (Құтты білік») – дидактикалық дастан, сюжеттік желісі, төрт принципке негізделген шығарма , идеясы, көркемдігі.<br><br>2. Доспамбет, Қазтуған, Бұқар, Ақтамберді, Шалкиіз жырауларының жырларынан үзінді жаттау.<br><br>**2 - модуль бойынша тапсырмалар:**<br><br>**№ 1 тапсырма.** «Құтадғу білігۥ» (Құтты білік») – дидактикалық дастан, сюжеттік желісі, төрт принципке негізделген шығарма, идеясы, көркемдігі.<br><br>***Иллюстративті-танымдық презентация жасау.***<br><br>**Презентация** – белгілі бір тақырып бойынша материал жинап, өз көзқарасын, пікірін білдіреді. Презентацияда мәтін шектеулі, видео, сурет, т.б. жағы басым болады.<br><br>**Үлгі ретінде:**<br><br>Қазақ тарихы романдарынан тұрмысқа, салтқа қатысты экзотиканы мол | |

ұшыратамыз. «Үркерде» Әбілқайырға тарыққанда ақыл қосып, төңірегіне жұртты үйіретін, көңілін демеп, асқанда алқының бастыратын Мәті бидің құтты мешітін Әбіш былайша суреттейді: «Әуелден қызылды-жасылды жиһаз жиып, дәулет қуып көрмеген батырдың үйі кейінгі кезде тіпті жұтаң тартыпты. Керегенің, бау-шудың бояуы оңған. Киіздің ішінен ұсталған ши түйте-түйте. Төрге тастай салған қара текемет те аяқасты боп әбден іріп тұр. Оң жақта тас келі мен томар келсап. Сол жақ босағада астындағы жез легенге тырс-тырс көк су тасшылатып қозы қарын сүзбе ілініпті. Үй ішінен күңірсіген сыз иісі, өңез иісі шығады» («Үркер». «Жазушы», 1981.25-б.). Бір ішері, үй жабдығы, олардың қай жерде қалай орналасқаны, қазіргі жай-күйі баяндалады.

Көне ғасырлардың этнографиялық колоритін айнытпай беру жағынан І.Есенберлиннің алғырлығы барша қазақ қаламгерлеріне үлгі-өнеге. Ол шығармасына қай ғасырды объекті етсе де онда өмір сүрген адамдардың киім киісін, сол киімдердің қандай материялдардан тігіліп, жергілікті ерекшеліктердің ескерілуі, сәндік белгілерін, кісінің сыртқы бітім тұлғаларына үйлесімін, ақыры сол киімдеріне сай адамның қимыл-әрекет, бет құбылысын суреттеуге келгенде шебер.

**№ 2 тапсырма.** «Құтадғу біліг» (Құтты білік») – дидактикалық дастанының шығу тарихы.

***АССОЦИОГРАММА (АҚЫЛ - ОЙ КАРТАСЫ) құрастыру***

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

**Үлгі: №1**




**Үлгі: №2**

*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті




[Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.

</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>8- апта</td>
<td>Дәріс (2 с.) «Ұлы Дала». Қазақ елінің әдеби,</td>
<td>12 ғасырда есімі бүкіл</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| . | мәдени дербес саласы және оқыту жүйесі.<br>Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2 с.). 12 ғасырда есімі бүкіл Қарахан мемлекеті түркілеріне мәшһүр болған атақты ақын<br>**ОБӨЖ (2 с.)** 12 ғасырда есімі бүкіл Қарахан мемлекеті түркілеріне мәшһүр болған атақты ақын | Қарахан мемлекеті түркілеріне мәшһүр болған атақты ақындар жайлы *ойтолғау.* |
| 9- апта | **Дәріс (2 с.)** «Ұлы Дала». Қазақ елінің әдеби, мәдени дербес саласы және оқыту жүйесі.<br>Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Немет Келімбетовтың әдебиет тарихына қатысты еңбектеріне шолу.<br>**ОБӨЖ (2 с.)** Қазақ елінің әдеби, мәдени дербес саласы. | Немет Келімбетов туралы *сұрақтарға жауап беріңіз:*<br>1.Қай жылы, қай жерде дүниеге келген?<br>2. Қандай шығармаларын білесіз? |
| 10- апта | **Дәріс (2 с.)** Дешті Қыпшақтағы тарихи-әлеуметтік жағдай және оқыту жүйесі.<br>Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2с.) Отырар ойраны /1220ж./Сығанақ, Жент, Үзкент, Баршынлыкент т.б. білім мен мәдениет орталықтарының тарихы.<br>**ОБӨЖ (2 с.)** Кодекс Куманикус”-кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі , қыпшақ тілі туралы жинақ (1310ж.). | Отырар ойраны /1220ж./Сығанақ, Жент, Үзкент, Баршынлыкент т.б. білім мен мәдениет орталықтарының тарихы жайлы *ойтолғаңыз.* |
| 11 апта | **Дәріс (2 с.)** Насыреддин Рабғузи. «Рабғузи қиссалары» (1310 ж.)- табиғат, дүние, құбылыстары және оқыту жүйесі.<br>Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** Жаратылыстың пайда болуы, халифтер, пайғамбарлар, Адам ата, Жер ана, Көк, Ай мен Жұлдыз, шайтан мен періште, т.б. туралы шығыстық сюжеттегі қисса-аңыздар, өлең-жырлар жинағының қысқаша сюжеті.<br>**ОБӨЖ (2 с.)** Жаратылыстың пайда болуы, халифтер, пайғамбарлар, Адам ата, Жер ана, Көк, Ай мен Жұлдыз, шайтан мен періште, т.б. туралы шығыстық сюжеттегі қисса-аңыздар, өлең-жырлар жинағының қысқаша | Насыреддин Рабғузидың «Рабғузи қиссалары» атты шығармасымен *танысу, сюжет дәптерге жазу, талдау.*<br>«Алып Ер Тұңға» жырындағы бас кейіпкерге *талдау жаса.*<br>Ахмет Йассауи «Даналық кітабының» мазмұнына *талдау жасау.* |

| | | |
|---|---|---|
| | сюжеті. | |
| | **БӨЖ 3 (22 с.)** 1.Кодекс Куманикус» кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақтағы аңыздар мен мифология, мақал-мәтелдер.<br><br>2. Доспамбет, Қазтуған, Бұқар, Ақтамберді, Шалкиіз жырауларының жырларынан үзінді жаттау.<br><br>**3 – модуль.**<br><br>**№ 1 тапсырма** Кодекс Куманикус» кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақтағы аңыздар мен мифология, мақал-мәтелдер. ***Тақырып бойынша ой-толғау жазу.***<br><br>*Ескерту: Көлемі - А4 форматы, шрифт Times New Roman - 14,кегль-1,0, бет-0,5.*<br><br>*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.<br><br>**№ 2 тапсырма**. «Кодекс Куманикус» кітабының зерттелуі.<br><br>***Есте сақтау картасын (ментальные карты) құрастыру.***<br><br>**Үлгі №1.** ***Есте сақтау картасы*** | |







*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том.

| | | |
|---|---|---|
| | Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет. | |
| 12- апта | **Дәріс (2 с.)** Сайф Сараи «Гулистан бит-турки» және оқыту жүйесі. | Сайф Сараидың «Гулистан бит-турки» атты шығармасымен *танысу, сюжет дәптерге жазу, талдау*. |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара **сабақтар (2 с.)** («Түркі тіліндегі Гүлстан»)- прозамен жазылған қыпшақ тіліндегі көркем шығарма | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Баяндалу жайы, тарихи-әдеби мәселелер, халықтардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік жайы, саяси оқиғалар, өлкенің табиғаты. Идеялық мазмұны, әдеби мәні, тілі. | |
| 13- апта | **Дәріс (2 с.)** Қазтуған жырау Сүйіншіұлы шығармашылығы. Асан қайғы Сәбитұлы шығармашылығы және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 7-сынып<br>7.1.2.1 - Қазтуған жырау шығармасындағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау.<br>Оқулықпен жұмыс. Алматы: «Мектеп», 2017 Қазтуған жырау тақырыбындағы берілген тапсырмаларды *салыстыру.* «Асан қайғының жерге айтқан сыны» атты аңызы жайлы *эссе жазыңыз.* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2 с.). Жыраулар поэзиясының даму кезеңдері. Қазтуған толғауларындағы жырау бейнесі. Қазтуғанның өзіне арналған мадақ жыры. Жыраудың шынайы ақындық талантының қуатын танытатын толғауы – оның туған жерімен қоштасу жыры. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Асан қайғы толғауларының деректік, философиялық, көркемдік қырлары. | |
| 14- апта | **Дәріс (2 с.).** Доспамбет жырау шығармашылығы және оқыту жүйесі. | ҰМЖ, 6- сынып<br>6.3.4.1 - Доспамбет жырау шығармаларындағы орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.<br>Оқулықпен жұмыс. «Арман-ПВ» баспасы, 2018 Доспамбет жырау тақырыбындағы берілген тапсырмаларды *салыстыру.* Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғауларына *шағын мақала* |
| | Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2 с.). Асан Қайғы Толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі, өсиет-ғибрат сөздер. Жыраудың «Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Бұл заманда не ғаріп ?» «Еділ бол да Жайық бол», «Көлде жүзген қоңыр қаз» деп басталатын толғаулары. | |
| | **ОБӨЖ (2 с.)** Жырау толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері | |

.

*жазыңыз.*

**4 БӨЖ (27 с.)** 1.Бұхар өлеңдері – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шәлгез жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалық толғаулар.

2. Доспамбет, Қазтуған, Бұқар, Ақтамберді, Шалкиіз жырауларының жырларынан үзінді жаттау**.**

**4 -модуль бойынша тапсырмалар:**

**№ 1 тапсырма**. Бұхар өлеңдері – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шәлгез жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі толғаулары.

***Бейнелі сөздерді теру, көркемдік талдау жасау.***

Кесте №1

| р/с | Өлең жолдарындағы бейнелі сөздер | |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 2 | | |
| 3 | | |
| 4 | | |

*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н.

| | | |
|---|---|---|
| | Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.<br><br>**№ 2 тапсырма**. Бұхар өлеңдерінің құрылысы мен мазмұны. ***Кестеге жазу.***<br><br>Кесте №3<br><br>(table below)<br><br>*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448б. | |
| 15 апта | **Дәріс (2 с.)** Шалкиіз жырау Тіленшіұлы шығармашылығы және оқыту жүйесі.<br><br>Практикалық/семинар/зертханалық/жеке дара сабақтар (2 с.) Асан Қайғы Толғауларындағы заман көрінісі, туған жер бейнесі, өсиет-ғибрат сөздер. Жыраудың | ҰМЖ, 8- сынып<br><br>8.2.2. 1 - Шалкиіз жырау бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау. |

Кесте №3

| /с | **Өлеңнің атауы** |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

<table>
<tr><td rowspan="2"></td><td>«Қырында киік жайлаған», «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің», «Бұл заманда не ғаріп?» «Еділ бол да Жайық бол», «Көлде жүзген қоңыр қаз» деп басталатын толғаулары.</td><td rowspan="2">Оқулықпен жұмыс.<br>«Атамұра» , 2018<br>Шалкиіз жырау тақырыбындағы берілген тапсырмаларды орындаудағы әдістерді түсіну.<br>Тақырыптың бірін таңдап ,поэтикалық талдау жасаңыз:<br>1.Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы».<br>2.Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы».<br>3.Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім».<br>4.Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары.<br>5.Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын, не қымбат, не қиын».</td></tr>
<tr><td>ОБӨЖ (2 с.) Жырау поэзиясының көркемдік ерекшелігі мен тілі және өзінен кейінгі әдебиетке әсері.</td></tr>
<tr><td>Барлығы</td><td colspan="2">30-дәріс, 30- практикалық сабақ, 30-ОБӨЖ, 90-БӨЖ</td></tr>
<tr><td colspan="3">БАҒАЛАУ САЯСАТЫ</td></tr>
<tr><td colspan="3">ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ</td></tr>
<tr><td>Университеттің бағалау саясатына қатысты ережесі</td><td colspan="2">Құжатқа сілтеме:<br>https://zhetysu.edu.kz/academic-policy/<br>https://clck.ru/iGTkh</td></tr>
<tr><td>Академиялық адалдық</td><td colspan="2">Жоғары білім берудегі академиялық жетістіктерге академиялық адалдықтың ең жоғары стандарттары сақталатын ортада ғана қол жеткізуге болады. Жетісу университетінің тері академиялық адалдықты қатаң сақтауға және оның сақталуын оқу үдерісінің барлық қатысушыларынан талап етуге міндетті. Академиялық адалдықтың кез келген түріне (плагиат, алдау, жасыру, қайталау, сөз байласу, алаяқтықжәне т.б.) тыйым салынады және ұсталғандар қатаң жазаланады. Академиялық адалдық саясатының толық мәтіні https://zhetysu.edu.kz/academic-integrity-policy сайтынан.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>тердің тапсырмаларын плагиатқа тексеруге болады. Жетісу университеті https://www.antiplagiat.ru, бағдарламасын қолданады, ол көптілді жазбаларды, аударылған мәтіндерді және перифразиялық нұсқаларды тексереді.. терге жұмысты оқытушыға жібермес бұрын оның бірегейлігін алдын ала тексеру ұсынылады.</td></tr>
<tr><td>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тер үшін</td><td>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар терге кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету және оларды жалпы білім беру үдерісіне интеграция мақсатында тиімді көп салалы қолдау көрсету үшін оқытушы семестрдің басында әрбір инклюзивті пен жеке әңгіме жүргізеді. Бұл әңгіме ерекше білім беру қажеттіліктері бар терге тиімді қолдау көрсетудің әдістері мен құралдарын анықтау үшін маңызды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тер үшін сабақта арнайы мақсаттағы құралдарды қолдануға, бақылау сұрақтарына жауаптар дайындауға көбірек уақыт беруге болады. Қажет болған жағдайда бақылаудың жеке нысандарын тағайындауға болады, оқу нәтижелерін бағалау процедурасы жеке кесте бойынша және бірнеше кезеңде жүзеге асырылуы мүмкін.</td></tr>
<tr><td>Қашықтықтан оқыту технологияларын (ҚОТ)қолдана отырып оқитын тер үшін</td><td>Педагогикалық ғылымдар және құқық саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша ҚОТ қолдана отырып пәндерді оқыту кредиттерінің жалпы санының 20 пайызы - онлайн, 80 пайызы-оффлайн арақатынасында іске асырылады. Дайындықтың басқа бағыттары бойынша 50 пайызы - онлайн, 50 пайызы - офлайн.<br><br>Оффлайн форматта оқытылатын пәндер бойынша дәріс, практикалық, зертханалық, семинар сабақтарының оқу материалы аудиториялық сабақтар кезінде өтеді.<br><br>Қашықтықтан оқыту форматында оқытылатын пәндердің оқу материалы онлайн режимде өтеді.</td></tr>
<tr><td>Балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі</td><td>
<table>
<tr><td>Әріптік жүйе бойынша бағалар</td><td>Балдардың сандық эквиваленті</td><td>Балдар (%-дық құрамы)</td><td>Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар</td></tr>
<tr><td>A</td><td>4,0</td><td>95-100</td><td rowspan="2">Өте жақсы</td></tr>
<tr><td>A-</td><td>3,67</td><td>90-94</td></tr>
<tr><td>B+</td><td>3,33</td><td>85-89</td><td rowspan="4">Жақсы</td></tr>
<tr><td>B</td><td>3,0</td><td>80-84</td></tr>
<tr><td>B-</td><td>2,67</td><td>75-79</td></tr>
<tr><td>C+</td><td>2,33</td><td>70-74</td></tr>
<tr><td>C</td><td>2,0</td><td>65-69</td><td rowspan="4">Қанағаттанарлық</td></tr>
<tr><td>C-</td><td>1,67</td><td>60-64</td></tr>
<tr><td>D+</td><td>1,33</td><td>55-59</td></tr>
<tr><td>D-</td><td>1,0</td><td>50-54</td></tr>
<tr><td>FX</td><td>0,5</td><td>25-49</td><td rowspan="2">Қанағаттанарлықсыз</td></tr>
<tr><td>F</td><td>0</td><td>0-24</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Баға қою критерийлері<br><br>**1. Дәріс сабақтар** | **Барлығы 100 ұпай:**<br><br>- **сабаққа қатысу – 20 ұпай**;<br><br>- **коллоквиум, онлайн тестілеу... – 80 ұпай.**<br><br>*Коллоквиумды бағалау критерийлері:*<br><br>75-80 ұпай: теориялық сұрақтарға толық, материалды еркін меңгергенін көрсететін дәйекті, сауатты және логикалық жүйеленген жауаптардың, қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде дұрыс негізделген көзқарастардың болуы;<br><br>70-74 ұпай: сұрақтарға жауап беруде маңызды емес қателіктер жіберілсе де<br><br>сауатты баяндалуы, көптеген қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде теориялық білімді дұрыс қолдануы;<br><br>65-69 ұпай: жауап беру кезінде дәлсіздіктерге жол берілуі мүмкін, дұрыс тұжырымдар жеткіліксіз, қосымша сұрақтарға жауап беруде қиындықтардың туындауы;<br><br>60-64 ұпай: материалды баяндаудағы жүйеліліктің бұзылуы, жауап берудегі қиындықтардың кездесуі, тек кейбір жағдайларда зерттелетін жағдай мен көтерілген мәселелер арасындағы байланыстың көрсетілуі;<br><br>55-59 ұпай: жауаптарда себеп-салдар байланыстың болмауы, сұрақтарға жауап беруде қиындықтар туындауы;<br><br>50-54 ұпай: бағдарлама материалдарын білмеуі, қойылған жетелеуші сұрақтарға дұрыс жауап бермеу;<br><br>25-49 ұпай: жауап беруге қатысады,алайда бағдарлама материалдарын толық меңгермеген, қойылмаған.<br><br>0-24 үпай: тапсырма орындамаған жағдайда. |
| **2. Практикалық сабақтар** | **Барлығы 100 ұпай:**<br><br>**- сабаққа қатысу – 20 ұпай;**<br><br>**- қатысу дәрежесі** (жұмысқа қатысуы, белсенділігі) – **15 ұпай**;<br><br>- **қосымша тапсырмаларды орындауы** (топтық жұмыс, кейс-тапсырмалар, жеке тапсырмалар) – **25 ұпай**;<br><br>- **қосымша дереккөздерді пайдалануы** (практикалық тапсырманың әр тақырыбы бойынша қосымша материалды дәріс материалымен қатар іріктеу және қолдану дағдылары) – **20 ұпай**;<br><br>- **проблемалық аспектілер мен оларды жою жолдарын сараптау** (ағымдағы жағдайды талдау, көрсеткіштерді жақсарту жолдарын түсіндіру) – **20 ұпай**.<br><br>*Практикалық сабақтарды бағалау критерийлері:*<br><br>95-100 ұпай: зерделенген материал бойынша толық және дұрыс жауап |

| | |
|---|---|
| | құрастыра білу, тақырып бойынша қосымша дереккөздерді зерделеу негізінде ғылыми терминдерге, фактілерге негізделген нақты мысалдармен дәлелдеуі.<br><br>90-94 ұпай: жауаптың мазмұны дәйекті түрде берілген, қосымша дереккөздерде зерттелген фактілер келтірілген. Сонымен бірге, тақырып бойынша 1-2 шамалы ауытқулар немесе қателер кездесуі;<br><br>85-89 ұпай: материал белгілі бір логикалық ретпен берілуі, ғылыми терминдерді қолданудағы немесе тұжырымдар мен жалпылаудағы дәлсіздіктердің болуы;<br><br>80-84 ұпай: анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеу дағдылары жеткіліксіз (баяндама аясында дұрыс бағдарланған сұрақтарға баяу жұмыс істейді). Жария қорғауда болмашы қателіктер жіберуі;<br><br>75-79 ұпай: фактілер көбінесе салыстырылмауы және ұсынылған кейбір материалдар мәселеге қатысты болмауы;<br><br>70-74 ұпай: жауапта тақырыптан айтарлықтай ауытқулардың болуы;<br><br>65-69 ұпай: кейбір кезде ғана зерттелетін жағдай мен жалпы проблема арасындағы байланыстың көрсетілуі;<br><br>60-64 ұпай: себеп-салдарлық байланыстардың ішінара бұзылуы;<br><br>55-59 ұпай: қорытынды жасалмауы, фактілер қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келмеуі;<br><br>50-54 ұпай: қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың негізгі бөлімдерін білмеуі;<br><br>25-49 ұпай: жауап беруге қатысады,алайда бағдарлама материалдарын толық меңгермеген, қойылмаған.<br><br>0-24 үпай: тапсырма орындамаған жағдайда. |
| **Лаборатория-<br>лық сабақтар** | |
| **Жеке сабақтар** | |
| **БӨЖ/ОБӨЖ** | БӨЖ<br><br>*Бағалау критерийлері:*<br><br>**Барлығы 100 ұпай**<br><br>- **тапсырманы орындау** (стиль, реттілік, толықтық) - **20 балл;**<br><br>- **қатысу дәрежесі** (пысықталу деңгейі) - **20 балл;**<br><br>- **қосымша көздерді пайдалану** (зерттеу тақырыбы бойынша қажетті |

| | |
|---|---|
| | материалды іріктеу және қолдану дағдылары) - **20 балл;**<br><br>- **проблемалық аспектілерді және оларды шешудің балама тәсілдерін талдау** (көрсеткіштерді жақсарту тәсілдерін түсіндіру) -**20 балл;**<br><br>-**орындалған тапсырманы ұсыну** (ұсыну формасы, баяндама, қосымша сұрақтарға жауап беру) - **20 балл.**<br><br>*Бағалау дескрипторлары:*<br><br>95-100 ұпай: ғылыми терминдерді қолдана отырып, тақырып бойынша қосымша дереккөздерді зерделеу негізінде нақты мысалдармен, фактілермен дәлелдей отырып, зерттелген материалға негізделген толық және дұрыс жауапты құра білу.<br><br>90-94 балл: презентация жасау қабілеті, жауаптың мазмұны дәйекті түрде баяндалған, қосымша дереккөздерде зерттелген фактілер тақырып бойынша 1-2 шамалы ауытқулармен немесе қателіктермен берілген.<br><br>85-89 ұпай: ғылыми терминдерді қолдану кезінде немесе тұжырымдар мен жалпылауда дәлсіздіктерді көрсете білу, материал белгілі бір логикалық ретпен баяндалады.<br><br>80-84 балл: анықтамалық әдебиеттермен, оқулықтармен, бастапқы дереккөздермен жұмыс істеу дағдысы жеткіліксіз (дұрыс бағдарланған, презентация аясында сұрақтарға баяу жауап береді).<br><br>75-79 балл: фактілер әрдайым салыстырыла бермейді, ұсынылған материалдың бір бөлігі проблемаға жатпайды, ал презентацияда өрескел қателіктер жіберіледі, материалдың дұрыс көрсетілмеуі.<br><br>70-74 балл: презентацияда тақырыптан айтарлықтай ауытқулар ,материалдың дұрыс көрсетілмеуі.<br><br>65-69 балл: тек кейбір жағдайларда зерттелетін позицияның жалпы проблемалармен байланысы, материалдың дұрыс көрсетілмеуі көрсетілген.<br><br>60-64 балл: себеп-салдарлық байланыстардың ішінара бұзылуы, материалды қалай ұсынуды білмейді.<br><br>55-59 балл: қорытынды жасалмайды, фактілер қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келмейді, материалды қалай ұсынуды білмейді.<br><br>50-54 балл: тапсырма шегінде бағдарламалық материалдың негізгі бөлігін білмеу, материал қалыптасқан, бірақ ұсынылмаған<br><br>25-49 ұпай: жауап беруге қатысады,алайда бағдарлама материалдарын толық меңгермеген, қойылмаған.<br><br>0-24 ұпай: тапсырма орындамаған жағдайда.<br><br>*ОБӨЖ критерийлері / бағалау дескрипторлары*<br><br>1.Материалды білу және түсіну (20 ұпай):<br><br>1. 20-17 ұпай: Теорияны жақсы білу және оны іс жүзінде қолдана |

| | |
|---|---|
| | білу.<br>2. 16-13 ұпай: Жақсы білім, қолдануда кейбір дәлсіздіктер бар.<br>3. 12-9 балл: Жетілдіруді қажет ететін негізгі білім.<br>4. 8-5 ұпай: Үстірт білім, мысалдар мен дәлелдердің болмауы.<br>5. 4-0 ұпай: Білімнің жетіспеушілігі, түсіну мен түсіндірудегі елеулі қателіктер.<br>2. Ақпарат сапасы және теориялық база (20 балл):<br>1. 20-17 балл: Ғылыми негізделген талдау, сенімді көздер, теория мен практиканың үйлесімділігі.<br>2. 16-13 ұпай: Негізінен қосымша талдауды қажет ететін ғылыми дәлелденген ақпарат.<br>3. 12-9 ұпай: Негізінен дұрыс ақпарат, бірақ кейбір көздер жеткіліксіз немесе сенімсіз.<br>4. 8-5 ұпай: Ақпараттың төмен сапасы, әлсіз теориялық база.<br>5. 4-0 ұпай: Ақпарат дұрыс емес немесе сенімсіз дереккөздерге негізделген.<br>3.Әдістерді дәлелдеу және негіздеу (20 ұпай):<br>1. 20-17 ұпай: Нақты дәлелдер, логикалық және сенімді дәлелдер.<br>2. 16-13 ұпай: Негізделген көзқарас, бірақ кейбір дәлелдер тереңдетуді қажет етеді.<br>3. 12-9 ұпай: Негізгі идеялар дұрыс, бірақ дәлелдер әлсіз немесе біржақты.<br>4. 8-5 ұпай: Дәлелдердің болмауы, идеялардың түсініксіздігі.<br>5. 4-0 ұпай: Дәлелдердің болмауы немесе негізсіз Пікірлер.<br>4. Қатысу белсенділігі және әңгімелесу дағдылары (20 балл):<br>1. 20-17 ұпай: Белсенді қатысу, логикалық және сенімді жауаптар, еркін пікірталас жүргізу.<br>2. 16-13 ұпай: Жоғары белсенділік, бірақ жауаптар кейде толық емес немесе сенімсіз.<br>3. 12 - 9 ұпай: Орташа белсенділік, кейде бір-біріне сәйкес келмейтін немесе түсініксіз жауаптар.<br>4. 8-5 ұпай: Төмен белсенділік, қысқа және сенімсіз жауаптар.<br>5. 4-0 ұпай: Қатысудың болмауы немесе тек ресми жауаптар.<br>5.Қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау (20 балл):<br>1. 20-17 ұпай: Нақты тұжырымдар мен негізделген ұсыныстар.<br>2. 16-13 ұпай: Жалпы дұрыс, бірақ толық емес немесе нақтылауды қажет ететін тұжырымдар.<br>3. 12-9 ұпай: Әлсіз қорытындылар және жеткіліксіз ұсыныстар.<br>4. 8-5 ұпай: Әлсіз немесе сенімсіз қорытынды логикасы.<br>4-0 балл: Қорытындылар мен ұсыныстардың болмауы немесе мағынасыздығы. |

| Бағалау түрі | Бағаланатын компоненттер | ОН-мен сәйкестігі | **Ошибка!** | % үлесі | Жалпы % үлесі |
|---|---|---|---|---|---|
| Сабаққа қатысу | Кешікпей келеді, сабаққа үнемі толық қатысады | ОН6, ОН14 | 20 | 12 % | 60 % |
| Сабақ уақытындағы белсенділік | сабақта белсенділік танытады, хабарлама жасайды, сұрақтар қояды, өз ұстанымын дәлелдейді, оқытушының сұрақтарына жауап береді, басқа білім алушылардың жауаптарын толықтырады. | ОН6, ОН14 | 15 | 9 % | |
| Қосымша тапсырмаларды орындау (практикалық жұмыс, тапсырмаларды орындау, топтық пікірсайысқа қатысу, және т. б.) | Ұсынылған материалды дәйекті, нақты және қисынды түрде ұсынады; теорияны практикамен байланыстыра алады; тапсырмаларға қатысты жауапта қосымша материал (монографиялар, мақалалар, зерттеулер) қолданады; оқыту бағдарламасында көзделген барлық оқу тапсырмалар орындалады, олардың орындалу сапасы жоғары | ОН6, ОН14 | 65 | 39 % | |
| БӨЖ 1 | **«Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері.** ***Білімгердің өз ойын жеткізе білуі (30 бал)***<br>«Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беріңіз (30бал)<br>**1 - модуль бойынша тапсырмалар:**<br>**№1 тапсырма.** «Оғыз-қаған» эпосындағы тұрақты сөз тіркестері.<br>*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. -204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. | ОН6, ОН14 | 100 | 10% | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов , Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.<br><br>*Дербес жоба* - ғылыми-зерттеу элементі бар жұмыс.<br>Жобамен жұмыс 4 кезеңді қамтиды:<br>- Жоспарлау;<br>- Талдау кезеңі;<br>- Ақпаратты жалпылау кезеңі;<br>- Алынған нәтижені көрсету кезеңі.<br>**І кезең. Жоспарлау.**<br>Бұл кезеңде тақырыпты топ болып талқылау кезеңі болады. Оның нәтижесінде 5-6 тақырыпта бөлініп шығады және оны орындаушылар анықталады. Жобаны жоспарлау дегеніміз орындалатын іс-әрекетті жоспарлау болып табылады.<br>**ІІ кезең. Талдау.**<br>Бұл дербес жүргізу, ақпарат алу және талдау кезеңі болып, мыналарды орындауды талап етеді:<br>- Жобаға қатысушылардың әрбіреуінің міндеттерін дәлелдей түсу<br>және анықтау;<br>- Ақпаратты іздеу және жинақтау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | . Оған бақылау, анкеталау,<br><br>социологиялық сауалнама, интервью, эксперимент жүргізу, әдебиетпен жұмыс жатады.<br><br>**III кезең. Ақпаратты жалпылау**<br><br>Бұл кезеңде алынған ақпаратты құрылымға келтіруге және алған білім, іскерлік, дағдыны жинақтау жүзеге асырылады.<br><br>**IV кезең. Зерттеуден алынған нәтижені көрсету.**<br><br>Бұл кезеңде білім алушы алынған мәліметтерді және нәтижеге жетудің тәсілдерін ұғынады. Білім алушы ақпаратты алудың және талдаудың әдіс-тәсілдерін игереді, алған білімі мен іскерліктерін көрсетеді. | | | | |
| БӨЖ 2 | **«Құтадғу біліг» (Құтты білік») – дидактикалық дастан, сюжеттік желісі, төрт принципке негізделген шығарма, идеясы, көркемдігі.**<br>***Білімгердің тақырып бойынша талдау жасауы (20 бал)***<br>«Құтадғу біліг» (Құтты білік») – дидактикалық дастаны жайлы талдау жасаңыз. (20бал)<br>**2 - модуль бойынша тапсырмалар:**<br><br>**№ 1 тапсырма.** «Құтадғу біліг» (Құтты білік») – дидактикалық дастан, сюжеттік желісі, төрт принципке негізделген шығарма, идеясы, көркемдігі.<br><br>***Иллюстративті-танымдық презентация жасау.***<br><br>**Презентация** – белгілі бір тақырып бойынша материал жинап, өз көзқарасын, пікірін білдіреді. Презентацияда мәтін шектеулі, видео, сурет, т.б. жағы басым болады.<br><br>**Үлгі ретінде:** | ОН6,<br><br>ОН14 | 100 | 10% | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ тарихы романдарынан тұрмысқа, салтқа қатысты экзотиканы мол ұшыратамыз. «Үркерде» Әбілқайырға тарыққанда ақыл қосып, төңірегіне жұртты үйіретін, көңілін демеп, асқанда алқының бастыратын Мәті бидің құтты мешітін Әбіш былайша суреттейді: «Әуелден қызылды-жасылды жиһаз жиып, дәулет қуып көрмеген батырдың үйі кейінгі кезде тіпті жұтаң тартыпты. Керегенің, бау-шудың бояуы оңған. Киіздің ішінен ұсталған ши түйте-түйте. Төрге тастай салған қара текемет те аяқасты боп әбден іріп тұр. Оң жақта тас келі мен томар келсап. Сол жақ босағада астындағы жез легенге тырс-тырс көк су тасшылатып қозы қарын сүзбе ілініпті. Үй ішінен күңірсіген сыз иісі, өңез исі шығады» («Үркер». «Жазушы», 1981.25-б.). Бір ішері, үй жабдығы, олардың қай жерде қалай орналасқаны, қазіргі жай-күйі баяндалады.<br><br>Көне ғасырлардың этнографиялық колоритін айнытпай беру жағынан І.Есенберлиннің алғырлығы барша қазақ қаламгерлеріне үлгі-өнеге. Ол шығармасына қай ғасырды объекті етсе де онда өмір сүрген адамдардың киім киісін, сол киімдердің қандай материялдардан тігіліп, жергілікті ерекшеліктердің ескерілуі, сәндік белгілерін, кісінің сыртқы бітім тұлғаларына үйлесімін, ақыры сол киімдеріне сай адамның қимыл-әрекет, бет құбылысын суреттеуге келгенде шебер.<br><br>**№ 2 тапсырма.** «Құтадғу біліг» (Құтты білік») – дидактикалық дастанының шығу тарихы.<br><br>***АССОЦИОГРАММА (АҚЫЛ -*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***ОЙ КАРТАСЫ) құрастыру***<br><br>**Үлгі: №1**<br><br><br><br><br>**Үлгі: №2**<br><br>*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 448бет. | | | | |
| БӨЖ 3 | **Кодекс Куманикус» кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақтағы аңыздар мен мифология, мақал-мәтелдер. *Білімгердің өз ойын жеткізе білуі (30 бал)*** <br> Кодекс Куманикус» кумандардың кітабы жайлы ойтолғаңыз. (30 бал) <br> **3 – модуль.** <br><br> **№ 1 тапсырма** Кодекс Куманикус» кумандардың кітабы, қыпшақ тілінің сөздігі, қыпшақ тілі туралы жинақтағы аңыздар мен мифология, мақал-мәтелдер. ***Тақырып бойынша ой-толғау жазу.*** <br><br> *Ескерту: Көлемі - А4 форматы , шрифт Times New Roman - 14,кегль- 1,0, бет-0,5.* <br><br> *Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет. <br><br> **№ 2 тапсырма**. «Кодекс Куманикус» кітабының зерттелуі. <br><br> ***Есте сақтау картасын (ментальные карты) құрастыру.*** | ОН6, <br> ОН14 | 100 | 10% | |




**Үлгі №1.** ***Есте сақтау картасы***




*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық

<table>
<tr><td></td><td>шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>БӨЖ 4</td><td>Бұхар өлеңдері – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шәлгез жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі дидактикалық толғаулар.<br>Білімгердің өз ойын дәлелдеп айтуы (30 бал)<br>Бұхар өлеңдері, Асан, Қазтуған, Шәлгез жыраулар толғауларымен сабақтас боп келетіні туралы мысалмен дәлелдеп айтыңыз. (30)<br><br>4 -модуль бойынша тапсырмалар:<br>№ 1 тапсырма. Бұхар өлеңдері – өзінің стилі жағынан ауыз әдебиетімен және өзінен бұрын жасаған Асан, Қазтуған, Шәлгез жыраулар толғауларымен сабақтас, ақыл, нақыл, ғибрат, өсиет ретіндегі толғаулары.<br><br>Бейнелі сөздерді теру, көркемдік талдау жасау.<br>Кесте №1
<table>
<tr><th>р/с</th><th>Өлең жолдарындағы бейнелі сөздер</th></tr>
<tr><td>1</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td></td></tr>
</table>
<br>Әдебиеттер: Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы</td><td>ОН6,<br>ОН14</td><td>100</td><td>10%</td><td></td></tr>
</table>

/М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448бет.

**№ 2 тапсырма**. Бұхар өлеңдерінің құрылысы мен мазмұны. ***Кестеге жазу.***

Кесте №3

| **/с** | **Өлеңнің атау** |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

*Әдебиеттер:* Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті. 1-кітап (Мәтін): Оқу құралы /М.Ғабілұлы. - Алматы: Эверо, 2014. - 204б. Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті. 4-кітап (Мәтін): Оқу құралы/М. Ғабілұлы.-Толықтырылып 3-басылуы.- Алматы: Эверо, 2015.-212 бет. Қыраубайқызы, А. Ежелгі дәуір әдебиеті [Мәтін] / А.Қыраубайқызы.- Алматы: Мектеп, 2003.- 88 б. Келімбетов, Н. Көптомдық

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығармалар жинағы. 4- том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері [Мәтін]: Роман / Н. Келімбетов; Құраст. Ш. Нематова, А. Нематов.- Алматы: Раритет, 2014.- 448б. | | | | |
| Қорытынды емтихан | Жазбаша емтихан | ОН6, ОН14 | 100 | 100% | 40% |
| Тапсыру мерзімдері (Дедлайн) | Оқытушы қабылдау мерзіміне сәйкес берілген тапсырманы қабылдайды және оны бағалайды, журналға тіркейді, орындау сапасын баллмен бағалайды. БӨЖ балдарын электрондық журналға қою мерзімі - 100 балдық шкала бойынша семестрдің 4, 7, 11, 14 апталары.<br><br>Аралық бақылау академиялық кезеңнің 8 және 15 апталарында білім алушының өз бетінше орындаған тапсырмаларының нәтижелерін бағалауды білдіреді. Оқытушы практикалық тапсырмалардың мерзімін өз бетінше белгілейді.<br><br>ҚОТ пайдалана отырып, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау аудиториялық сабақтарға балл және (немесе) аралық бақылауға балл қою арқылы жүзеге асырылады.+ | | | | |